Халықаралық білім және ғылым академиясы
Международная академия образования и науки
International Academy of Education and Science

www.bilimacademy.kz

«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР»

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

ЖИНАҚ

СБОРНИК

Международная научно-практическая конференция

«ИННОВАЦИИ В СФЕРАХ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ»

2019 30 ЖЕЛТОҚСАН
ДЕКАБРЬ
DECEMBER
NUR-SULTAN

ӘОЖ (УДК) 37.0+008+001(063)
КБЖ (ББК) 74.00
М 35

Редакциялық кеңес:
Батырбаева Надия Кадыровна (төраға)
Алибаев Е.А.
Конференция өткізуге жауаптылар:
Алибаев Ерлан Акылжанович
Джуасбаев Болат Дуанбаевич

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР» Халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференцияның материалдары=**ИННОВАЦИИ В СФЕРАХ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И КУЛЬТУРЫ» Материалы международной научно-практической интернет конференции.** — . . . . . , 2020. – С . . . . . .

ISBN 978-601-332-580-4

Бұл ғылыми басылым 2019 жылдың 30 желтоқсан айында өткен **«БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференциясының жинағы болып табылады.

Жинақ ұстаздар, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері, мектеп мұғалімдері, ғылыми қызметкерлер, студенттер, магистранттар, PhD докторанттарының (аспиранттар) ғылыми тәжірибесі, зерттеулерінің нәтижесі болып табылады.

Жас ғалымдарға арналған.

ӘОЖ (УДК) 37.0+008+001(063)
КБЖ (ББК) 74.00

«ҚР ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫҚ КІТАП НӨМІРІ (ISBN),
ӘМБЕБАП ОНДЫҚ ЖІКТЕУ КІТАПХАНАЛЫҚ – БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖІКТЕУ,
ШТРИХ – КОД БЕРІЛДІ
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ КНИЖНАЯ ПАЛАТА РК»
ПРИСВОЕНЫ (ЗАРЕГИСТРИРОВАНЫ) МЕЖДУНАРОДНЫЙ
СТАНДАРТНЫЙ КНИЖНЫЙ НОМЕР (ISBN),
УНИФИЦИРОВАННЫЙ ДЕСЯТИЧНЫЙ КЛАССИФИКАТОР
БИБЛИОТЕЧНО-БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ КЛАССИФИКАТОР ШТРИХ – КОД

ISBN 978-601-332-580-4

© Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы
© Международная Акадаемия Образования и Науки

«МЕДИЦИНАЛЫҚ ФИЗИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБДРАСИЛОВА Венера Оңалбаевна, БАЙДУЛЛАЕВА Гүлжахан Елтаевна, АЛМАБАЕВА Нұрғайша Махаметшариевна

С.Ж. Асфендияров атындағы Ұлттық медициналық университет

Алматы қаласы, Қазақстан

Cholpan_69@mail.ru, g.baidullaeva@mail.ru, anmnuri@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада заманауи компьютерлік технологияның жетістіктерін пайдалана отырып, интерактивті оқыту әдістерін қолданудың тиімділігі және кіші жұмыстық топтарға бөлуде Колби тесттерінің қолданылуы туралы айтылады. «Ақылдылар алқабы»әдісімен өткізілген сабақтың мысалы келтірілген.

Аннотация

В данной статье описывается эффективность интерактивных методов обучения с использованием новейших компьютерных технологий и использования тестов Колби для разделения на небольшие рабочие подгруппы. Приводится пример проведенного урока с использованием метода «Мозговой штурм».

Annotation

This article describes the effectiveness of interactive teaching methods using the latest computer technology and the use of Colby tests for dividing in small working subgroups. An example of a lesson using the Brainstorming method is given.

Интерактивті оқыту - бұл танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ерекше формасы, білім алу процесінде студенттер өздерінің білімін ортаға салу, ұсынылған идеяны сараптау арқылы жаңа материалдарды түсінуге және меңгеруге мүмкіндік алады. Осы мақсатта кіші топтарда жұмыс жасау әдісі жақсы көмектеседі. Топтарға бөлу К. Колби тесттерінің нәтижесі бойынша іске асады. Бұл тесттер туа біткен инстинктивті шығармашылық мінез-құлықтың нақты сипаттамаларын өлшейді, ішкі қабілетті анықтауға арналған. Тест нәтижелері бойынша адамда мына төрт қабілеттің қайсысы басымдау екені анықталады: зерттеуші, ұйымдастырушы, іскер және орындаушы. Іс-қимыл бойынша ерекшеліктері: зерттеуші - жеңілдету, түсіндіру, детальдау; ұйымдастырушы – бейімделу, қолдау, жүйелеу; іскер – тұрақтандыру, модификациялау, импровизациялау (жанынан шығару); орындаушы - ойлап табу, қалпына келтіру, жасау[1]. Қабілеттері бойынша әр топта зерттеуші, ұйымдастырушы, іскер және орындаушылар саны тең келетіндей етіп бөлінеді.

1-курс студенттері үшін медициналық физика пәні бойынша өткізілетін сабақтың көбі дерлік интерактивті ойындар элементтерін қолдану әдістерімен өткізіледі. Жаңа тақырыпты меңгеру оңай әрі тиімді болу үшін «Ақылдылар сарабы» (Мозговой штурм), «шын немесе жалған», «тиісті-тиісті емес» және онлайн-тестілеу (Quizizz және Kahoot) әдістері қолданылады.

Бұл жерде оқытушылардың білімі мен біліктілігі, креативті жұмыс жасай алу қабілеті өте маңызды, себебі тапсырма құрастырудың өзі өте жауапты іс. Құрастырылған тапсырмалар білім алушылардың логикалық ойлау, екі түрлі ақпаратты байланыстыра алу, көп ақпараттың ішінен қажеттісін бөліп алу, теориялық білімді практикада қолдана алу қабілетін арттыруға бағытталған болу керек. Және кіші топтарда жұмыс жасау білім алушылардың өз идеясын жеткізе алу, қасындағы адамның ойын тыңдай білу, ортаға салынған мәселені бірлесе отырып шешу дағдысын қалыптастыруға өте көп септігін тигізеді. Топтың атынан шығып, қабылданған шешімнің дұрыс-бұрыстығын жеткізе алу да топбасшысы үшін маңызды мәселе. Сын сағатта дұрыс шешім қабылдау қабілеті болашақ дәрігерлер үшін өте қажет.

Мысал ретінде «Жалпы медицина» мамандығының ЖМ19-003-02 тобында «Медициналық физика» пәні бойынша өтілген ашық сабақтың қысқаша мазмұнын келтіріп кетуге болады. Бір практикалық сабақ үш сағат өтіледі.

Тақырыбы: Әлсіз биолюминесценцияны тіркеу және рентгендік кескіннің жарықтылығын арттыру әдістері. Фотоэлектрлік түрлендіргіштер, фотоэлектрондық күшейткіштер, электронды-оптикалық түрлендіргіштер.

Әдістемелік бағыт: Ақылдылар сарабы (Мозговой штурм).

Сабақтың мақсаты: студенттердің бойында ұжымда жұмыс жасау қабілетін қалыптастыра отырып, өзін шешім қабылдау үдерісіне қатысын сезіне отырып, өздігінен білім алу барысында шығармашылық ынтасы мен потенциалын арттыру.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес жаңа сабақта қарастырылатын тақырып студенттерге бір апта бұрын үй тапсырмасы ретінде беріледі.

Ашық сабақ үш бөлімнен тұрады:

1-бөлім

1. Ұйымдастыруға – 5 мин: сабақ барысын түсіндіру
2. Студенттердің білімін тексеруге арналған тесттер (10 тесттік тапсырма) – 15 мин (max 100%).
3. Презентация көмегімен студенттердің білімін бағалау -30 мин (1-презентация) (max 100%).

2-бөлім

Командалық ойын

1. Презентация №2 командалық жарыс (max 100%). -30 мин

Ойын 3 айналымнан тұрады: 1) қиындық деңгейлеріне байланысты баллдары көрсетілген ұяшықты ашу арқылы студенттер сұрақты таңдайды, сол сұраққа жауап беру қажет; 2) «Ойлан, тап» айналымында қызықты тапсырмалар мен ребустарды шешу қажет; 3) топ мүшелерінің арасында қызу талқыға түсетін логикалық тапсырма беріледі.

2. Шын немесе жалған (берілген мысалдан қате табу немесе оны растау) (max 100%) -10 мин
3. Ребус шешу (командалар арасында жарыс) -10 мин

3-бөлім

1) Зертханалық жұмыс жасау: қондырғының жұмыс істеу принципімен танысу, кестелерді толтыру, тәуелділік графигін салу, қорытынды жазу-35 мин.
2) Қорытынды жасау-10 мин
3) Үйге тапсырма беру -5 мин

Сабақтың үстінде өтілетін ашық сабақтың мақсатын және өткізілу барысын оқытушы түсіндіріп болған соң, үйге берілген тапсырманы меңгеру деңгейін анықтау үшін, жеке жұмыс ретінде студенттерге тесттік тапсырмалар беріледі. Ол тапсырма орындалып болған соң Колби тестінің нәтижесі бойынша топ студенттері үш топшаға бөлініп, ары қарай сол топшалармен жұмыс жүргізілу үшін олар бір-бірінен қашықтау, үш дөңгелек столдарға отырады. Топ мүшелерінің дискуссиясының нәтижесінде қабылдаған шешімдерінің дұрыстығын тексеруге арналған тапсырмалар ретінде интерактивті тақтаға тақырып бойынша суреттер, формулалар, схемалар, сөзжұмбақтар көрсетіліп отырады. Талқылаудан соң, топ атынан шыққан студент өз тобының шешімін түсіндіреді.

«Шын немесе жалған» тапсырмалары бойынша мысалдар:

1. Электронды-оптикалық түрлендірушілердің жұмыс істеу принципінің маңызы, зерттелуші арқылы өтетін рентген сәулелерін күшейтіп, кескінді анық етіп экранға түсіре алады. **Шын / Жалған**
2. Рентген кескінінің жарықтылығын күшейткіш қондырғы екі блоктан тұрады: 1) рентген кескінінің жарықтылығын күшейтуші блок және 2) кескінді түрлендіргішті жоғары вольтпен қамтамасыз ететін блок. **Шын / Жалған**
3. Жарықтың затпен әсерлесуі кезіндегі фотоэлектрлік құбылыстар Эйнтховеннің фотоэффектіге арналған теңдеуімен сипатталады. **Шын / Жалған**
4. Фотоэлементке ультракүлгін сәулесін түсірген кезде анодтың бетінен ыршып шыққан электрондар ағыны катодқа қарай қозғалады, сол кезде электрондардың жылдамдығын арттыру үшін анод пен катодтың арасына кернеулер айырымы берілу қажет. **Шын / Жалған**

5. Әрбір химиялық элементтің атомдары қатаң түрде белгілі бір резонанстық жиілікке ие, соның нәтижесінде олар тек қана осы жиілікте жарық шығарады немесе жұтады. Бұл спектроскоптағы көрінетін спектрлер сызықтарының әрбір жеке затқа тән екендігін дәлелдейді. **Шын / Жалған**

6. Фотоколориметрия — боялған ерітінді арқылы өтетін жарық сәулесінің шағылуы және сыну дәрежесі бойынша ерітіндінің ішіндегі бояғыш заттың концентрациясын анықтайтын әдіс. **Шын / Жалған**

7. Бугер-Ламберт-Бер заңына сәйкес, боялған ерітінді арқылы өтетін жарық шоғының интенсивтілігі оптикалық жол ұзындығы мен ерітіндінің концентрациясына байланысты пропорционалдық тәуелділік бойынша кемиді. **Шын / Жалған**

Қойылған мәселенің шешімін дұрыс тауып, жетістікке жетіп, жақсы бағаланғанын түсінген білім алушы да өзіне деген сенімі артып, бірнеше сабақтан соң ашыла бастағанын көруге болады. Сондықтан, сабақ тек үй тапсырмасын сұрап, жауабына қарай бағалау әдісімен өтсе, тұйық студент сол қалпында қалып қалу ықтималдығы жоғары болады, ал түрлі интерактивті ойындар қолданып өтілген сабақтың жаңадан жоғары оқу орнының табалдырығын аттаған студенттер үшін білім алу процесін жеңіл әрі қызықты ететіні дәлелденген нәрсе.

Қолданылған әдебиеттер мен интернет сайттары:

1. https://kolbe-ru.com/
2. Ремизов А.Н. Медицинская и биологическая физика: учебник., М.: ГЕОТАР-МЕДИА, 2016 г.
3. Ремизов А.Н. Медициналық және биологиялық физика: электрондық оқулық., М.: ГЕОТАР-МЕДИА, 2019 ж.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА LEARNINGAPPS ИНТЕРАКТИВТІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛДАБЕРГЕНОВА Айгуль Оналбековна, ЕСЕНГАБЫЛОВ Ильяс Жансеркенович, САПАРГАЛИЕВ Азат

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Талдықорған қаласы, Қазақстан

Aigul_ao@mail.ru, Ilias_e@mail.ru, azaaaaaaaaa@mail.ru

Аннотация

Мақалада LearningApps интерактивті бағдарламасының мүмкіндіктерін математика сабағында қолдану ерекшеліктері баяндалған. Бағдарламаның мүмкіндіктері жан-жақты талданып, онда қолданылатын тапсырма үлгілерінің топтарына сипаттама берілген. Интерактивті тапсырмаларды жасау жолдары нақты мысалдармен түсіндірілген.

Аннотация

В статье изложены особенности использования возможностей интерактивной программы LearningApps на уроках математики. Всесторонне проанализированы возможности программы, описаны группы используемых в ней задач. Пути создания интерактивных заданий объясняются конкретными примерами.

Annotation

The article describes the features of using the capabilities of the interactive program LearningApps in mathematics lessons. The possibilities of the program are comprehensively analyzed, the groups of tasks used in it are described. The ways to create interactive tasks are explained by specific examples.

Қазіргі компьтерлік технология дамыған заманда оқытуға деген талап, әдіс-тәсілдер толықтай өзгеріп отырғаны баршамызға мәлім. Өйткені, біз цифрлық технологияның

қарқынды дамып жатқан кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Күн сайын жаңа бағдарламалар, жаңа технологиялар пайда болуда. Осыған орай, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша еліміздегі барлық салалар жаппай жаңа технологияларды өз жұмыстарында тиімді, әрі пайдалы етіп қолдануды бастап кетті. Осы орайда, білім беру саласы да шетте қалып қойған жоқ, себебі сабақтарды қызықты, әрі нәтижелі өткізуге септігін тигізетін компьютерлік бағдарламалар, онлайн ресурстар саны күн сайын артып келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1] «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек»,- деп көрсетілген. Осы жағдайлардың бірі, білім беруді ақпараттандыру барысында білім беру процесін дидактикалық және оқыту құралдарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Математика пәнін оқытуда компьютерлік бағдарламалар мен онлайн ресурстар мүмкіндіктерін қолдану арқылы білім сапасын арттыруға және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудыруға болады. Математика сабағында қолдануға болатын компьютерлік бағдарламалар саны өте көп және күн сайын олардың саны артып келеді, бірақ көптеген бағдарламалар ішінен ойыннан шығатын бағдарламаны таңдау оңай емес, себебі кез-келген бағдарламаның артықшылықтары да, кемшіліктері де болады. Осындай бағдарламалардың бірі - LearningApps бағдарламасы.

LearningApps.org - бұл интерактивті модульдер арқылы оқу процесінде қолдауға арналған онлайн бағдарлама [2]. Бағдарлама модульдерді құруға, оларды сақтауға және пайдалануға, педагогтар арасында тәжірибе алмасуды қамтамасыз етуге, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Онда электронды интерактивті жаттығуларды оңай, әрі тиімді етіп құруға болады. Бұл бағдарламаның маңызды артықшылықтарының бірі – бұл тегін, әрі қолдануға өте оңай бағдарлама. LearningApps бағдарламасын кез-келген адам тіркеліп немесе тіркелусіз бірден қолдана алады. Тағы бір артықшылықтарының бірі – желідегі әрбір пәнге қатысты тапсырмалар санының күннен-күнге артуында деп білеміз.

Бағдарламаның интерфейсі өте қарапайым. Бағдарламамен жұмысты бастау үшін негізгі беттің жоғары жағында орналасқан «Барлық жаттығулар» батырмасын таңдаса жеткілікті, сол кезде басқа қолданушылар құрған және жариялаған жаттығулар тізімінің категориялары ашылады (1-сурет). Осы категориялар тізіміне өзіңізге қажетті пәнді таңдайсыз. Мысалы, математика.



1-сурет. LearningApps бағдарламасының алғашқы терезесі

Егер өзіңіздің жеке тапсырмаларыңызды құрғыңыз келсе жүйеге тіркелуіңіз қажет. Тіркелуден өткеннен кейін, Сізге интерактивті тапсырмалар жасауға арналған үлгілер ұсынылады. Үлгілер келесі топтарға біріктірілген:

- ✓ Таңдау – дұрыс жауаптарды таңдауға арналған жаттығулар;
- ✓ Тарату – сәйкестікті орнатуға арналған тапсырмалар;

✓ Тізбек – дұрыс тізбекті анықтауға арналған тапсырмалар;

✓ Толтыру– қажетті орынға дұрыс жауаптарды орналастыруға арналған жаттығулар;

✓ Онлайн-ойындар – сайыс-жаттығулар, бұл жаттығуларды орындағанда оқушылар басқа оқушылармен немесе компьютермен жарысады.

Тапсырманы құрастырғаннан кейін оны жариялауыңызға немесе өзіңіздің жеке қолдануыңызға сақтап қоюыңызға болады. Дайын ресурстарды жүйеге тіркелмеген қолданушылар да пайдалана алады. Сондай-ақ, өзіңіздің оқушыларыңызға арнап аккаунттар құруға және өз тапсырмаларыңызды олардың білімін осы сайтта тексеруге қолдануыңызға болады.

Тапсырмалар бірсарынды есептер немесе сұрақтар ғана емес, оқушыларға арналған «Миллионды кім алады?», «Сәйкестендір», «Жұбын тап» және т.с.с. ойын түрінде берілген тапсырмалар да көп (2-сурет).



2-сурет. Жаңа тапсырмалар құру терезесі

Бұндай интерактивті тапсырмалар кез-келген оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Келесі бір артықшылығы – әрбір тапсырманың төменгі жағында «осыған ұқсас тапсырма дайындау» деген батырманы байқауға болады. Яғни, қандай-да бір тапсырма сізге ұнаса, сіз өзіңізге оны үлгі ретінде алып, дәл сондай тапсырма жасауыңызға болады.

Бұл бағдарламаның пайдасы өте көп деп ойлаймыз, себебі көп жағдайда мұғалімдерге бағдарламадағы тапсырма түрі қолдануға ыңғайлы болып тұрғанымен, тапсырма ішіндегі ақпараттарды өз ыңғайларына қарай ауыстыру қиындық тудырып жатады. Ал LearningApps бағдарламасында оны еш қиындықсыз қалаған тіліңізге ауыстыруыңызға болады (3-сурет).



3-сурет. Тапсырмалар дайындау

Қазіргі таңда LearningApps бағдарламасы 21 тілге аударылған, бірақ, өкінішке орай, тізімде қазақ тілі болмай отыр. Математика сабағында тіл көп қиындық тудырмайды, дегенмен мұғалімдердің көпшілігі бұл бағдарламаның артықшылықтарын байқап жатса, болашақта қазақ тіліне аудару да қолға алынады деп сенеміз. Ал әзірге «осыған ұқсас тапсырма

дайындау» қызметін қолдану арқылы керекті тапсырмалардың аудармасын жасап алуға болады (4-сурет).



4-сурет. Ұқсас тапсырмалар дайындау

Әлем күн сайын дамып жатқандықтан, біз де қалыспай өзімізді және жұмыс атқарып жатқан саламызды дамытуымыз керек. Бүгінгі күндері, еліміздің білім саласына көп көңіл бөлінуде, сол себепті мұғалімдердің де сабақ жүргізудегі мүмкіншіліктері артып жатыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын әрбір мектепте компьтерлік сынып болуы біз үшін үлкен жетістік болып саналса, қазіргі кезде кез-келген мектепте жаңа технологиялармен жабдықталған бірнеше сыныптар бар. Сол себепті де, мұғалімдер осындай ресурстарды тиімді қолдану арқылы тақырыпты оқушыларға толыққанды меңгерте алады және сабақты қызықты етіп өткізуге септігін тигізеді деп ойлаймыз. Ұстаз әр оқушының жүрегіне жол таба білу керек, яғни сабақты жаңашылдықпен, жауапкершілікпен өткізуге ұмтылуы қажет деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы http://om114kaz.narod.ru/BilimZan.htm
2. https://learningapps.org/

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

АЛИМЖАН Баянгуль Нурланызы
№25 жалпы орта білім беру мектебі
Павлодар қаласы Қазақстан
Alimzhan_bayangul@mail.ru

Аннотация

Бүгінгі күні мұғалімнің тәжірибесіне оқушының білімін бағалауында «**бағалау**» деген ұғымға байланысты әр қилы өзіндік жаналықтыр енгізілуде. Соның бірі – **критериалды бағалау**. Критериалды бағалау жүйесі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру, білім сапасын арттыру, тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік беретін бірден-бір бағалау жолы, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізетін, шығармашыл бағалау жүйесі.

Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Сыныптағы бағалау тек техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзі – өзі бағалау, қабілеттік және күш – жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады. (Александр 2001) [56 б] (мұғалімге арналған нұсқаулық).

«**Бағалау**» термині «**жақын отыру**» латын тіліндегі мағынада-бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып,не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы. Критериалды бағалау жүйесінде қолданылатын жалпы ұғымдар — қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау – оқыту үшін бағалау, жиынтық бағалау – оқытуды бағалау болып табылады. Қалыптастырушы бағалау – бұл білім алушылардың оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен мұғалімдердің қолданатын мәліметтерді іздеу мен түсіндіру үрдісі. Жалпы қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үрдіс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында , сабақтың ортасында , сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі.Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін.

Осы тұрғыда айтатын болсақ, қалыптастырушы бағалау оқушыларды оқытуда тұлғалық бағдарлық оқыту тәсілінің негізгі бөлігі. Сондықтан мұғалімнің орны да өзгереді. Тұлғалық бағдарлық технологиялар оқу үдерісін ұйымдастыруда оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас негізінде іске асуына мүмкіндікашады. Бағалау үздіксіз жүріп отырады да, сапалы нәтижеге жылжу үдерісі бағаланады. Тұлғалық бағдарлық оқыту:оқушыларды оқыту мақсаттары мен бағалау критериялары туралы ақпарат береді; критерияларға негізделген оқушылардың өзін-өзі бағалауы; оқушылардың әрі қарай жасайтын қадамдары мен оның іске асыруын анықтайтын кері байланыс қамтамасыз етеді.Бұл жерде бағалау үздіксіз жүріп жатады да, сапалы нәтижеге жететін процестің өзі бағаланады. Оқушылар өздерінің кемшіліктерін өздері түсініп, анықтай алады да, мұғаліммен бірге шешу жолдарын табады. Ең маңыздысы өз оқуын бақылауы мен бағалауы өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауына ауысады.

Өзін-өзі бағалауы

Қалыптастырушы бағалау оқушының өзін-өзі бағалауы мен сыныптастарының бағалауын қолдануын қарастырады. Бұл тәсілдер қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін арттыруын қалыптастырады. Оқышалар өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау дағдыларын меңгеріп жатса, онда бағаның әділ қойылғанына күмін болмайды. Бірақ баға сезім негізінде қойылмай, тек белгіленген критерийлер негізінде қойылуын оқушыларға түсіндіргені дұрыс.Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың мәні — оқыту үдерісінде **мақсат қойылып**, **бағалау критерийлер түсінікті** болғанда ғана оқушылар өздерін бағалай алады.

Сабақ өткізу барысында тапсырманың мақсаттары мен бағалау критерийлері жөнінде ескеріп отырамын, өзін-өзі бағалауына уақыт қалдырамын. Оқушылар мақсаттарды және критерийлерді анық көру үшін тақтаның бұрышына немесе плакатқа жазып қоямын. Жұмыстарды тексеру алдында оқушыларға бағалау критерийлерін қайта ескертемін және соның негізінде өз жұмысын тексеріп, аяқтап тапсырады.

Мысалы төмендегі кестеде топтық жұмыстан кейін әр оқушы өзінің жұмысын анық көреді. «Менін күн тәртібім» тақырыбы бойынша постерге сурет салып, күн тәртібін жазған.

Кестеде келтірілген бағалау түрін қолдану кезінде оқушы мен мұғалінің қойған балдарының айырмашылы үлкен болмайды. Өзін-өзі бағалау оқушылардың өз жұмысын бағалауы емес, сонымен бірге туындаған проблемаларды өздігінен анықтау мен шешу жолдары.

Оқушылардың өзара бағалауы

Өзара бағалау барысында оқушы басқа оқушының жұмысын тексереді. Оның жақсы немесе жаман жақтарын көріп, өзінің жұмысын да талдау жүргізе алады. Бірақ мұғалім оқушыларға тексеретін оқушының өзін емес, оның жұмысын тексеру керектігін еске түсіріп отыру тиіс. Мысалы:

«Тазалықты сақта» тақырыбын өту барысында, оқушыларға *«Екі жұлдыз және бір тілек»*тәсілі *арқылы* әр оқушыға өз сыныптасының жұмысын тексеруге берілді. Оқушылар жұмыстарын бағаламай жай ғана екі сәтті жағдайды жұлдызбен белгіледі (екі жұлдыз) және, оның ойынша, қайта қарастыратын жағдайға түсініктеме беріп, тілек білдірді. Оқушылардың кері байланысы ауызша да жазбаша берілді. Әр оқушы өзінің жұмысына түсініктеме алды және мұғалім «тілекті» дұрыс орындауына уақыт беріледі.

Критериалды бағалауды енгізуде **рубрика, критерийлер, дескрипторлар** деген ұғымдармен танысамыз.

Рубрика немесе **рубрикаторлар** (бағалау кезінде қолданатын нұсқаулықтар) бағалау үдерісін анық, түсінікті және кез келген критериялар бойынша балдары не үшін қойылғанын түсіндіреді. Осы рубрикаларда оқушыңын өзі емес, оның жұмысының сипаттамасы бағалануы тиіс.

Критерий – оқушының әртүрлі қызметінің тізімі.

Дескрипторлароқушының кез келген критерийлер бойынша ең жақсы нәтижеге жеткізетін барлық қадамдарын ретімен көрсетеді және оларды белгілі балдар санымен бағалайды.

Рубрика - критерий-дескрипторлар.

Рубрикалар балалар не үшін оқитынын, *критерийлер* нені үйрену керектігін, ал *дескрипторлар* оны қалай істеу керектігін көрсетеді.

Мысалы, өз тәжірибемде қолданып жүрген диалог құрастыруда бағалайтын дескрипторлар үлгісі. Оқушылар оларға ұсынған критерийілер арқылы жұмыс орындаса, мұғалім осыдан алған мәліметтерді бағалауда қолданады. Егерде бұдан да қиын тапсырмалар берілсе, онда талдау жасау дұрыс болады. Талдау үшін орындалатын жұмыстың кез келген аспектісін жеке сипаттайды және **«жіңішке» кері байланысты** іске асырылуына мүмкіндік туғызатын рубрикалар әзірлеуді ұсынылады. Рубрикалар оқушылармен бірге оқу мақсаттары мен оның критерияларын дайындауын қамтамасыз етеді.

Сабақ барысында бағалау критерийілерін дайындау кезінде оқушылармен бірге дайындалып жатса, онда олардың нәтижеге жету үшін жауапкершіліктері артып, бағалау үдерісіне қызығушылықтары өседі. Критерийлер дайындау кезінде сабақтың мақсаттары мен мазмұны жөнінде ұмытпағаны жөн.

Аралық жұмыстар бағалау үшін дайындаған критерийлер (қалыптастырушы бағалау), мақсатта белгіленгені ғана сипатталып, бағалануы тиіс.

<u>Критериалды бағалау жүйесі:</u>

- *оқушылардың оқудағы жетістіктерін объективті бағалау;*
- *әр оқушының қабілетін ескере отырып даму траекториясын анықтау;*
- *оқытудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылардың білік дағдыларын дамытуға ынталандыру;*
- *оқыту сапасын жақсарту;*
- *оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалын сапалы меңгеруін анықтау үшін мұғалімнің, оқушы мен ата-ананың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу.*

Критериалдық бағалаудың мәнін түсіндіру үшін келесі практикалық әдіс-тәсілдерін қолдануын тиімді деп ойлаймын:

- мұғалімнің сабақ басында оқытудың мақсаттарын түсіндіруі- тақтада жазып қою немесе қойылған оқу мақсаттарды ауызша жеткізу;
- мұғалімнің **сабақтың тиісті бағалау критерияларын** белгілеу (тым көп болмау тиіс) және оны оқушыларға жеткізу. Оны тұжырымдап жеткізудің сапасы Сізге байланысты, бірақ оқушыларға түсінікті болатын тілді пайдалану қажет. Бұл критериалар оқушылармен сабақтың басында талқыланып, оқытудың мақсатына жету үшін және «табысқа қадамдарын» көрсететін ең басты мақсаты және негізгі білімдерді бектіту үшін барлық сабақ бойы қолданылады;
- оқыту туралы сөйлесуде қолданатын негізгі сөздері бар карточкалар мен плакаттар әзірлеу – ол нақты пәнге байланысты арнайы сөздер немесе мәнмәтінге байланысты

әртүрлі түсіндірілген жалпы сөздер болуы мүмкін, мысалы сипаттаңдар, түсіндіріңдер, бағалаңдар;

- оқушылардың жұмысына көмек көрсету үшін жоспарлау/жазу үшін шеңбер әзірлеу;
- бағалаудың әртүрлі критерияларын көрсету үшін;
- оқушылардың өздері әзірлеген тест/тапсырмаларын жобалау үшін мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
- оқушыларды бағалау рубрикалармен жұмыс істеуге үйрету.

Критерийлер дайындауында мұғалім мен оқушылардың бірігіп жасау тәртібі.

- *Сабақ, тарау, бөлім оқу алдында оқушыларға мақсаттар мен міндеттерін жарияландар.*
- *Кез келген оқушыға жұмысты бағалау үшін бір-екі критерийлерді жазып беруді сұраңыз.*
- *Оқушылар ұсынған критерийлерді тақтаға жазып қойыңдар.*
- *Ұсынған критерийлер барлық оқушылар түсінікті екеніне көз жеткізіңіз.*
- *Критерийлерді маңыздылығы бойынша орналастырыңдар.*
- *Тиімді құрастырылған бағалау критерийлері және олардың градациясы оқушыларға ненің қалай бағаланатынын көрсетеді, және жұмысты орындау барысында оқушылар үшін жақсы нұсқаулық.*
- *Бағалау критерийлері нақтырақ болған сайын, оқушы тапсырманы қалай сәтті орындау керектігін түсінеді.*

Әрі қарай оқушылардың жұмыстары дайындаған критерийлер бойынша бағалануы тиіс.

Кері байланыс ауызша немесе жазбаша орындауға болады

Кері байланыстың құралы ретінде: жазбаша ұсыныстар, бақылау, сауалнамалар,өзін-өзі бағалайтын күнделік/жорналдар т.б., болуы мүмкін.

- оқушы үшін – ол өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін түсінуге және алға жылжу үшін нақты ұсыныстар түрінде ақпарат алуына көмектеседі;
- мұғалім үшін – ол оқытудағы кемшіліктерін түсінуге көмектесетін ақпаратты алу және өзінің сабақ беру әдіс-тәсілдерін жақсарту үшін өзгерістерді еңгізе алады (жаңа әдістер, оқыту техникалары, сабақтың уақытын басқаша бөлу және т.б.).

Оқушының кез келген тапсырмасын тексеру кезінде мұғалім оның кемшіліктерін қана түзеп қоймай, қай жерін түзету керектігін түсіндіріп жазып берсе, оқушы өзі де қызығып, қатесін түзетуге тырысады. Бұл жерде мұғалім баға қоймайды, оқушының өзі түзегеннен кейін ғана баға қойылғаны жөн, өйткені оқушының өзін-өзі оқытуына ұмтылып, табысқа жетеді және мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс іске асырылады.

Кері байланыс келесі түрде айтылуы мүмкін:

Оқушы *дұрыс жауап берсе*: «я, бұл дұрыс жауап», «өте жақсы», «бәрі дұрыс», «Албина, жарайсың сен сұраққа нақты және толық жауап бердің»..

Оқушы *дұрыс жауап бере алмаса: «жауапқа жақын, бірақ нақты емес»,*«тағы да ойланып көр», «жақсы бастадың, бірақ бірге ойланып көрейік», «Марат осылай деп ойлайды, ал сендер қалай ойлайсыңдар?», «Осы жерде қате бар, тағы бір рет оқып көріңдер» т.б. Мұғалім оқушының жауабына: «дұрыс емес», «осындай жауап бола ма?» т.б. деген сияқты сөздермен сынамау тиіс, өйткені ондай қылықтар оқушының жеке басына тиеді.

Тәжірибелік маңыздылығы

Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңызы төмендегі артықшылықтармен белгіленеді:

- жеке тұлға емес, оқушының жұмысы бағаланады;
- оқушы жұмысы алдын- ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;
- бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып- зерделенген материал бойынша ғана қойылады.
- өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата- аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритімі белгілі.

- оқушының оқуға деген және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Критериалды бағалау:

Мұғалімдерге:

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді

Оқушыларға:

1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әректінің типтерін қолдануға;
2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарда қолдануға болады.

Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «құрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады.

Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының күшті жағына да, әлсіз тұстарына да назар аударып отырған дұрыс.

Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі бағалауына болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды.

Жұптық жұмыста қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде білім алушылар тапсырманы орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екенін түсінуі керек. Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды.

Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты ұйымдастыруына болады. Білім алушылар алдын ала бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды: кейбір білім алушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес тез көрсете алуы мүмкін.

Әрі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- *Бұл туралы сіз не ойлайсыз?*
- *Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба?*

Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін, мысалы:

- *Сіз қазір не істеп жатырсыз?*
- *Сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?*
- *Осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба?*

Топтық жұмыс кезінде мұғалім барлық топтың және әр жеке білім алушының жұмыстарын бақылауы қажет. Топтарды бақылауды тапсырма орындау кезінде қатысып, бірлесе жүргізуге де болады. Бұл жағдайда білім алушыларға:

• жаңа идеяны тұжырымдауды;

• екі (одан да көп) идеяларды салыстыруды;

• идеяларды бағалауды;__

Кері байланыс беру

Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауына мүмкіндік береді.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:

• білім алушылардың жақсы жақтарын ескеруі;

• тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбауы;

• білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беруі;

• кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға

ақылың қалай жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбауы ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
2. Современные средства оценивания результатов обучения: Учебное пособие /Сост. Е.В.Телеева - Шадринск: Изд-во Шадрин. пединст-та, 2009.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

ИНТЕРАКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ ДЛЯ НЕЯЗЫКОВЫХ ОТДЕЛЕНИЙ

АМИНДЖАНОВА Рухшона Хакимовна

Худжандский политехнический институт Таджикский технический Университет имени академика М.С.Осими

город Худжанд, Таджикистан

amindzhonova@list.ru

Аннотация

Тілдік емес бөлімдерге арналған ағылшын тілін оқытудың интерактивті тәсілдері.

Бұл мақалада тілдік емес бөлімдерге арналған ағылшын тілін оқытудың интерактивті әдістері ұсынылған. Экономика және көлік бөлімдерінде ағылшын тілін оқыту және оқыту білім алушы үшін қиын және оқытушыдан жақсы білім талап етеді. Оқу үрдісінде коммуникативтік жаттығуларды қолдану үлкен маңызға ие, өйткені сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын дамытудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Annotation

Interactive ways to teach English for non-language departments.

This article presents interactive methods of teaching English for non-language departments. Teaching and learning English for the departments of Economics and Transport is difficult for the student and requires a good knowledge of the teacher. Using communication exercises in the learning process is of great importance, as they are an integral part of the development of speaking, listening, reading and writing skills.

Аннотация

Интерактивные способы обучения английскому языку для неязыковых отделений.

В данной статье представлены интерактивные методы обучения английскому языку для неязыковых отделений. Обучение и изучение английскому языку для отделениях экономики и транспорта является трудным для обучаемого и требует от преподавателя хорошего знания. Использование коммуникативных упражнений в процессе обучения имеет огромное значение, так как являются составной частью развития навыков говорения, слушания, чтения и письма.

В последние годы всё чаще поднимается вопрос о применении новых методов в высшей школе. Это не только новые формы методы преподавания, но и новый подход к процессу обучения. Основной целю, обучения иностранным языкам является формирование и развитие коммуникативной культуры студентов, обучение практическому овладению иностранным языком.

Коммуникативная методика, как одна из современных методик, обучения английскому языку способствует тому, чтобы учитель был не только носителем информации, но и наблюдателем и консультантом.

Задача учителя – состоит в том, чтобы создать условия практического овладения языком для каждого студента, выбрать такие методы обучения, которые позволили бы каждому студенту проявить свою активность, своё творчество.

К.Д. Ушинский об обучение писал, «…имеет дело с человеком, растущим и развивающимся, умственные потребности которого всё расширяются, и будут расширяться, то должно не только удовлетворять потребностям настоящей минуты, но и делать запас на будущее время» [2,333].

Деятельностям компетенция предполагает использование языка в реальных условиях. Её формирования может успешно решаться в условиях профильного обучения английскому языку. Поступив в высшее учебное заведение, студенты решают практические задачи: нахождение необходимой информации и реферирование статьи по интересующей проблеме; участие в конференциях; подготовка рефератов, докладов; обсуждение иностранных фильмов; участие в конкурсах, мини – спектаклях, олимпиадах и соревнованиях на английском языке.

Педагог должен определить все тематики урока:

1. Необходимость использование языковых и грамматических средств для обучения английского языка в отделениях экономики и транспорта. В первую очередь нужно определить грамматические темы. Студентов в отделении экономики и транспорта необходимо обучать о местоимения little и few; неопределенные местоимения some и any; группа временных форм Indefinite, Continuous, Perfect, правильные и неправильные глаголы; модальные глаголы, числительные, согласование времен, страдательный залог, причастие настоящего и прошедшего времени, герундий и словообразование. Тексты должны быть определенными лексикой специальности. Нужно выбрать те тексты, которые лексика соответствовала со специальностью. Таких, как Higher Education, My Plans for future, The Economy of our Country, Macroeconomic, Microeconomic, Defining marketing, Transportations, Vehicles, The History of railways, Electric Traction и т.д.

2. Определить минимум обучения в степени бакалавре. Ограниченные часы и требование высокие.

Для этого можно делать такие грамматические упражнении:

1. Вставьте **to write** в нужной форме:
1. We often … letters to our parents.
2. What … you … now?
3. Yesterday we … … tests from 10 till 12 o’clock.

4. … he … his home task now?
2. Раскройте скобки, укажите время глагола:
1. He (know) several foreign languages.
2. I (learn) English at school.
3. Usually the lessons (begin) at 9 o'clock.
4. She (not like) loud music.
3. Поставьте глаголы, данные в скобках, в нужную форму:
1. Peter and Ann (go) away five minutes ago.
2. He just (go) away.
3. What you (do)? I (copy) the text from the text-book now.
4. What you (do) tomorrow in the morning? [1,114].

Также мы можем делать грамматические тесты с помощью компьютера и проектора. Например:

1. I usually … TV in the evening.
a) watching. b) watch. c) watched. d) watches.
2. They … two dogs and three cats.
a) have. b) having. c) has. d) had.
3. Yesterday he … to work by car.
a) works. b) working. c) worked. d) work.
4. We didn't ... to the bank.
a) go. b) went. c) going. d) goes.

Для развитие устной речи используя активную лексику урока можно делать таких упражнении:

1. Какой вы видите свою будущую работу? Ответьте на вопросы:
1. What kind of job are you interested in?
a) Well paid
b) Interesting
c) Large and famous company
d) Quiet
e) In an industry which has a future
f) Prestigious
g) Not to sit the whole day in the office
h) To travel a lot
2. What position would you like to have?
a) To manage people – manger
b) To work for someone else – an employee
c) To be your own boss – self-employed, businessman
d) To be responsible for everything – top manager, director
e) To work for the state – state employee [1,176].

Для этой упражнений лучше использовать компьютер и проектор, и показать на слайде. Такой вид упражнений развивает интеллект студентов, студенты стараются высказывать своих мнений и логично вести беседу, используя лексику и грамматику языка по данной теме.

В языковой области целью обучения иностранному языку при коммуникативной методике предполагается обучение общению на иностранном языке в устной и письменной форме в рамках речевой ситуации.

Как известно, способам устно-речевого общения является говорение. Цель обучения говорению студентов есть развитие у учащихся способности в соответствии с их реальными потребностями и интересами осуществлять устное речевое общение в разнообразных ситуациях.

Репликам диалогической формы общения свойственны перестановки слов, частей фразы. Необходимо считать целесообразным обучение кратким, неполным ответам и даже вопросам.

И так можно провести диалоги по определенной теме. Например на тему «**Vehicles**»:

Студент 1: How did you get here?
Студент 2: I came by bus.
Студент 1: And the others.
Студент 2: Sue and John came by car.
Студент 1: And Paul?
Студент 2: He missed the bus, so he had get a taxi [5,138].

Проведем другое упражнение с названием «Правда или лож». Студенты высказывают своих мнений по данной предложении на тему «**Transport**».

1. Trains are more punctual than buses.
2. Train fares are more expensive than bus fares.
3. Train journeys are more interesting than bus journeys.
4. In city centres, taxis are quicker than going in your own car.
5. Railway stations are nicer places than bus stations.

Или другое упражнение по данной теме. Поставьте подходящие слова используя словах в скобках:

(bus stop, pilot, platform, punctual, full).

1. Our train leaves from … seven in ten minutes.
2. I waited at the … for ten minutes, and then two buses arrived at the same time.
3. I couldn't get on the first bus because it was … .
4. After we took off, the … told us a bit about the plane and the journey.
5. Buses are not very … . Sometimes they come every five minutes, then other times you have to wait for 40 minutes [5,139].

Такие упражнение помогают студентам правильно использовать новые слова урока. Преимущества этих упражнении в том, что студенты, активно участвуя в процессе обучения, начинают обдумывать, вспоминать, использовать изученный языковой материал.

И так каждый урок нужно завершать блоком кратко изложенной грамматики по обязательным разделам с закрепляющими упражнениями и специальными текстами.

Список литературы:

1. Агабекян И.П. Английский для экономистов. – Ростов–на Дону: Феникс, 2011.
2. Ушинский К.Д. О первоначальном преподавании русского языка // Собрание сочинений: в 10 т. - Л.: Издательство АПН РСФСР, 1949.-Т.5.
3. Allsop J. Student's English Grammar. Prentice Hall. GB, 1998.
4. David Nunan. Research Methods in Language Learning. Cambridge University Press, 1986.
5. Stuart Redman. English Vocabulary in Use. Cambridge University Press, 2003.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Ерлан Жанайдарұлы ӘУБӘКІРОВ, Райса Мәлікқызы САДУАҚАСОВА, Клавдия Вениаминовна УШАКОВА

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Қарағанды қаласы, Қазақстан

Sadvakasova.raisa@mail.ru, Yerlan_zhanaidarovich8550@mail.ru

Аннотация

Білімі - бірыңғай мақсатты тәрбиелеу мен оқыту процесі болып табылатын, қоғамдық-маңызды игілік және жүзеге асырылатын мүддесінде адам, отбасы, қоғам және мемлекет, сондай-ақ жиынтығын сатып алынатын білім, білік, дағды, құндылық қондырғылар, тәжірибе және күрделілігі мақсатында зияткерлік, рухани-адамгершілік, шығармашылық, физикалық және кәсіби даму, адам қанағаттандыру, оның білім алу қажеттіліктерін мен мүдделерін. Білім

берудің құндылық, іс жүргізу және нәтижелі аспектілерін іске асыру олардың бірлігінде жүзеге асырылады.

Республика саласындағы қазіргі заманғы үрдістер мен оның әртүрлі деңгейлерінде тұрған міндеттер жалпы білім беру жүйесіндегі олардың рөлін, функциялары мен орындарын қайта пайымдаудың, оларды одан әрі дамытуда жаңа тәсілдерді әзірлеудің қажеттілігін тудырады.

Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезеңде Қазақстан жаңа прогрессивті технологияларды пайдалана отырып, әлемдік өркениетке интеграциялана отырып, экономикада серпіліс жасады. Бұл тұрғыда қоғамның жаңа өмір деңгейінің негізін құрайтын және елдің маңызды факторлары, экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің базасы болып табылатын Қоғамдық даму деңгейінің өлшемі ретінде қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, адами капиталдың рөлі мен маңызы артады. Өз кезегінде, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білімге әсер етеді, одан ұтқырлықты және жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар жауап беруді талап етеді және тұтастай алғанда экономиканың даму қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс.

Білім беру біртіндеп дамып, жетілдіріліп, адам қоғамымен бірге пайда болды.

Тамыры қазақстандық білім беру кетеді терең ежелгі қазақстан. Егер Орта Шығыс тарихына қарасақ, Білім басқа мемлекеттерден, кейде әлеуметтік дамудың жоғары сатысының арқасында, немесе қазіргі Қазақстанның, Өзбекстанның, Түркіменстанның жерлерін жаулап алған жаулап алушылардың саясатына байланысты білім алып келгенін көруге болады. Исламға дейінгі кезеңде бұл батыстан эмигранттар құрған оқу-ғылыми орталықтар болды. Мұсылман мектептерінің жүйесі Орта Азияда араб жаулап алу кезеңінде пайда болды. Мұсылман әлемінің ортағасырлық мектептерін екі түрге бөлуге болады: мақтаб (ол дабристан) және медресе. Мақтаб-мешіт жанында пайда болған бастауыш мектеп, медресе - орта және жоғары мектептің үлгісі. Қазақ қыздарына арналған алғашқы әйелдер мектебі 1883 жылы Бөкей Ордасында Хан ставкасында ашылды. Бұл 20 адамға арналған интернаты бар сыныптас ауыл училищесі болды, онда қолөнерге үлкен мән берілді. Ал 1916 жылы Қазақстанда оқушылар контингенті 164 859 адамды құрады.

Егер социализм кезеңінде білім туралы айтатын болсақ, XX ғасырдың басында өңірдегі білім мен педагогикалық ғылымның қарқынды дамуы басталатынын атап өткен жөн. Қоғамдық аренаға ағартушылардың жаңа ұрпағы шығады, ол өз ізашарларының материалистік көзқарастарын лайықты дамытады, оқыту мен тәрбиелеу саласында жаңа идеялар мен көзқарастар әкеледі. Қырқыншы жылдарға қарай Қазақстанда негізінен сауатсыздық жойылды,ескі ауыл мектебінің орнына халықтың барлық топтары үшін жаңа жалпы білім беретін мектеп құрылды. Орта арнайы, кәсіптік-техникалық және жоғары мектептер жұмыс істей бастады. Республиканың педагогикалық ойының дамуы мен қалыптасуына белгілі мемлекет қайраткерлері С. Асфендияров, С. Д. Жандосов, Т. Жүргенов, С. Мендешев, Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, И. Омаров және т.б., қазақ әдебиетінің классиктері М. О. Әуезов, С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, өнер және ғылым қайраткерлері А. Жұбанов, с. Аманжолов, Е. Бекмаханов, М. Ғабдуллин, С. Жиенбаев, Х. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, А. Марғұлан, М.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014.

Басқа да жаңа тәуелсіз республикалар сияқты Қазақстан Кеңес Одағынан білім берудің жақсы жүйесін алып келді. БҰҰДБ (ЮНЕСКО) есебінің авторлары, егер экономикалық дамудың көптеген көрсеткіштері бойынша республиканы 90-жылдардың басында дамушы елдердің қатарына жатқызуға болатын болса, онда білім деңгейі мен халықтың біліктілігі, оқу процесінің тиімділігі, ғылыми әлеуеті бойынша ол көптеген дамыған елдерден асып түсті [1]. Халықтың жалпы сауаттылығы, орта білімнің жалпыға бірдей болуы және жоғары білімге қол жетімділіктің жоғары деңгейі, барлық сатыда оқудың тегін болуы, білім беру бағдарламаларының Ғылыми сипаты мен іргелі болуы, ғылыми-зерттеу бағыттарының алуан түрлілігі, кез келген халықаралық өлшем бойынша орасан зор білім беру мен ғылымның кадрлық әлеуеті кеңестік кезеңнің даусыз тарихи жетістіктері болып табылады. Кеңес Одағы

ыдырағаннан кейін Қазақстан нарықтық экономикасы бар мемлекетті құру жолын таңдады. Сондықтан республикада білім беру реформаларының бірінші және негізгі міндеті нарыққа бейімделу жолымен жаңа жағдайларда өмір сүру және даму қажеттілігі болды. Сонымен қатар құрылымдық қайта құру және жаңғырту міндеттері шешілуі тиіс болатын. Жаһандық үдерістерге байланысты үшінші міндет – халықаралық білім беру кеңістігіне интеграция пайда болды.

Жаңа бағдарлама біздерден ерекше білім деңгейін көрсетуді, шығармашыл шешім қабылдауды талап етіп отыр.Жаңартылған бағдарлама бойынша оқу үдерісінде тиянақты білім беру білімалушы бойына мұғалімге деген құрмет пен сенімді қалыптастырады. Білімалушының білімін қалыптастыра отырып бағалау арқылы, білімді өзбетінше алуына мүкіндік жасаймын. Бағдарлама аясында білімалушылармен химия пәнінде бағалаудың қалыптастырушы: «смайликтер», «басбармақ», «екі жұлдыз, бір тілек», «инсерт», «ББК» т.с.с. белсенді, интербелсенді әдістері арқылы, критериалды бағалау; критерийлер мен дескрипторлар бойынша жүзеге асырылады. Әр бөлім, тарау соңында білімалушымен жүргізілетін жиынтық бақылау түрлері білімалушыға да, оқытушыға да, сынақ іспеттес, өткен тақырыпты талдай отырып, білімалушының білімін бағалауды көрсетеді.. Химия пәнін экспериментсіз елестету мүмкін емес. Теориялық білімді практикамен ұштастыру оқушы білімін ұштай түсері анық. Осы орайда білімалушыға сапалы білім беруге көмекке келетін электронды оқулықтар,интернет желісі,сандық және ақпараттық технология, компьютер, ұялы телефон, теледидар,видео қондырғы, мен сын тұрғысынан ойлау технологиясынан педагогикалық білімім- оқу мен оқытудағы оқуды жүргізуге жағдай жасайды. Қазіргі кездегі сабақ оқытушыға білімалушыны неге және қалай оқытамыз? деген міндетті жүктейді. Бұл сұрақтың шешімі нақты әрі шығармашылықпен құрылған сабақ жоспары мен білімалушы тұлғасы арқылы ғана шешіледі. Сондықтан оқытушы сабағын топтың ерекшелігін ескере отырып жоспарлауы керек. Сабақ кезінде жаңа сабаққа оқу мақсатын дұрыс қойып, білімалушыны жаңа білімді өзі ашуға итермелеу қажет. Біздің білімдік әрекетіміздің өзі - нақты оқу,нақты түсіну, нақты бағалау әрекеттері. Оқытушы білімалушыға педагогикалық білім беруді дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана, білімалушыда мазмұнды оқыту жүзеге асады. Олай болса,«Өзіңе және өзгеге» деген талаптың деңгейін біле отырып, айналаңдағы білімалушылардан білімді, дамыған, өзіндік ойы бар тұлға қалыптастыруға болатынына көз

жеткіздім.. Осы орайда, мен сіздерге өз іс-тәжірибемнен жаңартылған білім бағдарламасы аясында өткізілген сабақ жоспарымның үлгісін ұсынып отырмын.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері / жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Ұйымдастыру кезеңі (5мин)	1.Топпен сәлемдесу 2.Топтағы білімалушыларды түгендеу,келмеу себебін сұрау, анықтап білу. **Психологиялық дайындық** Стикерлерде элемент атомдары жазылады, әр топтан бір- бір жұптан шығып, қосылыстар түзу арқылы, топқа бөлінеді.	https://multiurok.ru/files/priezientatsiia https://kopilkaurokov.ru/prochee/testi/ties. https://www.qazscience.kz/pander/himiya/periodty-keste/
II.Үй тапсырмасын тексеру(15мин.) «Білу»	**«Миға шабуыл» әдісі** 1).Ковалентті байланысқа сипаттама беріңдер, жіктелуін түсіндіріңдер. 2)Ковалентті полюсті байланыс дегеніміз не? мысал келтір. 3). Ковалентті полюссіз байланыс дегеніміз не?мысал келтір. 4).Иондық байланыс дегеніміз не? мысал келтір. 5)(*байланыс ұзындығы, *байланыс энергиясы) ұғымдарына сипаттама беріңдер.	Формативті бағалау С майликтермен бағалау
III. Білімнің өзектілігі (25мин) Жаңа тақырыпты меңгерту кезеңі. Түсіну Бекіту Қолдану	**Оқулықпен жұмыс.** Н.Нұрахметов, Қ.Бекішев, Н. Заграничная Химия Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық **«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі** 1-топ. Ионды байланыстың ерекшелігі 2-топ. Ионды байланыстың түзілу механизмі 3-топ. Ионды байланысты заттардың физикалық қасиеттері қандай болады? **1-тапсырма.**Зерттеу нәтижелерін кестеге түсіру ұсынылады (жұптық жұмыс) Байланыс түрлері | Мысалдар | Байланыс сипаттамалары [ ] | [ ] | [ ] [ ] | [ ] | [ ] [ ] | [ ] | [ ] [ ] | [ ] | [ ] **2).Мына қосылыстардағы байланыстың типтерін анықтаңдар:** BCl_3 ,CH_4 , $MgSO_4$, HCl, K_2O,NaCI,KOH,NH_4^+ CI_2 **Топтық жұмыс:I топқа:** Берілген диаграмманы толтырыңыз. Натрий (2,8,1) және Күкірт (2,8,6) **II топқа:** Берілген диаграмманы құр. Литий (2,1) және Фтор (2,7) **III топқа:** Байланыстың түрін анықта. Cl2, HCl, LiF, H2S, N2, Na2S **IV топқа:** Мына қосылыстардың молекулалық модельдерін жаса: H2O, NH3, O2, H2, CH4, NaF.	Интерактивті тақта, компьютер Формативті бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі Критериалды бағалау
IV.Талдау (топтық жұмыс)	***Топтық жұмыс.I топ:** Қатар орналасқан үш элемент ішінен ортанғы элементті тауып, бос	Критериалды бағалау Баға критерийлері

<table>
<tr>
<td></td>
<td>ұяшықтың орнына сәйкес элементтің атомдық моделін салыңдар.
<table>
<tr><td>Бөлшектің атауы</td><td>Белгіленуі</td><td>Электрондық конфигурациясы</td></tr>
<tr><td>Магний атомы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>F</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>1s2, 2s2, 2p4</td></tr>
</table>
II-топ: Кестені толықтыр.
<table>
<tr><td>  </td><td></td><td> </td></tr>
</table>
III топ: Элементтің таңбасын оның атомының сипаттамасына сәйкестендір.
<table>
<tr><td>Онда 55 электрон бар</td><td></td><td>K</td></tr>
<tr><td>Оның электрондық конфигурациясы: 2 8 8 1</td><td></td><td>Li</td></tr>
<tr><td>Оның 3 электрондық қабаты және I валенттік электроны бар</td><td></td><td>Na</td></tr>
<tr><td>Оның 2 электрондық қабаты және 3 протоны бар</td><td></td><td>Cs</td></tr>
</table>
</td>
<td>11-12балл-«5»
7-10 балл-«4»
4-6 балл- «3»
1-3балл- «2»</td>
</tr>
<tr>
<td>V.Үй тапсырмасы жайлы ақпарат (5мин)</td>
<td>§2.2 оқып келу.№1-4 жаттығуларды орындау.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>VI. Сабақты қорытындылау / Бағалау (5мин)

Бағалау</td>
<td>1.Венн диаграммасын толтыру
Ковалентті полюсті ; Ионды; Ковалентті полюссіз байланыстар. Бағалау парағын толтыру.

2.Критериалды бағалау
Баға критерийлері</td>
<td>Венн диаграммасы
 
11-12балл-«5»
7-10 балл-«4»
4-6 балл- «3»
1-3балл- «2»</td>
</tr>
<tr>
<td>VII. Рефлексия (5мин)</td>
<td>«Блоб» ағашы.
1..Сіздерге сабақ қызықты болды ма?
2.Білгендеріннің маңызы қандай?</td>
<td>
</td>
</tr>
</table>

Қорыта келе, мақаламды ақын Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Оқусыз, надан жұрттың күні – қараң, келешегі — тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. XXI ғасыр – ғылым ғасырында « Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын

өзекті мәселе. Ал осы мәселенің түйінді шешімі жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру — жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 . Қазақстан мектебі журналы 2018 ж
2. Портал материалдары
3. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары
4.К. Дайрабаев, А. Дайрабаева. Педагогика негіздері
5.Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері А.Әлімов Алматы 2013
6. Химия мектепте» ғылыми педагогикалық журналы

ОҚЫТУ ҮРДІСІНІҢ МӘНІ, ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

АСАНБЕКОВА Гулмира Сагатовна
«Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия» КММ
Алматы қаласы, Қазақстан
asangulsag@mail.ru

Оқыту үрдісі – білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертетін, оқушылардың дүниетанымын, күш-қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс-әрекет барысы болып табылады. Оқу барысында оқушының сана-сезімі, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық талғамы, тұлғалық қасиеттері қалыптасып дамиды [1,5].

Оқытудың психологиялық, педагогикалық ерекшеліктеріне назар аударсақ. Оқыту – мақсатты үрдіс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс-тәсілдері мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарып отырады. Оқыту- таным үрдісі. Танымның ерекшелігі оқушыда білімге деген қызығушылығы ұдайы өсіп арта түседі. Оқытудың міндеті- оқушыны айнала қоршаған ортамен (табиғат, қоғам) және адам дамытуының негізгі заңдылықтарымен қаруландыру. Оқушы дүниені тануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген жаңалықтарды, заңдылықтар мен тұжырымдарды әрі қарай дамыта түседі.

Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысу, ұлы ғалымдар мен олардың қызметі жайлы ақпарат алу болып табылады[2,5]. Сонымен бірге, оқыту- даму негізі. Педагогикалық үрдіс өзіне тән негізгі екі белгіні: ағзаның өзіндік дамуына жүйелі түрдегі көмек және жеке бастың жан-жақты жетілуін түйістіреді. Балалардың өзіндік дамуына әсер ететін негізгі фактордың бірі - өзара қарым-қатынас жасау іс-әрекеті. Сөйтіп, оқыту үрдісі –мұғалімнің баламен үнемі рухани қарым-қатынас, ынтымақтастық жағдайда болуын қажет етеді. Оқыту үрдісінде бала тек мұғалімнің әсерін қабылдаушы ғана емес, оның оқу іс-қимылы мен өзінің психикалық үрдістерін басқару, ұйымдастыра білуі (іс-әрекетін білуі, бағалауы, өзін-өзі басқару) оқытудағы субъекті екенін айқындайды[3,5]. Оқыту үрдісінде бала логикалық ойлау болмысының жалпы тәсілдерін қолдануға және дербес шығармашылық әрекет жасауға дағдыланып отырады. Оқушының жалпы психикалық дамуы – мектептегі оқу мен оның өздігінен оқуымен тығыз байланысты болып келеді. Оқушының ойлау қабілетінің дамуына оқу үрдісінде қолайлы жағдай туады. Білім мен ойлау арасында тығыз байланыс болады.

Оқыту - екі жақты үрдіс. Оқыту оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі үрдіс. Өйткені, оқыту-мұғалімнің білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу- баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті болып табылады.

Оқыту – жоспарлы үрдіс. Мұғалім оқушылардың жалпы рухани дамуын жүйелі қамтамасыз етуі үшін оқыту үрдісін жоспарланған, ұйымдастырылған түрде жүзеге асырады.

Оқушы білімді қысқартылған, педагогикалық тұрғыдан өзгертілген жолмен мұғалімнің және арнайы жазылған оқу құралдарының көмегіне сүйене отыра меңгереді.

Оқыту–бұл күрделі үрдіс[4,5]. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл –ойы мен шығармашылық қаблетін, демек біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Мұның мәнісі, жеке тұлғаға біртұтас (кешенді) ықпал жасауды көздейді. Осы негізде, оқыту үрдісінің *бірінші қызметі* -оқушыларға білім беру. Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай оқушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды қамтамасыз етсе, екіншіден солардың негізінде, айналасындағы әр түрлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру болып табылады. *Екінші қызметі* –тәрбиелеу. Бұл қызметті жүзеге асыру барысында оқыту барысында оқушыларды теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту іске асады. Сонымен бірге оқыту барысында тәрбиенің мақсат, міндеттері және мазмұнымен тәсілдері де анықталады[5]. Оқытуда тәрбиемен оқытудың байланысы біржақты қарастырылмайды, керісінше біртұтастық ұстанымға негізделіп, біртұтас бірлікте қолданылады. Демек, тұлғаға білім бере отырып, оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отыра білім береміз. Сөйтіп, тәрбие үрдісі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқытудың барысына қолайлы ықпал етеді, соның негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады. *Үшінші қызметі*-дамыту болып табылады. Оқыту барысында оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті т.б. көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына, біліктіліктері шындалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Демек, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды (байқағыштығы, ойы, есі, қиялы секілді психикалық үрдістері де қарастырылады)[5,6].

Даму қызметінің ерекшелігі сол, ол өз алдына жеке өмір сүрмейді, керісінше оқытудың білім беру мен тәрбиелеу қызметінің жалғасы болып есептеледі. Сондықтан, дамудың қарқынды, жан-жақты әрі терең болуы білім беру мен тәрбиенің қандай дәрәжеде іске асырылуына байланысты болады екен. Бұдан шығатын қорытынды, оқыту- білім беру мен тәрбиелеу қызметінің негізі болып саналса, даму- өз алдына олардың қызметінің нәтижелі болуына қолайлы ықпал етеді[7,8].

Енді, баланы оқыту үрдісінде жаңа оқу материалын танымдық қабылдауға тоқтала кетсем, оқушының білімді меңгеруі жаңа оқу материалын қабылдаудан басталады. Қабылдау- адамға тікелей әсер ететін заттардың немесе құбылыстардың адам санасында бейнелеу үрдісі.

Сабақ үстінде оқушылардың жаңа материалмен танысуы түйсіктен және қабылдаудан басталады. Ал, түйсік сананың сыртқы әлемімен тығыз байланысты болып келеді. Сезім мүшелерімізге әсер етіп, оның миымызда бейнеленуін түйсік деп атайтынымыз бәрімізге белгілі.

Білімді жан –жақты меңгеру және түсіну үшін оқу материалын қабылдау- бақылау жеткіліксіз болып табылады. Одан әрі оқушылар өз бетімен қорытындылар жасай алуы тиіс. Бұл оқушылардың білім мазмұнын жете түсініп, ұғынуы және белсенді де терең ойлау әрекетінің нәтижесінде ғана жүзеге асады екен[8].

Ұғыну –бұл саналы түрде ғылыми білімді, заңдылықтарды ұғу, фактілерді жинақтау үрдісі, қорытынды шығару. Ұғыну үрдісінде оқылатын материал терең ойластырылады, дәлелденеді және бекітіледі. Ұғым, қарапайым және ғылыми ұғым болып екіге бөлінеді. Қарапайым ұғым дегеніміз баланың оқудан емес, өмірден көріп-білгендерінен туатын әртүрлі құбылыстар жөніндегі түсінігі. Ғылыми ұғымдар тек оқыту үрдісінде жинақталатын мәліметтер, қағидалар мен құбылыстар туралы білім, түсінік.

Ал ұғымның қалыптасуы-өте күрделі үрдіс, ол –оқушылардан белгілі ойлау амалдарын қолдануды талап етеді[8]. Ойлау-талдау (анализ), синтез, дерексіздендіру (абстракция), жалпылау сияқты құрылымдардан тұрады.

Оқушыларда ұғымды қалыптсатыру үшін мұғалім оларды осындай ойлау операцияларын қолдануға үйретеді. Абстракциялау деп заттардың негізгі қасиеттерін, оның екінші дәрежелі қасиеттерінен бөліп алып, жалпылап қарауды айтады.

Білімді бекіту. Оқыту үрдісінде оқушылардың алған білімдерін бекітіп отырудың маңызы ерекше болып табылады. Бекіту- бұл оқушылардың білімді берік ұғынудың тиімді

әдіс-тәсілі. Сабақта жаңа материалды қабылдаудан кейін бекіту әр түрлі практикалық, лабораториялық жұмыстар негізінде жүзеге асады.

Бекітудің бұдан да басқа әдіс-тәсілдері бар. Өтілген оқу материалын бөліктерге бөліп қайталап отыру, күнделікті қайталау, тақырыптық қайталау, есте қалдырудың тәсілдерін үйрету т.с.с.

Оқыту үрдісінде алған білім мен дағдыны практикада қолдану. Білімді жан-жақты меңгеру, оны практикада қолдануды қажет етеді. Білім мен дағдының сапасы мен нәтижесінің көрсеткіші- практика болып табылады[8,9].

Егер оқушы білімді практикада қолдана алмаса, бұл оның білімді үстірт қабылдағандығынан, жете түсінбегеннен болады. Білімді практикада қолданудың оқу үрдісінде екі түрі жиі кездеседі. *Бірінші*-білімді жаңа материалды ұғыну үстінде қолдану, *екіншісі*-жаңа оқу міндеттерін шешу үстінде қолдану. Бұл кезде оқушы бұрын алған білімін жаңа мәселелерді шешуге байланыстырып, өздігінен әрекет жасай алады. Білім мен дағды оқыту үрдісінде түрлі практикалық және лабораториялық жұмыстарда кеңінен қолданылады. Мұндай жағдайда оқушылар өздігінен бақылау, тәжірибе жасау, іздену әрекеттеріне негізделген жұмыстарды орындай алады.

Оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру, оны талдау және бағалау. Оқыту үрдісінде бұл жұмыс өз алдына дербес практикалық буын болып табылады және оқытудың әрбір кезеңінің құрамынан да орын алады. Оқытудың білім алудағы жетістіктерін, табыстарын және мүмкіндіктерін талдап, айтып берудің және оны бағалаудың маңызы ерекше[6,10]. Мұғалім мен оқушы үшін мұндай жұмыс, кибернетикалық тілмен айтқанда *кері байланыс* болып табылады. Мұны мұғалім оқытудың әрбір кезеңінде: жаңа білімді қабылдау, оны ұғыну, бекіту, практикада қолдану кезеңдерінде іске асырады. Сонымен қатар бір жұмыс оқыту үрдісінің белгілі кезеңіндегі (тоқсан және жыл аяғында) дербес буын ретінде қолданылады. Бағаны дұрыс қоюдың оқушылар үшін тәрбиелік маңызы ерекше: ол –оқуға деген ынта, мотив қызметтерін атқаруы мүмкін[5,11].

Оқыту үрдісінің жоғарыда айтылған буындардың маңызы мен орнын бөлуімен қатар, олардың бір-бірімен өзара тығыз байланысты болатынын, *біртұтас үрдіс* екенін ұмытпау керек. Сондықтан білім мен дағдыны меңгеру жолын біртұтас үрдіс деп қараған жөн. Ол – қабылдау, түсіну, бекіту, қолдану сияқты өзара байланысты құрамнан тұрады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – А., 1991.
2. Әбенбаев С. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. – А., 1999.
3. Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі. – Алматы, 1973.
4. Дүйсенбинова. Адамгершілік тәрбиесіне айқын бағыт //Қазақстан мектебі. 7-1991ж/
5. Иванова Н., Қозғанбаева М. Оқыту процесінің мәні. – Алматы, 1991.
6. Көшекпаев Н. Оқыту теориясы. – Алматы, Мектеп, 1976.
7. Лемберг Р. Оқыту әдістері. Алматы, 1958.
8. Махмудов М. Мектепте проблемалы оқытуды ұйымдастыру. Алматы,1981.
9. Нұрғалиева Г. Оқыту әдістері. Алматы, 1991.
10. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 1999.
11. Төлеубеков А.Р. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. Алматы, 1991.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ КӨЗДЕРІНІҢ АШЫЛУЫ

ГУМАРОВА Светлана Амантаевна

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті. Жалпы білім беретін №2 Ж.Нәжімеденов атындағы орта мектебі

Атырау қаласы, Қазақстан

light_ga83@mail.ru

Қазақстанда мұнайды іздеу мен барлауға бағытталған жұмыстар 1892 жылы Жайық-Жем алабында басталды. 1899 жылы қазақтың алғашқы мұнай кен орны – Атырау облысы Жылыой ауданына қарасты Қарашұңғыл алаңындағы №7 ұңғымадан 40 м тереңдіктен тәулігіне 25 тоннаға дейін өнім беретін мұнай бұрқағы атқылады.Бұл, бүгінде дүниежүзіне мәлім болған Қазақстан мұнайының алғашқы тамшылары болатын. Қарашұңғыл мұнайы туралы хабар Алтайдан Оралға дейін тарап, Ембі-Каспий аймағында мұнай қорын іздестіру жұмыстарын кең көлемде жүргізуге мүмкіндік туды. Содан кейін Доссор, Мақат, Ескене өңірінде терең бұрғылау жұмыстары қолға алынды.

1911 жылы Доссор кеніші ашылып, Ембі мұнайын игеруге жаңа қадам жасалды. Екінші мұнай фонтаны, 1911 жылы 29 сәуірде Доссорда бұрғыланған №3 скважина 226 метр тереңдіктен 16,7 мың тонна мұнай берді. Қарашұңғыл мен Доссор кенорындарының мұнай қоры, Қазақстан мұнай өндірісінің алғашқы тарихи беті болып саналады.

1915 жылы Мақат мұнай кені пайдаланылуға берілді. «Ағайынды Нобельдер» серіктестігінің Новобогатинскіде (Қамысқалада) бұрғылаған 2/64 скважинасынан тәулігіне 50 т мұнай беретін фонтан атқылады. Мақат пен Доссорда өндірілген мұнай 1915 жылы 272746 тоннаға жетті. 1915 жылы ашылған Мақат – Атыраудың үшінші мұнайлы перзенті болып тарихқа енді.

Орал-Ембі мұнай-газ бассейні

Тарихқа жүгінсек, Орал-Ембі мұнай-газ бассейні туралы деректер Ресей патшасы I Петр тұсында-ақ, Қазақстан даласына Астраханьнан Хиуаға дейін сапар шеккен, әскери экспедицияның бастығы Бекович-Черкасский қолжазбаларында кездеседі және еліміздің батыс өңірінің тұнған байлығы туралы дәлелдер бар. Атырау өңірінде мұнай қорының бар екендігі ертеден белгілі болған. Жайық-Жем алабы мен таулы Маңғыстаудың жер бетіне шығып жатқан және тайыз құдықтарға жиылған мұнайын қазақтар ерте кезден пайдалана білген. Сол жерді қоныстанған көшпенді қазақтар жер бетіне шығып жатқан мұнайды сүзіп алып жағар майларжарық және емдік заттар ретінде пайдаланған. Бірақ олар бұл үлкен қазынаның түймедей бір ғана шеті екендігін аңғармады.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Жайық пен Жем өңірінде жер қойнауы зерттеле бастады. Оны зерттеушілер – И.Лепехин (1768), П.И.Рычков (1772), П.С.Паллас (1773), Г.Гельмерсен (1836), т.б. Олар Атыраудың географиялық және топографиялық құрылымына, су қорлары мен кен байлықтарына геологиялық сипаттама берді. Бұл зерттеушілердің алғашқы деректері осы саладағы ғылымның қалыптасуына көп әсерін тигізді. Бертін келе осы өңірді зерттеуші ғалым Н.А.Северцев 1860 жылы «Горный» журналына қазіргі Доссор маңындағы зерттеу еңбегін жариялады. Бұл еңбекте Доссор кені жайлы алғашқы тұжырымдама жасалса да, ол кезде бұл аса құнды болжамға ешкім мән бере қоймады. Орал-Ембі мұнай-газ алабы Атырау, Ақтөбе, сонымен бірге Астрахань, Волгоград, Саратов облыстарына және Қалмақ АССР аудандарына қарасты 500 мың шаршы километр жерді алып жатыр.Осы территорияда сол жылдары жүргізілген геологиялық және геофизикалық зерттеулер мұнайдың үлкен қорын табуға мүмкіндік туғызды. Мұнай кен орындары тұз күмбездерінде шоғырланған, ондай күмбездерінің саны 1700-ге жетеді.

Жаратылыстанушылар мен топографтардың бұрын зерттеген материалдарымен танысқан Ресей геологиялық комитеті 1874 жылы Батыс Қазақстанға тау-кен инженері Д.В.Кирпичниковты жібереді. Қаражыңғыл, Иманқара және Доссор сияқты болашақ мұнай кен орындары орналасқан аудандарды зерттеп, ол мынадай тұжырымға келгенді: «Доссорда мұнай өте көп, бірақ бұл байлықты пайдалану өте қиынға соғады, себебі тұщы су жоқ, қатынас жол жоқ, шабынды жер жоқ». Рязань-Орал қоғамы мен геологиялық комитетінің ұйымдастыруымен 1892 жылы Доссорда бес, Іскінде бір және Қаражыңғылда бес ұңғыма бұрғыланды. 1863 жылы Академик Паллас Ембі өзені аңғарында мол мұнай қорының бар екенін анықтайды. Бірақ бұл кең аймақта геологиялық зерттеу жұмыстары тек қана өткен ғасырдың екінші жартысында басталады, Орал-Ембі өңірін толық зерттеу жұмыстары 1892 жылдан бастап кең қанат жайды.

Қазан революциясына дейін Орал-Ембі алабында сегіз мұнай қоғамы жұмыс істеді. 1912 жылдан бастап, Ресей геологиялық комитетінің тапсырысымен геологтар А.Н.Замятин

мен Н.Н.Тихонович Ақтөбе облысында геологиялық зерттеулер жүргізеді. 1920-1921 жылдары жас Кеңес одағы азамат соғысына бай ланысты Кавказ мұнайынан уақытша айырылғанда, елімізді мұ наймен қамтамасыз еткен Ембі бассейні болды. Оның мұнайын тасу үшін Александров-Гай-Ембі темір жол құрылысы басталып, 1927 жылы аяқталды. 1920 жылы ұйымдастырылған «Ембі мұнай» тресі мұнай кәсібін қайта қалпына келтіруге үлкен үлес қосты.

Ұлы Отан соғысынан кейін Батыс Қазақстан геологиясын «Қазақстан мұнай бірлестігі», «Ақтөбе мұнай барлау» тресі, «Қазақтың геофизикалық ұйымы» кейіннен болған «Қазақстан нефтегеофизика» тресі, «Аэрогеологиялық» және «Уральск неф-теразведка» трестері зерттеген болатын. Жаңа геофизикалық әдісті қолдану арқылы Қошқар, Тентексор, Мұнайлы, Тілес, Қаратөн, Тереңөзек, Тәжіғалы және Қарсақ сияқты жаңа мұнай кен орындары ашылып, Таңатар мен Прорвада мұнай өндіру жұмыстары басталды және Ембінің солтүстігінен Кеңқияқ, Көкжеде, Құмсай, Қопа, Ақжар кеніштері табылды.

1.3. Құлсары мұнай кәсіпшілігі. Құлсарыдағы зерттеу жұмыстары

1932 жылдан бастап, ескі мұнай өнеркәсібі Доссор мен Мақаттың қатарына, жаңадан Байшонас, Іскін, Қосшағыл, Сағыз, Құлсары кен орындары қосылды.

1933 жылдан бастап Құлсары зерттеле бастады, оның бүкіл аумағы анықталды. 934-1936 жылдары Құлсары алаңын А.А.Борисов, А.И.Храмм, М.М.Авдеев және басқа да білікті ғалымдар зерттеді.Алғашқыда бұл жұмыстар баяу өріс алды, себебі бұл аймақта да (ол Қосшағылдан 20-30 шақырым жерде орналасқан) ауыз суы ащы, жері тақыр, сорлы болғандықтан, барлау жұмыстарын жүргізу оңайға түспеді. Мұнай-газ қорының барлығы анықталған соң, 1938 жылдың басынан бастап Құлсары алаңын бұрғылауға бар күш-жігер жұмылдырылды, бұл алаң «жауапты учаске» деп жарияланды. Оның ашылып, қатарға қосылуына «Ембі мұнай» тресінің сол кездегі (1938-1941 жылдар) басшылары – Я.В.Лаврентьев, И.И.Курус, Н.В.Не волин, С.Өтебаев және т.б. қыруар еңбек сіңірді.Үлкен еңбектің алғаш жеміс берген күні 1938 жылғы мамырдың 27 жұлдызы еді. 10-шы ұңғыманың орта юра қабатынан 1001-1008 метр тереңділік аралығынан қуатты мұнай бұрқағы атқылап,Құлсарының баянды болашағын баршаға аян етті. Мұнай қысымы 100 атмосфераға жетіп, ұңғының тәуліктік өнімі 50-60 тонна болды.Бұған іле-шала 182-ші ұңғысынан да мұнай атқылады, оның тәуліктік өнімі 200 тоннаға жетті. Бұлар болашақ Құлсары мұнай кәсіпшілігінің дүниеге келуін түпкілікті бекітті. 1939 жылғы қаңтардың 1 жұлдызында Қазақстанның мұнай байлығының шалқуына қомақты үлес қосқан Құлсары кәсіпшілігі құрылды. Құлсарының қатарға қосылуына байланысты Жылыой ауданында мұнай өнімінің жоғары деңгейіне қол жетті, ол 1938 жылы 1937 жыл мен салыстырғанда 32%-ға, ал 1939 жылы 60%-ға артты. Құлсары мұнайының артықшылығы: оның құрамында жанғыш газ басым бол ды, ол қабат қысымынан шығысымен-ақ өздігінен жоғары көтеріледі.

Қазақстан тарихында тұңғыш рет осы кәсіпшілікте арзан отынжан ғыш газ ауданның өндірістік және тұрмыстық қажеттеріне пайдаланылды. 1940 жылы мұнда 4 миллион текше метр газ пайдаланылған екен. Аса қарқынды еңбек еткен мұнайшылар 1941 жылы Ұлы Отан соғысы алдындағы жылдарға қарағанда 2 есе артық мұнай өндірген.

Ал 1942 жылдың бірінші тоқсанында тәуліктік өнім 700-800 тонна болды. Соғыстың соңғы жылдары Құлсарының мұнай өнімі 188 мың тоннаға жетіп, жалпы соғыс жылдарында майданға 683 мың тонна мұнай жөнелтілді. Бассейндегі ірілерінің бірі – Құлсарыда ондаған фонтан ды ұңғымалардың өзі барлық Орал-Ембі бассейніндегі мұнай өндірісінің 70%-ын береді.

Каспий ойысы тұз күмбездеріне бай және оның өнеркәсіптік мұнай-газдылығы ертеден белгілі. 500 шаршы километр жерде мыңнан аса тұз күмбездері орналасып, олардың 300-і Еділ-Жайық аралығында орналасқан. 1959-1960 жылдары Ақтөбе облысында Прорва мен Боранкөл мұнай кәсібі қосылды. Каспий бойы ойысындағы осы бассейннің маңында 32 мұнайгаз кен орындары кездеседі. Ембі бассейнінің мұнайы мен газы жер үстінен 50 метрде, 2417 метрлік тереңдікте орналасқан. Ал негізгі қоры 800 метр тереңдіктің маңында. Бассейннің ірі кен орындары Кеңқияқ, Прорва және Боранкөл. Кен орындарынан негізінде мұнай насос арқылы сору әдісімен өндіріледі. 1966 жылы Прорва кенорны пайдалануға

беріліп, Кеңқияқты игеру басталды. Сол сияқты, 1967 жылы Жетібай кенорны пайдалануға берілді. Маңғыстау мұнай өнімі 1965 жылғы 300 мың тоннадан 1970 жылы 10,7 млн. Тоннаға дейін өсті. 1970 жылы Өзен кенішінде дүниежүзінде алғаш рет қабат арасында ыстық су айдайтын өндірістік қондырғы іске қосылды. Сол жылы мұнай өндірудің компрессорсыз газлифтті тәсілі қолданылды.

1.4. Маңғыстау өңіріндегі іздеу және барлау жұмыстары

Маңғыстау түбегі күн райының қаталдығына қарамастан, геологтардың назарын ертеден аударған еді. Оңтүстік Маңғыстауда мұнай мен газды іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу үшін, «Қазақстаннефть» бірлестігінің құрамында, 1957 жылдың сәуір айында, арнайы «Мангышлакнефтегазразведка» тресі ұйымдастырылды. Егер барлық еліміз болып көмектеспесе, Маңғыстау түбегінің мұнай байлығын игеру өте қиын болатындығы өзінен-өзі белгілі болды. Өзен мен Жетібайда өнеркәсіптік барлау жұмыстары 1962 жылы басталып, мұнай мен газдың қоры ірі, көп қабатты екендігі дәлелденді де, сусыз қатал түбектің одан әрі дамуын осы жұмыстар шешті. Аз уақыттың ішінде ондаған қуатты өнеркәсіптік нысандар құрылып, Мақат-Ақтау темір жолы, Ақтау-Жетібай-Өзен электр желісі, асфальт жолы, мұнай құбырлары салынды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде түбектің байлығы тез игеріле бастады. 1965 жылдың маусым айында темір жол арқылы Атыраудың мұнай өңдеу зауытына ең алғашқы Маңғыстау мұнайы жеткізілді, ал 1966 жыл дың қазан айында оны су арқылы тасу басталды. Маңғыстауға уысқандық көмекті ең бірінші болып, ескі мұнай орталықтары Баку, Куйбышев, Башқұртстан, Краснодар және т.б. көрсетті. Батыс Қазақстанда өте қуатты геофизикалық, геологиялық барлау, мұнай өндіру және өңдеу мекемелері құрылды. «Геология және геофизика институты», «Химия және табиғи тұздар институты», сонымен бірге «Гипроказнефть» институты қызметкерлері өте жемісті еңбек етті. Бозашы кен көзі – Маңғыстау түбегінде орналасқан, шамамен, Атыраудан 300 км жерде орын тепкен мүйіс. Тұзды батпақ су астында 300-100 км тереңдікте орналасқан. Ондағы мұнайдың құрамы да тым өзгеше: қою, өте тұтқыр, күкіртті, асыл болат жасауға тым тиімді, онда ванадий қосылысының мөлшері көп.

Академик И.М.Губкин мұнайлы Ембіде 1 млрд.тонна мұнай қоры бар деген болжам жасаған еді. 1985 жылдың қараша айында өткен Қазақстан Ғылым академиясының арнайы сессиясында Ембінің «Мұнай және химия өнеркәсібін» дамыту мәселесі талқыланып, оның қорытындысы бойынша Жылыой жерінде геологиялық барлау жұмысын одан әрі жүргізу қажеттігі атап көрсетілді. Мұнай өндіру үшін тек жұмысшылар емес, білікті мамандар қажет болғандықтан, 1930 жылы Гурьевте (қазіргі Атырау) мұнай техникумы ашылды. Кейіннен бұл арнайы оқу орны политехникум деп аталды. Кезінде академик И.М.Губкин мен басқа да ғалымдар Атырау өңірінің болашағына жоғары баға беріп, бұл өңірге терең барлау жұмыстарын жүргізу керектігін айтты, жаңа кен көздерін ашып, халық игілігіне жарату мәселелерін алға қойды. Кен орындарын игеруді ғылыми тұрғыдан бақылап отыру үшін 1934 жылы «Ембімұнай» тресінің ішінен Орталық ғылыми-зерттеу зертханасы құрылды. Гравиметрия, электрокаротаж геофизикалық әдістері игеріліп, жақсы нәтижелер берді, осылайша мұнайлы Ембі кенорындарының қатарын жаңа кеніштер толықтыра бастады. 1934 жылы Ескене, 1935 жылы Байшонас, 1935 жылы Қосшағыл, 1938 жылы Сағыз сияқты жаңа кен орындары іске қосылды. 1960-70 жылдар аралығында Терістік Каспий ойпаттарында Прорва, Ақтөбе, Шығыс Құлсары, Таңатар, т.б. мұнай кен орындары ашылды. Жаңа кеніштердің ашылуы мұнай өнімін еселеп арттырды. Атырау мұнайын еліміздің шығысына кідіртпей жөнелту үшін 1936 жылы Каспий-Орск мұнай құбыры іске қосылды. Осы өңірдегі мұнайды барлау, өндіру жұмыстары Ұлы Отан соғысы жылдарында да толастамады. Қиын-қыстау, аласапыран заманда осы салада талай-талай рекордтар жасалып, көптеген озық технологиялар өндіріске енгізілді. Мысалы, Одақта тұңғыш рет мұнай өндірудің жаңа әдісі қабат қысымын су айдау арқылы көбейту 1943 жылдың тамыз айында Доссор кәсіпшілігінде жүзеге асырылды. Республика мұнайшылары үшін 1950 жыл – елеулі жыл болды,өйткені осы жылы Қазақстан мұнайшылары елімізге 1 млн тоннадан астам мұнай берді. Дегенмен еліміздің экономикасын өркендетуге бұл әлі жеткіліксіз еді. 1970 жылы 5396 м тереңдіктен Каспийдің солтүстік-шығыс жаға лауында орналасқан Теңіз кен орны ашылды. Зерттеулер бұл жер

қойнауының байлығы Ресейдің Түмен жеріндегі кенорындары нан кем емес кендігін анықтады. Теңіз кенінің барлау кешендерінің сенімді лігі мен кономикалық жағынан тиімділігі, оған көптеген шетелдік фирмалардың қызығушылығын тудырды. Олардың қатарында қазіргі мұнай алпауыттарының бірі – Шеврон компаниясы да бар. Қырық жылға жасалған келісімшарт бойынша Теңізден жылына алынатын мұнай көлемін 36 млн. тоннаға жеткізу жоспарланды. Жалпы 775 млн. тонна мұнай өндіру көзделген. Жетпісінші жылдары мұнай өндіруден әлемде бірінші орын алатын біздің еліміз 1975 жылы дүниежүзіндегі барланған 2,6 миллиард тонна мұнайдың 491 миллион тоннасын өндірген. Ол кезде жер Қазақстандікі болғанымен, билік Мәскеуде болатын. Сондықтан 1980-1990 жылдары шетелмен жүргізілген келіссөздердің көпшілігі біздің мемлекет және Үкімет басшыларына белгісіздеу болған. Бар белгілі болғаны 1990 жылдың маусым айында М.С.Горбачев пен АҚШ президенті Д.Буш «Теңіз» кен орнын игеру жөніндегі келісімге қол қойып, «Теңіздің» 50%-ы «Шеврон» компаниясына берілгенді.1991 жылы Қеңес Одағы тарқап, «Теңіз» мұнай кен орны қайтадан Қазақстанның меншігіне тиді. 1993 жылдың сәуірінде Қазақстан «Шев рон» фирмасының «Теңіз-Шевройл» біріккен өнеркәсібін құру шартына қол қойылды. Шарт бойынша іздеу-барлау, өндіру жұмыстары бірге жүргізіліп, «Теңіз-Шевройл» бірлестігі 30 млрд. Доллар мөл шерінде күрделі қаржы жұмсап, 97 млрд. доллар пайда табу көз делді. Кірістің 21,6%-ы «ТеңізМұнайГаз» өндірістік бір лестігіне, 58,8%-ы Қазақстанға, 19,6%-ы «Шеврон» компаниясына тиесілі болды. «Шеврон» компаниясы 40 жыл ішінде біздің республикаға 20 млрд. доллар инвестияция жасауға міндет алды, 1993 жылы «Теңіз-Шевройл» алғашқы 1 млн. тонна мұнай өндірді. 1997 жылы бұл көрсеткіш 6,7 млн. тоннаға жетті, 1997-1998 жылдардағы мұнай бағасының төмендеуіне қарамастан, 1998 жылы бұл көрсеткішті 8,2 миллион тоннаға жеткізу жоспарланды. Одан кейінгі міндет 12 миллион жеткізу болды. Ал оның Қазақстан бюджетіне қосқан үлесі, тек 1993-1997 жылдар аралығында «Теңіз-Шевройл» компаниясы Қазақстанға 224 млн. доллар қаржы түсірді. Теңіз кенінің халық шаруашылығындағы маңызы тек оның ауқымдылығы және көмірсутекті шикізаттың бағалылығымен ғана шектелмейді, сонымен қатар жаңа өнеркәсіпті аймақ құру, оны әлеуметтік жағынан жақсарту, Атырау облысының, тіпті бүкіл республиканың экономикасын көтеру мүмкіншілігінің көзделуінде болды.

Маңғыстаудағы мұнай көздерінің ашылуы Қ.И.Сәтбаев есімімен тікелей байланысты 1999 жылы біздің еліміз үшін есте қалатын елеулі жыл болды.Қазақ мұнайының жүз жылдығы, сонымен бірге қазақтың маңдайы на біткен асыл перзенті, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жүз жылдығы.Бұл – біздің еліміздің ең бір мерейлі де мерекелі ірі тойларының бірі болып кең көлемде аталып өтті, тарихта мәңгі қалды.

Республикада мұнай өнеркәсібінің өркендеуі, жаңа кен орындарының ашылуы, Қ.И.Сәтбаевтың Маңғыстау түбегін үстінен қарағандағы теңеуімен айтқанда – «ұйқыдағы арудың оянуы» Қ.И.Сәтбаев есімімен тікелей байланысты екенін көпшілік біле бермейді. Қазақстанда Қ. И. Сәтбаевтың көзі түспеген өңір де, өндіріс саласы да жоқ. Атақты ғалымның жеке өмірі, еңбек жолы, ғылыми ізденімдері туралы жазылған естеліктерді оқығанда, Қаныш Сәтбаевтың Батыс аймақты дамытқан, әсіресе мұнай-газ қорын іздеуге, табуға, игеруге қосқан баға жетпес еселі еңбегі көзге ерекше болып көрінеді. Ұлы ғалымның қазақ жерінде ірі мұнай кеніштерін ашуға тигізген ықпалы ерекше. Кейде ұлы адамның біраузыз сөзінің өзінде өлшеусіз өмір жатады. Ал Қ.И.Сәтбаевтың Атырау мен Маңғыстауға, мұнай мен химия өнеркәсібіне бүкіл Ғылым ордасының бетін бұрғаны – ғалымның баға жетпес еңбегі. Қ.И.Сәтбаев Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті болып сайланған жылы Гурьевте (қазіргі Атырау) Академияның ғылыми базасын ашқан болатын және оның алғашқы директоры С. Қарымсақовтың айтуы бойынша тұңғыш бағдарламаның негізін Қ.И.Сәтбаев белгілеп берген екен. Оның бастапқы бағыты – Республика экономикасының болашағын шешетін өндіріс салаларының бірі – мұнайға геологиялық барлау жұмысын күшейту, әсіресе тұз қабатының астына бұрғы жіберіп, іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың Батыс Қазақстанда мұнай және химия өнеркәсібін өркендету жөніндегі деректі олжамдары, тұжырымды тапсырмалары Академия тарихының ерекше тарауы. Кейіннен оның болжам

ойлары орындалды, Атырауда негізгі ғылыми бағдарлама мұнайға бағышталған геологиялық-барлау Ғылыми институты ашылады. Атырау қаласында Ғылым Академиясының сессиясы өткізіледі.Академик Қ.И.Сәтбаевтың басшылығымен өткен Ғалымдар Кеңесінде Батыс Қазақстандағы геологиялық-барлау жұмысының көлемін кеңейту және оны нәтижелі ету шаралары жан-жақты талқыланып, «қара алтынның» қоры шоғырланған алаңдарды батыл белгілеп, әлелді де деректі ұсыныстар дайындалып, үкіметке және басқа да басшы ұйымдарға жолданады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Надиров Н.К. Нефть и газ Казахстана. В двух частях. Часть1. –Алматы: Ғылым,1995.-с.54.
2. Надиров Н.К., Браун А.Е., Трохименко М.С. и др.Нефтебитуминозные породы Казахстана: Проблемы и перспективы.- Алма-Ата,1985.-с.47
3. Надиров Н.К., Каширский А.И., и др. Новые нефти Казахстана и их использование. Техника и технология нефтепроводного транспорта. - Алма-Ата: Наука. КазССР,1983.-с.59
4. Надиров Н.К., Ковальчук Т.Н. Повышение трубопроводного транспорта: Тезисы докл. междунар. конфер. - Казань: 1994.-Т.4.-с.67
5. Серикова Л.С. История развития нефтегазовых комплексов Казахстана. Афтореф.дис. канд. ист. наук. Орал, 2006, 7 с.
6. Бишимбаев В.К., Надиров Н.К. и др. Пути развития нефтехимической и химической отраслей промышленности наюге республики // Нефть и газ.-2004, №1.-с.48-50.

БІЛІМ БЕРУДІ, ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ СӘТТІ ТӘЖІРИБЕ

ДЖАНТЕКЕЕВА Кабира Кадырбековна

Маңғыстау облыстық техникалық және кәсіптік білім берудің оқу - әдістемелік кабинеті директорының орынбасары, WorldSkills жобасы бойынша Маңғыстау облысының техникалық делегатының ассистенті

Ақтау қаласы, Маңғыстау облысы, Қазақстан

dzantekeeva@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада WorldSkills чемпионаты қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім саласында негізгі, басты көрсеткіштерінің бірі екендігі сипатталады. Worldskills стандартына негізделген оқу бағдарламаларын оқу процесіне енгізу бойынша да жұмыстар, студенттер мен оқытушылардың тәжірибе алмасуы қарастырылған. Мақалада WorldSkills қозғалысының құрамдас бөліктері бойынша нәтижелері келтірілген.

Аннотация

В этой статье описывается WorldSkills Championship как один из ключевых показателей в области технического и профессионального образования. Также ведется работа по внедрению стандартных учебных программ Worldskills в учебный процесс, а также обмен студентами и преподавателями. В статье представлены результаты компонента WorldSkills.

Annotation

This article describes the WorldSkills Championship as one of the key indicators in the field of technical and vocational education. Work is also underway to introduce standard Worldskills training programs in the educational process, as well as the exchange of students and teachers. The article presents the results of the WorldSkills component.

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауының аясында жалпы еңбек қоғамын құру және жұмысшы

мәртебесін арттыру, кәсіптік-техникалық білім беру саласына ерекше көңіл бөліп, жастарды аталған салаға тарту, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті техника саласындағы мамандарды даярлау бағыттарындағы нақты тапсырмаларды іске асыруды одан әрі қалыптастыру жөніндегі шараларды белгіледі.

Әлемнің түрлі білім беру және инновациялық біріншіліктеріне белсенді қатыса отырып, қазақстан жастары техникалық кадрларды даярлау жүйесін дамытуға өзіндік күш-жігер үлестерін қосуда.

Әлемдік деңгейдегі инновациялық алаңдардың бірі WorldSkills қозғалысына Қазақстан 2014 жылы мүшесі болып кірді. WorldSkills жобасының мақсаты әрбір жеке елде де, бүкіл әлемде де кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу арқылы бүкіл әлемдегі үздік тәжірибелер мен кәсіби стандарттарды үйлестіру жолымен жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және кәсіптік білім беруді дамыту болып табылады. Жоба отандық өнеркәсіптің инновациялық және жоғары технологиялық салалары үшін жоғары сұранысқа ие жоғары білікті жұмысшы кадрларды даярлау бойынша өзекті міндеттерді шешуге елеулі үлес қосады.

WorldSkills чемпионаты қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім саласында негізгі, басты көрсеткіштерінің бірі болып отыр.

	«WorldSkills Aktau» өңірлік	**«Batysskills» аймақаралық (5 облыс)**	**«Worldskills Kazakstan» Ұлттық**	**Worldskills Belarus 2018**	**Worldskills Russia 2017, 2019**	**«Абу-Даби-2017» әлемдік**	**«Euro Skills Budapest» 2018**	**«WorldSkills Kazan 2019» әлемдік**	**«Uzbekistan skills 2019»**
2015 жылы									
Қатысушы саны	20		2						
Орын алған саны	2								
2016 жылы									
Қатысушы саны	70		14	1					
Орын алған саны	42		3						
2017 жылы									
Қатысушы саны	150	80	19		3				
Орын алған саны	57	33	4		3				
2018 жылы									
Қатысушы саны	204		19	2			2		
Орын алған саны	101		6 медаль, 3 медальон	2					
2019 жылы									
Қатысушы саны	251		30		2	2		5	3
Орын алған саны	115		9 медаль, 7 медальон		1			1	3

Worldskills аймақтық чемпионаты жыл сайын өткізіліп тұрады. Бес жыл ішінде Маңғыстау облысы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді: бұлар «Worldskills Kazakistan», «Worldskills Russia», «Worldskills Belarus» жұмысшылардың кәсіби шеберлігі ұлттық чемпионатының жеңімпаздары, «Абу-Даби-2017» әлем чемпионатының қатысушылары, «EuroSkills Budapest» қатысушылары, «WorldSkills Kazan 2019» әлемдік чемпионатың жеңімпазы, «Uzbekistan skills 2019» чемпионатының жеңімпаздары.

Бұл чемпионаттар жастарға өздерінің шеберліктерін, кәсіби деңгейін қалың көрерменге көрсетуге, сондай-ақ оларға біліктілігін, білімін жетілдіруде және жалпы болашақта мамандану бағытын таңдауда кәсіби мамандардан ақыл-кеңес алуға үлкен мүмкіндік берді.

Осындай жеңімпаздарды шығару үшін Ресей, Беларусь мемлекеттерінде, отандық өнеркәсіптерде, жергілікті серіктес мекемелерде тағлымдамадан өтіп, семинар -практикумдар өтіп, тәжірибе алмасулар жүргізіліп отырылады.

Жастар - еліміздің болашағы дегендей, әрдайым «WorldSkills» кәсіптік шеберліктің өңірлік чемпионатының өтуіне үлкен қолдау және демеушілік көрсетіп жүрген меценат, «Каспий Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Мұсабаев Самат Базарбайұлы «Құрылыс саласы» бойынша, «ЭмКейЭс Лоджистикс» жауапкешілігі шектеулі серіктестігінің директоры Серсембаев Мұрат Серікқазыұлы, «Mediana Services Limited» жауапкешілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Бекназарова Карлыгаш Абатбаевна, «ҒorteBank» АҚ филиалының басшысы Өрісбаев Аббат Жаңғырханұлы қатысушыларға көмек көрсетіп келеді.

Worldskills жобасының аясында облысымызда WorldSkills қозғалысының құрамдас бөлігі негізінде **«FutureSkills Aktau»** чемпионатын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 15-17 жас аралығындағы студенттер арасында **о**зық отандық және халықаралық тәжірибеге сүйеніп, студенттерге кәсіби бағдар беру, кәсібіне икемдеу, жұмысшы мамандықтарын дәріптеу, қазіргі және болашақ кәсіби құзыреттіліктерін игеру үшін жаңа мүмкіндіктер жасау мақсатында 10 құзыреттілік бойынша конкурс ұйымдастырылды.

Міндеттері:

-WorldSkills құзыреттілігі және 15-17 жас аралығындағы студенттер үшін болашақ құзыреттіліктерге ынталы жастарды тарту арқылы дарынды мамандарды анықтау;

-Кәсіптік білім негіздері құзыреттіліктері бойынша жарыстар мен конкурстар жүйесін құру, кәсіби шеберлік чемпионатына қатысатын команда мүшелерін қалыптастыру;

-Әртүрлі құралдарды пайдалана отырып, студенттермен тұтас жұмыс жүйесін әзірлеу: оқыту бағдарламалары, индустриялды экспедициялар, техникалық лагерьлер, кәсіби сынамалар, жобалық қызметтер, желілік қауымдастықтар және т. б.;

-Болашақ Ұлттық, халықаралық, әлемдік чемпионатына қатысушы тәжірибелі студенттерді дайындап шығару.

Бұл жоба өте қажет жоба. Студент өзінің бейімділігін табу және белгілі бір дағдылар алу мүмкіндігіне ие болады. Студентте одан әрі алға жылжу жолдары бар: республика, халықаралық, әлем бойынша өтетін WorldSkills чемпионатына қатысуға тәжірибе жинақтайды. Кәсіби шеберлігі мықты жұмысшы мамандарын даярлап шығару мүмкіндігіне ие. Осы жобаны республика көлемінде дамытса деген ойымыз бар.

Есту қабілеті бұзылған жастарға сапалы кәсіби білім мен жұмыспен қамтуға көмектесу. Ерте кәсіби бағдарлау жүйесін, оқытудың жаңа технологияларын, кереңдерді жұмысқа орналастырудың тиімді жүйесін құру мақсатында **«DeafSkills»** чемпионаты «Тігінші» құзыреттілігі бойынша өтті.

Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай жұмысшы мамандығының кәсіби шеберлерін анықтау, қолдау көрсету, жұмысшы мамандығының танымдылығын және қоғамдағы беделін арттыру, өндіріс орындарындағы жас мамандардың, мектеп оқушыларының, студенттердің, ата-аналардың, бизнес өкілдерінің жұмысшы мамандығына қызығушылығын арттыру, облыстар арасында тәжірибе алмастыру мақсатында **«Batysskills»** аймақаралық чемпионаты өткізіліп, 5 облыстан 11 құзыреттілік бойынша 80 студент бақтарын сынады. Оның ішінде 25 студент Маңғыстау облысынан.

«Worldskills» жобасы негізінде қаланған «Batysskills» – студенттер және жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға негізделген аймақаралық жоба. Осы жобаға Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері қатысты. Батыс Қазақстан аймағына жататын облыстар арасында ынтымақтастық меморандумы жасалды. «Batysskills» аймақаралық жобасы тұңғыш рет Маңғыстау облысында өтті. Келесі «Batysskills» чемпионатын өткізуге

Ақтөбе облысына эстафета берілді. Осы жобаны да аймақ аймақтарда ұйымдастырылып дамытса үлкен нәтиже берері анық.

WorldSkills стандарты бойынша өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының **«BestSkills»** өңірлік кәсіби шеберлік конкурсы-өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының үздік дағдыларын анықтау, қолдау көрсету, тарату, жұмысшы мамандығының танымдылығын және қоғамдағы беделін арттыру мақсатында өтілді.

«BestSkills» өңірлік кәсіби шеберлік конкурсы мәресіне жетіп, жеңімпаздар марапатталды.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметкерлерінің Маңғыстау облысы бойынша кәсіподақ төрайымы Баймбетова Тарбия Анайбекқызы 2 орын жеңімпаздарына 20 мың теңгенің, 3 орын жеңімпаздарына 10 мың теңгенің сыйлығын, «BestSkills» өңірлік кәсіби шеберлік конкурсының «Ең үздік дағды» иегері «Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету» құзыреттілігі бойынша Қарақия кәсіптік колледжінің өндірістік оқыту шебері Нұрханов Ерлан Батырбаевичке шипажайға жолдама берді.

1 орын жеңімпаздары Білім басқармасының 40 мың теңге сертификатымен марапатталды.

Worldskills стандартына негізделген оқу бағдарламаларын оқу процесіне енгізу бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Факультатив есебінен барлық мамандықтарда оқытылуда.

WorldSkills стандарттары бойынша **демонстрациялық емтихан** элементтері 6 колледжде (*Маңғыстау туризм-2 мамандық 3 біліктілік, Қарақия кәсіптік- 3 мамандық 3 біліктілік, Бейнеу политехникалық- 1 мамандық 3 біліктілік, Маңғыстау индустиалды техникалық – 3 мамандық 4 біліктілік, Маңғыстау гуманитарлық -3 мамандық 6 біліктілік, Бейнеу гуманитарлық –экономикалық 2 мамандық 2 біліктілік*) өткізілді.

Демонстрациялық емтиханға серіктес мекемелер қатысып, үздік деп танылған студеттерді жұмысқа алу жағы қарастырылды.

Қорыта келе айтарым, облыстардағы білім басқармасына бағынысты «Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы», «Дарын» қосымша білім беру орталықтары, «Оқушылар» орталығы, «Оқушылар шығармашылық үйі», Қалалық, аудандық білім бөлімдеріне мектеп жасындағы 10-17 жас аралығындағы оқушылармен «JuniorSkills (10-17 жас)» чемпионатын өткізуді қолға алуды қарастыру ұсынылуда. Бұл ерте кәсіптік бағдар беру бағдарламасы және мектеп оқушыларын кәсіби даярлау негіздері болып табылады.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек барлық жерде JuniorSkills жобасы негізінде чемпионаттар өткізілуде. JuniorSkills - бұл 10-17 жас аралығындағы мектеп оқушыларына арналған кәсіби оқытудың және кәсіптік бағдарлаудың ерте бағдарламасы. Яғни, біз мектеп кезінен құзыреттіліктер бойынша дайындықты бастасақ шыңдалған жеңімпаздар шығары хақ.

WorldSkills Belarus, WorldSkills Russia, Euroskills ашық чемпионатарына, Workdskills International әлемдік чемпионатына қатысуға дайындық жұмыстарын жүргізуде инженер-педагогтарға, студенттерге ағылшын тілін үйрену, Worldskills стандарттары оқу үрдісіне енгізу жолға қойылса.

WorldSkills стандарты бойынша өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының «BestSkills» кәсіби шеберлік конкурсы, республика аймақтарында тәжірибе алмасу мақсатында «Batysskills» аймақаралық чемпионаты, есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған «DeafSkills» чемпионаты, болашақ чемпиондарды даярлауға арналған «FutureSkills» чемпионатын қолға алып, барлық облыстарда және Республика көлемінде ұйымдастырса құба - құп болар еді.

Жастар – еліміздің ертеңі, келешегіміздің негізі. Білімді де белсенді жастардың байқауларға қатысуына мүмкіндік жасап, жалындаған жастарымызға қамқорлығыңызды танытып, мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттырып, жастарымыздың бойына елімізге деген патриоттық рухын, сенімін ұялаттындай жұмысшы маман иесін даярлау міндетіміз екенін есімізден шығармайық.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ МЕШІТТЕРІНІҢ ИНТЕРЬЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК БЕЗЕНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КАЙРАНОВ Ербол Бахарамович, САРГУЛОВА Раушан Нұрымқызы, ТОХСАНБАЕВ Мурат Адилбекович

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы қаласы, Қазақстан

Galija.61@bk.ru, er.kb.oner@mail.ru, rau_9696@bk.ru

Түйіндеме

Мақалада Қазақстанда бой көтерген заманауи ірі мешіттердің интерьерін көркемдік безендіруде маңызды рөл атқарған монументалды өнер нысандары қарастырылады. Алматы қаласы мысалында таңдаулы үш мешіттегі монументалды-сәндік кескіндемесі, соның ішінде, михрабтары, қабырғалары және күмбездерінің ерекшеліктері зерттеледі. Олардың композициялық пен түстік шешімдеріне талдау жасалып, әлемдік тәжірибе бойынша мешіттерді көркемдетудегі исламдық классикадан айырмашылығы мен жаңашылдығы анықталады. Және де, жаһандану дәуірдегі өзге бағыттарға еліктемей, заманауи технологиялық жетістіктерді қолдана отырып, отандық суретшілердің ұзақ мерзімді монументалды кескіндеме техникасында орындаған ұлттық дәстүр мен діни сәулеті үйлесімділігіне сипаттама беріледі.

Аннотация

В статье рассматриваются объекты монументального искусства, сыгравших важную роль в художественном оформлении интерьеров современных крупных мечетей, построенных в Казахстане. На примере города Алматы исследуется монументально-декоративная живопись в выбранных трех мечетях, в том числе, особенности михрабов, стен и куполов. Проводя анализ их композиционных и цветовых решений, определяется различие и новизна от мирового опыта художественного оформления мечетей исламской классики. А также, дается характеристика синтезу национальной традиции и религиозной архитектуры, выполненному отечественными художниками в долгосрочной технике монументальной живописи, применяя современные технологические достижения и не подражая другим направлениям в эпоху глобализации.

Annotation

The article considers objects of monumental art, which played an important role in the interior decoration of modern large mosques built in Kazakhstan. On the example of the city of Almaty, monumental and decorative painting is studied in the selected three mosques, including the features of mihrabs, walls and domes. By analyzing their compositional and color solutions, the difference and novelty from the world experience in decorating mosques of Islamic classics is determined. And also, the characteristic is given to the synthesis of national tradition and religious architecture, performed by domestic artists in the long-term technique of monumental painting, applying modern technological achievements and not imitating other directions in the era of globalization.

Қазақстанда тәуелсіз мемлекет болғалы ұлттық рухани бірлікті сақтау мақсатында әлемдік талаптарға сай үлкен көлемді зәулім мешіттер тұрғызылып, интерьерлері мен экстерьерлерін көркемдік безендіру өзекті болды. Сөйтіп, 25 жыл ішінде көптеген қалалық, облыстық, аудандық мешіттер бой көтеріп, оларды ұлттық нақышта монументалды-сәндік кескіндемесімен кәсіби суретшілер көркейтті. Осы нысандарды зерттеп, оларға өнертанушылық талдау жасау қажеттілігі туындап, авторлық ерекшелікті анықтау және олардың суреттерін жинақтап, бір жүйеге топтастыру, дәстүрі мен жаңашылдығын белгілеу маңызды болып келеді.

Мысалға айтар болсақ, Қазақстанда келесідей ірі ислам мешіттері бой көтеріп, отандық монументалды-сәндік кескіндемесі дамуының ерекше жаңа сатысын өрбітті: Алматы қаласындағы Орталық мешіті (1999 ж.), Павлодар қаласындағы «Мәшһүр Жүсіп» мешіті (2001 г.), Атырау қаласындағы «Иманғали» мешіті (2001 ж.), «Нұр-Астана» мешіті (2005 ж.), Петропавл қаласындағы Орталық мешіті (2005 ж.), Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт-

Сырдарья» мешіті (2008 ж.), Қарағанды облыстық мешіті (2011 ж.), «Әзірет Сұлтан» мешіті (2012 ж.) және т.б. мешіттері. Жалпы, әлемдік тәжірибеде мешіттердің интерьерлерін көркемдетуге Құран кітабындағы жазулар мен өсімдік өрнегі бар исламдық қағида тәсіліндегі нақыштар, мозаика және витраждар дәстүрлі түрде көрініс тауып келеді. Дегенмен, Қазақстандағы мешіттерді безендіруде монументалды кескіндеме суретшілері ислам тәсілін бұзбай, өсімдік өрнегінің орнына қазақ дәстүрлі оюлары мен ұлттық түстегі үйлесімдікті бірінші рет пайдаланады, сөйтіп, ұлттық дәстүрді сақтау әдісін көркемсуреттік мәнмәтінге еңгізуде [1, Б. 144-145].

Бұл әрине, мемлекеттік жолдауларға сәйкес жасалынып жатқан көптеген заманауи қадамдардың бірі деп білеміз. Соның ішінде, «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» тақырыбындағы Қазақстанның тұңғыш Президентінің 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «...Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазhабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал. ...Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек» - делінген [2]. Және де, 2017 жылы жарияланған ҚР тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Біріншісі - ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - деп көрсетілгендігі де бар [3]. Сол себепті, қарастырылудағы мақаланың тақырыбы да өзектілі деп санаймыз.

Еліміздің тәуелсіздігі кезеңінде бүкіл Қазақстан бойынша көптеген зәулім мешіттер тұрғызылғандығы жоғарыда аталып кетті. Енді, Алматы қаласының өзіне ғана тоқтап кетсек, 50-ге жуық мешіттер бой көтеріп [4], олардың негізгілеріне әлемдік заманауи үлгіге сәйкес көркемдік безендірулер жасалуда. Соның ішінде, осы мақала шеңберінде Алматы қаласының зәулім әрі көркі деп таңдалған үш мешітке назар аударсақ. Олардың интерьеріндегі отандық монументалды кескіндеме суретшілерінің композициялық және түстік шешімдері өзінің ерекшелігімен көңіл аудартады. Біріншіден, әрине ол – Медеу ауданы А. Пушкин көшесіндегі «Орталық мешіті» (1999 ж.), екіншіден – Медеу ауданы Ж. Омарова көшесіндегі «Әль-Хамид» мешіті (2011 ж.), және үшіншіден – Бостандық ауданы А. Розыбакиев көшесіндегі «Байкен» мешіті (2014 ж.).

Қарастырылудағы тақырып бойынша, яғни Қазақстанның тәуелсіздік кезеңінде тұрғызылған мешіттердің көркемдік безендіру рөлін атқаратын монументалды-сәндік кескіндеме жөнінде күрделі зерттеулер отандық кітапханаларда немесе басқа да бұқаралық ақпараттарда кездеспейді. Тек, М.Ф. Муканов [5], С.Ш. Садыкова [6], Е.Б. Кайранов [7], Э.С. Ермаханова [8], С.А. Шкляева [9], Н.К. Сатаев [10], Б.А. Сарсенбиев [11] сияқты бірнеше суретші, сәулетші және өнертанушылардың еңбектеріндегі кейбір мәліметтер мүмкіндігінше ақпараттар береді.

Отандық өнертанушы С.А. Шкляева өзінің «Ретроспективное новаторство» в интерьере мечетей Казахстана» мақаласында атап кеткендей: «Суретші мешіттің интерьерін безендіруде халықтың тарихи тәжірибесін қолдана отырып, ғасырлар бойы өзінің рухани мен эстетикалық көзқарасынан қалыптасқан ою-өрнектерін пайдаланады [9]. «Үлгі көзі ретінде ұлттық мұраға қызығушылық және ретроспективтік жаңашылдық» [12, 42] ұлттық сана-сезім оянуы кезеңіндегі заманауи аймақтық құбылысы - деп белгілейді Ресей [13] мен Қазақстанның [14, 79-84] зерттеушілері.

Алматы қаласының Орталық мешіті Қазақстанның Тәуелсіздік кезеңінде 1999 жылы ең бірінші заманауи тұрғыда безендіріліп ашылған мешіт [7, 115 б.]. Сәулет құрылысын безендіруші Г. Ешкенов бастаған бірқатар суретшілер: Е. Ахметов, Т. Сүлейменов, А. Жақыпбек алдында шын мәнінде толғандыратын сұрақ тұрды: кеңестік тоталитаризмнің қиын жағдайларында ұзақ уақыт өмір сүрген халық үшін мешіттің көркемдік безендірілуі қандай

келбетте болуы қажет? Мәселенің шешімін табу үшін суретшілер ұлттық дәстүрге, соның ішінде, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін безендіру тәжірибесіне жүгінуді ұйғарды.

Орталық мешіттегі биіктігі 10 метрді құрайтын бас михраб (сурет №1), мешіттің кіші күмбезінің астында орналасқан. Михрабтың терең кеңейтілген кеңістігі қабырғамен және кіру аркасымен, ақ мәрмәр жолағымен жабылған. Жебелі арканың формасы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне тән (сурет №2). Суретшілер Түркістан мавзолейінің интерьеріне тән (сурет №3) контрастылы көк-сарғыш түсті керамикалық тақталармен михраб қуысының бес жағын безендірді. Үш орталық панельдің керамикалық плиткаларындағы композицияның доминантасы - арканың бейнесі. Суретшілер арканың тимпаналарында бейнесі қазақ шеңберге ұқсас розетка орнатты. Бұл ою-өрнекті мотив - «алғашқы қауымдық мифологиядағы жоғарғы әлемді бейнелейтін және қола дәуіріне жататын археологиялық олжаларда көптеп кездеседі» [15]. Розетканың ішкі шеңберінде, алтынмен Жаратушы Аллаһтың есімі жазылған. Ою-өрнек және түстік колористика ауқымының ара қатынасының сәтті таңдалуы (сурет №4) күмбезге қайталанбас көрініс береді (сурет №5). Ол адамның көзін тартады және ойын Құдайға шоғырландырады. Орталық мешіті күмбезінің А. Яссауи кесенесі күмбезінен (сурет №6) ерекшелігі, күн тәріздес сәйлесі мен нұрын жан жаққа шашып тұрғандай болсада, көк түстік шешімі шеңбердің бойымен өрілген өрнек секілді Құран тілі араб шрифтімен дөңгелене жазылғандығы, және де рельефтік сталактиті жоқ. Орталық панно мен екі бүйір панно-жармасы бар бір жазықтықты білдіреді. Өзінің көлемі бойынша және келушілерге көрсетілетін қабылдау бойынша Қазақстанда теңдесі жоқ. Бұл туралы өзге ұлт мұсылмандарының өздері де айтады. Әртүрлі материалдарды қолдану: бұл төбелерде, қабырғаларда, күмбездерде орын алған сәндік керамикалық жапсырмалар, мозаикалық панно, ағаштан оюланып жасалған сәндік панельдер, кесілген терезе торлары мен есіктер. Кешенді түрде мұның бәрі мешітке салтанатты-мерекелік көрініс береді. Монументалды-сәндік өнер құралдарын шебер пайдалану бейнелеу тапсырмасын шешеді, яғни онда декорациялық элементтері бөлінбей, өзінің салмақтығымен басым болмай, сәулеттің интерьері бойынша суретшінің өнерімен Құдай – мешіт ғибадатханасында тұрған адамның арасында қысқа үйлесім қалыптастырады. Белгілі суретші Ғ.А. Ешкеновтың көркемсуреттік тобы безендірілген әрбір мешіт интерьерлерінің өзіндік ерекшелігі – монументалды-сәндік кескіндеме мен сәулеттің синтезі. Алматы қаласының Орталық мешітіндегі бұл ерекшелік михраб болып табылады. Зерттеуші М.Ф. Мукановтың баяндамасында белгілегендей: «Ол дәстүрлі стильде емес, П – бейнелі түрге ие. Мешітті кешенді безендіру кезінде суретші Ғ.А. Ешкеновтың тобы мозаиканы жасауда қолдан теру әдісіне жүгінуге мәжбүр болды. Мозаика орталық порталдағы П – бейнелі каллиграфия бейнесінде орындалуы тиіс болатын, яғни барлық жазықтықты, мешітке қоршаған басты кіреберісті алуы шарт. Каллиграфияны Стамбулдан келген шебер Хасан Челяби орындады» [3]. Бұл салада Хасан бүкіл Еуропа мен Таяу Азия бойынша беделге ие. Қолдан теріліп жасалған мозаика мешіттің тек орталық бөлігінде кездеседі, ал бірінші қабаттың арка тәріздер бөліктері мен басқа да экстерьер патронды мозаика әдісімен, түрік шеберлерімен жиналып Түркиядан арнайы әкелініп жапсырылған.

«Әль-Хамит» мешіті Алматы қаласындағы көздің жауын алатын тағы бір діни сәулет құрылысы болып 2013 жылы тұрғызылған. Михрабын безендіру ісінде ашық көгілдір түстік бояулар қолданылған (сурет №7), сонымен қатар михраб орталығының қабырғаларын алтын түсті өсімдік тектес өрнектерден құрастырылған барельефпен безендірген. Михрабтың төбесінде орналасқан терезедеден күн сәулелерінің түсуі, алтын өрнектерге ерекше сұлулық сыйлайды. Михрабтың үстінде каллиграфиялық жазумен діни хадистер кескінделген. Мешіттің орталық бөлігінің төбесінде зәулім күмбез орын алған (сурет №8). Түстік шешімі қарапайым, бір түстік гаммада орындалған. Симметриалы қайталанып отыратын, өсімдік тектес оюлармен өрнектелген, түстік шешімнің мазмұнына байланысты өрнектер тек егжей-тегжейлі қаралған жағдайда ғана байқалады. Күмбезді ұстап тұрған қабырғаларда да аталмыш өрнектер жалғасып келеді, және бұл безендіру элементтері тек қабырғадағы жиі, дөңгеленіп орналасқан тезелерден күн сәулелерінің түсуі арқасында көзге көрінеді. Күмбезден түсіп тұрған хрустальдік люстра өзінің ауқымды көлемімен көз нұрын тартып, алтынмен қапталып, шеттері нақышпен безендірілгендігінің арқасында интерьерде өз үйлесімділігін тауып,

керемет жарасып кеткен. Алтынмен басым келетін аспан көк түстер үйлесімділігінен мешіт кеңістігінде бір жұмбақты жарасымдылық пен тыныштық сезіледі. Қабырғаларын безендіруде ұлттық ою-өрнектерімен орындалған барельефтік композициялар көрініс табады (сурет №9). Жалпы, қабырғалар бос болса да, мешіттегі бірінші қабат пен екінші қабаттар ортасындағы қойылған бағандар және маңдайшалар қабырғалары ақшыл көк түспен шешіліп, бетіне алтын түстегі барельеф оюлары қапталған болып келеді. Оюлар туралы айтар болсақ, мешіт қабырғаларында тек қазақ өрнектері ғана емес, сонымен бірге, үлкен көлемді табиғи жапырақтарға ұқсас нақыштар да кездеседі. Және де, періштелер немесе құстар қанаттарына ұқсайтын белгілермен безендірілген. Бұл өсімдік тектес өрнектері бойынша топтастырылған деп белгілеуге болады. Олар шығыс елдеріндегі ғимараттарда кеңінен таралғаны, әсіресе Түркия мешіттерінде жиі кездесіп жатады. Яғни, қазақ ұлттық оюларына жақындатылып байланыстырылған.

Ал үшінші мешіт - Алматы қаласының Бостандық ауданында 2014 жылы ашылған үш мың адамдық 6000 квадрат метрлік көлемдегі Байкен мешіті. Бүгінгі күні Байкен мешіті Алматы қаласының ең жарық мешіті, оның себебі сәулелендіргіш құрылғылар саны және витражды терезелер санының көп болуында. Интерьерін безендіру барысында ислам діні үшін дәстүрлі саналатын ашық жасыл түс көптеп қолданылған. Суретшілер қабырғаларын безендіру кезінде алтын рельефпен құран аяттары және өсімдік тектес өрнектерді үйлестіре орындаған. Мешіт есіктерінің безендіруінде ұлттық стиль көрініс табады, бұлай деуіміздің себебі: қоңыр реңдердің таңдалуы мен ою-өрнектермен көркемделуі. Байкен мешітінің михрабын безендіруінде суретшінің түстік шешімінің ұтымды болғанын атап өтуге болады (сурет №10). Көгілдір түсті қабырға бетінде қою көк түсті, алтын арабеска жазуымен толтырылған бағандар ғимаратқа ерекше көркемдік сыйлайды. Қабырғалары мен күмбезінің (сурет №11) түстік орындалуы мен композициялық шешімінде суретшілердің Түркиялық мешіттерден шабыт алғандығы анық байқалады. Бір қырынан Стамбул қаласының Сүлеймание мешітімен құрылымдық ұқсастық байқалса, екінші қырынан Нұр-Сұлтан қаласының Әзірет-Сұлтан мешітімен түстік шешімі жағынан ұқсастық көрінеді. Байкен мешітінің интерьері түстік үйлесімі жағынан өте жарқын әрі қанық түстермен безендіріліп (сурет №12), Қазақстандағы ең әсемді мешіттердің бірі деуге болады. Нақты айтқанда, жасыл, көгілдір және ақ түстердегі нәзік әрі ашық реңдермен көркемделіп, Иран мешіттерін еске түсіреді. Дегенменде, осы ашық жарқын түстердің басымдылығына қарамастан, интерьерде күндізгі жарықтың жетіспейтіндігі байқалады.

Қорыта келе белгілеп кету керек, жалпы егеменді Қазақстандағы мешіттерді көркемдік безендірудегі монументалды-сәндік кескіндемесінің композициялық пен түстік шешімі шығармашылық аясының кеңдігі ретінде отандық кәсіби суретшілеріне тән. Жоғарыда аталған кез келген мешіттің сәулет ансамбльдеріне көңіл аударсақ, интерьерлеріндегі үлкен мозаикалық панно болсын, қабырғаларындағы ою-өрнекті нақыштар болсын, сапасы жағынан дүниежүзінің техникалық жетістіктерімен жоғары деңгейде орындалып, көбінесе ұлттық сипаттылы өнер туындылары сияқты болып келеді. Яғни, заманауи мешітті әлемнің жаһандану дәуіріндегі ағымдарға еліктеп кетпей, ұлттық ерекшелікті сақтап қалу жолында отандық монументалды кескіндеме суретшілері мемлекеттік мүдденің міндеттерін орындай келе, технологиялық жағынан жақсы жетістіктерге қол жеткізгендікті көрсете алды. Нақты айтқанда, заманауи мешіттердің қабырғаларына ұзақ уақытқа төзімді болып келетін мозаика, витраж, нақыш техникаларында орындалған туындылар ретінде, және де, өзінің діни нысандағы сәулетпен үйлесімділігі - рухани бірлікке, имандылыққа, жарқын өміршеңдік сыр-сезімді насихаттайтын ұлттық сәулет ансамбльдерін жасауға көмектеседі. Өнертанушы С.А. Шкляева отандық мешіттерді көркемдік безендірудегі белгілі отандық суретші Г.А. Ешкенов тобының шығармашылық жолын зерттей келе жазған күрделі ғылыми мақаласында құнды қорытындылар шығарғанына толықтай келісеміз: «Соңғы он бес жыл бойы мешіттер интерьерлерін көркемдеудегі Г. Ешкенов пен әріптестерінің шығармашылығындағы тәжірибесі халықтың маңызды болып келетін этномәдениеттік мұрасына – ою-өрнекке деген белгілі бір интенционалды қатынасы барын сендіреді. Мешіт интерьерінде суретшілердің орындауындағы дәстүрлі оюдың мысалдарын қайта таныстыру мен еркін түрде пайымдау ең

алдымен туған «Үй» (Шаңырақ) түсінігімен сәйкестендіру болып табылады. Қазақстандағы мешіт интерьері дамуының қазіргі уақыттағы кезеңінде «Құдай мен Адамның бірлескен үйі» образының идеясы барынша суретшінің киіз үйді сәндеу ұстанымдарына келіп тоқтайды. Жалпы айтқанда, мешіт интерьерлерін жобалауды жасаудағы қысқаша мерзім, өз еңбегінің нәтижесіне деген өте маңызды жауапкершілік, соның ішінде, халыққа ұнамды әрі түсінікті болу, осының бәрі мешіт интерьерін жобалаудың стилистикалық тәсілін таңдауға әсер етті» [9].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кайранов, Е.Б. Современное монументальное искусство Казахстана: традиции и новаторство: Монография – Алматы: CopyLand, 2018. – 240 с.;
2. «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 14.12.2012 ж.;
3. Елбасы мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі. 12.04.2017 ж., https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293 ;
4. АОМ баспасөз бөлімі. Алматы мешіттерінің тізімі. - Алматы: «Алматы ақшамы» газеті. 04.02.2015 ж. http://almaty-akshamy.kz/almaty-meshitterini-tizimi/ ;
5. Мұқанов, М.Ф. Қазақстан Республикасындағы ислам мәдениеті мен мешіттердің монументалды-сәндік безендіруі. / Баяндама, «Монументалды кескіндеме» кафедрасы. – Алматы: Т Жүргенов ат. Қаз.ҰӨА-сы, 2003 ж., 7 б.;
6. Садыкова, С.Ш. Современные тенденции формирования архитектуры мечетей (на примере Казахстана). / Дисс. канд. арх. – Алматы., 2007. – 139 с.;
7. Кайранов, Е.Б. Традиции и новаторство в монументальном современном искусстве (сравнительно-сопоставительный анализ искусств Казахстана и Америки). / Дисс. докт. филос. (PhD). – Алматы: КазНАИ им. Т.Жургенова, 2012. – 173 с.;
8. Ермаханова, Э.С. Место монументального искусства мавзолея Ходжи Ахмета Ясави в современной культуре Казахстана. / Магис. дисс. – Алматы: КазНАИ им. Т.Жургенова, 2015. - 82 с.;
9. Шкляева, С.А. Ретроспективное новаторство» в интерьере мечетей Казахстана (1991 - 2015). - Алматы: Центрально-Азиатский журнал, КазНАИ им. Т.Жургенова, Том 1, №1, 2016 г., С. 37-49, http://cajas.kz/index.php/cajas/article/view/2 ;
10. Сатаев, Н.К. Новые тенденции развития монументальной живописи Казахстана начала XXI века. / магис. дисс. – Алматы: КазНАИ им. Т.Жургенова, 2015. - 85 б.;
11. Сарсенбиев, Б.А. Тарихи-мәдени контекстегі мешіт интерьерін безендірудегі ұлттық нақыштар / магис. дисс. – Алматы: Т. Жургенов ат. ҚазҰӨА, 2019. - 73 б.;
12. Пономаренко Е.В. Архитектурное наследие и современная культовая архитектура Южного Урала. – Экономикс, № 2, 2013, С. 40-45. // http: cyberleninka.ru;
13. Куршакова В.Н., Янковская Ю.С. Регионализм в архитектуре в контексте глобализации // материалы Международной научной конференции ФАД ТОГУ «Новые идеи нового века». – Хабаровск: Тихоокеанский гос. унив., Том: 1, 2014 г., С. 178-183;
14. Абдрасилова Г.С Региональная архитектура Казахстана в контексте глобализации. - Алматы: Вестник КазАТУ, 2012, С. 79-84;
15. Смолина И.Н. Традиции симметрии в архитектуре. - Москва: Стройиздат, 1990 г., 344 с.

Сурет №1, Орталық мешіт михрабы

Сурет №2, А. Яссауи кесенесі михрабы



Сурет №3, Яссауи кесенесінің интерьер қабырғалары



Сурет №4, Орталық мешітінің интерьер қабырғалары

Сурет №5, Орталық мешіт күмбезі

Сурет №6, Яссауи кесенесіндегі күмбезі



Сурет №7, Әль-Хамит мешітіндегі михраб

Сурет №8, Әль-Хамит мешіті күмбезі



Сурет №9, Әль-Хамит мешіті қабырғалары

Сурет №10, Байкен мешітіндегі михраб



Сурет №11, Байкен мешітіндегі күмбез



Сурет №12, Байкен мешіт қабырғалары

SOME WAYS OF OVERCOMING READING COMPREHENSION DIFFICULTIES

ЕРМЕКБАЕВА Шарипа Бейсембекқызы, ЕРШІМАНОВА Динара Орынбасарқызы
Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева
город Алматы, Казахстан
d_ershimanova@mail.ru, sharipa777@inbox.ru

Аңдатпа

Аталмыш мақала техникалық жоғары оқу орны студенттерінің мәтіндерді түсінуге қатысты беттесетін қиыншылықтарына тоқталып отыр, сондай-ақ мақалада аталған қиындықтарды жеңудің бірқатар жолдары ұсынылады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются возможные трудности понимания содержания текста с которыми сталкиваются студенты технического вуза, и приводится ряд способов преодоления вышеназванных трудностей.

As it is known, English can be broken into four fundamental language skills: speaking, listening, reading, and writing. Reading is the third of the mentioned skills that an EFL (English as a foreign language) learner must perform.

According to Macmillan Dictionary ‘Reading is the act of reading or studying a book, newspaper, document etc.’ ‘The process of recognizing written or printed words and understanding their meanings’.

Reading is the process of looking at a series of written symbols and getting meaning from them. When we read, we use our eyes to receive written symbols (letters, punctuation marks and spaces) and we use our brain to convert them into words, sentences and paragraphs. On the other hand, reading is something that you can do on your own and that greatly broadens your vocabulary, thus helping you cope with three other skills. At the same time, reading is a receptive skill; through it, we receive information, and itis a productive skill in that; we are both receiving information and transmitting it (even if only to ourselves).

Reading is an essential skill for language learners. When reading skills improve, listening, speaking and writing skills will improve as well.

The constant repetition of words and patterns in reading helps you learn and remember vocabulary and grammar structures.

Thus, the reading skill is a necessary skill for a language acquisition because it has positive effects on vocabulary knowledge, spelling as well as the learners’ writings.

Now let us consider what reading comprehension is.

According to Macmillan Dictionary ‘Reading comprehension is the ability to understand a language, in which they read a piece of writing’.

Reading comprehension is the ability to process text, understand its meaning, and to integrate it with what the reader already knows. Fundamental skills required in efficient reading comprehension

include the ability to understand meaning of a word from discourse context, ability to follow organization of passage, ability to identify the main thought of a passage, ability to answer questions, and finally ability to determine writer's purpose, intent, and point of view, and draw conclusions about the writer.

Understanding a written text means extracting the required information from it as efficiently as possible. For example, we apply different reading strategies when looking at a notice board to see if there is an advertisement for a particular type of flat and when carefully reading an article of special interest in a scientific journal. Yet locating the relevant advertisement on the board and understanding the new information contained in the article demonstrates that the reading purpose in each case has been successfully fulfilled. In the first case, a competent reader will quickly reject the irrelevant information and find what he is looking for. In the second case, it is not enough to understand the gist of the text; more comprehension that is detailed is necessary, that is why it is essential to consider the following elements:

What do we read?

Why do we read?

How do we read?

We read short stories, essays, letters, newspaper articles, reports, summaries, handbooks, recipes, instructions, statistics, diagrams etc.

As for the second question, there are two main reasons for reading:

Reading for pleasure.

Reading for information (in order to find out something or to do something with the information you get).

Mainly students read texts for the second reason. Our students of pre-intermediate level of English face some difficulties when they skim, scan, extract main ideas, make analyses, summarize, understand more complicated phrases etc.

To make the learners better understand, teachers vary exercises, questions or activities according to the types of text studied. As it has already been stated above, teachers should know the reading purposes, accordingly, appropriate tasks and exercises are chosen to achieve the purpose.

According to the educationalists, the main skills that reading involves are:

Deducing the meaning and use of unknown lexical items;

Understanding conceptual meaning;

Understanding relations between the parts of a text;

Identifying the important information;

Basic reference skills;

Skimming, scanning.

In addition, when we read, we usually guess, predict, match paragraphs, multiple-choice questions, identify true or false sentences related to the content, perform lexical tasks and ask questions. It is important for teachers to skillfully organize reading comprehension exercises; it leads to making understanding easier. Alongside, they should be flexible, suitable to the given text and various.

It is up to the teacher to convince the reluctant reader that reading is pleasurable.

Learning disabilities are not a reflection of people’s intelligence; they are simply a matter of how they process information.

Different authors suggest different ways, types of exercises to overcome reading comprehension disabilities.

When faced with a reading passage, many learners pay no attention to the task of pre-reading. To pre-read, students should begin by previewing the material; anticipate what it may be about. They can then flip through the passage looking at charts, graphs and pictures, trying to glean some basic information from these visual additions. Finally, readers glance at section headings, and use these headings to see in advance, what the passage will likely include. By preparing themselves for reading in this fashion, they may be able to improve the success of their reading comprehension efforts.

To better understand a text, learners can interact with a text by engaging in text questioning. Instead of simply reading the words available in a text, they take the information in more effectively

using text questioning. To question a text, students must stop periodically and ask themselves questions about what they just read, double-check their understanding. For example, if learners read a passage about the life cycle of an ant, they might ask themselves what steps are present in the life cycle as they pause, leading themselves to think about what they just read to put the information to use. If students' struggles with reading comprehension are acute, they may need to stop more frequently than they would if they only have minor issues with the skill.

The tasks of reading and writing are not separate ones but instead intermingled. Learners should help themselves better understand information they have read by engaging in post-reading writing activities, such as creating an outline. By creating an outline containing the information the students have read, they give themselves the opportunity to interact more completely with the information and to use the information to create a new product. If the learners stop and create an outline after they read, they can also put this outline to use in the future when time comes to review the read material.

The types of exercises employ the well-known techniques of matching, multiple choice, true/false, same/different or same/opposite, filling blanks, rearrangement, transformation, summary, outline, and paraphrase.'

One more important thing is to improve vocabulary. Learners should master word-formation (for instance, derived words, negative prefixes), lexical range, which sentence illustrates the same use of the word (or idiomatic or figurative expression) as in the reading selection. There are other techniques to enhance vocabulary such as recalling words from their definition, and using words in sentences.

By practicing reading comprehension techniques, students not only will improve their understanding of the content, but they will be better able to utilize the information they have learned because of the thinking processes involved in reading critically.

So, what should young people remember to achieve effective reading?

Before they read:

To look at the title of the piece of writing to get an idea about the subject matter;

To think about their purpose for reading;

To skim the piece of writing to choose suitable reading strategies.

While they read:

To use context clues to help them understand unfamiliar words and terminology;

To pick out main ideas;

To wonder what inferences are being made in the piece of writing;

To pay attention to the tone of the piece of writing.

After they read:

To summarize what they learned from their reading;

To ask themselves what questions they have as a result of their reading;

To look for supplementary information about the topic.

Teachers can ask their learners to practice the reading comprehension strategies by recording their answers in the space provided.

Before I Read:

1. Based on the title, I thought the piece of writing was about…
2. My purpose for reading this article was….
3. After I skimmed the article, some strategies I decided to use when I read it were…

While I Read:

1. The unfamiliar words/terms I faced…
2. The main idea(s) of the article are …
3. Inferences made in the articles included….
4. The tone of this piece of writing suggested…

After I Read:

1. I had the following thoughts/reflections about…
2. I could summarize this piece of writing ….
3. The questions I had about this topic after reading …

We would like to note that the most important thing about reading is comprehension. It is the reason that we read.

Teachers' role is to interest students in the language they are supposed to be learning.

Everyone reads with some kind of purpose in mind; the purpose is either to enjoy oneself or to obtain information of some kind. Effective reading means being able to read accurately and efficiently, and to understand as much of the passage as you need in order to achieve your purpose. It may also be necessary to reproduce the content of the passage in some way or other, such as discussing its main ideas or writing a summary. Not everyone can read effectively even in their own language. Sometimes comprehension failure happens and the reader is unable to achieve their purpose. This comprehension failure may be a simple matter of not knowing the meanings of some words or collocations; but it is just as likely to be a deficiency in one or more of a number of specific reading skills.

Reading comprehension is the result of many different mental activities by a reader, done automatically and simultaneously, in order to understand the meaning communicated by a text. These mental activities include activating prior knowledge, connecting prior experiences to the text, identifying word and sentence meanings in order to decode the text, summarizing the text in order to create new meanings, deciding what is not understood in the text, using strategies to improve understanding of the text, and applying understanding of the text as needed. Reading comprehension is a process that is interactive, strategic, and adaptable for each reader. Reading comprehension is not learned immediately, it is a process that is learned over time. In other words, reading comprehension takes practice.

Actually, reading is not an easy skill since most of learners have many issues related to it. The reasons behind these problems may be caused in the result of the learners' lack of reading habit other reading skill difficulty itself.

Therefore, the teacher plays a great role in effectively using the techniques that are appropriate for implementing this or that skill, which should be mastered by our learners. In the process of our work, we should focus on how to help students read more effectively by developing the various skills needed for successful reading comprehension.

To conclude, reading is therefore a highly valuable skill and activity, and it is recommended that English learners try to read as much as possible in English.

Used literature:

1. Alan Maley and Alan Duff. Drama Techniques in Language Learning. A resource book of communication activities for language teachers. //New Edition, Cambridge University Press, - 1994. p. 12.
2. Francoise Grellet. Developing Reading Skills. A Practical Guide to Reading Comprehension Exercises. // Cambridge University Press, - 1994. – pp. 3-31.
3. Simon Greenall and Michael Swan. Effective Reading Skills for Advanced Students. // Cambridge University Press, - 1990. – pp. 2-4.
4. E. Kirillova, B. Lazaryeva, S. Petrushin. Readings in Methods of Teaching English as a Foreign Language. Учебное пособие для студентов педагогических институтов. //«Просвещение», - Москва, 1981. - сс. 142- 149.
5. Jean Greenwood. Class Readers. Resource Book for Teachers.// Oxford University Press, - 1994. – p. 7.
6. Macmillan English Dictionary for Advanced Learners. //'Radstock'- United Kingdom, London, 2002.
7. www.ehow.com
8. www.alison.com
9. www.learningdisabilitiessuccess.com
10. dspace.univ-tlemcen.dz/bitstream/112/.../babayeba-wahiba.p
11. https://www.collinsdictionary.com/dictionary/.../reading-com
12. education.stateuniversity.com
13. headsupenglish.com
14. englishclub.com

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЕСКЕЛДІ Рабига Жанұзаққызы
О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі
Жаңаөзен қаласы, Қазақстан
Yeskeldi-r@mail.ru

Аннотация

«Мәңгілік білім беру» ұстанымы «өмір бойы білім алу» ұстанымымен алмастыруды қажет ететіндігі – қазіргі заман талабы. Аталған жобаны жүзеге асыруда оқушы мен мұғалім іс-әрекетін оқу және ойлауды өз бетінше меңгеру секілді нақты нәтижеге бағыттайды.

Жаңа мыңжылдықтың басталуымен әлем жаңа дәуірге – Білім дәуіріне енді. Азаматтардың біліміне және білім беру ісіне берілген жоғары бағаны барлық дамыған мемлекеттер қолдады.

Білімге негізделген экономика және қоғамға табысты өтуді **«Өмір бойы үздіксіз білім алу» (**Обучение в течение жизни (Life Long Learning) тұжырымдамасы қамтамасыз етеді.

Бұл тұжырымдаманың мәнін бір сөйлеммен түсіндіруге болады: «Өмір бойы білім ал». Өмір бойы үздіксіз білім алу – әр тұлғаға өз потенциалын жүзеге асыруға мүмкіндік беру.

Білім беру мен оқытуға LLL (Life Long Learning) тұжырымдамасына сәйкес барлық жас ерекшелік топтары, барлық дағдылар мен білім салалары енеді. Барлық тұлғалар мен әр азамат даму мүмкіндігіне ие болу үшін барлық тәсілдер қолданылады.

Өмір бойы білім алу үшін оқытудың әр түрлі формалары қолданылады: қашықтықтан оқыту, онлайн-оқыту, дәстүрлі үздіксіз оқыту, сырттай оқыту курстары, адамның өз бетімен білім алуы. Оқу үшін әр адамның өз мотивациясы болады: біреу өз біліктілігін арттырғысы келеді, жаңа дағдылар қалыптастырғысы келеді, кейбіреулер өз өмірін түбегейлі өзгерткісі келеді, мысалы, зейнетке шыққанда, жаңа іспен айналысқысы келеді.

Өмір бойы білім алу үрдісіне дүние жүзінде ұсақ бизнестен бастап трансұлттық корпорацияларға дейінгі жұмыс берушілер де тартылған. Сонымен, қазіргі кезеңде «Өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын жүзеге асыру жеке тұлға үшін де, тұтас ел үшін де ең жалғыз «антикризистік бағдарлама» болмақ.

Қазіргі кезеңде өз кәсіби қызметінің мазмұнын инновациялық технологияларды терең игеру арқылы жаңартып отыруға қабілетті, ғылым жетістіктері мен педагогтық мол тәжірибесін шығармашылықпен қолданатын білім, ғылым қызметкерлеріне қажеттілік артты. Аталған барлық жағдайлар заманауи педагогтың кәсіби біліктілігінің қажетті құрылымдық компоненттері болып табылады.

Ғалымдар С.А. Амбалова, М.И. Бекоева, А.М. Бубнова, Т.Ю. Ломакина, И.А. Маслова, Ю.А. Читаева, т.б. үздіксіз білім алуды білім ізденісінің, оны одан арғы өңдеу мен қолданудың үрдістері деп қарастырады. Қолдану бұл жағдайда – бүкіл үрдіске мән беретін фаза, өйткені оқу нәтижелерін жүзеге асырмаса, оның практикалық мәні мен құндылығы болмайды. Оқытудың жалпы мәдениетінің елде қалыптасуының, яғни оқу мен оқытудың барлық адамдарға қолжетімді болуының, ересектерді оқытудың еңбек қатынастарының ажырамас бөлігі болуының маңызы зор.

Білім беру мен ғылым экономиканың негізгі факторлары болып табылады. XXI ғасырға арналған жоғары білім жөніндегі Бүкіл дүниежүзілік декларацияда білікті, жоғары білімді мамандары бар заманауи ғылыми-зерттеу мекемелері болмайынша, ешбір ел тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ете алмайды делінген.

Қазақстан экономикасының даму спецификасын ескере отырып, білікті мамандардың назарын перспективалық ғылыми-техникалық мына бағыттарға аудару қажет, солардың ішіндегі ең қажеттілері болып табылатындары:

- физикалық, химиялық және ақпараттық технологиялардың көмегімен минералды шикізатты игеру және терең өңдеу, төтенше жағдайларда қолданатын таза металл өндіру мүмкіндігі;
- ақпараттық технологияларды дамыту;

- космостық мониторинг пен геоақпараттық технологияларды қолдану;

- жаңа жоғарымолекулярлық заттарды жасау, нақты функциональдық қасиеттері бар нанотехнология өнімдерін өндіру;

- ғылыми-технологиялық биологияны дамыту, биотехнология және гендік инженерия салаларында өнімдер даярлау.

Осы мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстанның жоғары технологиялық өндіріс құруға мүмкіндігі бар екендігін, республиканың әлемдік нарыққа өз бағдарламалық өнімін ұсына алатындығын сеніммен айтуға болады. Осының барлығы ғылыми қызметкерлерден үздіксіз білім алуды талап етеді.

Қазіргі кезде үздіксіз білім беру және білім алу барлық елдерде өзекті мәселе болып отыр. Үздіксіз білім алу мәселесі – осы заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, саяси және әлеуметтік экономикалық өзгерістердің әсерінен туындаған мәселе. Республикамыздың басқа мемлекеттермен экономика, мәдениет, саясат жағынан тең дәрежеде тұрып, олармен бәсекеге түсе алуы адамдардың білімді де білікті болуын талап етеді. «XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуда, ол өз мазмұны жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады және солай болуға тиіс. Елдің даму деңгейі осы арқылы бағаланатын болады»,- деп, Елбасымыз өзінің Жолдауында үздіксіз білім алуға ерекше мән беруі, оның даму үрдісін үнемі қадағалап отыруы – оның нақты дәлелі.

Педагогикалық сөздікте өз бетімен білім алу – белгіленген тұлғалық және елеулі білім беру мақсаттарына бағытталған арнайы ұйымдастырылған өзіндік іс-әрекеті мен жүйелі танымдық іс-әрекетінің мәнін анықтайды. Олай болса, біздің зерттеу мәселемізге байланысты оқушыларға үздіксіз білім беру жұмысын ұйымдастыру барысында ақпараттық технологияларды пайдалану біліктілігін қалыптастыруда танымдық қызығушылықты қанағаттандыру, кәсіби-педагогикалық сұраныстарды есепке алу, аудио-бейнелік тәсілдерді қолдану тетіктерін меңгеру міндеттері қойылады. Қазіргі білім беру саласына ақпараттық технологиялардың енгізілуі жыл сайын кешенді сипат алуда.

Оқушыларға үздіксіз білім беру жұмысын ұйымдастыру барысында ақпараттық технологияларды пайдалану басты мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оның бірі ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім алу әрекеттерінің тиімділігін арттыруға бағытталса, екіншісі ақпараттық қоғам сұранысына сай келетін, жаңаша ойлау қабілетін дамытуға негізделген тұлғаны қалыптастыру.

Тұлға бойында іскерлік пен біліктіліктің қалыптасуы оның барлық өмірін қамтуы тиіс. Қалыптасу – экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, психологиялық, педагогикалық және т.с.с. факторлардың әсер етуі нәтижесінде әлеуметтік мәнге ие тұлғаның жетілу үдерісі. Қалыптасу түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуі мен тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді. Адамның ақыл-ойын, қабілеттерін дамыту арқылы оны бақыт жолына жеткізу мәселесіне бірнеше еңбектер арнаған шығыстың әйгілі ойшылы Әл-Фараби, қабілеттер өзінен-өзі табиғат тудырған қалпында табысқа жеткізе алмайтындығына, оларды бағыттау, тәрбиелеу, дамыту керек екендігіне тоқталған. Ғалымдардың «Үздіксіз білім беру – ол адамның бүкіл ғұмыр жолында жеке тұлға ретінде дамып отыруы»,- деген қағидасы қазіргі кезде өз жалғасын табуда. Үздіксіз білім беру бұл үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу емес, немесе бекітілген оқу мерзімімен және оқу орнының қабырғасымен шектелмейді, ол – адамға білімнің белгілі бір көлемін беруге, бағытталған білім түріне ауысу болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің өзіндік ізденістері – үздіксіз білімнің бір бөлігі. Кәсіптік білім – әрбір жанның қызмет саласында өз шеберлігін жетілдіруі, білімін шыңдап отыруы, сондықтан ол өмір бойы үздіксіз жүргізілуі тиіс. Үздіксіз білім алу нәтижесінде білім алушы бірқатар мүмкіндіктерге ие бола алады: педагогикалық – өз бетімен білім алу мүмкіндігі; сапалы білімге қол жеткізуі; білім алушының танымдық ой-өрісінің дамуы; қызмет саласында әрбір жанның өз шеберлігін жетілдіруі, өз мамандықтарын қайта өзгерте алатындай жағдай жасауы; психологиялық (жеке адамның қабілет ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты толық дамуына): психологиялық кедергілер мен проблемаларды ашу; ауызша сөйлеу кемшіліктерін жою; экономикалық: уақытты тиімді пайдалану; шығыс

көздерін азайту (оқу материалдарына кететін шығын, көлік шығындары, қағаздармен жұмыс жүргізу т.с.с).

Үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі құралы – виртуалды білім кеңістігін құруға мүмкіндік беріп отырған Интернет жүйесі. Қазіргі кезде көптеген аналитиктердің айтуынша, Интернет ең арзан оқыту құралы болып табылады. Мектептерде, жоғарғы оқу орындарында оқушылар студенттер телекоммуникациялық жүйені қолдана отырып, электронды пошта арқылы түрлі конференцияларға қатыса алады. Тыңдаушылар мен білім алушылар үздіксіз білім алуда білім беру үрдісінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында өз бетінше Интернет желісінің көмегімен ала алады.

Сонымен бірге сапалы білім алу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында, қоғамның әрбір мүшесінің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің маңызы зор. Үздіксіз білім алу нәтижесінде әр салада әмбебап қызмет ете алатын, білікті, білімді, рухани бай, өз мүмкіндігін жан-жақты көрсете алатын тұлға қалыптасады».

Қазақстанда 2017 жылы өткізілген «Өмір бойы білім алу: тұрақты даму мүддесінде үздіксіз білім беру» XV (мерейтойлық) халықаралық конференциясында «Ғылыми-зерттеу – үздіксіз білім берудің негізі» деген тақырыпта жасаған баяндамасында ғалым С.Д. Ақылтаева ғылыми жетістіктер, үздіксіз білім, үздіксіз білім беру теориясының даму тарихы, үздіксіз білім беру мәселелері, білім беру жүйесінің деңгейлері, жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылыми зерттеу жұмысын қарастырған: «Педагогика саласында XX ғасырдың 70-жылдарының аяғында үздіксіз білім беру мәселелеріне арналған жүйелік зерттеулер жүргізіле бастады. Үздіксіз білім беру концепциясын дамытуға арналған теорияның негізі А. Кроплей (Австралия) және Р. Даве (Үндістан) зерттеулерінің негізінде қаланды. Г.П. Зинченконың мақұлдауы бойынша «үздіксіз білім» термині ең алғашқы рет 1968 жылы білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) Бас конференциясының материалдарында қолданылды.

Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі БҰҰ-ның жанындағы педагогика институтының мәдени серіктестік бойынша кеңесіне кіретін ғалымдардың біріккен күшімен жасалынған үздіксіз білімнің мәніне және маңызына қатысты нәтижелер әр түрлі зерттеулер үшін ерекше қызығушылық тудырды. Р. Давенің анықтамасына сәйкес: «Үздіксіз білім – жеке адамды, оның жеке, әлеуметтік және кәсіптік өмірінде біршама толық даму мақсатына жету жолымен оның бүкіл өмір бойына созылатын оқыту». «Үздіксіз білім» терминімен «жалғастырылатын білім», «өмірлік (өмір бойғы) білім», «қайтадан басталатын білім», «ересектердің білімі», «кейінгі оқыту», «дипломнан кейінгі оқыту» және т.б. қатар түсіндіріледі. Бірақ әр түрлі елдерде әр түрлі терминдер қолданылады. Мысалы, АҚШ-та негізінен «өмірлік (өмір бойғы) білім», Англияда «жалғастырылатын білім», Швецияда «қайтадан басталатын білім» терминдерін қолданады. Бүкіл дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды талап етеді»,- деп үздіксіз білім берудің шығу тарихына жан-жақты түсінік бере келе ғалым С.Д. Ақылтаева Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беруді дамытудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының білімін дамытудың 2010 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасында қамтылғанын, бағдарламада орта білім берудің келесі түрдегі құрылымымен 12 жылдық оқытуға көшу қарастырылғанын, соған байланысты білім беру жүйесінің келесі түрдегі деңгейлері қарастырылғанын: - мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; - бастауыш білім; - негізгі орта білім; - орта білім; - орта білімнен кейінгі; - жоғары білім; - жоғары оқу орнынан кейінгі білім екенін айтқан: «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімге жоғары оқу орындарының және ғылыми-зерттеу институттарының негізінде ғылыми және өндірістік қызмет салаларына арнайы әрі икемді бағдарламалар бойынша магистрлер дайындау кіргізілген. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің екінші сатысы оқу мен зерттеу жұмыстарын үйлестіретін PhD докторлық бағдарламаларын қарастырады. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесі халықаралық масштабта педагогикалық қызметкерлердің және ғалымдардың арасында

мойындалды, сондықтан да үздіксіз білім беру теориясының даму тарихын оқып-зерттеу қажеттілігі туды. Еліміздегі қазіргі кездегі өзгерістер, экономиканы дамытудағы стратегиялық жаңа бағдар, жедел ақпараттану мен әлеуметтік даму қарқыны білім беру жүйесіне, кәсіби мамандар даярлауға зор талап қояды».

Баяндамашы одан әрі білім, ғылым қызметкерлерінің алдында тұрған міндеттерге, олардың ғылым саласында еңбек етуге ниет білдірген жастарға терең білім беру жолындағы ізденістерін өз зерттеулері аясында баяндайды:

«Өмірлік білімнен өмір бойы білім алу» қағидасына лайықты кадрларды дайындаудың қоғам дамуындағы орны ерекше. Сондықтан өмір бойы білім ала алатын, лайықты кадрларды даярлау үшін біз болашақ мамандарға, яғни кадрларға ғылыми-зерттеу дағдысын дұрыс қалыптастыра алуымыз керек. Ғылыми жұмыс, зерттеу дегеніміз – адамның еңбектену іс-әрекетінің ерекше түрі. Бұл іс-әрекет адамнан еңбекқорлық, мақсаттану, уақытша туындаған сәтсіздікті жеңе білу қабілетін, оның интеллектуалды мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қажет етеді. Ғылыми еңбектің мақсаты адамзатқа осы уақытқа дейін беймәлім ақиқатты ашу, табиғат жұмбақтарына тереңірек үңілу, адамзат игілігіне пайдаланатын табиғи күштерді қолданудың жаңа жолдарын, адамды, оның ішкі, яғни дене күштерін және рухани қайратын зерттеу.

Ғылым аясында еңбек ету әрқашанда құрметті және мәртебелі болып саналған. Өздерін ғылымға арнаған адамзат баласының ең жақсы өкілдерінің есімдері халық жүрегінде мәңгі сақталуда. Жыл сайын ғылымға құштар адамдардың қатарына жаңа мүшелер кіріп жатыр. Ғылым саласында еңбек етуге ниет білдірген әрбір жас адам әлем білімінің қорына өз үлесін қосуды армандайды, ал жүрегінің ең түбінде өзінің есімі ғылым тарихында сақталғанын қалайды».

Білім, ғылым қызметкерлерінің білім алушы бойына білімді, дағдыны қалыптастыру, шығармашылық ойлауды дамыту бойынша жасайтын қызметтері де айқын да анық баяндалған:

«Ғылымда белгілі тапсырма немесе зерттеу орындау үшін жас ғалым осы салада терең білімге, еңбекқорлыққа ие болу керек, өз таным іс-әрекетінде қомақты нәтижеге жету үшін басқа да қажетті талаптарға сай болу керек. Ғылыми зерттеулер бір жағынан тереңірек меңгеруге қиынырақ үрдіс болса, екінші жағынан адамның өз-өзіне назар аударуын, оның тұлға ретінде қалыптасуын қажет ететін әр түрлі әрі ауыр кешен болып табылады. Педагогикалық зерттеу алаңын кеңейту, міндеттерді, пәнді, ғылымның құралдарын қиындату, оның дамуын жеделдету, ғылыми зерттеу нәтижелерін оқыту мен тәрбиелеуге тез әрі кешенді енгізу педагогикалық ғылымның басқа да әдіснамалық проблемаларының тұтас кешенін шешуде және педагогикалық құбылыстарды жүйелі және тұтастай талдау әдістерін әзірлеудегі, тұтастай принциптік тұрғыдан нақтылаудағы қажеттеліктерді анықтайды.

Жоғарғы курстарда білімді, дағдыны ары қарай қалыптастыру, жетілдіру, бекіту, шығармашылық ойлауды дамыту және нақты міндеттерді шешуге, өз бетінше шешім қабылдауға, жүзеге асыруға үйрену, алынған білімді тәрбиеде пайдалану, жеке тапсырмалар бойынша студенттердің өз бетінше ғылыми зерттеу жұмысы үдерісінде жүргізіледі. Сондықтан олар барлық деңгейдегі конференцияларға, байқауларға қатысу, колледж қызметкерлерінің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, диплом жұмыстарының байқауына қатысуы керек. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу сатысында нақты айқындап таңдалған бағыт бойынша ғылыми зерттеу жұмысын ұсынады. Осы білім алу кезеңдерінің барлығында болашақ маманның ғылыми-зерттеу дағдысы қажет. Егер біз айтылып отырған білім алу кезеңдерінде болашақ маманның бойына дұрыс ғылыми-зерттеу дағдысын қалыптастыра алатын болсақ, онда олар болашақта үздіксіз білім алу үрдісіне дайын, икемді, бейімделген мамандар болып табылады».

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принципінің бірі болып табылатын білім беру үрдісінің үздіксіздігі жүзеге асуы барысында қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енетіндігіне сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық [Үшінші (негізгі) деңгей]. 2012ж

2. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы [Тренерге арналған нұсқаулық]. 2016ж
3. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

ЖАМАНОВА Гулжаз Елубаевна
Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектеп
Қызылорда қаласы, Қазақстан
z.gulzhaz@mail.ru

Аннотация

Мақалада ағылшын тілін оқытуда мәтінмен жұмыс түрлері және коммуникативті тәсілдер арқылы оқушылардың дағдыларын дамытудағы мәтінмен жұмыстың маңыздылығы айтылған.

Annotation

This article deals with the different types of activities with texts and importance of increasing skills of pupils by communicative methods.

Мәтінді зерттеушілер оның тұлға – бірлігі ретінде бірнеше сөйлемдерден тұратын ірі тұтастықтарды көрсетеді. Мәтіннің көлемі қандай, қанша сөйлемнен түзілуі тиіс деген сұраулар төңірегінде де зерттеушілер арасында бірізді пікір жоқ. Сол себепті де, мәтін атауы әр түрлі құрылымдық-мағыналық бірліктерге – дара сөйлемге де, мағыналық, интонациялық жағынан аяқталған сөйлемдердің тізбегіне де, тұтас шығармаға да (макромәтін), шығарма бөліктері мен үзінділеріне де (микромәтін), яғни «бір сөйлемнен бастап бірнеше томдық шығармаға дейін» қолданыла береді. Сонда бұларды мәтін деп атауға қандай негіз бар? Бұл сауалға жауап ретінде О.И. Москальскаяның пікірін келтіргенді орынды көрдік. О.И. Москальская: «…сан түрлі сөйлеу туындылары мен олардың шартты түрде аяқталған бөліктерінің барлығын біріктіріп тұрған ең басты белгісі – мағына бірлігі және қатысымдық маңызы бар функциналдық белгісі», - деп тұжырымдайды . Әр түрлі тұлға-бірліктердің мәтін деп аталуы, зерттеушінің тұлға-бірлікті өзіндік байланысу жолдары мен тәсілдері бар, салыстырмалы түрде тұтас бір аяқталған мазмұнды білдіретін құбылыс ретінде қарастырудан туындауы да мүмкін. Сондай-ақ бір-екі немесе үш-төрт сөйлемдерден тұратын, өз алдына аяқталған дербес тұтас мәтін ретінде танылатын да сөйлеу туындылары бар. Олар: мақалдар, мәтелдер, жұмбақтар, жарнама мәтіндері т.б. [1].

Білім алушылардың жазбаша тілін дамыта оқыту үшін, ең алдымен, олардың мәтін туралы білімін, түсінігін, мәтіннің құрылымдық ерекшелігі туралы біліктілігін қалыптастыру қажет.

Мәтіннің негізгі белгілерін анықтауда ғалымдардың пікірлері түрліше. Біреулер ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын мәтін деп атаса, көпшілігі тек жазбаша сөйлеу нәтижесін мәтінге жатқызады. Алайда, мәтіннің бөлшектенуі мағыналық тұтастық және құрылымдық байланыс сияқты белгілерін барлық зерттеушілер мақұлдайды. Мәселен, Г. Смағұлова мәтіннің белгілі бір құрамнан тұратынын айта келіп: «Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық – құрылымдық күрделі тұлға. Ол – логикалық, грамматикалық, байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі», – деп анықтайды.

Білім алушылардың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту үшін мәтін туралы мынадай білім мен дағды қалыптастырылады:
- мәтінді түсініп оқи білу және есте сақтау;
- мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері туралы білім беріп, оның тәжірибесінде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру;

- мәтіндегі қайырымдар және олардың мазмұнды жүйелі баяндау мақсатын-дағы ерекшеліктерін үйрету арқылы жүйелі мәтін құрай білуге үйрету;
- мәтіннің түрлері бойынша сөйлеуге ауызша, жазбаша жаттықтыру.

Тіл үйренушілердің сөйлеу тілін мәтіндер арқылы дамытуды жүзеге асыру нәтижесінде олардың білімдері толықтырылып, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі. Мәтіндермен жұмыс барысында оқушылар болашақ мамандықтары туралы қосымша мәліметтер мен атқарылатын іс-әрекеттеріне байланысты ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Білім алушылардың сөйлеу тілін мәтін арқылы дамыту жұмыстары сабақтардың бастапқы кезеңінен жүзеге асырылады. Бұл орайда құрлымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді өз бетімен оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерімен қатар, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, қортындылау, жинақтау көзделеді.

Мәтіндер арқылы лексиканы, терминдерді меңгере отырып, оқушылардың сөздік қорларын байыту нәтижесінде өз ойларын шет тілінде сауатты жеткізе білуге үйретуге болады. Оқушыларға ұсынылатын сұрыпталып алынған аутентивті мәтіндер шет тіліне деген қызығушылықтарын арттырып, сабақ маңыздылығын арттырары сөзсіз. Мәтін таңдауда мәтіндегі ойдың нақты, дәл берілуі, тілінің түсінікті болуы-негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Білім алушылардың сөйлеу тілдерін дамытуды қамтамасыз ететін мәтін түрлеріне баяндама,талқылау, әңгіме, пікірлесу, хабарлама, сұрастыру, сұхбат жатады. Енді ауызша кәміби тілдесімде жиі қолданылатын мәтіннің пікірлесу, «дөңгелек үстел», сұрастыру сияқты түрлеріне тоқталайық.

Оқыту барысында аталған мақсатарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте оқушыларға танымдық мазмұндағы құрылымы, мазмұны жағынан қарапайым мәтіндерді оқытуды жетілдіру, сұрақ қою, сұраққа жауап беру, жаңа тақырыптық лексикамен жұмыс істеу, яғни сөз тіркестері мен сөйлем құрау, талдау сияқты жаттығу түрлерін орындаумен бірге, мәтіннен қажетті нақты ақпаратты табу көзделеді.

Тілдерді оқытуда мәтіннің қатысы әрекетіндегі маңыздылғына сәйкес, оны іріктеп, таңдаудағы негізгі ұстанымдар төмендегідей жүйеленген:

- мәтін мазмұны толықтай аяқталып, белгілі бір логикалық жүйеге бағынуы:
- мәтін тақырыбы күнделікті өмір талабына сай, танымдық сапасы жоғары, тәрбиелік мәннің зор болуы;
- мәтін мазмұны оқушылардың түсінісуіне қолайлы, даму деңгейлеріне сай болуы;
- мәтінді іріктеп, таңдауда фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктердің ескерілуі;
- мәтіннің танымдық қызғушылықты арттыруы;
- мәтін мазмұнының нақты, қызықты болуы.

Мәтін – сөлесім әрекеті мен ойлау үрдісінің жемісі. Мәтіндік тапсырмалар бойынша тіл дамыту жұмысын жан-жақты жүргізуге мүмкіндік мол. Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын оқушыларға түсіндіргеннен кейін оларды ойландыратын, түсінігін ашатын, білімін жинақтауға көмектесетін, қызығуын арттыратын жұмыстар кешенін жүргізеді. Мәтін арқылы берілетін деңгейлік тапсырмалардың ішкі мазмұны танымдық, әрі тәрбиелік мәні зор, мәдениет пен әдебиеттен, салт-сана мен жақсы ұлттық қасиеттерден хабардар ететін мәтіндерден құралса, сабақ нәтижелі болады [2, 41 б].

Мәтінді пән бағдарламасы мен мемлекеттік стандарт талаптарына сай өз мәнінде оқыту, оқушылардың түсініп қабылдауын ұйымдастыру, мұғалімдердің білімі мен білігіне, ізденіп еңбектенуіне байланысты болады.

Мәтіннің қабылдау деңгейі оны оқу барысында оқушы болған қиындықтардың жиынтығына байланысты болғандықтан, осыған дейін айтылғандарға қоса, мәтіннің айқындығы, сөзбен сөздің жол мен жолдың арақашықтығы, беттің мәтін басылған бөлігі мен бос қалған жерінің арақатынасы, тақырыптардың, сөздердің ерекшеленіп берілуі т.б. әсер етеді.

Оқулық мәтіндері атқаратын қызметі, көлеміне, мазмұны, т.б. қарай өз ішінен: негізгі мәтін, қосымша мәтін, түсініктеме мәтін болып үшке бөлінеді.

Негізгі мәтін іштей сипаттама, теориялық және түсіндірме мәтіндер түрінде көрініс беріп,фактілік материалға құрылады. Теориялық жіне қолданбал материалдар арақатынасының дұрыс сақталуы, фактілік материалдардың мазмұн жағынан да, көлем жағынан да лайық болуы, көлденең байланыстағы оқулықтар материалдарының орынды сабақтастығы жеке оқулық материалын неғұрлым тиімді түрде беруге көмектесуі тиіс.

Сипаттама мәтіндер бақылау әдісінен алынған білімді-ғылым фактілерін суреттеп, сипаттай отырып, қайта жаңғыртады. Олар оқушыларға өмірдің шындық құбылысын бұрмаламай, дәл, бірақ оны теориялық ойлау дәрежесіне жеткізбей сипаттап айтып беруге тиіс.

Түсіндірме мәтіндерге фактілік материал мен теориялық материал тұтастырыла өріледі. Түсіндірме баяндаудың мақсаты – оқушыларға фактілерді ғылым ашқан заңдылықтардың көріністері ретінде көрсету.

Сондықтан мұндай баяндау фактілерді сипаттаудан басталы, теориялық баяндау мен мәтіндердің нақтылы сипаттамасы өзара ұштастырылуға тиіс [3, 37 б].

Жалпы шетел тілін оқытуда біз оқушының тек қана шетел тілінде оқып, жазып, түсініп қана қоймай, еркін сөйлеуіне, ойлауына күш салып және шетел туралы әр түрлі мағлұмат беруге тырысамыз. Осы орайда шетелдердің мәдениетін, тұрмыс- тіршілігін, салт-дәстүрін, географиялық құрылымын, ішкі-сыртқы саясатын, тарихы мен даму жолдарын сабақ барысында қолданылатын материалдар, мәтіндер, диалогтар, қосымша тапсырмалар арқылы қамтып, оқушыларға жан- жақты білім беру негізгі ұстанымымыз. Жалпы, ана тілін оқыту мен шетел тілін оқытудың айырмашылықтары өте көп. Әйтсе де біз шетел тілін оқытқан кезде, оқушыларға түсінікті, жұмысымыз нәтижелі болу үшін екі тілді салыстыра оқытуға да көңіл бөлеміз. Әсіресе ағылшын грамматикасын түсіндірген кезде біз міндетті түрде қазақ тіліндегі сөздердің, сөйлемдердің грамматикалық катигориялары мен ағылшын тілінің грамматикасын салыстыра отырып түсіндіреміз. Оқушылардың шетел тілі грамматикасын жете түсінуі, олардың сөйлеу кезіндегі сөйлемді дұрыс құруына, қатесіз сөйлеуіне бірден- бір себеп болады. Ағылшын тілінің лексикасын үйреткен кезде де сөздердің, сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдердің аудармасын немесе баламаларын мысалға келтіре отырып түсіндіреміз. Шетел тілін оқытуда негізгі 4 қағидаға сүйенеміз.

1. Тыңдауды дамыту.
2. Жазуға үйрету
3. Оқуды дамыту
4. Сөйлеуді дамыту.

Оқушыларға шетел тілінде айтылған мәтінді түсіну үшін, алдымен оның құлағын жаттықтыру керек. Жаттықтырудың маңызы зор. Егер жоғарыда айтылған 4 қағида қатар жүзеге аспаса, балаға шетел тілін меңгерту мақсатына жете алмаймыз.

Ағылшын тілін үйретуде осы 4 қағидаға сай оқу жоспарын құрып, әр түрлі әдістемелік тәсілдер қолданамыз. Қазіргі кезде ағылшын тілін үйретуге дүние жүзі үлкен көңіл бөліп отыр. Сондықтан да арнайы шетел тілі кітапханалары ашылып , көптеген жаңа тәсілдерге бай оқулықтар мен тыңдау- көру құралдары өте көп [4].

Осы құралдардың ерекшеліктері қысқа уақыт ішінде шетел тілін меңгеруге оқушылардың қызығуын арттыруға көп себін тигізеді. Сонымен қатар осы оқулықтар басқа да көрнекті құралдармен: суреттер, үлестірмелі материалдар, плакаттар, грамматикалық сызбалар мен бейне материалдарына, әр түрлі жаттығуларға бай, тіпті компьютерлік дискілер де бар. Біз шетел тілін үйреткен кезде оқушылардың сөйлеуіне көп көңіл бөлеміз.

Қазіргі буынғы ағылшын тілі оқулықтарында оқушының еркін сөйлеуіне үйретуде, коммуникативті тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында қолдануына дағдыландыруда соңғы әдістемелер қолданылған.Оқыту тәсілдері әртүрлі, негізінен оқушы күнделікті тіршіліктегі ситуацияларда қолданылатын ағылшын тілін үйренуде. Оқу процесі оңайдан қиынға қарай дамыта оқытуға бағытталған. Әр сабақтың алдында «берілген тақырып туралы оқушы не біледі?» деген мақсатпен «сұрақ - жауап», «талқылау», «талқылау», «ой алмасу», сияқты

тапсырмалар үнемі беріліп отырылады. Лексикалық және грамматикалық материалда басты көңіл бөлінетіні сөйлеу және оқу. Оқу іскерлігін дамытуда негізінен мәтінді оқу басшылыққа алынады.Мәтінді оқығаннан кейін берілетін жұмыс түрлері:

“true or false”

“your point of view”

“Talk to your partner”

“Talk to other people” мәтін бойынша сөзді қайталату,еркін де дұрыс қолдануға үйрету мақсатында қолданылады.

Ағылшын тілін үйренудегі басты бағыттардың бірі оқу дағдысын игеру мен қатар оқығаны туралы талдау жасай білу. Оқушылармен жұмыс жүргізетін оқулықта оқушыны әртүрлі соңғы әдістемелер арқылы еркін де сенімді сөйлеуге үйрету, коммуникативті тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында, қоғамдық орында қолдануға дағдыландырып, білім деңгейін тереңдету, ағылшын және қазақ елдері арқылы ауқымды мағлұмат беру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. http. Bilimdiler.kz/ustaz/agylshyn –tl-sabagynda

2. Жанпейісова. М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // XXI ғасыр: оқытудың инновациялық технологиялары. Алматы.

3. «Мектептегі шет тілі». №2 наурыз-сәуір

4. http.www.english.teachers.//com

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУІ: ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН 7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ЖОҒАРҒЫ ДЕҢГЕЙ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ЖАНТӨРЕ Несібелі Маралұлы

Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Қарағанды қаласы

Zhantore_N@krg.nis.edu.kz

Аңдатпа

Мақалада автор 7-сыныптардың алғашқы рет жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында туындаған қиындықтарды анықтап, ол мәселелерді Lesson Study әдісі арқылы шешу жолдарын сипаттаған.

Annotation

In the article, the author described the problems that arise in 7 classes during the initial completion of high-level tasks and ways to solve them through the Lesson Study.

Бүгінгі күнде өскелең ұрпақ үшін қандай да болмасын бағытта кең ауқымды ақпаратқа қол жеткізу қиындықты тудырмайтыны анық, бірақ болашақта қоғамның сұраныстарын өтеу мақсатында ақпаратты топтастырып, жүйелеп беретін және алынған ақпаратты өңдеп, оны қолдануға дағдылайтын орын мектеп болып қала береді. Ал жоғарыда аталған талапты қанағаттандыру үшін білім беру жүйесінің негізі, күнделікті сабақтардың кезіндегі оқушыларға берілетін тапсырмалардың әдістемелік сапасына назар аудару керек. Сол себептен мектептерде әрқашан да күнделікті жүргізілетін сабақтардың сапасына көңіл бөлу өзекті болып қала бермек [1]. Бірақ сабақтың сапасын арттыру аясында мұғалім көптеген сан қилы факторларды ескеруі қажет, сонымен бірге ол факторларды ескере отырып, оқушыларға ақпаратты жеткізудің ең тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыра алуы керек. Әрине, барлық факторларды ескеруі және оған қажетті әдіс-тәсілдерді анықтау қандай да болсын мұғалімнен әр оқушының ерекшеліктерін ескере отыра, сабақтың әр кезеңдерін мұқият ойластыруды қажет етеді. Сондықтан сабақтардың сапасын арттыруда, әр оқушыға ақпаратты түсіндірудің ерекше жолын анықтаудың тиімді жолдарының бірі - әріптестерімізбен қосыла отырып жұмыс

жасау. Ал дүниежүзілік тәжірибеге сүйенсек, қазіргі уақытта әріптестердің, сонымен бірге оқушылардың сабақ сапасы туралы пікірлерін ескере отыра, сабақты талдауға және сол арқылы оның сапасын арттыруға мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі Lesson Study болып табылады.

Алдыңғы оқу жылы Қарағанды қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінде география пәнінен 7-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды ұйымдастырудың ең тиімді жолын және оқушылардың сол тапсырмаларды игеру деңгейін анықтау үшін әріптес мұғалімдермен біріге Lesson Study зерттеу жұмысы жүргізілді.

Оқу жылының басынан бастап Назарбаев Зияткерлік мектебінің табалдырығын енді аттаған 7-сынып оқушыларын жаңа оқу бағдарламасына біртіндеп бейімдеу мақсатымен тапсырмаларды орындау төменгі деңгей дағдыларынан, яғни «білу және түсіну», «қолдану» басталды.

Lesson Study зерттеу жұмысы тақырыбы: «7-сынып оқушыларында бастапқы талдау дағдыларының дамуын бақылау». Зерттеу нәтижесінің болжамы: географиялық карталармен жұмыс жасау арқылы 7-сынып оқушылары бойларында бастапқы талдау дағдыларының дамуы болып табылды.

IV тоқсанда 7-сынып оқушыларын алғашқы рет жоғары деңгейдегі дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар берілді. Сондықтан туындайтын қиындықтарды бақылап, тапсырмаларды скаффолдинг жасау арқылы оқушыларға қиындық тудыратын сәттерді реттеп отыру көзделді. География пәні орыс сыныптарында қазақ тілінде жүргізілгендіктен орыс тілді сыныптарда зерттеу барысында CLIL стратегиясын тапсырманы дұрыс түсіну және орындау үшін қолданылды. Осы мақсатта оқушыларға демеу ретінде қазақ тілінде қажетті сөз тіркестерімен жұмыс жасалды. Яғни, мемлекеттің мектептерде үш тілде оқыту қағидасын ескере отырып, орыс сыныптарында қазақ тілінде оқу, сөйлеу, тыңдау және жазу дағдыларын дамыту үдерісіндеміз.

Фокус топ болып төрт 7-сыныптар таңдалды: 7(1), 7(2), 7(3), 7(4). Lesson Study тізбектелген сабақтар барысында әр сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер сараланды және таңдалып алынған оқушылардан кері байланыс алынып отырылды.

Lesson Study зерттеуі уақытында A,B,C (жоғары, орта, төмен) деңгейі бойынша әр мұғалім 3 оқушыны бақылауға алып отырды. А (жоғары) деңгейіндегі оқушы көбінесе өз ойын еркін жеткізе алатын, оқу іскерлігі қалыптасқан, орыс сыныптарында тілдік дағдылары жеткілікті деңгейде дамыған. Біздің осы оқушыны таңдап алудағы мақсатымыз көшбасшылық қабілетін ояту болды, себебі оқушы география сабағында үздік оқушы болғанымен, сыныпта белсенділігі төмен, тұйықтау оқушы болды. В (орта) деңгейіндегі оқушы сабақты орта деңгейде оқиды, өз ойын кейде нақты білдірсе, кейде, толық жауап бере алмайтын кездері де болады. Осы оқушыны дамыту үшін бастысы қызығушылығын арттыру керек екені белгілі болды. Ал С (төмен) деңгейіндегі оқушының жалпы сабақтағы үлгерімі төмендеу, сабақта белсенді емес, өз ойын толық жеткізе алмайды және орыс сыныптарында С (төмен) деңгейіндегі оқушылардың тілдік дағдылары төмен деңгейде дамыған. Мақсатымыз - осы баланың сабаққа қызығушылығын арттырып, алға жылжуына оң ықпал ету [2].

География пәнінен зерттеу жұмысы «А» мұғалімі сабағынан басталды, екінші сабақты «Ә» мұғалімі, үшінші сабақты «Б» мұғалімі ал, түйінделген қорытынды сабақты «В» мұғалімі өткізді. Әр сабақтың барысында оқушылардың белсенділігі, әсіресе, таңдалған A,B,C оқушылары мұқият бақыланды. Әр сабақтың соңында A,B,C оқушылардан сұхбат сұрақтары алынып, әріптестермен сабақ барысы талқыланып, келесі сабақтарда өңдеуді қажет ететін тұстар анықталды.

Оқушылардан алынған сұхбат парақшасында келесі сұрақтар қарастырылды:

- Сабақ барысындағы қай тапсырма \ қай кезең Сіздер үшін өте тиімді болды?
- Сіз не үйрендіңіз? Бұрын жасай алмаған жұмыстардан қазір нені істей аласыз? Нені одан әрі жақсы істей аласыз? Қаншалықты жақсы?
- Кері байланыс жүйелі болды ма? Сабақта оқу мақсатына жетуге көмектесті ме?
- Тапсырмаға берілген дескрипторлар түсінікті болды ма?

- Егер осы сабақ басқа сыныпта\топта өткізілетін болса, Сіз нені өзгертер едіңіз және неге?

Орыс сынып оқушыларына сұрақтар анық және түсінікті болу үшін сұхбат парақшасында орыс тілінде аудармасы берілді. Сабақтың тақырыбы «Табиғи ресурстардың таралу заңдылықтары», оқу мақсатына сәйкес оқушылар 7-сынып және 8-сынып географиядан атластарын қолданып, бірінші тапсырмада оқушылар дүние жүзінің тектоникалық құрылымымен танысып, дүние жүзінің қай аймақтарында қандай тектоникалық құрылымдар таралғанын анықтауы керек болды. Бірінші тапсырма арқылы оқушылар «литосфера» тарауында өтілген тақырыптарды, нақтырақ айтсақ, жер шарында тектоникалық тақталар, платформалар, қатпарлықтар және қалқандардың орналасуын есіне түсірді. Екінші тапсырмада «Дүние жүзінің физикалық картасын» қолдана отырып еліміздің жер бедерін сипаттай келе, олардың тектоникалық құрылымдардың таралуыменен сәйкестендіре келе, екеуінің арасындағы байланысты анықтау керек болды. Үшінші тапсырмада, оқушыларға пайдалы қазбалардың жіктелуін, яғни олардың магмалық, метаморфтық және шөгіндіге бөлінуін түсіндіріп өту қажет болды. Төртінші тапсырмада оқушылар пайдалы қазбалардың дүниежүзі бойынша таралуын сипаттай отыра, пайдалы қазбалардың таралуын талдау керек болды. Нақтырақ айтатын болсақ, магмалық, метаморфты және шөгінді пайдалы қазбалардың геологиялық және тектоникалық құрылымдарда таралу заңдылығына талдау жасау керек болды. Соңында барлық ақпараттарды үйлестіре келе, ментальді картаны толтыру қажет болды. Осы оқу мақсатын орындау бірнеше күрделі кезеңнен тұрғандықтан 7-сынып оқушыларынан жас ерекшеліктерін ескере отырып, терең талдау дағдыларын қажет етті. Ал мұғалімдер тарапынан оқушыларды бақылап, оқушыларда қиындық тудырған сәттерді анықтап, өздеріне белгілеп отыру қажет, себебі келесі сабақтарда осы жіберген қателіктер түзетілді. Тапсырма жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырылды. Мұғалімдер сабақтарында бір жұпта үлгерімі жоғары және үлгерімі төмен оқушыларды үйлестіруге тырысты.

1-тапсырма. «Жер қыртысының құрылымы» физикалық карталарын пайдаланып, минералдық ресурстардың таралу заңдылығын шығарыңыз.

Пайдалы қазбалар	**Тау жыныстар тобы**	**Қандай тектоникалық құрылымда кездеседі?**	**Жер бедері (тау, жазық және т.б.; таралған аумақтардың**
			географиялық атаулары
Мұнай			
Полиметалл кені			
Мыс кені/ Мыс кені			
Темір кені/ Темір кені			
Алмас/ Алмас			
Қорытынды: Минералды ресурстардың таралу ерекшеліктері қандай?			

1-кесте. «Табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау» оқу мақсаты бойынша апта басында құралған тапсырма кестесінің үлгісі

Lesson Study жұмысы барысында келесі сабақтарды өңдеу арқылы сабақтың сапасы арта түсті, яғни аптаның басында пайдалы қазбалардың таралу заңдылығын түсіндіру үшін бірінші тоқсанда өтілген жер қытысының тектоникалық құрылымы және пайдалы қазбалардың шығу тегіне қарай жіктелуі «еске түсіру» әдісі арқылы ауызша қайталанып қана

өтіліп, бұл әдіс оқушылар тақырыпты ары қарай игеруіне тиімсіз әдіс екеніне практика жүзінде көз жеткізілді, себебі оқушыларға оқу мақсатына байланысты берілген тапсырманы оқушылардың көбісі пайдалы қазбалардың таралу, тектоникалық құрамы және жер бедері арасындағы байланысты орната алмады. Сабақтың соңына қарай қазақ сыныптарында 24 оқушының тек қана 5-і толық орындады, ал орыс сыныптарында 12 оқушының тек қана 2-і аяқтады. Тапсырманы толық соңына дейін орындаған оқушылар қатарында «А» санатындағы оқушылар болды.

Оқу мақсатына сәйкес тасырманың шарты:

Келесі сыныптарда алдыңғы сабақтардың құрылымын жетілдіре келе апта соңында қазақ және орыс сыныптарында тақырыпты игеру көрсеткіштерін жоғарылаттық, нақтырақ айтсақ, сабақ апта соңында өткізілген сыныптарда берілген тапсырманы 24 оқушының 18-і толығымен дұрыс аяқтады. Ал орыс сыныптарында бұл көрсеткіш 12 оқушының 8-і болды.

Бұл көрсеткіштерге жету үшін кең ауқымды скаффолдинг қолданылды, анығырақ айтқанда, сабақ басында презентацияларда суреттер және карталар арқылы жердің жердің тектоникалық құрылымы мен жер бедерінің байланысы түсіндірілді. Алынған білімді бекіту үшін тектоникалық құрылымдардың анықтамаларын, олардың суреттерімен сәйкестендірді және тақырыптық карталарда Солтүстік Америка мен Еуразияның тектоникалық құрылымдарын анықтап жазу тапсырмасы берілді. Сонымен қоса, оқушыларға пайдалы қазбалардың пайда болу бойынша жіктелу заңдылығы түсіндірілді. Әр тау жынысы тобына нақты бірнеше пайдалы қазбалардың мысалдары келтірілді және оқушыға көмек ретінде пайдалы қазбалардың қалыптасуы бойынша жіктелу кестесі берілді.



1-сурет. Сыныптар арасында тапсырманы толық орындағандар саны

Кестеде оқушыларға көрнекті мысал ретінде көмірдің жіктелуі көрсетілді, осы мысалды үлгіге ала отырып оқушылар басқа берілген пайдалы қазбаларға жіктеу жүргізу қажет болды, сонымен қоса кестедегі қорытынды сұрақтар әр пайдалы қазба тобы бойынша нақтыланып, жіктелді. Сонымен қоса кейбір пайдалы қазба бірнеше тау жыныстары, бірнеше тектоникалық құрылымдар мен жер бедерінде кездескендіктен, кестеде екі реттен қайталанып берілді.

Орыс сыныптары минералды ресурстардың таралу заңдылығын таралу ерекшелігі бойынша ойларын толық жеткізу үшін CLIL әдісі, яғни шөгінді жыныстарды мысалға ала отырып сөйлем құруға қажетті сөз тіркестер берілді.

Пайдалы қазбалар	Тау жыныстар тобы	Қандай тектоникалық құрылымда кездеседі?	Жер бедері (тау, жазық және т.б.; таралған аумақтардың географиялық атаулары
Көмір	шөгінді	платформа және ежелгі қатпарлар	жазық
Мұнай			

Полиметалл кені			
Мыс кені			
Мыс кені			
Темір кені			
Темір кені			
Алмас			
Алмас			

Қорытынды: **Минералды ресурстардың таралу ерекшеліктері қандай?**
1. Шөгінді тау жыныстары..... тектоникалық құрылымдарда кездеседі және ..... жер бедерінде таралған.
2. Магмалық тау жыныстар ....
3. Метаморфтық тау жыныстар .....

2-кесте. «Табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау» оқу мақсаты бойынша апта соңында құралған тапсырма кестесінің үлгісі

Жүргізілген Lesson Study тәсілі жоғарыда аталып өтілген оқушылардың аптаның басындағы және соңындағы сабақтың материалын игеру нәтижелері бойынша тиімділігін дәлелдеді. Сонымен қоса, оқушыларға жаңа ақпараттарды ұсынудың тиімді жолдарын, сабақта жоғары деңгей тапсырмаларын оқушыларға жеңіл түрде жеткізу мақсатымен ұтымды скаффолдингті қолдану әдіс-тәсілдерін үйрендік. Сонымен қатар, әріптестермен ақылдаса отырып, тәжірибені ұлғайтуға мүмкіндік алдық. Келесі оқу жылдарында осы зерттеу жұмыстарымызды жалғастырып, сабақта оқушыларға жаңа ақпараттарды ұсынудың тиімді жолдарын зерделеуді жалғастырамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім беру: зерттеулер мен тұрақты даму» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағы (Астана қ., 22-23 қазан, 2015 жыл). «Action research. Іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеу: «қазақ тілі екінші тіл саналатын 11,12-сыныптарда қазіргі әлемдегі Қазақстан пәнін оқытуда CLIL стратегияларын қолданудың тиімділігі»– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. - 2015. - 849 б.
2. «Білім беру: зерттеулер мен тұрақты даму» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағы (Астана қ., 22-23 қазан, 2015 жыл). «Іс-әрекеттегі зерттеудің және LESSON STUDY-дің оқыту тәжірибесіне әсері»– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. - 2015. - 533 б.

НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ТРАДИЦИОННЫХ ФОРМ МУЗЫКАЛЬНО-ПОЭТИЧЕСКОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА

И.В. ВОЙТЕНКО

ГККП Школа искусств «Мерей»

аул Бесколь, Кызылжарский район, Северо-Казахстанская область, Казахстан

irina.voitenko@mail.ru

Аннотация

В статье раскрываются особенности казахской традиционной музыки, когда и как она зародилась, каковы истинные законы ее функционирования. Дается характеристика устному

народному творчеству. Прослеживается преемственная взаимосвязь народных традиций и исполнительства.

Аннотация

Мақалада қазақтың дәстүрлі музыкасының ерекшеліктері, атап айтқанда, оның қашан және қайда пайда болғаны, оның шынайы жүзеге асуының заңдылықтары жан-жақты ашылып көрсетілген. Халық ауыз әдебиеті шығармашылығына да сипаттама берілген. Халықтық дәстүр мен орандаушылық арасындағы сабақтастық та қарастырылған.

Annotation

The article describes the features of the Kazakh traditional music, when and how it originated, what are the true laws of its functioning. And in an article widely described folklore and display the successive relationship of national traditions and performing.

В изучении казахского традиционного музыкально-поэтического творчества к настоящему времени уже выработаны принципы исследования, сформировались научные школы и традиции, и даже сложилась достаточно целостная концепция истории казахской музыки. Не смотря на это, самые простые вопросы, размышления, касающиеся сущности музыкально-поэтического творчества, становятся все более актуальными и востребованными: какова природа казахской традиционной музыки, когда и как она зародилась, в чем ее особенность, каковы истинные законы ее функционирования...

Традиционное искусство – устно-поэтическое, музыкальное, прозаическое, веками сохраняясь и развиваясь, передавалось из поколения в поколение преимущественно в устной форме (так называемые школы устной традиции). На протяжении всего периода этногенеза устное поэтическое творчество было постоянным спутником казахского народа, отражая сложные процессы его духовной жизни, понимания и осмысления окружающего мира. Одной из многовековых традиций устного народного творчества является тенденция читать стихи нараспев. Напевная декламация берет свое начало в специфике казахской эпической культуры, с ее выразительными, эмоционально-окрашенными речевыми оборотами, исходящими от синтаксического расчленения текста. К устному творчеству казахов – кочевников, можно отнести деятельность биев и шешенов которых отличали справедливость и неподкупность, большой авторитет, возвышенные идеалы. В их словарный арсенал входили нақыл сөздер – крылатые слова, шежіре – устная летопись, пословицы и поговорки, аңыз – мифы, предания, сказания, посредством которых они вершили правосудие.

В поэзии и музыке, развивающейся на основе устной традиции, наиболее полно и ярко проявился творческий потенциал народа, этим и обусловлено необычайное богатство их форм и видов.

Известным ученым и просветителем Ш. Валихановым в работе «О формах казахской народной поэзии» впервые сделана классификация существующих жанров устного музыкально - поэтического творчества, которые он делит на пять групп:

1. Жыр – эпические сказания
2. Жылау – песни – плачи
3. Қайым – свадебные песни
4. Қара өлең – песни на исторические темы
5. Өлең - лирические песни

На раннем этапе развития музыка сопровождала важнейшие религиозные и бытовые церемонии. Возникшие в период становления казахского этноса крупные эпические сказания - жыр, исполнялись жырау (носителями эпической традиции), и были связаны изначально с военными ритуалами, культом предков. Для манеры исполнения жыра характерна форма речитативного повествования. Как правило, жырау мог стать только очень мудрый, сильный духом человек. Академик З. А. Ахметов писал: «Жыр – древнейшая форма казахского эпоса в песенной поэзии, вместе с тем древний эпический стих, известный и у многих тюркоязычных народов» [Ахметов «Казахское стихосложение» Алма-Ата: Наука, 1964, с.259]. В народной памяти сохранилось более ста сказаний, в каждом из которых - тысячи поэтических строк,

исполняемых в сопровождении кыл-кобыза и домбры. В форме жыра созданы казахские героические эпосы: «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар».

Форма өлең также была чрезвычайно распространена. Она употреблялась как для импровизации, так и для поэм. Образцы қара өлең и өлең применяли многие авторы и исполнители: Жанақ, Орынбай, Шөже.

Песни-плачи исполнялись женщинами и очень часто имповизировались. Жанр устойчиво бытовал в жизни народа, богато отражался в музыкально – поэтическом творчестве, мелодия отличалась печальным, трогательным напевом.

Песня – наиболее распространенный вид казахского народного музыкального наследия. Ее художественно – содержательный уровень проявляется в многообразном отражении окружающего мира, в его глубинном и разностороннем раскрытии различных образов и тематик, в богатстве эмоционально – выразительных средств (мелосе, интонации, метро-ритме). Песня выполняла в жизни степняка важнейшую общественно - значимую функцию – в ней воспевались подвиги батыров, песней благославляли в боевые походы, песней сопровождался трудовой процесс, праздновали радостные события, или оплакивали умерших. В процессе исторического развития сложились самобытные черты национального песенного стиля:

1. Мелодии часто предшествуют восклицания, распевы на высоких звуках лексических слогов «ей», «ахау»;
2. Интонационное богатство мелодики;
3. Сольное исполнительство в сопровождении домбры или кобыза;
4. Хоровое пение бытовало чаще в унисонном или октавном дублировании.

Большое значение в развитии музыкально - поэтического искусства Казахстана оказало творчество акынов. Гражданская миссия которых, заключалась в сохранности культурного наследия предков и непосредственной передачи его из живой памяти, в память всех слушающих. Социально-творческая деятельность несла на себе свет незаурядной личности акына, который отличался глубиной суждений, способностью к обобщениям. На основе музыкально - поэтической традиции певцы – импровизаторы могли создавать новые произведения, отражавшие разнообразные стороны народной жизни. Для акынов характерно мгновенное поэтическое вдохновение. Поэтому раньше акыном признавали лишь того, кто мог искрометно сложить песню. Способность импровизировать – необходимое качество каждого акына, оно вырабатывалось и совершенствовалось в процессе длительной творческой практики. Характерные особенности песенно – поэтической импровизации получили свое ярчайшее выражение в форме – айтыс – состязание в искусстве импровизации. Формы акынских состязаний разнообразны. В их стихотворной структуре используются часто терме и желдірме.

Необходимо отметить и деятельность салов и сері - носителей высоко - профессионального устного песенно-поэтического искусства. Которому присущи мелодическое совершенство, поэтическая отточенность языка, широта охвата жизненно – общественных явлений, социальная заостренность. Творчеству свойственны мастерство формы, музыкального языка, ладо – интонационных переливов, многообразие мыслей и чувств. Одежда сері отличалась особой изысканностью, эстетической красотой и необычайной яркостью и броскостью. Салы и сері осуществляли воспитательную функцию, прививая молодежи основы степного этикета, в рамках которого на первый план выдвигалась душевная и духовная красота любви, сущность ее гармонии и вечности.

Одним из самых распространенных и значительных в казахской культуре слоев музыкантов, являются кюйшы (инструменталисты), авторы и исполнители кюев для традиционных инструментов кобыза, сыбызгы, домбры. Слово "кюй" (күй) – этномузыкальный термин, что в переводе с казахского языка означает «состояние». Природа этого жанра, призвана отражать все движения человеческой души. Кюйши – особо одаренная личность, обладающая даром импровизации, имеющая феноменальную память, наделенная чертами природной музыкальности, артистизма, владеющая поэтическим, прозаическим и исполнительским талантом. Высокому искусству кюйши обучались по системе устной

традиционной школы. Учитель (ұстаз) обучал навыкам и приемам игры на инструменте, развивал в нем творческие способности, передавал своему преемнику весь свой репертуар, знакомил с различными исполнительскими школами, проводя будущего кюйши через различные виды состязаний, затем благословлял (бата беру) на самостоятельную стезю. Искусство каждого кюйши и его стиль отличались яркой индивидуальностью, характерной манерой исполнения, определенным арсеналом средств музыкальной выразительности и разнообразием тематики кюев. В изучении этого синкретического искусства важное место принадлежит мировоззрению предков, так как оно во многом послужило основой для ее динамического развития. Об этом свидетельствуют многие понятия, функционирующие в традиционной культуре, и по сей день. Во все времена Человек был слитен с природой, и с древних пор сохранилось обожествление окружающей флоры и фауны. Наиболее распространенными тотемами у казахов были образы, ақсақ құлан (дикая степная лошадь) и ақ қаз (белая птица). Молодую невесту часто сравнивают с образом прекрасной птицы ақ қаз, аққу (белая лебедь), как символ чистоты и нежности. Особо следует отметить культ белого, ассоциируемого с цветом материнского молока. Об этом свидетельствует и культ Белой верблюдицы, распространенный во всей Центральной Азии. Так, например, аңыз – күй «Бөзінген», повествующий о белой верблюдице, теряющей и находящей своего верблюжонка является образцом древнего инструментального музыкального памятника. С древнейших времен сохранилось у казахов особое отношение к коню. Образ крылатого коня «Көкшолақ» связан с магическим музицированием бақсы и жырау, а образцы музыкально-поэтического наследия народа «Боз жөрға», «Қара жөрға», «Құлагер» и другие – символ преемственности с традиционными понятиями. Единство, тождество всего, что есть на земле, получило отражение в легендах (аңыз), дошедших до нас в устной форме. Многие философско – нравственные идеалы человека в области духовной культуры и искусства связаны с легендой о Қорқыте – врачом, философом, музыкантом, основоположенником казахской инструментальной музыки. Қорқыт – ата - «отец кюев» и создатель музыкального инструмента - кыл-кобыза. Вместе с кобызом, строение и названия частей которого олицетворяли свойственную шаманским представлениям 3-х-уровневую модель Вселенной (верхний, средний и нижний миры), Коркыт оставил потомкам великое наследие - кобызовые кюи - «Қорқыт», «Желмая»(Имя священной верблюдицы»), «Тарғыл тана»(«Пегая телка»), «Елимай»(«О, моя родина»), «Ұшардың ұлуы»(«Вой Ушар») и др.

Вглубь веков уходит и история развития домбровой и сыбызговой инструментальных традиций. Ученые отмечают, что хорезмийские двухструнки, бытовавшие не менее двух тысяч лет назад, имеют типологическое сходство с казахской домброй и были одним из распространенных инструментов ранних кочевников, живших на территории Казахстана. К наиболее архаичным образцам домбровой и сыбызговой музыки относятся кюи-легенды с названиями птиц и животных - «Аққу»(«Лебедь»), «Қаз»(Гусь»), «Нар»(«Верблюд»), кюи о хромоногих существах и несчастной охоте - «Ақсақ қыз»(«Хромая девушка»), «Ақсақ құлан»(«Хромой кулан»), кюи-плачи об утонувших детях и детенышах зверей - «Жөрға аю»(«Медведь-иноходец»), «Зарлау»(«Плач»), «Жетім қыз»(«Девочка-сирота») и др. Все они до сих пор несут в себе живую историю безмолвно ушедших тысячелетий.

19 век стал расцветом основных музыкальных традиций народа - инструментальной, песенной, акынской. На обширной территории Казахстана формируются различные профессиональные композиторские и исполнительские школы. Так, территория Западного Казахстана стала центральной зоной в развитии домбрового кюя төқпе, ареал Сары арки (Центральный Казахстан) - эпицентром профессиональной песни, юго-западный регион (Кармакчинский район) сохранил и развил богатейшие традиции эпического сказительства, а Жетысу - традиции айтыса.

Для современной музыки Казахстана характерно творческое переосмысление традиционных форм народного искусства. Интенсивное развитие оперно-симфонической и кантатно - ораториальной музыки, через изучение композиционного строения, жанровых истоков казахского фольклора.

Таким образом, при новом подходе в изучении традиционных форм казахского музыкально – поэтического искусства, необходимо учитывать следующие отличительные особенности:

1. Существовавшая на протяжении веков школа устной традиции
2. Импровизация и преобладание декламационно – речитативных интонаций фольклора
3. Многообразие форм и жанров музыкально - поэтического творчества
4. Обожествление и отождествление природы и музыки на раннем этапе развития
5. Сольное исполнительство вокальной и инструментальной музыки
6. Разнообразие исполнительских школ
7. Преемственная связь народных музыкальных традиций и исполнительства

Список используемой литературы:

1. Ахметов З. «Казахское стихосложение» -Алма-Ата: Наука, 1964г.
2. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений Алма –Ата 1961-1964г.
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений Алма –Ата 1961-1964
4. Елеманова С. Казахская музыкальная литература Алма-Ата 1993г
5. Кузембаева С. Егинбаева Т. «Лекции по истории казахской музыки»

CLIL, TBLT ЖӘНЕ BOPPPS МОДЕЛІ ӘДІСТЕМЕЛЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ НЕГІЗІНДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ (МОДУЛЬДЕР) ОҚЫТУ

ИБАТОВА Айнагүл Сисенбайқызы

О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледжі

Жаңаөзен қаласы, Қазақстан

ibatova_ainagul@mail.ru

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарғысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында техникалық және кәсіптік білім сапасын арттыру, мамандықтың мәртебесін нығайтуға бағытталған негізгі басымдықтардың бірінде оқытушылық құрам біліктілігін арттыру және дайындық сұрақтары белгіленген. Сондай - ақ Қазақстан Республикасында Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасына үштұғырлы білімді дамыту бағыты кіреді. Қазақстан халқына “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауында “Тілдердің үштұғырлығы” арнайы жобасын іске асырды.

Еліміз өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп қарыштап қадам басып жатқан тұста білім жүйесінеде тың өзгерістер енуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген. Осы бағытта жұмыс жасау үшін білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артты. Сапалы білім беру педагогтардың шеберлігі мен іскерлігіне байланысты.

Қазақстан Республикасында ұлттық және жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту аясында үштұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру және оқыту мен оқуда пән мен тілді біріктіру арқылы студенттің арнайы пәнді меңгеруіне қажетті тілдік білім мен дағдыларын жетілдіру әдістемесін игерту мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі - «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен ұйымдастырылған «Арнайы пәндерді (модульдерді) ағылшын тілінде CLIL, TBLT әдістемелері және BOPPPS моделінің интеграциясы негізінде оқыту» бағдарламасы бойынша ТжКБ ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлері мен басшыларының біліктілігін арттыру курсы.

Кәсіптік білім беру орталығының тренерінің жетекшілігімен заманауи полиэтникалық, полимәдени қазақстандық қоғамда рухани-адамгершілік құндылықтардың жаңартылған

жүйесін құруға бағытталған Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту стратегиясы мен мемлекеттік саясатын ұғыну, ТжКБ ұйымдарында үштұғырлы білімді енгізу қажеттілігін білу, көптілді білім беруді енгізу жөніндегі шетелдердің тәжірибесін түсіну мақсатында үш тілде оқытылған бұл курс нәтижелі болды.

BOPPPS моделінде CLIL, TBLT әдістемелерін негізге ала отырып, арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқытудың негізгі міндеттері:

- үш тілде білім беру процесінде білім беруді ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын түсіну;
- арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін үйрену;
- арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесіне CLIL пәндік - тілдік интеграцияланған оқыту әдістемесін тәжірибеде қолдана білу;
- оқу сабағын CLIL пәндік - тілдік интеграцияланған оқыту әдістемесі негізінде жоспарлай білу;
- ағылшын тіліндегі арнайы пәндер бойынша оқу - әдістемелік қамтамасыз етуді қалыптастыра білу;
- арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту кезінде CLIL пәндік - тілдік интеграцияланған оқыту әдістемесі бойынша бағалау жүйесін қолдана алу;
- педагогикалық қызметкерлердің кәсіби ағылшын тіліндегі білімдерін үздіксіз жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыру.

BOPPPS моделі (алты кезеңі) бойынша сабақты жоспарлау кезінде оқытушы 3 негізгі кезеңді ескеруі қажет: кіріспе бөлім (көпір салу, міндетті және күтілетін нәтижені анықтау, алдын-ала бағалау), негізгі бөлімі (белсенді оқыту), қорытынды бөлім (бағалау және қорытынды шығару).

BOPPPS моделінің алты кезеңі:

1. Bridging-in (көпір салу/байланыс орнату)
2. Outcomes (міндеттер және күтілетін нәтижелер)
3. Pre-assessment (алдын ала бағалау)
4. Participatory Learning (белсенді оқыту)
5. Post-assessment (пост-бағалау)
6. Summary (қорытынды)

BOPPPS моделі оқытушылардан оқыту кезеңдеріне белсенді оқытуды дәйекті түрде қосуды қарастырады. Оқыту моделінің кезеңдері:

Bridging-in (көпір салу/байланыс орнату) әдетте қысқа уақытқа созылады. Сабақтың мақсаты мен міндеттерін белгілеу, күтілетін нәтижені айқындау міндетті болып табылады. Көпір салу үшін келесі стратегияларды қарауға болады:

- Сабақ тақырыбымен байланысты тарих айту;
- Жеке релеванттық тарихты айту;
- Жаңа тақырыпқа қатысты мақаласы бар газет әкелу;
- Студенттер өмірі немесе ағымдағы тақырыппен байланысты қозғау салу сұрақтарын құру және беру;
- Әзіл, қалжың пайдалану;
- Тақырыпқа сай видеороликтер көрсету;
- Ерекше фактілер келтіру арқылы немесе айрықша бір өтініш жасау секілді әрекеттермен білім алушылардың назарын жаңа тақырыпқа аудару.

Студенттердің тақырыпқа қызығушылығын ояту мақсатын көздейтін сабақтың бұл кезеңі шамамен 5-6 минуттан аспауы қажет.

Outcomes (міндеттер және күтілетін нәтижелер) – бұл сабақ аяқталғаннан кейін студенттердің не істей алатындықтарын анықтайды.

Күтілетін нәтиже келесі пункттарды қамтитын бір сөйлем ретінде жазылады:

- Кім (әрқашан студент);
- Не істейтін болады (білім мен білік деңгейін көрсететін әрекеті);
- Қандай жағдайларда;
- Қаншалықты деңгейде (орындау критерийлері бойынша).

Мысалы: Күтілетін нәтиже: екі академиялық сағат аяқталғаннан кейін білім алушылар әдебиет теори-ясы бойынша көркем шығармаларға талдау жасай біледі.

Pre-assessment (алдын ала бағалау) тақырып бойынша студенттердің қолданыстағы ақпараттық деңгейлерін, білімдерін алдын-ала бағалау оқытушының басты міндеттерінің бірі. Бұл кезеңде «Студенттер тақырып жөнінде не біледі?» сұрағына жауап алынады.

Алдын-ала бағалауда әртүрлі әдіс - тәсілдерді пайдалануға болады. Мысалы, алдын - ала тестілеу, сұхбат, менеджерлерден кеңес алу, қатысушылардың өзін - өзі бағалауы, сол секілді граффити қабырғасы, «Иә/Жоқ» карточкалары, т.б. технологиялары арқылы білімдерін айқындау тиімді.

Participatory Learning (белсенді оқыту) – бұл студенттерді оқу үдерісіне белсенді араластыру, студенттерге жаңа материалды, ақпараттарды белсенді түрде біріктіруге мүмкіндік беру, өткен және жаңа білімді тереңдету, үштілді сөйлеуді жетілдіру.

Белсенді оқытуда джигсо, сын тұрғысынан ойлау, кейс-стади, мини жоба, дебат, миға шабуыл, шеберхана, аквариум, рөлдік ойындар, инцидентке шешім, лабиринт, ассоциациялау, «Категориялар», картинкалармен жұмыс, графикалық органайзер, жүгіру диктанты, жұмыс үстелі, кілемше т.б. технологияларды оңтайлы қолдану студенттерді жаңа контентті меңгеру үрдісіне белсенді түрде тартатындығы курсты оқу барысында тыңдаушылардың белсенді әрекеттерінен көрінді.

Post-assessment (пост-бағалау) – бұл кезеңде жаңа контент пен тілді игеру мазмұны ескеріле отырып, оқытушымен және студенттермен талқылау үстінде жүзеге асады. Рубрикалық бағалау түрлері, білім алушылардың бірін-бірі немесе өзін-өзі талдау арқылы матрицалық бағалауы, кері байланысты қамтамасыз ету қызығушылықты тудыруға себеп болады және оларды ынталандыруға ықпал етеді.

Студенттерді академиялық үлгерімдерін бағалауға тарту – олар үшін өте қызықты құбылыс. Мысалы, «BLOB's Tree» (BLOB шырша) әдісімен өзінің жаңа танымды игеру деңгейін анықтауы, оны дәлелмен келтіруі тақырыпты зерттеу барысында өзін-өзі тану жолдарын қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігін курс қатысушылары өз тәжірибелерінен түсінді.

Курсты зерделеу барысында диалог арқылы өзара оқытуға, қиындық туғызатын мәселелерді шешуге, білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысты-руға бағытталған топтық, жұптық жұмыстар тиімді ұйымдастырылғанын айтып өту орынды. Курс қатысушылары интернетпен жұмыс жасауға, АКТ-ны қолдануға, түрлі интерактивті әдіс-тәсілдермен танысуға мүмкіншілік алды. Осының бәрі оқытушылардың оқу үрдісіне белсенді қатысуына себеп болды.

Қазақ тілінде курс жүргізетін оқытушылар саны басым болғандықтан курс орыс және қазақ тілдерінде өтті. Семинарға қажет ресурстар екі тілде әзірленді және семинарға қатысушылар қалаған тілінде ақпарат алмасуға мүмкіндік алды. Тиімді ұйымдастырылған топтық, жұптық жұмыстар туындаған қиын сұрақтардың шешімін табуға, интерактивті тақтаны пайдалана отырып презентацияларын қорғауға, диалог арқылы өзара оқытуға бағытталды.

Біліктілікті арттыру кезінде мен кездескен қиыншылықтар:

1. Шет тілінде лексиканың жеткіліксіз болуы;
2. Шет тілінің грамматикасын білмеу.

Курс соңында барлық қатысушылар арнайы пәндерді ағылшын тілінде CLIL, TBLT әдістемелері және BOPPPS моделінің интеграциясы негізінде оқыту әдістерін оңтайлы қолдануды білді; кейбіреулері – тәжірибе жұмысын толығымен орындай алды, қойылған мақсаттарға жетті.

- разработать и иметь в достаточном количестве новые учебники и пособия, практикумы по решению изобретательских и исследовательских задач;
- методика преподавания должна быть направлена на передачу студентам действий с соответствующими комментариями каждого действия;
- подготовить высоко квалифицированных преподавателей и мастеров производственного обучения, в совершенстве владеющий новыми методами обучения, причём их формирование должно осуществляться на конкурсной основе;
- создать в полном объёме учебно-методические комплексы по каждой дисциплине, где бы каждая тема рассматривалась с использованием методов проблемного обучения и ТРИЗ, на основе анализа которых уже в первом приближении, можно судить об эффективности учебного процесса.

Список литературы

1. Государственная программа развития образования в РК до 2020 г.
2. Указ Президента РК №464 Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020», 08.01.2013г.
3. Калиев А.К. Инновации военного образования (на материалах ВВУ ВВ МВД РК) – дисс. канд. пед. наук. – Алматы, 2006. – ВИ КНБ РК.
4. Альтшуллер Г.С., Злотин Б.Л., Зусман А.В., Филатов В.И. Поиск новых идей: от озарения к технологии. (Теория и практика решения изобретательских задач). Кишинёв. «Картя Молдовеняске», 1989.
5. Нилов В.П., Нилов А.В. Основы изобретательской и рационализаторской работы во внутренних войсках. Петропавловск, 2007.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ, ОТАН СҮЙГІШТІК РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

МАРАТОВА Алия

Ғылыми жетекші: Карипбаева Ш.Т. педагогика ғылымдарының магистрі

Семей қаласының Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті

Семей қаласы, Қазақстан

shinar_semei@mail.ru

Аннотация

Мақалада бастауыш сынып оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің ерекшеліктері, көркем шығарма арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие берудің жолдары көрсетілген.

Аннотация

В статье отражены особенности воспитания патриотизма младших школьников, пути патриотического воспитания учащихся через художественное произведение.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет бола алатындығын бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет - осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды "Отаным"- деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы- бұның басты шарттарының бірі.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында "Білім беру жүйесінің міндеттері: азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Рсспубликасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуте, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу" десе, ал орта білімді дамыту тұжырымдамасында "тәрбиелік жұмыстарды қазақстандық патрмотизм. азаматтык, ізгілікті интернационализм негізінде құру"- керек екендігі көрсетілген [1].

Бастауыш буын – қайталанбайтын кезең, ақиқаты сол, білім негізі бастауыштан басталады. Бастауыш білім беру сатысы оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді. Бастауыш сатыдағы білім берудің бағдарлы мақсаты – оқу әрекетін қалыптастыру; айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік тәрбие түрлеріне сай сезім қатынас қарым – қатынасқа дайындау; өзін қоршаған және өмір сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік ортаны тануға, сүюге, қорғауға, өзін ұстай білуге үйрету болып табылады. Оны оқу, ойын, еңбек, қарым – қатынас сияқты түрлерін меңгерумен қамтамасыз етуге болады. Бастауыш сынып оқушылары оқу сабағы, тәрбие сағаттары, сыныптан, мектептен тыс жұмыстар арқылы танымдық, тәрбиелік әрекеттерін қалыптастырады [5].

Оқу адамның жеке басы танынымының ерекше түрі. Оқи жүріп оқушылар өздерін қоршаған дүниені, елін, жерін, ұлтын, мәдениетін, тілін таниды.

Қазақстан мектептерінде өсіп келе жатқан жас буындарда патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен практикасына қатысты жеткілікті тәжірибелер жинақталған. Осы тәжірибелердің белгілі бір кезеңдегі жай-жапсарын зерттеу, танып білу, оның нәтижелерін нарықтық экономика жағдайында мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу жолдары мен бағыттарын қарастыру бүгінгі күн талаптарынан туындап отыр:

-мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік аспектілері, мақсат-міндеттері, мазмұны Ю.К.Бабанский, Н.И.Болдырев, В.А.Сухомлинский т.б. зерттеулерінде дәлелденген;

-Қазақстанда білім беру саласының даму тарихы мен ұлттық тәлім-тәрбие саласының әр түрлі проблемаларына қатысты Т.Тәжібаев, Қ.Бержанов, С.Мусин, А.Сембаев, Қ.Құнантаева, Б.Мұқанова, Г.М.Храпченков, Э.А.Урунбасарова т.б. қарастырған:

-халықтық педагогиканы жастар тәрбиесінде тиімді пайдалану мен оларды музыкалық шығармалар арқылы патриотизмге тәрбиелеу мәселелері Қ.Жарық6аев, С.Қалиев, М.Х.Балтабаев, И.Р.Халитова, Б.М.Бекмұхамедов т.б. еңбектерінен орын алған;

«Отан - от басынан басталады»- дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі - Отан мен ел мүддесі. Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі екені жадымыздан әсте шықпағаны абзал. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Ұрпақ тәрбиесін келешек қоғам қамын ойлау тұрғысынан қарастырып, М.Дулатов “Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсері күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітап-шасы ана тілінде өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғатынан жазылып, баяндап оқыту-ды, осылай біліп баяндап оқытқанда, жас баланың ойына, қанына, сүйегіне керекті мағлұмат алып шығады”,- деген болатын. Жас

ұрпақты ұлттық бірлікке, Отаның елін, жерін сүюге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз үлесін қосуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Көркем шығармаларда патриоттық сезімді ардақтап, батырлық, ерлікке мадақтағау, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген. Бұл тақырыпта әңгіме, ертегі, өлең, жырлар туғанын, оларда халықтың батырлық, ерлік істерді және оны жасаушыларды ардақтағанын білуге болады [2].

Халықты сүйсіндірген бұл әңгімелер, оның мақалаларында да айрықша орын алып отырған. Халық ауыз әдебиетінің бір саласы болып табылатын ел қорғау, батырлық істер жайында туған халық мақалдары халықтың бұл жөніндегі ой-тілегі, арман-мүддесі, патриоттық сезімі, ұлттық мақтанышы қандай екенін көрсетіп отырады. Осы тақырыптағы мақалдар, ең алдымен кімге болса да, туған жер, өсіп-өнген ел-отан аса қасиетті, қадірлі қымбат, ыстық деп көрсетеді. Мысалы “Ел іші - алтын бесік”, “Туған жердің тауы да ыстық”. Ал сонымен қатар туған елді, жерді басқа елдермен салыстырып, әркімге өз елінен артық ел жоқ екенін аңғартатын мақалдар да баршылық. Оған дәлел: “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол”, “Кісі елі -күміс, өз елің –алтын” т.б. мақалдар. Оқу-тәрбие үрдісінде жер, отан, тау, тас, табиғат, жан-жануарлар т.б. туралы жұмбақтар бастауыш сынып оқушыларының еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімдерін дамытады.

К.Д.Ушинский айтқандай, “Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс” - дейді, яғни әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, салтын сақтап, сол рухта тәрбиелеуге баса назар аудару қажеттігін ескерткен Сондықтан да біз жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуде халқымыздың салт-дәстүрін, ерлік үлгілерімен сабақтастыра жүргізуді орынды деп есептейміз. Бұдан шығатын қорытынды, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің кез келген жанрын бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушылардың тілін дамытудың, дүниетанымын қалыптастырудың, оларға патриоттық тәрбие берудің бірден-бір жолы болып табылады [3].

Патриоттық тәрбие жалпы тәрбиенің құрамды бөлігі және мектеп оқушыларының патриоттық, жоғары қазақстандық сезімін қалптастыруға бағытталған, мақсатты, ұйымдастырылған және психологиялық- педагогикалық процесс болып табылады.

Патриоттық тарбие жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі және бастауыш сынып оқушыларының патриоттық, жоғары азаматтық сезімін қалыптастыруға бағытталатын мақсатты ұйымдастырылған және басқарылатын психологиялық- педагогикалық үрдіс болып табылады. Патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс- әрекет түрлері тәрбие процесінің нақты мазмұнын анықтайды. Ондай іс- әрекеттерге оқу-танымдық, спорт-қорғаныс, ойын, еңбек, қоғамдық-саяси, көркемдік-эстетикалық іс-ерекеттерді жатқызуға болады. Бастауыш сынып оқушылардың мектеп жағдайында патриоттық іс- әрекет кезінде көз-қарасының қалыптасуына қоғамдағы өзгерісті түсіну, жалпы адм баласына әрбір азаматқа тән нормада не үшін жаңару керектігін ұғындыру және еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігінің қасиетті нышандарын қастерлеу болып табылады [4].

Оқушыларға білім мен тәрбие беруде сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің бір бөлігі болып табылады. Олардың түрлері өте көп. Жаратылыстану пәндері бойынша әңгімелер мен лекциялар, топсеруендер мен танымжорықтар, зерттеулер мен байқаулар, сынып бөлмелерінде және жергілікті жерлерде жүргізілетін сарамандық және зертханалық жұмыстар, апталықтар, кештер, интелектуалды шоу, т.б. өткізуге болады.

Қорыта келе, тәрбиедегі ең басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымғы тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлары негізінде жас ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған бай тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Қазақстан - 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы, Білім, 1997. 176-6.
2. С.Қалиұлы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы (Оқу құралы). Алматы, Білім, 2003. 280-6.
3. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. - М.: Педагогика, 1990. - 286с.
4. Жұмақанов Ә. Патриоттық және интернационалдық тәрбие беру жолдары //Қазақстан мектебі. - 1971. - №3. - 206.
5. Сейдахметова Л.Т. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің дамуы (1970-2000 жылдар): дис. ...канд. пед. наук. - Алматы, 2001. - 1496.

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МҰҒАЛІМ. ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***КУРМАНАЕВА* Алтыншаш Жанербековна**
Ғылыми жетекші: Секенова Балкүміс Байжанқызы
Ж. Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Көкшетау қаласы, Қазақстан
dreamaltynshash@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада жаңа форматтағы мұғалімнің қызметтері қандай болу керек және ол немен ерекшеленетіні туралы айтылды.

Кілт сөздер. Педагогикалық қызмет, педагогикалық қабілет, педагогикалық шеберлік.

Егемен еліміздің тірегі, мәртебелі мектебіміздің жүрегі – мұғалім. Еліміздің жұпар аңқыған гүлдердей көркею мен тамырын терең жайған ағаштай өсуі тікелей мұғалім маман иегерлеріне байланысты. Себебі, жас еліміздің жаһандану сатысына ілігуі мен дамуына айқын үлесін қосатын жас ұрпақтарды тәрбиелеуші, қалыптастырушы, ол – мұғалім.

Қазіргі қақтығыс пен бәсекелестік орын алған заманда жаңа форматтағы мұғалімнің тұлғасы мәдениеті мен білімі, қабілеті мен дарыны, танымы мен санасы жоғары ұлы тұлға ретінде суреттеледі. Ұлы тұлғаның міндетін мақтанышпен атқарып жүрген ұстаздар бүгінгі қоғамда жиі кезігеді деп айта алмаймын. Бірақ өз міндетін жауапкершілкке алған ұстаздар жоқ емес. Алайда ондай ұстаздардың бойына жетекшілік қабілеттерін дамыту мен біліктілігін артыру жетіспейді. Егер, еліміздегі әр ұстаз өз сабағын инновациялық технологиялармен толықтырғанда, дамушы қоғамымыз дамыған күйге баяғыда жетуші еді. Оның себебі – АҚШ-тың президенттерінің бірі былай деген болатын: «Америкада мықты университеттердің болуы, Американың бай мемлекет болғандықтан емес, Американың бай мықты болуының себебі, онда күшті университтердің болғандығынан». Яғни, бұл дегеніміз, сіздің қай мемелекетте оқығандығыңыз маңызды емес, бастысы сонда алған біліміңізді дәлелдей білуіңізде. Сіз экономикасы төмен елде немесе шағын қалашықтағы университетте жоғары білім алып оқи аласыз. Және сол арқылы әлемге атағы кең жайылған мықты бірлестікте немесе одақта жұмыс істей аласыз. Есіңізде болсын, майкрософт және фейсбук жүйесін ойлап тапқан бірлестіктер сіздің қай жерден келгеңізге емес, қандай біліммен, білікпен, деңгеймен, ой жүйеңіздің мықтылығыңызбен келгеңізге қарайды. Ендеше, мұғалім де «мемлекет әлі дамып жатыр» деп сылтауратып өз жұмысына салғырт қарап отырмауы керек. Ол әлем ойлап тауып жатқан технологиялардан хабардар болып, өз жұмысына шығармашылық жолмен қарауы тиіс. Мысалы, Америкада бұл мәселе өз шешімін тапқан. Бәрімізге белгілі оқушылар емтихан тапсырғанда, мұғалім оқушыға қарағанда екі есе қобалжиды. Осы мәселені шешу мақсатында Американың бастауыш мектебінің мұғалімі Чайнди Уеркпарт емтихан басталмас бұрын, әр оқушының оқу үстеліне келіп мотивациялық нақыл сөздерін жазып кетеді екен. Ал ресейлік

Волгарад мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Роман Глуховский тарих сабағының тақырыптарына сай материалдар әкеліп, (Мысалы, оқушыларға баhадүрдің дуылғасын кигізу арқылы, балаларға орта ғасырға уақыт машинасымен саяхат жасағандай сезім тудыратыны көрінеді) балалардың оқуға деген қызығушылығын артыру арқылы, сыныптың білім деңгейін көтеруге өз септігін тигізіп қана қоймай, өзінің конструктивті қабілетінің және педагогикалық қызметінің шыңдалғанын көрсетеді.

Педагогикалық еңбек, мұғалімдік қызмет – қоғамдық өмірдің өзіндік ерекше саласы. Ол мәнді де ерекше қоғамдық қызмет атқарады. Оның қоғамдағы орны қоғамның әлеуметтік және мәдени жағдайына тікелей байланысты[1].

Мұғалім психологиясы оның педагогикалық қызметті іске асыру процесінде пайда болады, қалыптасады және жаңғырады. Педагогтың – кәсіби мақсаты – өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып саналатын қоғамның ересек мүшелерінің іс-әрекеті. Оны жүзеге асырудың мазмұны мен әдістерінің өзіндік формалары мен функциялары болады. Мұғалімнің қоғамдағы орны мен функциясы арқылы қоғамның мұғалімге қоятын талабы мен өзіндік үміт-бағдары айқындалады. Мысалы, В.Дальдің «Түсіндірме сөздігінде» «мұғалім», «тәлімгер», «оқытушы» деген анықтама беріледі. Демек, мұғалімдік қызметтің екі негізгі функциясы бар. Олар: оқушылардың әлеуметтік тәжірибені қабылдауы мен іске асыруын басқару және азаматтың жинақтаған білімдерін тарату. Мұғалімнің бұл екі функциясы адамзат тарихы барысында (мұғалім ретінде шыққан орта ғасырдағы сопылар да, ақсүйек педагогтар да) ең негізгі болып келеді. Қоғамның дамуына сәйкес мұғалімнің қызметтік функциясы бірге дамып, өзгеріп, өңделіп отырады. Бұл өскелең ұрпақтың тәрбие жүйесіне қойылып отырған нақтылы мақсаттар мен міндеттерге тығыз байланысты. Мысалы, кеңес дәуірінде мұғалімінің қоғамдық орны мен функциясы дамыған социализм қоғамының жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ісі мен коммунистік тәрбиенің барлық жүйесін дамытумен аса зор маңызымен айқындалды. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлік Кеңесінің 1977 жылғы 29 желтоқсандағы «Жалпыға бірдей орта мектептің оқушыларын үйретуді, тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру және оларды еңбекке баулу» қаулысында жалпыға бірдей орта білім жағдайында жас ұрпақтарды оқытып, тәрбиелеуде қоғам алдында мұғалімнің жауапкершілігі арта түсетінін атап көрсетті. Және соған сәйкес кеңес кезеңіндегі мұғалім бірқатар функуцияларды орындайтын. Мұғалім – сыныпта оқу процесін ұйымдастырушы. Ол – оқушылар үшін сабақ үстінде қосымша сабақ және консультация кезінде білімнің қайнар бұлағы болып есептелген. Қазіргі кезде де мұғалімнің бұл фукнкциялары өз орнын жоғалтқан жоқ. Мысалы, қазіргі және бұрынғы кеңес мұғалімі – әлеуметтік психолог болып табылды. Себебі, мұғалім балалар ұжымының қарым-қатынасын реттеудің әлеуметтік механизмдерін білуі мен пайдалана білуі қажет. Егер, мұғалім әлеуметтік психолог болмағанда, балалар ұжымының керағар байланысы сабақтың ойдағыдай жоспарлы өтуіне өз кері ықпалын берер еді. Мұғалімнің әлеуметтік психолог болуы оның тәрбиелеу қызметімен тығыз байланысты. Ал тәрбиелеу қызметі дегеніміз не?

Тәрбиелеу қызметі – үздіксіз шығармашылық процесі. Ол педагогты зерттеуші адамның жағдайына қойып, оның алдына барған сайын жаңа міндеттер тұрады. Оларды шешу үлкен қиындықтар келтіреді, алайда оларды шешу үлкен қуаныш әкелетінін ұмытпағанымыз жөн[2].

Белгілі жағдайларда оқу процесінде туатын қайшылықтар оқыту процесінің қозғаушы алғышарттары болып табылады. Бұл шарттар төмендегідей жолдарды қамтиды:

1. Мұғалім қоғам үшін және оқушылардың өзі үшін оқудың қаншалықты маңызы бар екендігін балаларға түсіндіре біледі.

2. Мұғалім оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін біле отыра, оқытудағы міндеттерді сатылай күрделіндіре қоя біледі.

3. Мұғалім оқытудағы басты міндеттерді шешуге балалардың назарын шоғырландыра біледі.

4. Мұғалім – оқушылардың танымдық іс - әрекетін шебер ұйымдастырушы, олардың рухани кемелденуіне мүдделі қамқор адам.

Осындай көп жақты функцияларға қарап мұғалімге қойылатын талаптардың жүгі қаншалықты ауыр екенін болжауға болады.

Мұғалім – қоғамдағы орны ерекше тұлға. Ол мемлекетіміздің құндылығын, құрметтеу жауапкершілігін шәкірттерге жеткізіп дамытушы және білім беру сапасын арттыруда мемлекет саясатын жүзеге асырушы болып табылады.

Мұғалім мектептегі басты тұлға дегенде, оның жеке басындағы баланы оқытатын білімдар етерлік түрлі қасиеттері айтылады. Солардың бірі - оның балаларға деген сүйіспеншілігі. Біреудің баласын жақсы көру және оған сапалы да, тәрбиелі білім беру кез-келген ұстаздың қолынан келе бермейді. Ал соған жету үшін қандай шаралар қолдану керек? Бұл сұрақтың жауабы жоғарыда атап өткеніміздей, балаға деген сүйіспеншілікпен тығыз байланысты. Балаға деген сүйіспеншілік – мұғалім жұмысын табысқа жетелейді. Бұл жайлы терең ой қозғап, пікір алмастырған Амонашвили Шалва Александровичтың «Ынтымақтастық педагогикасы», «Ізгілендіру» технологияларын, атап өтпеу ауыр қылмыспен тең. Амонашвил атамыздың ізгілендіру технологияларының негізгі мақсаты – баланың жеке қасиеттерін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеу. Осы ұстанымды негізге ала отырып, ұстаз әр оқуышыны, соның ішінде нашар оқитыны болсын, жақсы оқитыны болсын, барлығын бірдей жеке тұлға ретінде қабылдауы қажет. Мысалы, нашар оқитын бала белсенділік танытып, сабаққа ат салысқан жағдайда, оның достарымен бірге қуанып, балаға оқуға деген ынтасын арттыру қажет.

Мұғалім шешуге тиіс міндеттерге, оның қоғам үшін өте маңызды функциялары мен қызметінің күрделігіне қарап, қоғам мұғалімнің жеке басына және кәсіптік қасиетіне жоғары талаптар қояды. Олар мыналар:

1. Саяси сауаттылықтың болуы немесе кемелденуі;
2. Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары дамыған сезімнің қалыптасуы және болуы;
3. Ізгілік және интеллектуалды жетілу;
4. Жан – жақты білімділік, білімнің әртүрлі саласынан хабардар болуы;
5. Жұмысқа деген творчестволық көзқарас;
6. Балалар психологиясын жете білуі мен түсінуі;
7. Педагогтық техника мен әдептілікті терең меңгеруі;
8. Педагогикалық шеберлікті жетілдіріп отыруы;
9. Инновациялық іс-әрекетті тиімді қолдана білуі қажет.

Инновациялық іс-әрекет дегеніміз, мұғалімнің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде өз кәсіби дәрежесіне байланысты шешуге дайын болуын айтамыз. Педагогтың инновациялық іс-әрекеті төмендегідей белгілермен сипатталады:

1. инновациялық іс - әрекеттің қажеттілігін сезіну;
2. оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізуде шығармашылық қызмет етуге даярлығының болуы;
3. енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болуы;
4. белгілі мәселені шешудегі қолданылатын инновациялық іс- әрекетті толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі.

Жоғарыда танылып өткен талаптар мен міндеттерді елеміздегі әр ұстаз аса жауапкершілікпен орындауы шарт. Бұл талаптар мұғалім қызметін ерекшелендіріп қана қоймай, оның өз саласында мықты кәсіби маман атануына өз игі ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ш. Х. Құрмаланина, Б. Ж. Мұқанова, Ә.У. Ғалымова, Р. К. Илясова «Педагогика», Астана –2007.

2. Қадыржан Сейтқалиез «Педагогиканың жалпы негіздері», – Алматы.

3. Б. Б. Секенова «Педагогикалық шеберлік негіздері», Көкшетау – 2018.

КОНФЛИКТІЛЕРДІ КОНСТРУКТИВТІ ШЕШУ

КУСАИНОВА Айман Толеутаевна, АЛЬЖАНОВА Айгерим Жаксыбаевна, БУЛАНБАЕВА Зарина Керимбекқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қарағанды қаласы, Қазақстан

aiman_kusainova91@mail.ru

Аннотация

Мақалада конфликтілерді шешу формалары, шарттары және факторлары қарастырылған. Конфликтілерді конструктивті шешу критерийлері сипатталған. Сонымен қатар, авторлар конфликтіні шешу стратегияларына сипаттама береді.

Abstract

The article considers the forms, conditions and factors of conflict resolution. The criteria for constructive conflict resolution are described. Also, the authors describe strategies for resolving the conflict.

Конфликтологияда конфликт динамикасындағы соңғы кезеңді конфликтіні шешу терминімен белгілеу дәстүрге айналды. Алайда көптеген авторлар даулы іс-әрекеттерді тоқтату ерекшелігі мен толықтығын көрсететін басқа да ұғымдарды пайдаланады, мысалы, «өшу» (В. Бойко, А. Ковалев), «жеңу» (Н. Н.), «жолын кесу» (А.Каменев), «реттеу» (А.Хилл), «жою» (Р.Аккоф, Ф.Эмери) және т.б. Аталған ұғымдардың ішінен конфликтілердің аяқталуы неғұрлым кең болып табылады, себебі ол кез келген себептер бойынша конфликтінің аяқталуын сипаттайды. Конфликтіні аяқтаудың негізгі формалары: шешу, реттеу, өшу (басылу), жою, басқа конфликтке ұласу.

Конфликтіні шешу – бұл конфликтке алып келген қарсы іс-қимылды тоқтатуға және мәселені шешуге бағытталған оның қатысушыларының бірлескен қызметі. Конфликтіні шешу екі тараптың да белсенділігін, олар өзара іс-қимыл жасайтын жағдайларды қайта құруды, конфликтінің себептерін жоюды көздейді. Конфликтіні шешу үшін оппоненттердің өздерін (немесе олардың ең болмағанда біреуін), олардың конфликтідегі ұстанымдарын өзгерту қажет. Конфликтіні шешу оппоненттердің оның объектісіне немесе бір-біріне қарым-қатынасының өзгеруіне негізделеді.

Конфликтіні реттеу конфликтіні шешуден қарсыластар арасындағы қайшылықты жоюға үшінші тараптың қатысатындығымен ерекшеленеді. Оның қатысуы қарсылас тараптардың келісімімен де, олардың келісімінсіз да мүмкін болады [1].

Конфликт аяқталған кезде оның негізінде жатқан қайшылықтар әрдайым шешілмейді. Басшылар мен бағыныштылар арасындағы конфликтілердің тек 62%-ы ғана шешіледі немесе реттеледі. Конфликтілердің 38%-ында қарама-қайшылық шешілмейді немесе шиеленіседі.

Конфликтінің өшуі (басылуы) – бұл конфликтінің негізгі белгілерін (қайшылықтарды және кернеулі қатынастарды) сақтай отырып, қайшылықты уақытша тоқтату. Конфликт «айқын» формадан жасырын түрге өтеді. Конфликтінің өшуі (басылуы) әдетте келесі нәтижелерден болады:

- күреске деген мотивацияны жоғалту (конфликт объектісі маңыздылығын төмендетеді);
- оппоненттердің мотивациясының қайта бағдарлануы, конфликтке қарағанда аса маңызды жаңа мәселелердің пайда болуы;
- күрес үшін қажетті ресурстарының, күштердің таусылуы.

Конфликтіні жою деп оған әсер етуді түсінеді, оның нәтижесінде конфликтінің негізгі құрылымдық элементтері жойылады**.** Жоюдың «конструктивті еместігіне» қарамастан, конфликтіге әсер етуді талап ететін жылдам және қатаң жағдайлар бар (зорлық-зомбылық қаупі, адамдардың қаза болуы, уақыт немесе материалдық мүмкіндіктердің тапшылығы). Конфликтіні жою мынадай тәсілдердің көмегімен мүмкін болады:

- конфликтіден оппоненттердің бірін алып тастау (басқа бөлімге, филиалға ауыстыру, жұмыстан босату);

- оппоненттердің ұзақ уақытқа өзара іс-қимылын болдырмау (бір немесе екі адамды іссапарға жіберу және т.б.);

- конфликт объектісін жою (анасы конфликтіге түскен балалардан конфликтіні туындатқан ойыншықты алып кетеді);

- конфликт объектісінің тапшылығын жою.

Басқа конфликтіге ұласу тараптардың қарым-қатынастарында жаңа, неғұрлым маңызды қарама-қайшылықтар пайда болған және конфликт объектісін ауыстыру орын алған кезде орын алады.

Сонымен қатар, конфликтіні шешу критерийлері туралы мәселе де маңызды. Американдық конфликтолог М. Дойчтің пікірінше, конфликтіні шешудің негізгі өлшемі – тараптардың оның нәтижелерімен қанағаттануы болып табылады. Ресейлік педагог В.М. Афонькова конфликтіні шешудің мынадай критерийлерін атап өтті: қарсы тұруды тоқтату; жарақаттаушы факторларды жою; конфликтідегі тараптардың бірінің мақсатына қол жеткізуі; индивидтің позициясын өзгерту; болашақта ұқсас жағдайларда индивидтің белсенді мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру.

Конфликтіні конструктивті шешу критерийлері конфликт негізінде жатқан қарама-қайшылықты шешу дәрежесі және ондағы оң оппоненттің жеңісі болып табылады. Конфликтіні шешу кезінде оны туындатқан мәселені шешімнің табылуы маңызды. Қарама-қайшылық толық шешілген сайын, қатысушылар арасындағы қатынастарды қалыпқа келтіру үшін мүмкіндіктер соғұрлым көп, конфликтінің жаңа қарсы күреске өсу ықтималдығы аз. Оң жақтың жеңісі маңызды болып табылады. Шындықты бекіту, әділдік жеңісі ұйымның әлеуметтік-психологиялық ахуалына, бірлескен қызметтің тиімділігіне жағымды әсер етеді, конфликт арқылы құқықтық немесе адамгершілік тұрғыдан күмәнді мақсатқа жетуге ұмтылатын адамдарға ескерту болып табылады. Дұрыс емес тараптың да өз мүдделері бар екенін есте сақтау қажет. Егер оларды елемеу, дұрыс емес оппоненттің мотивациясын қайта бағдарлауға тырыспасақ, онда бұл одан әрі жаңа конфликтілердің пайда болуына әкелуі мүмкін [2].

Конфликтілердің конструктивті шешілуіне әсер ететін шарттар мен факторларды бөліп қарастырады. Олардың көпшілігі психологиялық сипатқа ие, өйткені ол оппоненттердің мінез-құлқы мен өзара іс-қимылының ерекшеліктерін көрсетеді. Кейбір зерттеушілер ұйымдастырушылық, тарихи, құқықтық және басқа да факторларды көрсетеді. Оларды толығырақ қарастырайық.

Конфликтілік өзара іс-қимылды тоқтату – кез келген конфликтіні шешуді бастаудың бірінші және айқын шарты. Бір немесе екі тарап та өз ұстанымын күшейту немесе зорлық-зомбылық көмегімен қарсылас позициясын әлсірету жөнінде қандай да бір шаралар қабылдап жатса, конфликтіні шешу туралы сөз қозғала алмайды.

Оппоненттердің мақсаттары, мүдделері бойынша ортақ немесе жақын қарым-қатынас нүктелерін іздеу екі жақты процесс болып табылады және өзінің мақсаттары мен мүдделерін, сондай-ақ басқа тараптың мақсаттары мен мүдделерін талдауды көздейді. Егер тараптар конфликтіні шешкісі келсе, олар қарсылас тұлғасына емес, мүдделерге шоғырлануы тиіс.

Конфликтіні шешу кезінде тараптардың бір-біріне тұрақты теріс қатынасы сақталады. Ол оппонент туралы теріс пікірде және оған қатысты теріс эмоцияларда көрінеді. Конфликтіні шешуге кірісу үшін бұл теріс қатынасты жеңілдету қажет. Ең бастысы – оппонентке қатысты пайда болатын жағымсыз эмоциялардың қарқындылығын төмендету.

Бір мезгілде оппонентте жаудың, қарсыластың бейнесін көруді тоқтату керек. Конфликтіні туындатқан проблеманы күш-жігерді біріктіріп, бірлесіп шешу керек екенін түсіну маңызды. Бұған, біріншіден, өз позициясы мен іс-қимылдарын сыни талдау ықпал етеді. Өз қателіктерін анықтау және тану оппонентті жағымсыз қабылдауды төмендетеді. Екіншіден, басқаның мүдделерін түсінуге тырысу керек. Түсіну – қабылдау немесе ақтау емес. Алайда, бұл оппонент туралы түсінікті кеңейтеді, оны объективті етеді. Үшіншіден, оппоненттің мінез-құлқында немесе ниетінде конструктивті бастаманы бөліп қарастырған жөн. Мүлдем жаман немесе мүлдем жақсы адамдар немесе әлеуметтік топтар жоқ. Әрқайсысында оң нәрсе бар, және конфликтіні шешу кезінде осыған көңіл аудару қажеті.

Қарсы тараптың теріс эмоцияларды азайту маңызды. Оппоненттің кейбір іс-қимылдарын оң бағалау, позицияларды жақындастыруға дайындық, оппонент үшін беделді үшінші тарапқа жүгіну, өзіне сыни көзқарас, теңдестірілген өз мінез-құлқы және т. б. сияқты тәсілдер бар.

Мәселені объективті талқылау, конфликтінің мәнін анықтау, тараптардың ең бастысын көре білуі қайшылықты шешудің табысты іздестірілуіне ықпал етеді. Екінші кезектегі мәселелерге назар аудару, тек өз мүддесі үшін қамқорлық мәселені сындарлы шешу мүмкіндігін төмендетеді.

Тараптар конфликтіні аяқтау бойынша күш-жігерді біріктірген кезде бір-бірінің мәртебесін (лауазымдық жағдайын) есепке алу қажет. Бағынышты жағдайға ие немесе кіші мәртебесіне ие тарап, оның қарсыласы өзіне мүмкіндік беретін жол беру шектерін түсінуі тиіс. Тым радикалды талаптар күштірек тараптың конфликтіге қайтуын тудыруы мүмкін [3].

Тағы бір маңызды шарт – берілген жағдайларға сәйкес келетін оңтайлы стратегияны таңдау.

Конфликтінің қандай тәсілмен аяқталуы үшін оппоненттің одан шығу стратегиясын таңдауы принципті маңызға ие. «Конфликтіні шешу үшін оның қатысушылары дамытатын өзара іс-қимыл стратегиясы шешуші болып табылады».

Конфликтіден шығу стратегиясымен оппоненттің соңғы кезеңіндегі негізгі мінез-құлқы байланысты. Бес негізгі стратегияны атап өтеді: бәсекелестік, компромисс, ынтымақтастық, кету (жалтару) және бейімделу (К.Томас). Конфликтіден шығу стратегиясын таңдау әр түрлі факторларға байланысты. Әдетте оппоненттің жеке ерекшеліктерін, оппонентке келтірілген шығын мен меншікті шығын деңгейін, ресурстардың болуын, оппоненттің мәртебесін, ықтимал салдарларды, шешілетін мәселенің маңыздылығын, жанжалдың ұзақтығын және т.б. көрсетеді.

Осы стратегияларды қолданудың орындылығын қарастырайық.

Бәсекелестік – екінші тарапқа өзіне қолайлы шешімді күштеп таңдату. Бәсекелестік мынадай жағдайларда: ұсынылған шешімнің айқын конструктивтілігі; жеке тұлға немесе шағын топ үшін емес, барлық топ, ұйым үшін нәтиженің тиімділігі; осы стратегияны жүргізетін күрес нәтижесінің маңыздылығы; оппонентті иландыруға уақыт болмаған жағдайларда ақталған.

Көптеген зерттеушілер бұл стратегияны проблемаларды шешу үшін зиян деп санайды, өйткені ол оппонентке өз мүдделерін іске асыруға мүмкіндік бермейді. Дегенмен, бәсекелестік тиімді болған кездегі өмір көп мысалдар береді. Басқаның аумағын жаулап алатын агрессорды қашық емес, қатаң стратегиямен тоқтату орынды. Басқа адамның өміріне қол сұғатын қылмыскерге қарсы осы стратегияны пайдалану қажет. Бәсекелестік экстремалды және принципті жағдайларда, уақыт тапшылығы және қауіпті зардаптардың жоғары ықтималдығы кезінде орынды.

Компромисс қарсыластардың конфликтіні ішінара шегінулермен аяқтау ниетінен тұрады. Ол бұрын қойылған талаптардың бір бөлігінен бас тартумен, екінші тараптың наразылықтарын ішінара негізді деп тануға дайындығымен, кешіруге дайындығымен сипатталады. Оппонент оның қарсыласы мен ол тең мүмкіндіктерге ие екенін түсінген кезде; бірін-бірі жоққа шығаратын мүдделер болмаған кезде; уақытша шешіммен қанағаттандырылған жағдайда; барлығын жоғалту қаупі болған жағдайларда компромисске келу тиімді. Бүгінде компромисске келу – конфликтілерді аяқтаудың ең жиі қолданылатын стратегиясы.

Бейімделу, немесе басқаға жол беру күресуден мәжбүрлі немесе ерікті түрде бас тарту және өз позицияларын тапсыру ретінде қарастырылады. Оппоненттің мұндай стратегияны қабылдауға әртүрлі себептер мәжбүр етеді: өзінің дұрыс еместігін сезіну, оппонентпен жақсы қарым-қатынастарды сақтау қажеттілігі, оған қатты тәуелділік; проблеманың болмашыдығы. Бұдан басқа, конфликтіден мұндай шығуға күрес барысында алынған елеулі залал, одан да күрделі теріс салдарлар қаупі, басқа нәтижеге мүмкіндік болмауы, үшінші тараптың қысымы әкеледі.

Мәселені шешуден кету, немесе қашу шығындар аз болып тұрған кезде конфликтіден кетуге әрекет болып табылады. Конфликт барысындағы ұқсас мінез-құлық стратегиясынан айырмашылығы, оппонент белсенді стратегиялардың көмегімен өз мүдделерін іске асыруға сәтсіз әрекеттерден кейін оған ауысады. Бұл жағдайда конфликт шешілмейді, конфликт уақытша өшеді. Кету ұзаққа созылған конфликтіге өте конструктивті реакция болуы мүмкін. Қашу қарама-қайшылықты шешу үшін күш пен уақыт болмаған, уақытты ұтып алуға ұмтылған, өз мінез-құлық желісін анықтауда қиындықтар болған жағдайларда және мәселені мүлдем шешпеу үшін қолданылады.

Ынтымақтастық конфликтідегі мінез-құлықтың ең тиімді стратегиясы болып саналады. Ол оппоненттердің мәселені конструктивті талқылауға бағытталуын, екінші тарапты қарсылас ретінде емес, шешім іздеудегі одақтас ретінде қарауды болжайды. Ынтымақтастық келесі жағдайларда ең тиімді: оппоненттердің күшті өзара тәуелділігі; екеуінің де биліктегі айырмашылықты елемеуге бейімділігі; қатысушылардың екі жақты түсіністігі үшін шешімнің маңыздылығы [4].

Конфликтілерді аяқтаудың табыстылығы конфликтіге түсуші тараптардың осы үрдіске әсер ететін факторларды қалай ескеруіне байланысты. Оларға мыналар жатады:

- уақыт: мәселені талқылау, ұстанымдар мен мүдделерді анықтау, шешімдер әзірлеу үшін уақыттың болуы. Келісімге қол жеткізу үшін иелігіндегі уақыттың екі есе қысқаруы, үлкен агрессивтілігімен ерекшеленетін балама таңдау ықтималдығының артуына алып келеді;
- үшінші тарап: оппоненттерге мәселені шешуге көмектесетін бейтарап тұлғалардың (институттардың) конфликтіні аяқтауға қатысуы. Бірқатар зерттеулер (В. Корнелиус, Ш. Фэйр, Д. Моисеев, Ю. Мягков, С. Прошанов, А. Шипилов) конфликтілерді шешуге үшінші тұлғалардың оң әсерін растайды;
- уақыттылығы: тараптар конфликтіні оның дамуының бастапқы сатыларында шешуге кіріседі. Логика қарапайым: аз қарсы әрекет – аз шығын – аз реніш пен наразылықтар – келісу үшін көбірек мүмкіндіктер;
- күштердің тепе-теңдігі: егер қақтығысушы тараптар мүмкіндіктері бойынша шамамен тең болса (тең мәртебе, лауазымдық жағдай, қару-жарақ және т.б.), онда олар мәселені бейбіт шешуге ұмтылуға мәжбүр. Конфликтілер оппоненттер арасында жұмыс бойынша тәуелділік болмаған кезде конструктивті түрде шешіледі;
- мәдениет: оппоненттердің жалпы мәдениетінің жоғары деңгейі конфликтінің күшпен даму ықтималдығын төмендетеді. Мемлекеттік басқару органдарында, оппоненттердің жоғары іскерлік және адамгершілік қасиеттері болған кезде, конфликтілер анағұрлым конструктивті шешілетіндігі анықталды;
- құндылықтардың бірлігі: қақтығысушы тараптар арасында қолайлы шешім қандай болуы тиіс деген келісімнің болуы. Басқа сөзбен айтқанда қатысушылардың жалпы құндылықтар жүйесі, жалпы мақсаттар, мүдделер болған кезде конфликтілерді реттеу оңайырақ (В. Ядов);
- қарым-қатынастар: конфликтіге дейінгі оппоненттер арасындағы жақсы қарым-қатынастар қайшылықты толық шешуге ықпал етеді. Мысалы, ерлі-зайыптылар арасында шынайы қарым-қатынастары бар мықты отбасыларда конфликтілер проблемалы отбасыларға қарағанда нәтижелі шешіледі [1].

Қорытындылай келе, конфликтіні конструктивті шешу жағдайды талдау мен бағалауды, конфликтіні шешу тәсілін таңдауды, іс-әрекеттердің операциялық құрамын қалыптастыруды, жоспарды іске асыруды және (немесе) оны түзетуді, іс-әрекеттердің тиімділігін бағалауды қамтитын процесс болып табылады. Конфликтілерді конструктивті шеше білу әлеуметтік өзара іс-қимылға қатысушылардың өздеріне, ұйымдардың басшыларына, конфликтологтарға қажет қабілет болып табылады.

Әдебиеттер:

1. А.Я. Анцупов, А.И. Шипилов Конфликтология. - Москва, 2000.
2. М.С. Вершинин Конфликтология. - СПб., 2009.

3. Ю.А. Канатаев Психология конфликта. - Москва, 2002.
4. Под. ред. Морозова А.В. Социальная конфликтология. - Москва, 2015.

ФАКУЛЬТАТИВ САБАҚТАРЫНДА ИНФОРМАТИКАНЫҢ КҮРДЕЛІ ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ

КУШЕКОВА Айжан Жамбуловна, ТАНАТБАЕВА Диана Мухаметбеккызы, АХМЕТОВА Ақмарал Рымханқызы
«№92 гимназия» КММ
Қарағанды қаласы, Қазақстан
k.aijanka@mail.ru, dtanatbaeva@bk.ru, kapelka.akoni@mail.ru

Қазақстан Республикасы білім беру саласында жүргізіп жатқан реформасының жоғары стратегиясының мақсаты ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейі қызмет атқара алатын, дүниетану мәдениеті, дүние мен этикалық қатынастағы жауапкершілігі зор адамды тәрбиелеу.

Осыдан үш жүз жылдан астам бұрын көрнекі педагог Я.А.Коменский оқушылар аз оқып, көп білетін дидактика әдісін табуды армандаған болатын. Коменскийдің негізгі ойы оқушылардың өз бетінше оқуына күш салу болатын, өйткені ең тәжірибелі деген оқытушының өзі оны алмастыра алмайды.

Я.И.Перельман: «...Таласым жоқ, ғылым шексіз қызық, - кімдер үшін? Оның есігінде тұрғандар үшін емес, кім оның тереңіне үңіліп оның әдістерін меңгерсе сол үшін. Дәріптеуші де өзінің пәнге деген қызығушылығы мен оқырмандарының көңілін көтеріп, көмектесуден өзін босату үміті болуы емес», - деп жазады.

Әрбір күн өзгеріске толы қазіргі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай болу, ертеңгі болашағымыз жас ұрпақты саналы, білімді азамат етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор міндет пен жауапкершілік жүктейді. Күнделікті сабақтағы бір ізгілік оқушылардың сабаққа деген ынтасын, қызығуын жоғалтады. Сондықтан сабақты түрлендіріп, оқытудың озық тәсілдерін қолданып өткізсе, сабақтың мазмұны ашыла түседі.

Факультатив сабақ – оқушы мен оқытушы арасындағы байланысты тереңдетіп, ғылыми және практикалық жұмыстарды іске асыруға септігін тигізеді. Факультативтік сабақтар оқушылардың негізгі курс бойынша алған білімдерін тереңдетіп, күрделірек және әр түрлі есептерді шығару дағдыларын қалыптастырады.

Факультатив сабақ оқушылардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамытумен қатар сол пәнге деген қызығушылығын арттырып, өзі қалаған мамандығы бойынша білімін тереңдетуге мол мүмкіндік туғызады. [13]

Қазіргі кезде орта білім беру жүйесіндегі информатиканың рөлі бүгінгі қоғамдағы ақпараттық мәдениеттің негізін құрайтын ақпараттық және коммуникациялық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастырудағы ақпараттық білімнің мәнімен анықталады.

Осыған орай жалпы информатиканы оқуда оқушылар ақпараттық мәдениеттің негізі болып саналатын коммуникация мен түсініктердің және ойлаудың математикалық негіздерін меңгереді. Информатика пәні – басқа пәндерден алған білімдерді пайдаланушы және оны дамытушы пән. Демек, оқушылардың ғылыми дүние танымының, көзқарастарының негізі олардың басқа пәндерден алған білімдерін жинақтау нәтижесінде қалыптасуы керек. Бұл пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асады.[14]

Информатика курсының алдына қойылған негізгі мақсаттар, әлемге деген ақпараттық көзқарасқа, ақпараттық технологияны практикада қолдануға, басқа пәндерді оқуға, білімді ары қарай жалғастыруға арналған ғылыми және технологиялық білімнің жинақталуы мен дамуы болып табылады

Факультативтік курс информатикаға ынталы, пәнге ықыласы мол, өзінің информатикалық мәдениетін көтеруге, білімін тереңдетуге, ой–өрісін кеңейтуге ынталы оқушыларға арналған.

Факультативті жүргізу негізгі курс бойынша алған білімдерін тереңдету негізінде құрылады. Білімдерін тереңдету оқушылардың ғылыми теориялық және алгоритмдік ойлауын дамытуға арналған логикалық және амал орындаудың жоғары мәдениетін қолдануды қажет ететін есептер шығару әдістері арқылы іске асырылады. Жалпы есептердің тақырыптары негізгі курс шеңберінен тыс емес, бірақ қиындық деңгейі күрделі болуы керек. Дайындық факультативінің көптеген ерекшеліктері конкурстың, олимпиаданың емтихан ерекшеліктеріне байланысты. Конкурстық емтиханды бағалаудың да ерекшелігі бар. Себебі, әр есептің деңгейі әр түрлі болып келеді. Сондықтан конкурстық емтихандардың мектептегіден айырмашылығы өте көп. Факультативтік сабақтар оқушылардың конкурстық емтихан тапсыруға психологиялық дайындылығын да қалыптастырады. Психологиялық дайындық конкурстық емтихан кезінде қатал күреске түседі. Олардың бұрынғы еңбектері ол жерде есепке алынбайды. Сондықтан факультатив кезінде шамасы келгенше қиын есептер шығаруды үйренуі керек.

Факультативтік сабақтарды оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдағанда, алдымен курс мазмұнын, оқушылардың дайындық деңгейін, олардың программалық материалдарға ынта – ықыласын ескере отырып, сонымен бірге олардың ой–өрісін мен дербестігіне де көңіл аударған дұрыс. Талантты, информатикаға бейімді оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу арқылы жүйелі түрде олимпиадаға дайындау, конкурс және әр түрлі жарыстарды ұйымдастыруда материалда оқушылардың білім деңгейіне сәйкестендіріп, информатикаға қызығушылығын арттырудан бастауға болады.

Ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы:

- жалпы білім беретін орта мектепте информатикадан факультатив сабағында оқушылардың іскерлігі мен дағдысын қалыптастырудың шығармашылық жобасы жасалып, оны іске асыру мүмкіндіктері негізделді.

Зерттеу мақсаты: жалпы білім беретін орта мектепте информатикадан факультатив сабағында «күрлелі есептерді шешу жолдарын» үйрету арқылы білім, біліктілік, дағдысын қалыптастыру

Жұмыстың зерттеу міндеттері:

- информатикадан факультатив сабағында түрлі сұрыптаулар процедураларын құру арқылы есептерді тез әрі оңай шығаруға үйрету;
- информатикадан факультатив сабағында мәліметтердің стандартты типтерінен асып кететін үлкен сандармен жұмысты үлкен арифметикада қолдануын үйрету;
– информатикадан факультатив сабағында функциялар мен тұрақтыларды жылдам есептеуін үйрету.

Жұмыстың зерттеу нысаны: жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие үрдісі.

Жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері: педагогикалық процесс теориясы; үздіксіз білім беру жүйесіндегі ғылыми теориялар; жалпы білім беру теориясы мен әдістемесіне қатысты ілімдер.

Сұрыптау әдісі. Сұрыптау алгоритмі - тізімдегі элементтерін реттеу үшін арналған алгоритм.

Сұрыптау ағаш. Екі-екіден салыстыру әдісі жазба негізі (кілттердің). Салыстырмалы алгоритмнің қасиеті – «талғамсыздық», әртүрлі кілттерді қолдану дайындығы, құрамдықтар да. Олардың шығарушысы әртүрлі: жоғарғы әдістерден бірігу, тез сұрыптау, Жарыс сұрыптауынан кішісіне дейін – айырбастың жай әдісі, үстеме, «көпіршік» және т.с. Алуан түрлі және жады ресурсы олардың жұмысы үшін қажетті. Ең тиімдсін қарастырайық. Пирамидалы сұрыптау арасында, сұрыптауағаш әдісі «шоқ» қасиеті ерекшеленеді: оның алгоритмі тығыздалған. Оған қосымша жадының қажеті жоқ және ол едәуір жылдам, әрі максималды сұрыптау уақыты орташадан өзгешелігі аз ғана; уақытша қиындық - O(n log n).

Сұрыптауға анық үйлесу - ең үлкен элементті тауып және оны массивтің соңына қойып, оған жақын элементті тауып, оны көрші жақын позицияға қою т.с.с – бұл Сұрыптау ағаштың көмегі арқылы жүзеге асады. Анықтамаға сәйкес, Сұрыптау ағаштың тамырында ең көп элемент бар.(массивтің 1-ші позициясы). Әр кезде оны ала отырып сұрыптауағашты «бүлдіреміз», бірақ сол кезде біз қалпына келтіреміз. Оның тамырына келесі элементтердің

шамасына сәйкес келеді. Бұл процессті шығыс массивінде жүзеге асырамыз. Массивтің соңындағы позиция ағаштың жапырақтарымен орын алады, босатамыз, келесі жапырақты бір позицияға орналастыра отырып, орнына тамырдан ең үлкен элементті алып тастаймыз. Әдетте жапырақ мәні оны бір позицияда көп тұруына мүмкіндік бермейді және ол асқан элементтерге жол бере отырып, ағаштың ішіне «шашылады» (массив ішіне). [9]

Шығыс сұрыптауағашты қалай алу керектігін анықтау қалды. Оның құрылуы сұрыптауағаштың «ұрығын» алғанда басталады, екі жапырақтан және әкеден тұрады. Бұл үшін әрбір осындай үштікте әке мен ұлдың айырбасы орындалады, егер әкесі үлкен ұлымен салыстырғанда жеңіліске ұшыраған жағдайда. Бұл шашылу процесінің қарапайым актісі емес пе?

Келесі онан әрі сұрыптауағашпен алынған жұптық біріктірудің барлық үлкендері, сонымен қатар элементке сәйкес шашылу актілері сияқты, қалыптастырылушы ағаштың астындада тамыр позицияны алатынға орындалады.

Төменде келтірілген программа Сұрыптау ағаш әдісін дәл суреттейді.

1.1 мысал

Сұрыптау блогы А массивінің өсу жолымен құрылған элементтер және сұрыптауағаштың шашылуы.

```
Procedure SortTree(Var A:massiv);
Var i,j,k: word;  r:tip;    {tip-A элементтерінің қарапайым типі}
Begin                       {1 кезең – сұрыпағаштың құрылуы}
For k:=(n div 2) downto 1 do
Begin j:=k; i:=j+j;    {«тездету» жол басы}
While i<=n do        {j - әкелерге «үміткер» позициясы}
Begin                {ұлдардан ең үлкен i позициясын тауып алайық}
If i<n Then If A[i+1]>A[i] Then i:=i+1;
If A[j]>=A[i] Then Break;
r:=A[j]; A[j]:=A[i]; A[i]:=r;          {ұлдың және «үміткердің» айырбасы}
j:=i; i:=i+1                       {«тездету» жолмен кезекті қадам}
End
End  {циклдің сұрыпағаш құрылуы};
For k:=n downto 2 do   {2 кезең – сұрыптауағаштың шашылуы}
Begin r:=A[1]; A[1]:=A[k]; A[k]:=r;{жапырақ пен тамырдың айырбасы}
j:=1; i:=j+j;   {«тездету» жол басы }
While i<=k-1 do
Begin                       { ұлдардан ең үлкен i позициясын тауып алайық }
If i<>k-1 Then If A[i+1]>A[i] Then i:=i+1;
If A[j]>=A[i] Then break;  r:=A[j]; A[j]:=A[i]; A[i]:=r;
j:=i; i:=i+i        {«тездету» жолмен кезекті қадам }
End
End            {ағаш шашылу жолымен сұрыптау циклінің соңы}
End; {SortTree блогы} [12]
```

SortTree блогында сұрыптау ағаш мүмкіндігі қарастырылған. Екі түйіннен тұрады, яғни әкеден және бір ұлдан (теңсіздікті тексеру i<n, i<k-1 осы мақсатқа қызмет атқарады). Жазба кезеңінің жалпылама кезінде мәтін екі есе қысқартылады.

Алгоритмді Р.Флойд ұсынды. Бірінші кезеңнің күрделілігі – O(n), ал 2-ші кезеңде O(n*logn) [3] көрсетілген. Өндіру жағынан сұрыптауағаш тез сұрыптаудан жеңіледі, алайда асиптомикалық күрделілігі бірдей – O(n log n).

Алгоритмнің тығыздығын есептегенде, жадының резерві қажет емес, жақсы тез әрекет етеді, сұрыптау уақыты тұрақты. Уақыт күрделілігі (УК) нашар $O(n^2)$? Бұлар бәсеке емес. Осыған иілгіштік қоссақ, әр түрлі қолданысқа ие оңай икемделінетін сұрыптауағаш.

Ағашпен сұрыптау кезінде қолданылған әдіс басқа жағдайда да пайдалы бола алады.

Жылдам сұрыптау

Алдындағы сұрыптау алгоритмдерін бағалау кезінде жылдам сұрыптау

әдісінің өнімділігі стандарт ретінде қарастырылған еді. Онда қолданылатын А массивін (Sort блогы) немесе А массивінің бөліктерін өзара реттелген екі бөлікке бөлу процесін нақтырақ қарастырайық. Бұл екі топ шартты түрде «үлкен» және «кіші» жазбалар тобы деп аталады (олардың к1 кілті таңдалған тірек кілтінен сәйкесінше көп немесе аз болады).

```
Prosedure Sort(l,r:integer);                    {l-бастапқы нөмір, r-соңғы}
Var i,j:integer;                                                {жазбалар}
Begin                                   {x-«ортаңғы» жазбаның көшірмесі}
i:=l; j:=r; x:=A[(l+r) div 2];   {оның кілтін тіреу кілті деп атаймыз} Repeat
While A[i].kl<x.kl do i:=i+1;                   {«үлкен» жазбаның іздеуі}
While x.kl<A[j].kl do j:=j-1;                    {«кіші» жазбаның іздеуі}
If i<=j then
Begin                                  {«үлкен» және «кіші» жазбалардың}
y:=A[i]; A[i]:=A[j]; A[j]:=y;                        {орын айырбастауы}
i:=i+1; j:=j-1;
end;       {егер өсетін i көрсеткіші кемімелі j-ден асып кетсе, онда «үлкен»}
Until i>j;                        { және «кіші» жазбаларға бөлінуі орындалды}
If l<j then Sort(l,j);                                {«кіші» бөліну актісіне өтуі}
If i<r then Sort(i,r);                                {«үлкен» бөліну актісіне өтуі}
End;  { Стек сегментін жүктемеу үшін x,y-ті Sort сыртында сипаттаймыз }
```

Массив басында орналасқан (i:=i+1) «кіші» жазбалары соңғы жағынан басталатын (j:=j-1) «үлкен» жазбасы секілді өткізіліп жіберіледі. Қозғалыс «үлкен» жазбаларда басынын, ал «кіші» жазбаларда аяғынан бастағанда тоқтатылады. [5]

Бұл жазбалар реттілікті бұзбау үшін, олар алмасады, содан соң осыған ұқсас іздеу және i, j көрсеткіштері табысқанға дейін келесі жұптардың «тұтқындардың» алмасуы жүргізіледі. Егер тым болмаса 2 «кіші» («үлкен») жазбалар болса, бұл топтар ұқсас тәсілмен «кіші» ішінен «кішіге», «кіші» ішінен «үлкенге» т.с.с. бөлінеді (рекурсия орын алады).

Sort блогынан While – циклдары қандай да бір шектерді тексеруден тұрмайды және сондықтан тез жұмыс істейді, ал егер «кішіні» «үлкеннен» бөлу кезінде жазбалардың ортақ саны m/4-тен аспайтынын ескерсек, мұндағы m – қарастырылған жазбалар саны, жоғары өнімділік түсінікті бола бастайды.

Бөліктеу ағашының мысалы (кілттер көрсетілген; қоюлатылғаны – тірек кілттер):



1.1-сурет. Енді жұптарды реттеу қажет

Sort блогының кемшілігі: тірек кілттеріне тең кілттері бар жазбалар «тұтқын» есебінде алмастырылады (!); кілттердің көп қайталануы кезінде (бірдей кілттері бар ондаған жазбалар) пайдасыз алмастырылуларға 10% пайыз уақыт кетеді және бұл үлес жазбалар көлемінің және кілттердің ортақ еселігінің өсуімен артады. Бұл алмастырылуларды While-циклдарының бірінде «<» таңбасын «<=» таңбасымен ауыстыру арқылы болдырмауға болатын секілді.

Осы өзгертуден соң бағдарлама «жан-жаққа жүреді»,өйткені «үлкен» («кіші») жазбалар болмайтын ерекше жағдайларда тірек кілті бар жазба i (j) өзгерісіне тоқтау бола алмайды. Жалғыз бұл өзгеріс аздық етеді, бөліктенетін бөліктің басы мен соңында шектеулер ойлап табу қажет, бұл төмендегі Qqsort блогында көрсетілген, мұнда жазбалар ауыстырылымы орын ауыстырылулармен алмастырылған: x тірек жазбасының көшірмесі түсірілгендіктен оның қадамы бос. Онда кезекті жазба-«тұтқынды» орналастырамыз, ал ол «басқа жағынан тұтқынды» орналастыру үшін бос қадам қалдырады. Сәйкесінше, біз бір рет айырбастаудың (үш рет орын ауыстыру) орнына «тұтқындардың» 2 рет орын ауыстыруын қолданамыз, ұзақ жазбалармен жұмыс жылдамдатылады.

Жылдамсұрыптаудың уақыт күрделілігі. УК=C*n*log n, мұндағы C – әдістің түрлі модификациясында әр түрлі болатын коэффициент. Жазбалардың қандай да бір таңдамасының орташа кілтін тірек кілті ретінде пайдалану коэффициентті төмендетеді. Синглтон алгоритмінде және Qqqsort блогында таңдама үш жазбадан тұрады: бастапқы, соңғы және орта, бірақ коэффициент әр түрлі, өйткені Qqqsort-та жазбаларды ауыстыру олардың орын ауыстыруымен алмастырылған. [10]

Сыйымдылық күрделілігі. Рекрусивті алгоритммен жүзеге асырылатын Жылдамсұрыптау рекурсияның әр қадамында енгізілетін 4 айнымалыдан l,r,i,j (Sort, Newsort боктарының мәтіндерін қараңыз) тұратын сегмент стегін қолданады. Ерекше қолайсыз жағдайларда стек толады. Бұл жағдайдан бөліктеу бөліктерінің кезектілігін таңдау арқылы шығуға болады. Егер бірінші кезекте алдыңғы бөліктеу актілерінде алынған 2 бөліктен үлкенін бөлмесек стек тереңдігі log n-нен аспайды. Тіптен егер 60000 саннан сұрыптасақ та, стекте әрбір l,r,I,j айнымалыларының 16 көшірмесінен артық болмайды.

1.2 мысал

```
Procedure Qqsort(var A:list; ng,vg:integer; voz: boolean);
Var k,m,t:integer;  x:tip;
Procedure NewSort(l,r:integer);
Var i,j:integer;
Begin m:=(l+r) div 2;  x:=A[m]; A[m]:=A[l]; i:=l;  j:=r;
                    {}
While (A[j].kl>=x.kl) and (j<>l) do j:=j-t;
{}
If j=l then Begin A[j]:=x;
    Repeat i:=i+t Until  (A[i].kl<>x.kl) or (i=r);
       If i=r then Exit
       End
Else
Begin   A[l]:=A[j];
If  j:=r then A[r]:=x;
Repeat
 Repeat i:=i+t Until A[i].kl>=x.kl;
If i=j+t then k:=j
Else
  Begin A[j]:=A[i];
Repeat  j:=j-t  Until A[j].kl<x.kl;
If  i=j+t  then  k:=i
Else A[i]:=A[j]
End
```

```
Until i=j+t;
A[k]:=x; i:=k+t;  j:=k-t;
If j<>l  then if j<>l+t then  NewSort(l,j);
Else
If (A[j].kl<A[l].kl) then
                    Begin x:=A[l]; A[l]:=A[j];  A[j]:=x  end
End;
If (i<>r) and (i<>r+t) then if r<>i+t then  NewSort(i,r)
Else
If (A[r].kl<A[i].kl) then
              Begin x:=A[r]; A[r]:=A[i]; A[i]:=x  end
End;
Begin t:=1;  if voz then NewSort(vg,ng)
             Else begin t:=-1; NewSort(vg,ng)  end
End;
```

Кему реті бойынша сұрыптау кезінде Qqsort блогы t айнымалысының «1» мәнін «-1»-ге ауыстырып қана қоймай, сонымен қатар, NewSort блогына қатынас кезіндегі ng, vg шектеулерін ауыстырады. Блоктан тыс сипатталатын List – сұрыпталатын A массивінің типі. [5]

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның жаппай дамуы - оқушылардың білімнің белгілі бір шамасын қабылдауымен қоса, тұлғаның дамуына, оның танымдық және жасампаздылық қабілеттерін арттыруға бағытталған, білімге қойылатын әлеуметтік талаптардың қайта қарастырылуын талап ететін, қоршаған ортада болып жатқан өте үлкен өзгерістермен сипатталады. Мектеп жасындағы оқушылардың тұлғалық қорының дамуына информатика және ақпараттық компьютерлік технология (АКТ) аумағындағы дайындық, тек практикалық білім мен жаттығуға негізделген технологиялық аспект тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерінің қалыптасуына көмектесетін теориялық аспект тұрғысынан да көп мүмкіндік береді.

«Информатикадан күрделі есептер шешу» факультативті курсында қойылған мақсаттар жиынына қол жеткізу үшін келесі талаптарды орындау қажет:

– оқу процесіне оқушыларға ақпараттық-логикалық бағыттағы негізгі жалпы білімдік дағдыларды қалыптастыруға арналған құрамды қосу;

– ақпараттық сипаттағы негізгі әмбебап дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті шарттарды қалыптастыру;

– оқушылардың өзінің білімін жетілдіруін ұйымдастыруын қалыптастыру;

– білім алудың негізгі әдісі ретінде ақпараттық жобалау білімі мен дағдыларын қалыптастыру;

– зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларына қол жеткізуге бағытталған виртуалды зертханаларда жұмысты ұйымдастыру, шешім қабылдау тәжірибесін алу және олар үшін құрылған алгоритмдер көмегімен обьектілерді басқару;

Есептердің анимациялық шешімдерін өңдеу мини-жобалар түрінде ұйымдастырыла алады.

Үлкен тақырыптарды аяқтаған соң немесе жылдың аяғында әр оқушы немесе оқушылар тобы қызықтырған тақырып бойынша есептердің өзіндік шешімдерін ұсына алатын конференция түрінде бірнеше сабақ өткізген дұрыс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 . Бикбулатов Н. Безопасная работа за компьютером. Вопросы интернет образования, 2001.№ 5

2 . Ахо А., Хопкрофт Дж., Ульман Дж. Построение и анализ вычислительных алгоритмов.М.:Мир, 1979.С 256

3 . Бикбулатов Н. Стимулирование познавательной активности учащихся. Вопросы интернет образования, 2001.№ 3
4 . Бикбулатов Н. Технология работы на компьютере. Изобретатель, 2000.№ 4.- С.15-16
5 . Лорин Г.Сортировка и система сортировки. М.: Наука, 1983.С 278
6 . Бикбулатов Н. «Рыночные отношения» при оценивании знаний. Информатика и образование, 1999. № 5
7 . Бочкин А.И. Методика преподавания информатики: Учеб. Пособие.Мн.: Выш. шк., 1998. 431 с.: ил.
8 . Черных П.В. Восьмой республиканский конкурс исследовательских работ. Компьютер и образование, 2003 год. №11
9 . Р. Арсак, Программирование игр и головоломок, М., Мир, 1994.С.345
10. В.Липский, Комбинаторика для программистов, М., Мир, 1989 С.35-37
11. Зубов В.С. Справочник программиста, Москва, 1989,С.135 - 182
12. Н. Кристофидес, Теория графов, М., Мир, 1979 С.123-126.
13. Информатика негіздері №1 – 2010 ж. 23 бет
14. Информатика негіздері №1 – 2007 ж. 29 бет

ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

ЖУМАКУЛОВА Асылзада Жолдасқалиқызы, ҚАБЫЛХАМИТ Жанаргүл Тоғайбайқызы
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қаласы, Қазақстан
sweet_asyl92@mail.ru

Аннотация

Білім беру үрдісінде жаңа АКТ түрлерін қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатында шығармашылықпен жұмыстанып, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу - бүгінгі күннің басты талабы.

Аннотация

В сегодняшнее время одним из важнейших задач образовательной системы является - формирование конкурентноспособной, всестороннеразвитой и интеллектуальной личности применяя ИКТ в современной школе.

Abstract

One of the most important purposes of educational system of Kazakhstan is to bring up intellectual, all side developed and competitive available personality for our society.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, т.б. жатқызуға болады. Мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндікке ие болады. Мультимедиа кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі мол.

1. Мұғалім оқушы білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз белсенділігін арттырады.

3. Мұғалім сыныптағы оқушылардың жағдайын және, әрбір оқушының қабілетін байқап жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады. Әлбетте, пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу - сапалы білімнің қайнар көзі болады. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын жеделдетеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылығын ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін дамыту, танымдық іс - әрекетін

қалыптастыратын, әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде мұғалім тек басшылық жасап ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін жетілдіруде ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы ерекше. Білім жүйесін ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының қарыштаған кезеңінде осы заманға сай терең білімді, әрі жоғары білікті жұмысшы мамандарын дайындау - оқытушының басты міндеті. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа инновациялық технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін несиелік қашықтан оқыту, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Қазіргі таңда еліміздің білім жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге қажет білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру жүйесінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Білім – болашақ бағдары, барлық маман даярлайтын оқу орындарының басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту. Құзыреттілік – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны қолдану және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзыреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша меңгерген білім, білігінің жинағы ретінде қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана білу қабілеті болып табылады.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану дағдыларымен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Қазіргі заман талабына сай азаматтардың мәлімет алмасуына, қарым -қатынасына ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа түсіп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау - құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника базасында ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдау әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық - коммуникативтік технология жағдайындағы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық - коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттары:

а) электронды оқулықтар;

ә) телекоммуникациялық технологиялар;

б) мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;

в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологилардың оқу - тәрбие үрдісіне енуі мұғалімге жаңа бағыттағы мақсаттар қояды.

• Өз пәні бойынша оқу - әдістемелік электронды құрылым жасақтау, әдістемелік пәндік Web – сайттар ашу;

Әртүрлі компьютерлік желілерді қолдану;

• Бағдарламалау орталығында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасақтау. (мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар).

• Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) бойынша өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне бағытталған, оқу үрдісіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – бұл оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып саналады. Сабақтағы интеграциялық әрекет өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды жетілдіруді ұсынады.

Оқытудың ақпараттық - коммуникациялық және интерактивтік технологияларын қолдану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру базасында оқыту үрдісін жетілдірудің бірегей жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын қолдану оқу мекемелерінде ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай тудырады.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияны жетілдіру - білім берудің бір бөлігі. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану оң нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтарды ұтымды жүргізуде.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының креативті ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Әсіресе, қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттыры бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім жүйесін ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін кешендіі түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Ақпараттық - коммуникациялық құзырлық деген не? - деген сұраққа қандай жауап алуға болады.

Ақпараттық құзыреттілік:

- сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар аясында дұрыс шешім қабылдауға;

- өз бетімен мақсат қоюға және оны қорғауға, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, мүмкіндігінше қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;

- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тура және жанама дәлелдеу, аналог негізінде дәлелдеу, модельдеу, қиялмен эксперименттеу, материалды жүйелеу) қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;

- өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға мүмкіндік туғызады.

Ақпараттық - коммуникациялық құзыреттілік – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді анықтауда ақпараттық - коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан - жақты қолдану қабілеті.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;

- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стилдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;

- әдептілік ережелеріне сәйкес өзінің жеке ойын айтуға;

- нәтижелі өзара іс-әрекетті, түрлі көзқарас және әртүрлі мамандармен сұхбат жүргізіп, күрделі жағдаяттарды шешуді жүзеге асыруға;

- нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы топтармен қатынас (коммуникация) жасауға мүмкіндік тудырады.

Ағылшын тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, заманауи ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарын тиімді пайдалану оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік тудырады. Оқушылардың ақпараттық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі. болып отыр Сабақта ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

• оқушының жеке дара жұмысы;
• аз уақытта мол білімге қол жеткізіп, уақытты үнемдеу;
• білім-білік дағдыларын тест орындау арқылы бақылау;
• шығармашылық тапсырмалар орындау;
• қашықтықтан оқу мүмкіндігінің туындауы;
• қажетті ақпаратты аз уақыттың ішінде табу мүмкіндігі;
• экономикалық тиімділігі;
• іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
• қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістерін әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
• оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы мол.

Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар жеке тұлғаның құзыреттілігін дамыту құралы: Қазіргі оқыту жүйесінің маңызды шарттарының бірі оқушы өзіне қажетті мәліметтіі іздеп табуға үйретіп, олардың өз оқу аймағын өзінің таңдай білуі болып табыладыі. Менің ойымша, ақпараттық-білім беру ортасын жобалаудағы негізгі мақсат оқушының өздігінен оқуға құлшындыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары төмендегідей:

1. АКТ оқытудағы тақырып шеңберіндегі не қандай да уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Өте үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында оқуға болады. Жоғары сынып оқушыларын емтихандар мен ҰБТ даярлауға арналған жаттықтыру бағдарламаларын пайдалануға;

3. Оқыту жүйесінің көп денгейлі жетілдірілуі оқу сапасын арттырады.

4. Оқушы өз бетімен не өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

5. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері жетіледі.

Осындай оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық.

Оқушыларды дара оқытуда жаңа мәліметтерді игеруге, сондай-ақ меңгерген білім мен дағдыларды тестік бақылауға арналған программалық құрал. Оқыту жүйесінде электронды оқулықтарды қолданып, үлкен табыстарға қол жеткізуге болады. Электронды оқулықтарды қолдану арқылы оқушы екі жақты: біріншісі - пәндік білім, екіншісі - компьютерлік білім алады. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетімен шығармашылықпен айналысуына, теориялық білімін өмірмен ұштастыруына мүмкіндік аладыі. Сонымен бірге оқушы көптеген қосымша материал тауып, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен жадында жақсы сақтайды, өз бетімен жұмыстану қабілеті қалыптасады. Жас ұрпақты оқытуда жаңашылдықты пайдалану – шығармашылық жетістіктің қайнар көзі.

Ақпараттық технологиялар кешендерін пайдаланудың мақсаттары:

1. Ақпараттық технологияларды қолдану аясында оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін арттыру:

- оқыту процесінің ықпалы мен сапасын арттыру,
- пәнаралық байланысты тереңдету,
- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату және көлемін ұлғайту.

2. Оқушы тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау.

- коммуникативтік қабілеттерін дамыту,
- күрделі жағдайда оңтайлы шешім қабылдау не шешу нұсқаларын қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын қолдану арқылы эстетикалық тәрбие беру,
- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, ақпаратты өңдей білу:

3. Қоғамның әлеуметтік тапсырысын қабылдау:

- Ақпараттық сауатты тұлғаны дайындау;
- компьютерлік ортаны қолданушыны даярлау.

Оқыту үрдісінде компьютерлік технологияларды пайдадалану келесі мақсаттарға бағытталады:

- компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін жүзеге асыру арқылы оқыту үрдісінің ықпалдығы мен сапасының деңгейін көтеру;
- танымдық әрекеттердің белсенділігін арттыратын ынтаны қамтамасыз ету;
- қазіргі заманғы ақпарат өңдеу орталықтарын қолдану арқылы пәнаралық байланысты тереңдету.

Сабақта АКТ-ны қалай тиімді қолдануға болады?

Біріншіден, құрал-сайман, ең болмағанда бір компьютер, оқытушының идеалды түрде автоматтандырылған жұмыс орны, бірнеше оқушы жұмыс орны, видеопроектор және интерактивті тақта.

Екішіден, компьютерде жұмыс істеу дағдысы бар **мұғалім** мультимедиялық проектор ережелерімен және интерактивті тақтамен сауатты жұмыстана білуі қажет.

Үшіншіден, білім беру өнімдері бар цифрлық компакт-дискілер болуы қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік жүйе қолданылатын сабақтар мұғалімді жоққа шығармайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым - қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. АКТ - ны ағылшын тілі сабақтарында қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу-танымдық үдерісін тиімді етеді.

Мұғалім – сабақтағы басты әрекетті тұлға. Сондықтан компьютер мен мультимедиалық құралдарды оқытудың тек инструменті (құрал-сайманы) деп қарастырған дұрыс. Бұл құралдың көмегі өте мәнді.

Сабақтың параметрі	АКТ-ны қолданатын сабақ	Дәстүрлі сабақ
ақпаратты беру	оқушылар ақпаратты неғұрлым қаныққан, көрнекі түрде алады	мұғалімнің түсіндіруі, оқулық бойынша параграфты өз беттерімен оқуы, кестелерді қолдануы
жұмыс қарқыны	әр оқушы өз қарқынымен жұмыстанады, тапсырмалар мен мультимедиялық құралдар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың сол уақыттағы білім мен дағды деңгейлерін есепке алады	мұғалім сыныптағы оқушылардың көпшілігіне сәйкес келетін жұмыс қарқынын қолданады
оқушымен кері байланыс	түсіндіру және бекіту кезінде жүзеге асады	ағымдық бақылау

Ғалымдардың зерттеуіне сүйене отырып, компьютерлік бағдарламалардың қолданылуының үш басты түрін бөліп алады:

1) компьютерлік қолдаумен жүретін сабақтар;
2) оқушылардың бағдарламамен өздік жұмысы;
3) қашықтан оқыту (мұғалім мен оқушының компьютерлік торап арқылы өзара іс-әрекеті).

АКТ-ны қолдану сабақтарында, басқа сабақтардағы сияқты, мұғалімге төмендегі мәселелерді шеше алады:

· **дидактикалық** (сабақтың оқу материалын дайындау, компьютерлік бағдарламаны талдау);

· **әдістемелік** (тақырыпты бергенде АКТ-ны қолдану әдістерін анықтау, сабақтың нәтижесін талдау, оқу мақсатын қою);

· **ұйымдастырушылық** (оқушының шектен тыс жүктелуін және уақытты тиімді өткізуді ұйымдастыру);

· **оқыту** (қарастырылған тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және ұсынылған бағдарлама бойынша біліктері мен дағдыларын нығайту және бекіту).

Осы көрсетілген мәселелерден компьютерлік бағдарламаны қолдану сабақтарын дайындау әдістемесі төмендегідей кезеңдерден тұратынын айтуға болады:

· мұғалімнің мақсаттарды қоюы әр сынып бойынша тақырыптарды талдау, тұтас сыныппен және жеке оқушылармен жұмыс формалары мен әдістерін айқындау);

· компьютерлік бағдарламаның әзірлемесін дайындау не дайын білімдік цифрлық ресурсты қолдану арқылы мұғалімнің өздік жұмысы;

· дайындалған бағдарламаны сабақтың әр түрлі кезеңдерінде пайдалану;

· тестілеу қабыршағы көмегімен тестік бақылау жүргізу (тақырыптық, аралық, сабақ қорытындысы бойынша);

· оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы өздік жұмыстары үшін бағдарлама енгізу;

· осы сыныптағы келесі сабақтың мазмұнына түзету енгізу мақсатында сабақты талдау, мысалы, не игерілмегенін, оған артынан қайта оралу қажеттігін анықтау.

АКТ-ны ағылшын тілі сабақтарында қолдану көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы (жазбаша жұмыстың болмауы) арқасында материалды меңгеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін бақылау оқытудың тиімділігін арттырып, тұлғаның барлық потенциалын, танымдық, моральды-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

3. «Ағылшын тілі мектепте » журналы №4, 2014 жыл.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
5. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. — М.: Академия, — 271 с.
6. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение — что это? // Методист. — 2004.
7. Полат Е.С. Современная гимназия: взгляд, теоретика и практика. — М.: ВЛАДОС, 2000. — 168 с.
8. Гилева Е.А., Егоров Ю.С. Метод проектов — эффективный способ повышения качества образования // Школа. —— № 2. — С. 69–74.
9. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студентов пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров. — М.: Академия, 2000. — 272 с.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

МАМАДАЛИЕВ Бақытжан Илесұлы
№88 жалпы орта мектебі
Шымкент қаласы, Қазақстан
Bibigul-ab@mail.ru, bakytzhanmamadaliev@mail.ru

Білім - қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. «Біздің стратегиялық міндетіміз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу»,- деп Елбасымыз әңгіменің басын ашып айтқаны бар. Олардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да бәсекеге қабілетті азамат боп жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей тұрғанмен, оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмаған жөн. Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Өз ойымнан түйгеннің бір шеті мынада жатыр. Жаңа көзқарастағы мұғалім-рухани байлығы мол, өз ісінің шеберіне айналу және жаңашылдыққа талпынатын шығармашыл тұлға болуы керек. Әрине, өз мүмкіндіктеріне баға беретін әлемдегі білім беру кеңестігінің даму бағытын, болып жатқан әртүрлі интеграциялық процестерде бағдарлай алатын деңгейін естен шығармаған жөн. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз

қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Баланың бойында оның өміріне қажетті іс-әрекет тәсілдері мен технологияларын қалыптастыруға негізделген оқытуды ұйымдастырудың амал-тәсілдерін, формалары мен әдістерін айқындау – қазіргі таңда кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелердің бірі. «Фосбери-флоп» әдісінің техникасын талдау.

1.«Аттап-өту» әдісінің техникасын талдау.

2.«Аударылып түсу» әдісінің техникасын талдау.

«Фосбери-флоп» әдісінде жүгіру жылдамдығы және оның ұзындығы әр спортшының дене дайындығына және оның техникалық шеберлігіне байланысты. «Фосбери-флоп» әдісінде жүгіруді екі түрлі орындайды, бірінші жартысы тік, ал екінші жартысы доға формасында 3-5 қадам. Егер жылдамдық аз болса қадам саны да аз, жылдамдық жоғары болса қадам саны да көбірек. Көбінесе секіруші 9-11 жүгіру қадамын орындайды. Жүгірудің бас жағында кеуде аздап алға еңкейеді, қадам тыбанның алдыңғы жартысын басып қарпығандай қозғалыс орындалады.Жүгіру қадамдары кең еркін, сондай ақ серпіліп тұратындай болуы керек.Жүгіруді бірден жылдам бастап және соңына таман жылдамдық жоғарлайды.Жетекші спортшылардың жүгіру жылдамдығы 7.9-8.2 м/с құрайды.

Итеріну. Итеріну аяқты итерінетін жерге қойғаннан басталады, қайтадан көтергенде аяқталады.Тізеден жазылып қойған итерінетін аяқ күштің салмағы және жүгіру жылдамдығының ықпалымен тізеден бүгіледі, маңызды итеріну үшін.Аяқты бүктіретін бұлшық күші міндетті түрде салмақтың жалпы орталығы және иықтар арқылы өткені дұрыс.Аяқтың сермелуі бүгілуі аяқпен орындалады да секірушінің кермеге арқасымен бұрылуына көмектеседі.Екі қолын жылдам жоғары алға және сәл бастан жоғары көтереді.Көтеріну уақыты осы стильмен 0.17-0.19 сек аударылып түсу әдісіне қарағанда 1,5 есе кем. «Фосбери-флоп» әдісінде ұшу бұрышы 50-60 градус.Жүгіру жылдамдығы жоғарлаған сайын ұшу бұрышы азаяды.

Ұшу- бұл кермеден неғұрлым дұрыс жағдайда өтуге бағдар беретін техникалық кимыл. Итерілгеннен кейін сермелетін аяқ итерінетін аяққа түсіріледі және екі аяқта тізеден бүгіледі. Секіруші кермеге арқасымен бұрылады. Иықтар керменің аржағына сермелетін қолмен өткізіледі.Секіруші керменің үстінде белінен иіліп жартылай доға қалпына келеді. Иек кеудеге тартылады. Жанбас керменің үстінде болған кезде иық оның деңгейінен төмен түседі, ал аяқтар жанбастан сәл бүгулі тізеден жазылып жоғары көтеріледі. Секіруші қонуға назар аудару керек, өйткені бұл әдіспен секіргенде жарақат алуы мүмкін.

«Аударылып түсу» әдісі.

Биіктік кермесін бағындыру бұрыштан 25-30 градус жүгіру арқылы орындалады.Өзін - өзі итеру биіктік кермесіне жақын орналасқан аяқпен жасалады. Ұшу техникасы «биіктікке денемен аударылып секіру» әдісі сияқты.сермеу, айналу кезеңінің бастапқы уақытында тік аяқпен кең және бос орындалады.Қолдың екеуі де білек сүйегіне қарай жұмылдырылған, бір мезетте аяқтың сермеуімен көтеріледі.Иық пен дене артқа қарай шегіндіріліп, секіруші керменің бойымен көкірек тұсын туырлау жағдайына енеді.Итерінетін аяқ тізе мен бөксе жамбас буындары майыстырылады, тізе сырт шетке қарай ығыстырылып, табан тізе сермегіш аяғына қарай жақындатылады.Секіруші көкірек пен қарнымен биік кермесі арқылы өтеді.Сермеу аяғының қозғалысы есебінен және сермеу аяғының сыртқа қарай шығарылуы арқылы керме айналасында айналма момент жасалады.Оның үстінен ұшып өте бара, секіруші сермеу қолы мен иығын түсіріп, оны арқасына қарай бүгеді.Осы уақытта сермеу аяғының тізесі жылжып кермеден кішкене түсіріледі.Жерге түсу сермеу аяғы мен қолы арқылы орындалады, немесе секірушінің денесінің сермеу бөлігімен немесе қатты айналма уақытында арқасына қарай.

Жоғарыда айтылған арқылы жерге қону көбінесе биіктігі 70см. Борпылдақ құм толтырылған арықта орындалады.Дене жарақатын алмау үшін, секірушіге көп уақытты жерге қону техникасын меңгеруге арнаған абзал. Ұдайы.өсіп келе жаткан бәсеке жағдайында жақсы спорт нәтижелеріне жетуге жеңіл атлетика жаттығуы спортшылардың дайындық жүйесіне,

жаттықтыру процесіне соңғы жетістіктерді енгізгенде, яғни жаттықтырудың жаңа тәсілдері мен әдістерін енгізгенде ғана, сондай-ақ спорттық іс-әрекетті тиімдендірудің жаңа жолдары белгіленген жағдайда ғана мүмкін болады. Осындай бағыттардың бірі олардың жаттығу кезеңінде және жарыстарға қатысқан кезінде жеке дайьшдық ерекшеліктерін ескеру болып табылады. Жұмыстың мақсаты - жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеңіл атлетика жаттығуларында жоғары білікті спортшылардың техникалық-тактикалық қимылдарын жетілдіру жолдарын іздестіру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Акиева Г.С. Педагогические основы развития и совершенствования системы охраны здоровья школьников . Алматы, 1997
2. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. -Алматы.
3. Сыздықова Ғ.С. Бала денсаулығына әсер етуші факторлардың әсері.//Қазіргі заман жағдайында денсаулық сақтаудың білім беру кеңістігін қалыптастыру. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.-Шымкент: Асқаралы,
4. Жумадилова Г.С. Жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері.//Салауатты өмір салты: Әлеуметтік жаңарудың көрінісі ретінде.-Астана

NEMIS TITLIDA SIFAT (DAS ADJEKTIV)

АРАББОЕВА Соҳибахон Кабуловна

Школа № 26

Пахтабадский район, Андижанская область, Узбекистан

mat69@mail.ru

O'zbekiston Respublikasi Mustaqillikka erishgandan buyon barcha sohada bo'lgani kabi fan sohasida, qolaversa, chet tillar bo'yicha ham talaygina yutuqlar qo'lga kiritildi. Biz quyda nemis titltida sifat to`g`risida to`xtalib o`tamiz.

Sifat predmetning belgisini, ta`mini, xususiyatini, hajmini bildiradi. Nemis tilida sifat, o`zbek tilidagi kabi aniqlovchi va kesim bo`lib keladi.

Das groβe Gebäude ist neu. - Katta bino yangidir.

Das Gebäudeist groβ. - Bino kattadir.

Nemis tilida sifat aniqlovchi aniqlanmish ot bilan rod, son va kelishikda moslashadi.

Der kluge Junge (aqlli bola)

Die klugen Jungen (aqlli bolalar)

1. Sifatlarning yasalishi Nemis tilida sifat, o`zbek tilidagi kabi boshqa so`z turkumlaridan ham yasaladi. Sifat yasovchi qo`shimchalarning eng muhimlari: -ig, -lich, - isch: qo`shimchalari bilan otlardan sifat yasaladi:

Masalan: die Macht - mächtig (kuchli)

die Sonne – sonnig (quyoshli)

der Berg – bergig (tog`li)

der Mensch – menschlich (kishilik)

der Freund – freundlich (do`stlik)

die Stadt – städtisch (shaharlik)

der Russe – russisch (ruscha)

der Usbeke – usbekisch (o`zbekcha)

2. Sifatlarning turlanishi (Deklination der Adjektive) O`zbek tilida sifat turlanmaydi. Nemis tilida kelishik va rod bilan turlanadi. Sifatlar uch xil turlanadi: kuchsiz turlanish, kuchli turlanish va aralash turlanish. Agar sifat oldida aniq artikl yoki dieser, diese, dieses, jeder, solcher, jener ko`rsatish olmoshlari, ko`plikda unsere meine, alle, beide olmoshlar bo`lsa sifat kuchsiz turlanadi.

Kuchsiz turlanuvchi sifatlar uch rodning bosh kelishik birligida jenskiy va sredniy rod bosh va tushum kelishik birligida -e qo`shimchasini oladi, boshqa kelishiklarning birlik va ko`pligida esa –en qo`shimchasi qo`shiladi.

3.Sifatlarning kuchli turlanishi

b) agar sifat oldida artikl yoki olmosh bo`lmasa: guter Freund

c) sifat oldida sanoq son bo`lsa: drei kluge Freunde

d) sifat oldida viele, einige, wenige noaniq olmoshlar bo`lsa: viele groβe Bäume.

4. Sifatlarning aralash turlanishi Agar sifat oldida birlikda noaniq artikl yoki egalik olmoshlari hamda kein so`zi bo`lsa sifatlar aralash turlanish bilan turlanadi. Masalan: ein blaues Kleid eine schwarze Bluse ein brauner Anzug

5. Sifat darajalari (Die Steigerungstufe der Adjektive) Nemis tilida ham sifatlar o`zbek tilidagidek uch darajaga ega: Oddiy daraja (der Positiv), qiyosiy daraja (der Komparativ), orttirma daraja (der Superlativ). Oddiy darajalardagi sifatlardan qolgan darajalardagi sifatlar yasaladi.

Qiyosiy darajada bir predmet belgisi boshqasiga nisbatan ortiq yoki kamligi ifodalanadi. Bu – oddiy darajadagi sifatga – er (-roq) qo`shimchasini qo`shish bilan yasaladi. Oddiy darajadagi sifatlarda a, o, u unlilari bo`lsa, ular (..) umlaut oladi.

Masalan: schlang – schlänger lang - länger groβ - gröβer Predmet belgilari o`zaro qiyoslanganda – als bog`lovchisi qo`llaniladi. Der Kucher ist süβer als die Schocolade.

Orttirma daraja oddiy darajadagi sifatga – ste siffiksini qo`shish bilan yasaladi. Bunday holda sifat oldida am predlogi ham bo`ladi. Masalan: stark – stärker – am stärksten klein – kleiner – am kleinsten

Aniqlovchi bo`lib kelgan sifat aniqlanmish ot = rodi, kelishigi va soniga qarab o`zgaradi.

Masalan: Der jungiste Schüler Das klugeste – Mädchen Ular xuddi sifatlarning kuchsiz turlanishidek turlanadi.

Shunday sifatlar borki ular sifat darajalarini yasaganda umumiy qoidalarga bo`ysunmaydi:

Masalan: gut – besser – am bester, der besten viel – mehr – am meisten gern – liber - am liebsten hoch – höher – am höchsten nah – näher – am nächsten.

Adabiyotlar:

1.Шендельс Е.И. Грамматика немецкого языка М., 1979,1983

2. Арсеньева М.Г. и. др. Трудности немецкой грамматики в упражнениях.М.,1962.

3.Кораблева Л.Г. Краткая грамматика немецкого языка с упражнениями. М.,1965.

4. Deutsch. Ein Lehrbuch für Ausländer. Herder-Institut.1976,1990.

5.Duden.Deutsches Universalwörterbuch. Mannheim-Leipzig-Wien-Zürich. Dudenverlag, 2001

УЧАСТИЕ В ДИСТАНЦИОННЫХ ОЛИМПИАДАХ, КОНКУРСАХ – ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА

МИХНОВЕЦ Людмила Александровна

ГУ «Средняя школа имени Н.Крупской»

город Державинск, Казахстан

mixnoveczl@mail.ru

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические и практические основы формирования интереса и возможностей дистанционных олимпиад и творческих конкурсов у учащихся. В ходе олимпиад и конкурсов выявляются компетентные, талантливые, творческие ученики, имеющие активную жизненную позицию и высокий рейтинг, оцениваются эрудиция, интеллект, неординарность мышления, творческие способности. В заключение подводит к тому, что качественное образование в современном мире – это синтез самых различных форм

получения знаний и современных технологий. Поэтому дистанционное образование является естественным и необходимым этапом в развитии современного образования.

Аннотация

Мақалада оқушылардың қашықтық олимпиадалары мен шығармашылық байқаулардағы қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің теориялық және практикалық негіздерінің қалыптасуы қарастырылады. Олимпиадалар мен байқаулар барысында белсенді өмір позициясы және жоғары рейтингі бар білікті, дарынды, жасампаз оқушылар, олардың білімпаздығы, ақыл-парасаты, бірегей ойлауы, шығармашылық қабілеттері анықталады. Қорытындысында, заманауи әлемде сапалы білім – бұл білім мен заманауи технологиялардың сан түрін игерудің синтезі. Сондықтан қашықтықтан білім алу заманауи білім берудің дамуындағы орынды және қажетті кезең болып табылады.

Annotation

The article tells us about theoretical and practical basics of forming interest and opportunities of students by means of doing internet Olympiads and creative contests. Doing the tasks of these Olympiads and contests, we can discover creative and talented students having many abilities, great intelligence, erudition, unusual thinking. In conclusion, the quality education of the modern world is the synthesis of different forms for receiving knowledge and nowadays technology. So the distance education (internet education) is the natural and necessary stage of developing the modern education and society.

Главная задача современной школы - это раскрытие способностей каждого ученика, воспитание личности, готовой к жизни в высокотехнологичном, конкурентном мире. Начальная школа должна подготовить выпускника, обладающего необходимым набором современных знаний, умений и качеств, позволяющих ему уверенно чувствовать себя в среднем звене. Стремительно развивающиеся изменения в обществе и экономике требуют сегодня от учеников умения быстро адаптироваться к новым условиям, находить оптимальные решения сложных вопросов.

Современное общество неразрывно связано с процессом информатизации. Происходит повсеместное внедрение информационных технологий. Одним из приоритетных направлений процесса информатизации современного общества является информатизация образования, т.е. внедрение средств новых информационных технологий в систему образования. Информационно-коммуникационные технологии способствуют развитию мотивации учебной деятельности. На сегодняшний день это одно из самых эффективных средств для повышения интереса детей к предмету.

Интернет-олимпиады и конкурсы – великолепный элемент информатизации образовательного процесса. Они предоставляют широкие возможности приобщения к культуре использования телекоммуникационных технологий в образовании, позволяют выявлять наиболее талантливых и творческих учащихся с целью их дальнейшей педагогической поддержки и продвижения.

Почти все дети, за небольшим исключением, с желанием идут в школу. Но сталкиваясь с трудностями, интерес постепенно угасает. Существует много способов стимулирования обучающихся. Одним из них является участие в дистанционных конкурсах, олимпиадах. Эту форму работы сейчас используют практически все. Дистанционные олимпиады, конкурсы - самая массовая и наиболее успешная форма развития одарённости школьников с помощью Интернет-технологий. Чем старше ребенок, тем труднее его чем-то заинтересовать, увлечь. Поэтому работу я начала с учениками начальных классов и их родителями. Если я смогу донести значимость дистанционных олимпиад и конкурсов до родителей, если они это поймут и примут - все получится! Каждый родитель хочет видеть успехи своего ребенка.

Цели и задачи дистанционной работы:

-Выявление талантливых, творческих детей, их поддержка и поощрение.

-Выявление и развитие интеллектуальных, познавательных способностей, широты кругозора одаренных учащихся, глубины их знаний.

-Развитие чувства солидарности, здорового соперничества.

-Предоставление участникам возможности соревноваться в масштабе, выходящем за рамки учреждения и региона в рамках открытых творческих конкурсов.

Преимущества дистанционных олимпиад и конкурсов для младшего школьника следующие:

-доступность;

-проявление способностей, повышение самооценки;

-пополнение личного портфолио ученика;

-формирование настойчивости, повышение активности ученика.

-углубление и расширение знаний по предмету;

-установление тесных контактов между младшим школьником и его родителями;

-выявление скрытых возможностей и талантов учащихся.

Но наряду с преимуществами есть и проблемы организации и проведения дистанционных олимпиад и конкурсов.

Основная сложность, которая возникает при организации и проведении дистанционных олимпиад и конкурсов – недостаток технического обеспечения: слабое насыщение компьютерного парка учебных учреждений и индивидуальных пользователей; недостаточное развитие и нестабильность телекоммуникационных сетей; недостаточная компьютерная грамотность и информационная культура.

Не у всех детей есть компьютер и не все дети, в силу своего возраста, владеют компьютером. Кроме того, существует финансовая проблема. Дистанционные олимпиады обычно проводят платно. Стоимость их невелика, но если ребёнок захочет поучаствовать не в одной олимпиаде (они действительно все интересные!), а в нескольких, то это достаточно накладно. Но мы с родителями стараемся преодолевать трудности.

Мои ученики на протяжении последних нескольких лет принимают активное участие в международных дистанционных олимпиадах и конкурсах проекта "Инфоурок".

Команда проекта «Инфоурок» постоянно работает над тем, чтобы создать действительно интересные и полезные олимпиады для учеников. Главной целью является повышение общей заинтересованности учеников к учебе, в том числе для поднятия собственной самооценки и развития уверенности в своих силах.

При этом они традиционно предлагают самые привлекательные условия для учителей и учеников:

-Публикация результатов и награждение в течение 4 дней после окончания.

-Интересные задания подходят всем ученикам по уровню сложности.

-Учителю не нужно высылать в печатном виде ответы учеников, все ответы вносятся из личного кабинета.

За последние 4 года учащимися от проекта «Инфоурок» получено дипломов 364, сертификатов - 288. По итогам I Международного конкурса "Мириады открытий" проекта "Инфоурок" среди 500 учеников - Павлов Игорь стал обладателем MP3-плеера Perfeo VI-M001 и карты памяти к нему.

Результативность участия

Учащиеся класса принимают участие в других различных Международных и Республиканских дистанционных олимпиадах и конкурсах. С 1 класса и занимают в них призовые места, становятся лауреатами.

За 4 года в дистанционных конкурсах и олимпиадах приняли участие все ученики класса (22 ученика - 100%)

16 учащихся является постоянными участниками конкурсных мероприятий (не менее 10 конкурсов в год – 72%.)

Ученики - Сулейменова Амина, Павлов Игорь, Социал Замира вошли в сборник V Республиканского конкурса талантов, антологии лучших учеников «Надежды вечной страны» организованный Международным центром поддержки науки и образования Республики Казахстан - 2017 год.

Во II республиканском фестивале искусств «Өнерімді Отаныма арнаймын» класс получил Диплом 2 степени -2018 год.

В 2017-2018 учебном году в республиканском интеллектуальном марафоне «Ақ бота» приняло участие 7 человек. Из них Дипломов I степени - 4, Дипломов II степени – 3, в 2018-2019- учебном году приняло участие также 10 человек, все Дипломы I степени.

В Международном конкурсе «Русский медвежонок – языкознание для всех» приняло участие 12 человек, Дипломы I степени получили – 9, Дипломов II степени -3 человека.

В республиканской дистанционной олимпиаде по предметам начальной школы «Юный Эрудит» «КИО» Павлов Игорь и Ризниченко Илья получили Грамоты III место в районе, Грамоты III место в области.

В IX республиканском конкурсе исследовательских работ "Жас зерттеуші" Павлов Игорь получил Диплом I степени - 2018 год.

В 2017-2018 учебном году 5 учеников приняли активное участие в творческих дистанционных интернет-конкурсах Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования Министерства образования и науки РК г. Астана. Из них получили: Дипломов I степени – 1, Дипломом III степени – 2, сертификатов – 2.

В республиканском конкурсе «Пластилиннен үздік туанды» Павлов Игорь получил Дипломы I степени Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования Министерства образования и науки РК г. Астана – 2018 год.

В республиканских конкурсах «Международный женский день», «Здравствуй праздник - Наурыз», «Солнечная весна» республиканского творческого центра для детей и школьников «Danishpan» приняло участие 34 работы учащихся. Из них получили: Дипломов I степени – 11, Дипломом II степени – 1, Дипломом III степени – 1.

В 2019 году Ризниченко Илья стал призером Международного конкурса «Пони» в великой стране Языкознания.

В областном математическом турнире по математике «Бастау» Галым Мади получил Диплом 2 место в городе Кокшетау.

В 2019 году Галым Мали занял 1 место в областном конкурсе исследовательских работ «Зерде» среди школьников 1-7 классов в городе Кокшетау.

Учащиеся класса – призеры районной олимпиады 2018 года среди учащихся начальных классов (Галым Мади – 1 место по математике, Ризниченко Илья – 3 место по математике, Нурбек Нурай – 1 место по русскому языку, Касач Таисия – 2 место по русскому языку), в 2019 году (Галым Мади – 1 место по математике, Нурбек Нурай – 3 место по русскому языку, Касач Таисия – 3 место по русскому языку).

В 2018 году Павлов Игорь, ученик 4 класса, занял 2 место в районном конкурсе исследовательских работ «Зерде», в 2019 году Галым Мади занял – 1 место.

Дистанционный конкурс – увлекательная и эффективная форма занятий, любой человек из любой точки мира может принять участие в конкурсе, имея лишь компьютер и доступ к сети Интернет. Именно возможность объединить огромное количество людей делает дистанционные конкурсы приема ответов уникальными. Ведь они помогут углубить знания по разным школьным предметам, темам, разделам. Занимательные задания конкурсов позволят увидеть необычное в самом обычном, обыденном и привычном!

Опыт участия показал, что в младшем школьном возрасте за счет дистанционных олимпиад, конкурсов можно не только выявлять одаренных детей, но и развивать у ребят познавательный интерес к учению, формировать навыки самостоятельной учебной работы, устойчивые положительные эмоции, способствующие повышению у школьников мотивации к обучению, создавать условия для разновозрастного обучения; развивать фантазию, воображение и творческое мышление. Со временем у детей в сознании формируется, что компьютер – это не только средство для развлечения, а инструмент для развития своих способностей, увлечений, проявления себя.

Каждое дистанционное мероприятие – это очередная ступень к вершине знаний, ключ к успеху, развитию.

Список использованной литературы:

1. Ефимов В.Ф. Использование информационно- коммуникативных технологий в начальном образовании школьников. «Начальная школа» . №2 2009г

2. Завьялова О.А. Воспитание ценностных основ информационной культуры младших школьников. «Начальная школа». №11 2008г.

3. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие / Авторы-составители: Д.П. Тевс, В. Н.

4. Молокова А.В. Информационные технологии в традиционной начальной школе. Начальное образование №1 2003.г

5. Полат Е. С., Бухаркина М. Ю., Моисеева М. В., Петров А. Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. -М., 2001

Информационные ресурсы

1. Формирование ИКТ-компетентности младших школьников
2. http://nachalka.edu.ru/attach/8/1100.doc
3. http://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie
4. http://wikikurgan.orbitel.ru/index.php”Применение ИКТ в начальной школе”
5. http://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=562

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

АЮПОВА Назым

«Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі»МКҚК

Маңғыстау облысы,Бейнеу ауданы, Қазақстан

Nazym_1970@mail.ru

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Болашақта өркениеті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанда дамыған бәсекеге қабілетті елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін ол — білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Инновациялық технологияларды меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мектеп мұғалімі: жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушымен тез тіл табыса алатын, білімді, шебер, іскер болуы тиіс. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Білім беруде оқушы өзі ізденіп, тақырыпты оқып, түсініп, тақырып аясын кеңейтсе, жолдастарымен ой бөлігіне өз білгенін көпшілікке жеткізе алса, онда ұстаз еңбегінің нәтижесі болғаны, бұрынғы әдепке айналған оқу үрдісінде — оқушы белсенділік көрсетуге тиіс.

Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туыпдап отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі инновациялық технологиялары жасалып, енгізіліп жатыр.

Инновациялық технологиялар түрлеріне жатады:

ынтымақтық педагогикасы;

білім беруді ізгілендіру технологиясы;

проблемалы оқыту технологиясы;

тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы;

түсіндіру басқарып оза оқыту технологиясы;

деңгейлік саралап оқыту технологиясы;

міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы;

жобалап оқыту технологиясы;

дамыта оқыту технологиясы, компьютерлік технология, ойын технологиясы және т. б. көптеген технологиялар.

Ал соңғы жылдары оқытудың М.Жанпейісованың модульдік технологиясы мен В. М. Монаховтың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың оқытуды дербестендіру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген инновациялық компьютерлік технологиясын еліміздің көптеген мемлекеттерінде қолданып жүр. Әрбір инновациялық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуда қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды. Енді осы инновациялық технологиялардың кейбіреулерінің ерекшеліктеріне тоқталсақ, мәселен, ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында; проблемалы тапсырмалар сабақтағы қорытындылардың қандай және қалай пайда болғандығын дәлелдейді және логикалық ойлауға ғылыми іздену жолына бағыттау; Шаталовтың әдістемесі жаңа материал мазмұнын түрлендірсе, қайталау жолымен есте сақтауды қамтамасыз ету; деңгейлеп саралап оқыту технологиясының принциптері — оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында; дифференциялап оқыту — әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, жеке жасын дамыту қамтамасыз ететін білім беру болып табылады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялармен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет:

— оқу үдерісін интенсивтендіруші жаппай қолға алу;

— оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру.

Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Инновациялық үдерістің негізі — жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Жаңа технологияның принциптері — оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Мұғалімдердің оқыту технологияларын меңгеруде педагогикалық кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, олардың зерттеушілік жұмыстары, шығармашылық іс-әрекеттері пайдаланылады. Барлық жаңа технологияның алдымен қоятын мақсаты — оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Қазіргі білім беру саласындағы инновациялық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір тұлға болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі жаһандану заманы жаңашылдық, жаңа көзқарастар мен өзгерістерге толы. Ал біз осы ағынмен өмірімізді жаңа өнімдерді, техникаларды, жетілген білімдерді, жан-жақты дамыған идеяларды пайдалану арқылы жалғастырып отырмыз. Сондықтан білім беру жүйесін ізгілендіру барысында оқыту үдерісіндегі, әдіс тәсілдерде жаңашылдыққа бағытталуы тиіс.[1],[2]

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында балалармен меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны ұлғайып өсіп келеді. Білім беру саласында интерактивті техника және технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері

іздестірілуде. Жаңа технологияны енгізу барысында оқытушылардың зияткерлігі мен парасаттылығы, белсенділігі, шығармашылық ізденісі, шәкірттерінің білімін бағалауы шешуші роль атқарады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Қай елде болмасын, балаға білім беру ісі орын алып, онымен арнайы шұғылданатын мамандарды ізденіске итермелеп отырған. Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып үнемі өзгеріс үстінде болады. Заман өзгерген сайын білім беру жүйесінде қойылатын талап, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс тәсілдері де өзгереді. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады:

- проблемалық оқыту;
- дамыта оқыту;
- деңгейлеп оқыту;
- дәстүрлі оқыту;
- кейс-стади;
- сұрақ-жауап ойындары;
- цифрлық білім беру ресурстары.

Проблемалық оқыту - ғылыми таным нәтижелерін, білімджер жүйесін ғана меңгеріп қоймай,сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту-ойлау операциялары логикасы мен мектеп жасына дейінгі балалардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын ескере отырып жасаған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі.

Дамыта оқыту - мектеп жасына дейінгі балада білім, білік дағдының қалыптастыруын жоққа шығармайды, бірақ оқыту мен тәрбиелеу баланың дамуын қамтамасыз ететін жағдай болу керек. Дамыта оқыту технологиясыұйымдастырылған оқу іс әрекетінде балаларға тәрбиешінің қарапайм ізденгіштік, зерттеушілік іс әрекетін қалыптастыру тән.

Дәстүрлі оқыту - балалардың таным қабілеттері және жас мөлшері шамамен бір деңгейді құрайды. Оқыту барысында жоспарланған тақырып кеңінен түсіндіріледі, балалар сол тақырып бойынша білімш, білік дағдыларын игеру мақсатында жұмыс істейді.

Цифрлық білім беру контентін электрондық оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми-әдістемелік зерттеулер құрайды.

Цифрлық білім беру міндеті:

Оқытушының сабаққа дайындығына көмек.

Оқытушының сабақ өткізу үрдісінде көмек.

Оқушының үй тапсырмасын орындауда көмек.

Цифрлық білім беру түрлері:

Демонстрациялық – оқушы тек бақылаушы ролінде болады.

Интербелсенді (ақпараттық-іс-әрекеттік) – оқушы тек бақылап ғана қоймай, сабақ барысында ресурс сұрақтарына жауап іздеу, ресурс көмегімен практикалық және лабораториялық тапсырмаларды орындау, электронды анықтамалардан керегін іздеу, интербелсенді оқыту ойындарын ойнау, топтық жұмыс (мини-жобалар) орындау, ресурстың бағалау мүмкіндігіне ие болады.

Жаңаша әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану барысында көрсеткен нәтиже: балалардың оқуға қызығушылығы артады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, пікір таластыра білуді, ойын жүйелі түрде жеткізуді, зерделеу қабілетін дамытуды, салыстыру, байқағыштық қасиеттерін үйренеді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық күшін қалыптастыру және оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда әр түрлі бизнес-ойын түрлері, топтастыру, сәйкестендіру, толықтыру стратегиялары, он-лайн басқатырғыш, сергіту жаттығулары, мультимедия, интернет кеңістігін, электронды оқулықтар

кеңінен қолданылады. Бұл технологияның ерекшелігі – оқушының танымдық белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыра білу. Оқыту үрдісін жаңаша ұйымдастыру мұғалімнің оқушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылығының өздігінен іс-әрекет ету даралық қабілеттерінің артуына себін тигізеді. Мұндай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында оқытушыға қойылатын негізгі талап баланың берген жауабын түзету, берілген тапсырманы орындау жолдарын көрсету, балаға өз ойын рет-ретімен толық жеткізуді үйрету болып табылады. Өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік беру, оған пікір еркіндігін сездіру баланың сол сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар сабақ барысында интерактивті тақта, мултимедия,электронды оқулық, көрнекіліктерге жүгіну оқытушыға уақытты үнемдеуге, аз уақыттың ішінде бірнеше баланың білімін бағалауға, бағдарламадағы материалды қай дәрежеде меңгергенін айқындауға мүмкіндік береді, яғни бұл арқылы біз баланың білім деңгейін қадағалаудың ең тиімді тәсілі.

Қазіргі кезде білім беру мен білім жүйесін ұйымдастырудың оқу үдерісіндегі жаңа технологиялары ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану аясын кеңейтіп мультипликацияны, бейнетаспа мен күрделі сызбалармен оқу материалдарын түсінікті баяндауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар адамға ақпаратты максималды жақын түрде сенсорлы елестету, ақпараттық және бағдарламалық аспектілері арқылы қолданушыға ақпаратты әр түрлі формада: мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейнемен интерактивті режимде елестетіп көруге мүмкіндік бере д. Ол үшін ақпараттық технологиялардың яғни компьютерлердің интернет желісіне қосылу мүмкіндігімен бірге дыбыстық әрлендіруге WT синтездерін, DSP сигналдық процессорларын, TW аудио сигналдар үшін сығушы синтездерді, CD-ROM лазерлік дискілерді пайдалану нәтижелі болады.

Қорыта келгенде, кез-келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу және сұрыптау қажет. Білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелікпен үздіксіз жүргізу, оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуын қарастыру. Педагог жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану барысында өзін-өзі дамытады және қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Садовникова И.Н. Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников. — М.: Владос,
2. Коррекционная педагогика в начальном образовании: Учеб.пособие для студ. средних пед. учеб. заведений /Г.Ф. Кумарина, М.Э. Вайнер, Ю.Н. Вьюнкова и др. / Под ред. Г.Ф. Кумариной. — М.: Академия, 2003.
3. Игнатьева С.А. Коммуникативная культура будущих учителей-логопедов как условие становления их профессио- нальной компетентности // Воспитание и обучение детей с нарушениями в развитии. — 2006. — № 6.
4. Основы логопедической работы с детьми / Под ред. Г.В. Чиркиной. — М.: Аркти, 2002.
5. Лурия А.Р. Психологическое содержание процесса письма // Хрестоматия по логопедии. — М.: Владос, 1997.

МОҢҒОЛДЫҢ СОЛ ҚАНАТЫ. «ҚАЛМАҚ» - «ӨЗБЕК» ЭТНИКАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Назым БУКИРБАЕВА
Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қазтұтынуодағы Қарағанды эономикалық университеті
Қарағанды қаласы, Қазақстан
nazym-2111@mail.ru

Аннотация

Аталмыш мақалада Қазақ хандығының қалыптасу кезеңі, оның ішінде фольклорлық материалдар негізінде «сол қанат», «жоңғар», дулу топтары, «өзбек», «ақ қалмақ», «қара қалмақ» ұғымдары қарастырылады. Шыңғыс ханның ұлы Жошыға қарасты аймақ, яғни Батый ұлысы құрамының оң және сол қанаттарға топтасқаны баяндалады. Ақ Орда және Көк Орда мемлекеттерінің этникалық құрамы жіктеледі. Қалмақ ұғымының пайда болуы шежіре деректеріне сүйене отырып талданады.

Түйінді сөздер: Батый хан, Орда-Ежен, Ақ Орда, қалмақ, жоңғар.

Аннотация

В данной статье концепции формирования Казахского ханства, в том числе групп «левое крыло», «джунгар», «дулу», «узбек», «белый калмык» и «черный калмык», рассматриваются на основе фольклорных материалов. Потомки сына Чингисхана Жошы, то есть улыс Батый, сгруппированы на левом и правом крыльях. Этнический состав государств Белой и Голубой Орды был рассмотрен, классифицирован.

Ключевые слова: Бату Хан, Орда-Эджен, Ак Орда, Калмык, Джунгар,

Annotation

In this article, the concepts of the formation of the Kazakh Khanate, including the Left Wing, Dzungar, Dulu, Uzbek, White Kalmyk and Black Kalmyk groups, are considered on the basis of folklore materials. The descendants of Genghis Khan's son Zhosha, that is, Bati Ulys, are grouped on the left and right wings. The ethnic composition of the White Horde and the Blue Horde states were examined, classified. The ethnic composition of the states of the White and Blue Horde was considered, classified. Folklore sources relative written and material sources.

Key words: Batu Khan, Orda-Ejen, Ak Orda, Kalmyk, Dzungar.

Моңғол дәуірі ел тарихындағы сырлы кезең болуына орай тарихымыздағы өзекті сұрақтардың жауабын осы мерзімге тиесілі болып отыр. Оның ішінде Орта жүз руларының қалыптасуы мен көршілес түркі халықтарының тілі, діні, салт-дәстүрі, шаруашылығы, әдебиетіндегі жақындық өткен тарихтың ортақтығы туралы сыр шертеді. Шыңғысханның қалың жұртының, «алыс алашының» бір тармағы заманында қалмақ, кейіннен «өзбек» деп, бүгінде негізінен Орта жүз қазақтары, жоңғарлар, өзбек, қарақалпақ, халкалықтар деп топтасып, тіптен аталмыш елдердің өткен тарихындағы сабақтастық мүлдем үзіліп, осы жұрттың ұрпағы бүгінде өз алдына жеке-жеке дәлелі жоқ жалған тарихтың иесі болып, бір-біріне жат болды. Қалмақ-өзбек баянында біздер атамыш елдердің қазақ халқымен генеалогиялық байланысын көрсетіп, ақиқатқа көз жеткізуді мақсат еттік. Онда қалмақтарды моңғолдардың сол қанатына топтастырып, «он оқ елінің» дулу тобына жататының баяндау. Дулулар мен телелерді «ақ қалмақ» пен «қара қалмақ» деп жіктеп көрсету орын алады.

Шыңғыс хан әскери-ұйымдастыру принціпін мемлекеттік құрылыстың негізі етіп алды. Елдің бүкіл жері мен халқы он қанат (барунғар), сол қанат (жоңғар) және орталық (гол) атты үш әскери әкімшілік округке бөліп, әрбір округте он мың адамнан тұратын бірнеше түмгелер (түмендер) болды. Олар өз кезегінде «мыңдық», «жүздік», «ондықтан» тұрды [1]. Сіздерге төменде Сол қанат (жоңғар) Ақ Орда тұрғындары туралы баяндап, осы Орданың жұрты кезінде ақ қалмақ пен қара қалмаққа жіктелгенін көрсету. Қазақты қалмақ шапты деген баяның дұрыс түсіндіруге әрекеттенеміз. Қалмақты (ақ қалмақ) жоңғарлар (қара қалмақ) шапқыншылыққа ұшыратты деп айтқанымыз шындыққа жанасар еді. Ресей Федерациясының құрамындағы Калмыкия тұрғындарының диалектикасына, антропологиялық тұрғыдан түр сипатына тоқталсақ қазақ пен қалмақты ажырату мүмкін болмас.

Негізгі бөлім.

Әуелде қалмақ атауын жамылған моңғолдың әлсіз тобы, кейініректе ислам дінінің орнығуымен Өзбек ханның құрметіне, оның соңынан ерген жұртшылық сол қанаты «өзбек» атауын иемденді. Оң қанат топтары, татар-қыпшақтар Ноғай ханның құрметіне «ноғай» жұрты атанды. Аталмыш Өзбек хан да, Ноғай хан да заманында ұлы хандардан болды.

Қазақ арасындағы айтылатын: «Қара Қыпшақ Қобыланды да нең бар еді, құлыным» деген өлең жолдары Арғын ата Қотан тайшының Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп

жылауынан қалған. Осы негізде сүйеніп ғалым Ә.Бөкейханов: «Шаhкерім айтқаны тарихқа жөн болса, қара қыпшақ пен Әз Жәнібек қазағы Қобыланды үшін арыз болған көрінеді. Қобыландының атысқаны Қызылбас та, қалмақ та болмай, Жәнібектің жұрты Арғын hәм өзге қазақтар болып жүрмесін» дегенді айтады.

Қамбар батыр жырында негізгі оқиғаның болған жері Қырым делінгенімен «қазақ пен қалмақ, ноғайлы, ел болып жатқан құрала»,- деп Орталық Азияны мекендеген елдердің аттары аталады.

Қазақ халқының басты этникалық құрамы мен территориясы Шыңғысханның Жошы ұлысының құрамынан бөлініп шықты. Керей хан мен Жәнібек ханның алғаш ту көтеруімен құрылған хандық, алғашқыда Ақ Орда халқының топтасуымен Моғолстан жерінде бой көтерді.

Қасым хан тұсында ыдыраған қалың қазақ елі бірте-бірте бір тудың астына шоғырлана бастады. Қазақ халқының шығу тегі түркі, яғни моңғол-татар тайпалық топтарынан құралды. Қасым хан хан тағына отырмай жатып-ақ оның үстемдігінің күштілігі соншалықты жоғары болған [2, 307]. Қасым хан Дешті Қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскерінің саны мың-мыңдаған адам еді. Жошы ханнан кейін ол жұртта одан ұлы хан болған емес [7, 111]. М.Х.Дулатидың еңбегінен Қасым ханның Ақ Орданы толық және Алтын Орданың біршама бөлігін бір тудың астына біріктіргенін білеміз. Осылайша Жошы ұлысын, ондағы татар (ноғай) және ақ қалмақ топтарын бір тудың астына жинап, Қазақ деген елінің іргесін кеңейтіп, әрі Шыңғысханның қара шаңырағының иесі Шағатай ұлысы (Ұлы жүз) Моғолстан мемлекетімен достық қарым-қатынаста болды [2].

Қасым ханның иелігінің негізі Ақ Орда – сол қанат тұрғындарынан құрылды. Сол қанат – жоңғарлар деп Шыңғысхан жасағын атады, сонда Ақ Орда жұрты жоңғар тобына жатқан.

Шыңғыс хан әулетінің иеліктерін үш бөлікке бөліп: Ұлы Орда, Ақ Орда, Көк Орда атаған. Ұлы Орда Сарай хандығы «Алтын Орда» деп те (кейінірек тағылған атау) аталады. Бұл орданың орны Еділ бойында. Қазір Сариф дейтін бір бекініс. Ақ Орда мен Көк Орданы жалпылама орыс халқы «Малая Орда» деп атаған [3, 67-68].

XIV-XV ғасырдың бірінші жартысында, Ақ Орда кезеңінде, Көшпелі Өзбектер мемлекеті Қазақстан аумағындағы тайпалардың этникалық құрамына тұрақтанып, *түрік, моңғол тайпаларының* бірсыпыра мәдени-тұрмыстық ерекшеліктері бір ізге түседі, түрлі тайпалық бірлестіктердің этникалық белгілерінің ортақтығы байқалады. Бұл мемлекеттер халық болып қалыптасқан көптеген рулар мен тайпаларды қамтыды; бұл орайда Ақ Орда, Көшпелі өзбектер мемлекеті, Ноғай Ордасы халқының этникалық құрамы негізінен алғанда ұқсас болатын. Оларда сол кездегі жазбаша деректемелерде *«өзбектер»* деген жинақтаушы этникалық-саяси терминмен (этнополитониммен) белгілі болған түркі тілдес тайпалар: қыпшақтар, үйсіндер, қоңыраттар, керейіттер, маңғыттар, арғұндар, қарлұқтар, наймандар мекендеді. Солармен қоса деректемелерде бүркіт, қиат, кенегес, күрлеуіт тайпалары мен рулары және басқа да көптеген тайпалар мен рулар аталады. Олардың бір бөлігі қазақтың *Орта және Кіші жүздердің құрамына* кіріп, басқа бір бөлігі XV-XVI ғасырлар шебінде Орта Азияға барған, сөйтіп оған «өзбек» есімін апарған. Ноғай Ордасында қалыптасқан халық та маңғыттармен, алшындармен, қытайлармен, астармен және басқаларымен қатар қыпшақ, қаңлы, найман, үйсін және қоңырат тайпаларының бөліктерін қамтыды [4, 105].

XIV ғ. 70 жылдарындағы оқиғаларды сипаттағанда Натанзи, теміршіл авторлар сияқты, әуелі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына, ал содан соң Жошы ұлысының Сарай тағына *сол қанаттың хандары* (Ұрыс, Тоқтамыс және басқалар) келген батыс бөлігіне қатысты *«Өзбек ұлысы»* деген атауды барған сайын жиі қолданды. Му ин ад-дин Натанзидің «Ақ Орда» атауын төменіректе қолдануын екі түрлі – Өзбек ұлысының әкімшілік, саяси бөлігі ретінде де, сол қанаттың әскери контингентінің (түменнің) атауы ретінде де түсінуге болады, ол былай дейді: «Өзбек ұлысының патшалығы (сұлтаны) Темір Мәлік ханға тиген кезде ол Ақ Орда деп аталатын *сол қанаттың (сол қол)* түмендерін басқаруды өзінің жиені Мұхаммед оғланға берді». Натанзин Дешті Қыпшақтың шығыс бөлігіне *«Өзбек ұлысы» атауы Едіге заманында* қолданылды деп атап өтті [4, 113-114].

«Ақ Орда» атауын Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы этникалық-саяси, мемлекеттік құрылымдарға, *Орда-Ежен мен оның ұрпақары ұлысына,* Орда мен Шайбани ұрпақтарының бір мемлекетке біріктірілген ұлыстарына қолдану дәстүрі тым ұзаққа созылып, орнығып келген [4, 116-117].

Шығыс деректемелерінде *Жошы ұлысының батыс бөлігі (оң қанат)* билік еткен ханның есімімен (Бату ұлысы, Берек ұлысы, Өзбек ұлысы және т.б.) аталған. Орыс құжаттарында ол әуелі суреттеме түрінде - құжаттарында («татралар»), сонан соң көбінесе - «мемлекет, держава» мағынасында «Орда», сондай-ақ «Ұлы Ұлыс» деп аталған. «Ұлы ұлыс» деген бұл атау Қырым жарлықтарында, Тоқтамыстың Ягайлаға хатында айтылған; ол орыс мәтіндерінде «Белая Орда» деп қате аударылған. Түпнұсқада бұл мемлекеттің «Ақ Орда» деген атауы жоқ [4, 116].

Оң қанат (Ақ Орда) пен сол қанаттың (Көк Орда) нақ солай аталатын жаңа қанаттарға қайта бөлінгені туралы және Қазақстан аумағында жаңа Ақ Орданың «пайда болуы туралы пікірді В.В. Трепавлов дамытты, ол Жошы ұлысының жақсы ойластырылған екі қанатындағы жоғарыда аталған қайшылығымен кездескен еді. Қайшылық, атап айтқанда, оң және сол қанаттарға түс берілген «Ақ» және «Көк» беруге байланысты, өйткені Әбілғазы мен Махмұд пен Әлидің мәліметтері «Ақ Орданың» Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болғанын айқын көрсетті: Сарай ханы Меңгі-Темір өзінің Ақ Ордадағы (Алтын Ордадағы) иеліктерін Шайбанидің ұлы Баһадүрге бере алмайтын еді. «Дештіден тағы бір Ақ Орда іздеуге» тура келді. Сөйтіп ол табылды [4, 117-118].

Қанаттарға бөлінген моңғол ұлыстарының аумақтық-әкімшілік құрылымының бұлыңғыр жүйесін зерттей келіп, В.В. Трепавлов Бату ұлысының ғана емес (хандар мен беклер-бек арасында), сонымен қатар Орда ұлысының (Көк Орданың) да жаңадан «Ақ Орда» мен «Көк Ордаға» қайталап бөлінгені туралы қорытындыға келген [4, 117-118].

Шәкәрім шежіресінің «Қалмақ елінің баянында»: -Ойраттармен туысқан, арғы түбі бір тағы үш рулы ел болды: Торғауыт, Қоры, Толас [5, 36]. Қалмақ деген қалған деген сөз. Олардың ойрат-қалмақ аталған себебі – мұғылдар күнбатысқа қойған әскерлерін ойрат деп атаушы еді. Соған араласқаннан ойрат атанды. Қалмақтың түбі ойрат деген сөз содан шыққан»,- деп баяндады [6, 34].

Қалмақтың рулары: арғын, найман, қыпшақ, керей, меркіт, кан, мұндұс, ара, тотош, шапты, топшон, алмат, кебек, куду, пайғалыс, айттас, құтты, сақал, тилес, айдақ, қырғыз, сойон, моңғол, сарт. Тілдері ескі түркіше (қырғыз тіліне жақын), бірақ мұнғұлға көп қарағандықтан мұғұл тілі қосылған [6, 123-124].

Қ. Халид: «Халықтарымыз өздері қалмақ пен моңғолды шатастырғаны болмаса қалмақ моңғолдың бір түрі, тармағы ғана, оған еш күмән жоқ. Кейбір кітаптарда қалмақты «кимак» деп жазған. Қалмақ моңғолдың ең азы, әлсізі болған, сол үшін олар мықтылардың ішіне кіре алмай, батыс жақ шеттерде қалып, әрі бұл жақтағы хандармен көршілес болды. Осы себепті мұслман халықтары олармен соғыста бірінші болып бетпе-бет кездессе де солармен араласып, бұлардан басқа қалмақ, яғни моңғол бар деп ойламаған, соңан бұлар моңғол атын жөнді білмей қалмақ атын ғана анық айыратын болған»,- деп моңғол атауының танылмау себебін түсіндіреді [3, 90-91].

Моңғол жұртының күн шығысында сегіз су бар еді, сегіз мұран (монғолша) дер еді. Ойрат елі сол сулардың арасында отырар еді [7, 36]. Қалмақ баянында, қалмақтардың этникалық құрамында қазақ рулары аталады. Бәлкім, Шәкәрімнің шежіресінде көрсетілгендей қалмақтар дегеніміз өз жерін қимай қалып қойғандар ма, деген сұрақ төңірегінде қалдырамыз. «Ойрат» сөзі де қалмақ тілінде қалған деген мағына береді екен. Осы тұста ескеретін мәселе, бүгінгі Ресей мемлекетінің құрамындағы Қалмақ автономиясының қалыптасу тарихына үңілсек, аталмыш мемлекеттің XVIII ғасырда Жоңғария жерінен келіп Қазақ жүздерінің арасынан өтіп осы аймаққа қоныс тебуінде бір тарихи қисын жатқанын көруге болады

Ш. Құдайбердіұлы: -«Және менің өз ойымша, біздің осы Орта жүздегі арғын атасы Әбілғазы ханның шежіресіндегі айтатұғын Ойрат-Арғын аға деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мынау – Шыңғыс ханның кенже баласы Толу үлкен қаған болған кезде, ойрат атанған елден Арғынға аға деген кісіні Хорасан деген жерге хан қойған. Сол мұсылманша 440

жылы, орысша 1226 жылы еді. Бұл арғын аға Ойрат табынан дейтұғыны бұрынырақ мағұлдар ұйғыр татарларды жеңіп қуғанда жерін қимай отырып қалғандар. Қалмақ-Ойрат атанғандықтан, бұл Арғын аға сондағы қалмақ атанып қалған елдің ішіндегі Байергін яки ұлық Ергін атанған Арғыннан болса керек... [6, 83].

Қотан тайшыға Ақжол би деп лақап ат таққан болса, біздер білетіндей Қотан *тайшы* атауы таза қалмақтарға тиесілі, сонда Шәкәрім Құдайберді ұлының көрсеткен Арғындарға қатысты деректері ақиқат [8, 38].

Қытай қазақтарының фольклор мәліметтерінде Әз Тәуке қазақты үш жүзге бөлгені баяндалады және осы тұста:

Бұл «үш жүз» содан бері кемелденген,

Қалмақтан ажыраған көп ел енген.

Ру, тайпа жүзге қарай қоныстанып,

Малға бай кең даланы мекендеген [9, 23]. Қалмақтардан ажыраған көп ел қосылғаны айтылады.

Ш. Құдайбердіұлы -«Жошының үлкен баласы Орда, оның лақап есімі Ежен еді. Бұл қалмақ хандарының атасы болса керек» [6, 103]. Орда-Еженнің Ақ Ордасы негізінен бүгінгі Қазақстанның территориясының көп бөлігін құраған еді, негізінен Орта жүз территориясын қамтыды.

XVIII ғ. Ұлы жүз қазақтарының Жоңғар мемлекетіне тәуелділігі қытайлардың шапқыншылығынан кейін ғана аяқталды. А.И. Левшин: «Наконец, когда в междоусобия зюнгарские выступились китайцы, и когда успех оружия их превел преемников гольдановых в совершенное изнеможение, то киргиз-казаки Большой орды взяли сторону Амурсана и составили часть войска его, сражавшегося с китайцами до 1756 года, в котором зюнгарские владение пало под ударами китайских мечей. Народ, составлявший оное, истреблен или рассеян, а земли, ему пренадлежавшие, превратились в пустыни»,- деп баяндайды [10, 173]. Қазақтар өздеріне түсетін қауіптін жақындағанын сезді. Осы орайда қазақ жасақтары Әмірсана тарапында соғысуы қазақ руларының кей тармақтары қара қалмақтармен жақындығы есебінде болды деп ой түйе аламыз. Оған бірден-бір себеп Шоно батырды ноғай деп, ал оның анасы Етрежеп қалмақ еліне ұзатылғандығы айтылады, сол тұстағы қалмақ деп баяндаған руларының ішінде наймандар болатын [11, 144].

Ойраттар - Монғол империясы Үгедей ұлысы моғолдарының батыс бұтағы. Бұлар XV ғасырда «Шығыста Хангай тауларының батыс бөліктеріне, оңтүстікте Гоби құмдарына, батыста Моғолстанға, солтүстікте Ертіс пен Енисейдің жоғарғы ағыстарына» барып шектелетін ұлан-байтақ жерлерді иеленді *(Златкин И.К. История Джунгарского ханства (1635-1758). М., 1964, 42-б.).* Оларды көршілес түркі және парсы тілдес халықтар қалмақтар, моғолдар «жоңғар» (сол қанат) деп атады. Уәйіс ханның тұсында (1418 жылдан 1428 жылға дейін, *«қазақтық жасау»,* (*қарақшылық жасауы ма, болмаса тұрақсыз әскер жасап шабуыл жасау ма?*) Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуынша, Шер-Мұхаммед билеген кезеңдегі аздаған үлестермен) ойраттардың Моғолстанның шығыс шекараларына қысымы күшейе түсті. Алғашқыда ойраттар мен моғол көшпелі феодалдарының басқынышылық мүдделері оңтүстік-шығыс бағытта ғана қайшы келді [4, 152-153].

Ұлықбектің 1425 жылғы Жетісуға жасаған жорығын жазған *Темір әулетінің тарихшылары бұл аймақта қалмақтардың болғаны* туралы ешқандай дерек бермейді. Уәйіс хан қалмақтардан қашығырақ болу мақсатында өз орталығын Тұрфаннан Моғолстанның орталық аумағы – Іле жағасына, Ілебалыққа ауысты. 30-шы жылдары Жетісуға қалмақтар шапқыншылықтарын үдетуі салдарынан, Ыстықкөл төңірегіне дейін жетті,- деп жазады Мырза Хайдар; дәлірек айтқанда, қалмақтардан қорғану үшін *Ыстықкөл аралдарының біріндегі Қой-сой* мекенінде қамал салдырған бекшік (қаңлы) тайпасының әмірі Мир Хақберді ғана аздап қақтығысып қалды [4, 152-153].

Ойраттардың көшпелі феодал ақсүйектері Моғолстанның кең-байтақ аумағына, соңын ішінде Жетісуға қатты қызықты; олар мұнда өздерінің қол астындағы рулар мен тайпалар үшін шұрайлы жайылымдық жерлерді басып алуға ұмтылды, өте қолайлы сауда жолдары да осы жерден өтетін, ал феодалдық соғыстар мен өзара алауыздық қақтығыстар етек алған сол бір

аласапыран кезеңде бұл Оңтүстік Қазақстанның егістікпен айналысатын отырықшы алқаптары мен Орта Азияның солтүстік-шығыс аймақтарына шапқыншылық жолдары болары сөзсіз еді *(Златкин И.К. История Джунгарского ханства (1635-1758). М., 1964, 42-б.).* XV ғасырда ойраттар шапқыншылығы бірнеше рет қайталанды. Олар Моғолстанды әлсірете түсті, міне сондықтан да Моғолстан ханы Есен-Бұға 50-жылдардың аяғында Батыс Жетісуға келген қазақтар Жәнібек пен Керейді ойраттар бетін қайтару үшін пайдаланбақ болды. *Қазақтар, іс жүзінде, әсіресе 60-жылдардың ортасында Жетісудағы өз иеліктерін ойраттардан қорғай алмады* [4, 153-154].

Ойраттардың XV ғасырдағы Жетісу мен Түркістандағы қазақ жерлеріне шапқыншылықтары шығыстан қазақ халқының басына түскен қасіреттің басы болатын [4, 153-154].

Му ин ад-дин Натанзи үшін Жошы ұлысының жоғарыда аталған екі бөлігіне екі түрлі белгіні қолдану кездейсоқ айтыла салған сөз емес. Сол қанат жөнінде «Ақ Орда» атауын ол бірнеше рет қолданды. Мәселен, XIV ғасырдың 60 жылдарында, «асқан аласапыран» кезеңінде «Көк Орда» (оның мәліметтеріне қарағанда – Жошы ұлысының оң қанаты) әмірлері тобының шақыруымен Сарай тағында жоғарыда аталған сол қанат әулетінен тарағандардың, яғни Орда, Тоқа-Темір, сондай-ақ Шайбани (Шейбани) ұрпақтарының билік етуін айта келіп Му ин ад-дин Ақ Орда әмірлдерінің аталған тобы қарсыластарының біреуінің (Натанзидің айтуынша) «надандық сезімімен»: «Ақ Орда сұлтандарының мына ұрығы қалайша Көк Орда патшалары тағының әміршісі (падишаханы) болмақ!» деп айқай салған сөздерін келтірген. Натанзи Жошы ұлысында Көк Орда билеушілерінің сол қанаттан (жоңғарлардан, моңғолдардың әлсіз тобынан) үстем екенін көрсетті [4, 113].

Үкідай қаганның ұлы Күйік хан өлгеннен соң, Толы хан ұлы Менку қаған болды...*Ойрат халқынан Арғұн ақа* дегенді Хорасанға әкім қылып жіберді [7, 110].

Есім ханның хандық құрған тұсында Жоңғар хандығы қаһарлы күшке айналып үлгерген еді. Күні кешелер дүниені тітіркенткен Шыңғысхан ордасының *сол қанаты* осы жоңғарлар болатын. Әлемдік билікке ұмтылған ашкөздіктен кейін Моңғол империясы шілдің қиындай шашырап, ата жұртының өзінен береке-бірлік қашқан.

Жоңғар хандығының қазақтар үшін қаһарлы күш болатын себебі, олар да *өмір салты бір, салт атты көшпелілер* еді. Ресей патшалағының Жоңғар мемлекетінің *Торғауыт, Дүрбіт, Хошауыт* сияқты іргелі тайпаларына Еділ бойынан қоныс беруі қазақ (ноғай-қазақтың) пен қалмақ (қара қалмақ деп ашып айтқанымыз абзал) арасындағы жүз жылдық соғыстың отын тұтатуға себепші болды [11, 50-51].

1986 жылы Кент тауының төңірегінде туып-өскен Ғабдолла Сәрсенбайұлының аузынан тарихшы-ғалымдар Ж. Смаилов пен А. Бейсенов жазып алған «Аңыз айтады, ерте-ерте ертеде қазақ пен қалмақтың ауылдасы аралас, қойлары қоралас, қоңсы болыпты дейді. Күндердің бір күнінде қазақтың Аюке деген ханы өзінің әлпештеп өсірген Етрежеп атты ару қызын қалмақтың Қонтажы деген ханына ұзатпақ болады. Ол кезде Аюке хан Еділ бойын ендей жайлап жатады екен. Уәделі уақыты жетіп, келіскен мерзімі келген кезде Қонтажы хан өзінің қалыңдығын алып келу үшін Қабыл-зайсан деген бас батырын Аюке ханға аттандырыпты. Кешікпей-ақ, Қабыл-зайсан қырық жігітімен Аюке ханның еліне жетеді.

Аюке хан қияндағы жат жұртқа бұйырған жалғыз қызының ұзатылу тойын аста-төк етіп өткізеді. Той өткен соң Аюке хан Едіге атты батырын басшы етіп, қызы Етрежептің көшін жолға салады. Ата жұрты мен ардақты ағайынын артқа қалдырған Етрежеп қош-қошын айтып, жат жұртқа кете барады.

Сонда Етрежептің көш-керуені талай күндерді өткізіп, Кент тауына жеткенде Арқаның қысы ерте түсіп, даланы көк кіреуке мұз құрсап қалады. Мінген аттарының шашасын мұз қиып, жүк артқан атандарының табаны тайып, көш-керуен амалсыз тізгін тартады. Қазақ батыры Едіге мен қалмақ батыры Қабыл-зайсан ақылдаса келіп, Кент тауының ішінен тебін-қорығы қалың, ықтасыны мол қойнауды таңдайды да, сол жерді қыстап шықпақшы болады. Жай ғана қос тігіп, қотан жасап қыстап шығуды місе тұтпайды. Ел-жұртынан ажырап, аңырап келе жатқан хан қызының көңілін аулау үшін Кент тауының қызыл тасынан қырық жігітке сарай соқтырады. Күні бүгінге дейін сол сарай «Қызәулие» деп аталады.

Содан қырық қыз жанында, қырық нөкер маңында ханның қызы Етрежеп кең сарайда сайран салып, Арқаның ұзақты қысын өткеріп жатады. Сонарлы күнді құр жібермей Кеңт тауының қойдай еріп жүрген аңын аулайды. Ашық күндерде сейіл-серуен құрады. Сөйтіп жүргенде Етрежеп пен Едіге бірін-бірі ұнатып, көңіл қосады. Етрежеп содан жүкті болады.

Мерзімді уақыты жеткенде Арқаның көктемі туып, жол ашылады. Хан қызының көш-керуені Қонтажының елін бетке алып жолға шығады. Ай жүріп, апта жүріп, күндердің бір күнінде Етрежептің көш-керуені Қонтажы ханның еліне жетеді. Елге келген соң, айы-күні толғанда Етрежеп босанып, алпамыстай ұл табады. Ұлдың атын Сына деп қояды.

Жаттан жаралап, іште келген Сынаны Қонтажы хан жек көреді. Бойы өсіп, бұғанасы қатпай-ай қаршадай Сынаны қой соңына салады. Бірақ, жастайынан пісіп-қатып, қиындықтан ширап өскен Сына ерте есейеді. Сегіз жасында жақ тартып, садақ иеді. Оның иген садағын өзінен басқа ешкім тарта алмайтын болады. Жойқын күшіне таңырқаған жұрт оны Сына батыр деп атайды.

Бір күні Сына батыр ауыл шетінде қыдырып жүріп, өзі жасаған сегіз қырлы оғын атып көреді. Шырқай шығандап, зырқырай ұшқан жебе Қонтажы хан отырған киіз үйдің есігіне келіп қадалады. Қонтажы хан бұл оқиғадан секем алады да, ордасына көріпкел ақылгөйлерін жинап жөн сұрайды. Олар сегіз қырлы оқтың Сына батырдың оғы екенін танып, оның қылығын жаман ырымға балайды да, түптің-түбінде бұл жау болып шығады екен деп жориды.

Сол жерде Қонтажы хан Сына батырды алдыртады да, қол аяғын байлап, бұдан былай садақ тарта алмауы үшін жауырын шеміршегін сыдыртып тастайды.

Сол жерде Қонтажы ханның бұл қиянатын кек тұтып, іштей жауығып алады. Мұның бәрін көзі көріп, біліп жүрген Етрежеп ханым бір күні оңашада баласы сынаға ақыл береді: «Сенің түбің қазақ еді, бұл бетінде жат жұрттың ортасында жазым боласың, есің барда еліңді тап»,- дейді. Анасының ақылына құлақ асқан Сына батыр орайын тауып, Қонтажы ханның қанатты қара тұлпарына мінеді де, қазақ даласын бетке алып тартып кетеді.

Содан, Сына батыр аман-есен ел-жұртымен табысады. Жан аяспас достар тауып, ер азамат болып өседі. Жасақ жиып қол бастап, жауды жеңіп кек алып, батырлығымен даңқы шығады» [11, 142-144]. Міне аңыздың айтары осы. Енді аңызға ұласқан тарихи шындық қандай еді?

Аюке хан (1642-1724) – тарихта болған адам. Тек, аңыздарда айтылғандай «қазақ ханы» емес, 1672 жылы таққа отырған Еділ қалмақтарының ханы. Аюке өз кезінде Еділ қалмақтарының хандығын нығайтып, дербестігін сақтай білген саясаткер.

Аюке ханның Сетержаб деген қызының болғаны да, ол қызының 1697 жылы жоңғар хұнтайшысы Сыбан-Рабданға ұзатылғаны да рас (*И.Я.Златкин. Көрсетілген еңбек. 215-бет*). Қазақ аңызында айтылатын Етрежептің түп сүлесі Аюке ханның қызы Стержаб екені де күмән келтірмейді. Сондай-ақ Стержабқа үйленген Себан Рабданның қазақ арасында «Қонтажы хан» деп аталатын да – тарихи шындық. Яғни, қазақ аңызындағы Етрежепке үйленетін Қонтажы ханның түп сүлесі – Себан-Рабдан. Себан-Рабдан мен Сетержабтың арасынан туған Шоно-Лоузан да тарихта белгілі адам. Жай ғана қатардағы көп тайшының бірі емес, әділдік ерлігімен жұртқа жаққан, хан тағына лайық мұрагерлердің бірі (*В.А. Моисеев. Дело Шоно-Лоузана*) [11, 144].

Осы тұста қазақ аңызындағы Етрежептен туған Сына – өміріндегі Сетержабтан туған Шоно екені де ден қойдырады. Шоно-Лоузанның қазақ арасына Сына батыр деген атпен белгілі екенін кезінде Ш.Ш. Уәлиханов жазған: «Ресей құзырындағы байтақ даланың барлық өңірінде Шонаны біледі, ол туралы жыр түрінде айтылатын естеліктер алтай қалмақтары мен қырғыздардың (қазақтардың – А.С.), сондай-ақ Еділ қалмақтарының арасында сақталған, Қазақтар Сына батырдың мейілінше қатты керілген серпінді садағын ұдайы сөз етеді...» (Ч.Ч. Валиханв) [11, 144].

Қызылкеніш сарайына қатысты айтылатын қазақ аңыздарының кейіпкерлері ғана емес, сонымен бірге сол аңыздарға арқау болған оқиғалардың сілемесі де тарихи шындықпен шендесіп жатады. Тарихтан белгілі, Себан-Рабдан өзінің көзінің тірісінде Жоңғар хандығының тағына мұрагер болады деп хошауыт Күнше бәйбішеден туған баласы Қалдан Серенді ұйғарған. Ал, тоқалы торғауыт Сетержабтан туған баласы Шоно-Лоузан болса түптің

түбінде мұрагерлікке таласып, ел бірлігінің шырқын бұзар деген оймен оның еншісіндегі ұлысты Қалдан-Сереннің иелігіне береді. Әрине, хандықтың тағы бұйырмағанымен қоймай, қол астындағы ұлысынан айырылатын болған соң Шоно-Лоузанды өзгеге көз қылып аяусыз жазалайды. Қол-аяғын байлап, жауырынына дүре соқтырады. Кім білсін, өсек сөздің де шындықтан өрбитін тұстары болады. Себан-Рабдан Шононың өз баласы екеніне күмәні де болған сияқты...

Мұнан әрі Шоно-Лоузан Еділ бойына көшіп барып, сол жақта 1732 жылы дүние салады. Ал, жазықсыз жапа шеккен Шоно-Лоузанның артта қалған ата жұрты оның есімін аңызға айналдырды [11, 144-145].

Өмір шындығын аңыз-әңгіме өзінше өңдеп, өз «тіліне» түсіреді. Халық қиялында Шоно-Лоузан бейнесі зұлымдыққа қарсы күресетін батырға айналған. Кейін Жоңғар хандығы жойылып, халықтың тоз-тозы шыққан соң, бас сауғалап қашқан ойраттар барған жерлеріне Шоно-Лоузан туралы аңызды да жеткізген. Ел жұртынан айырылған шерменделер аңызды арманға ұластырып, Шона-батрыды қайғыларына медет, қасіреттеріне араша түсетіндей деңгейге көтерген. Қазақ арасында айтылатын Сына, Сна, Шона батырлардың, алтайлықтар айтатын Шунудың, хақастықтардағы Суну-Матырдың, тувалардағы Шуноның, қалмақтардағы Шуна-батырдың түп сүлесі (прототипі) Шоно-Лоузан екені анық. Ал, ол туралы қиялмен астасқан аңыз-әңгімеге далалықтар күмәнсіз сенген [11, 145].

Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов қызық дерек қалдырған. 1740 жылы Башқұртстанда патша өкіметіне қарсы жасалған ереуілдің басшысы Қарасақал (1705-1749) жеңіліс тапқан соң, қазақ даласына қашқан. Байтақ далада Қарасақалдың тоқтаған жері Қызылкеніш сарайы тұрған Қарқаралы, Кент таулары болған. Сол төңіректі қоныс еткен әйгілі Қазбек биді Қарасақал пана тұтқан. Бір таң қаларлығы, осы өңірге келген соң Қарасақал өз есімін жасырып, Қызылкеніш сарайына қатысты аңыздың арқауына айналған Шона батырдың есімін алған. Қарасақалдың өзін Шона батырмын деп жариялағанына қиянда жатқан Қалдан-Серен нанып, бәсекелес «інісінен» қорыққандықтан, оны өлтіру үшін Барақ сұлтанға қолқа салған. Тіптен, ол оқиғадан құлағдар болған жергілікті қазақтар, «шынымен-ақ Шона батырдың басына қауіп төнсе, біз соңғы тұяғымыз қалғанша қорғаймыз» деп дүрліккен [12, 146].

Міне, Қызылкеніш сарайына қатысты ақиқат пен аңыздан өрбитін деректердің қысқа қайырым желісі осындай.

Шоно батыр эпикалық поэмасы түркі, моңғол тілінде жазылды деп баяндалады. Оқиға желісінде ноғайлар мен қалмақтардың арасындағы қақтығыс сипатталады және бір ескеретін дүние ноғай-қазақ қызының қалмақтарға ұзатылғаны баян етіліп, сол қалмақ деп жүрген топ арғын мен найман жұртшылығынан болуы мүмкін. Себебі, ноғай мен қалмақтың арасында өзге көшіп-қонып жүрген этникалық топтың болғаны көрсетілмейді, аталмыш екі жұрт қонысы қатар жатқан ел болды.

Қалмақтар. Көшпелі түркі тайпаларын біздер моңғолдар деп жіктедік. Әйтсе де моңғолдар азшылықты құрайтынына орай негізінен моңғолдардың, «он оқ елінің» дулу тобы, яғни әлсіз тобы (қарасүйек) сол қол (жоңғар), қалмақтар сан жағынан басымдыққа ие болды. Түркі жұртында тараған аңыздарды сүйенер болсақ ақ сүйек нурын тобы билеушілерге жатты. Н.Аристовтың келтірген деректерін арқау етер болсақ онда моңғолдарды жергілікті халықтар қырғынға ұшыратып бүгінде моңғолдар әлсіз, әлжуаз деп көрсеткен болатын. М.Х. Дулатидың деректеріне зер салсақ, Шыңғысханның қара шаңырағы Шағатайға тиесілі болған. Шыңғысханның ұлыстарының өз алдына бөлініп кетуі нәтижесінде бір орталыққа бағынуға, моңғолдарға тиесілі бұрынғы артықшылықтар жойылды. Моңғолдардың уақыт өте әлсіз топқа айналғанын Н.Аристов басып айтты.

Қасым ханның Саид ханға, яғни Моғолстанның ханына көрсеткен құрметін ескерер болсақ Қасым хан және өзге де хан-сұлтандар ақсақал жасына қарамастан Саид (Ахмет) ханның, яғни жас жігіттің алдына тізе бүгіп келуі, одан қала берді сол тұста Моғолстанның саяси ахуалының әлсіздігін ескере тұра мұншалықты қазақтардың (ақ қалмақ тобы) құрмет көрсетуі, әрине ол әуелгі хан Шыңғыстың алдында иген басы, көрсетілген тағзымы еді.

Қ. Шәкәрім *Қалмақ һәм тілеуіт* баянында: «Осы күндегі Алтай, Саян, Тануаула тауларындағы халықтар бұрынғы түркі нәсілі. Және түрік болып кеткен самоед (орыстардың

берген атауы) халқынан араласқан һәм ескі теле, яки Динлин деп аталатын жұрттан. Шарыш өзеніндегілер, Катондағы һәм Тілеуіт көліндегі Алтай түріктерін орыстар қалмақ *(ақ қалмақ)* дейді. Біздің қазақ білеуіт қалмақ дейді. Кейде алтай кіші дейді. Басқауышдағылары (Алтай жері) өздерін *ұлан* дейді. Шолсымандағылары өздерін Тилес дейді. *Сол қалмақтар біздің қазақпен жақын тұқымдас ел.* Қалмақ деген қалған деген сөзден деп жоғарыда айтылды. Оның рулары: арғын, найман, қыпшақ, керейіт, меркіт, кан, мұндұс, ара, тотош, шапты, топшон, алмат, кебек, куду, пайғалыс, айттас, құтты, сақал, тилес, айдақ, қырғыз, сойон, моңғол, сарт. Тілдері ескі түркіше, бірақ мұғұлдарға көп қарағандықтан мұғұл тілі қосылған.

Және сонда *тілеуіт* деген ел бар. Олар өздерін тілеуіт яки *қара қалмақ* дейді. Олардың бастығы орыс ғаскеріменен неше мәрте ұрысып, бір кезде ауып, ұранқай ішіне барып, ойратқа қарап та тұрған. Қалмақтар оларды төлеңгіт дейді. Олардың рулары: төре, аушо, меркіт, ақтұмақ, қаратұмақ, қыпшақ, найман, сарт, шорос, тілес, торғауыл, мұндұс, қошқармұндұс, тотош, парут, шалман. Және оларға араласқан ашкештім деген ел бар. Оның рулары: аюты, төртас, шыңғыс, ан, мұрындық, жүрек, қарға, ку, ара.

Бұлардың тілеуіт атанған себебі – тіпті ескі заманда түріктерінің теле деген табының аты тилу деп дулу, һәр түрлі жазылған, Сол тіле деген атпен аталып қалғандықтан, тілеуіт деген сөз тілелер деген, сонан тілеуіт аталған» [13, 123-124]. Теле тайпасы негізінде қара қалмақ топтары қалыптасады. Дулу тайпасынан ақ қалмақ рулары бөлініп шығады. Дулулар мен дулаттар айтылуы жағынан ұқсас, екі бөлек тайпалық топ деп гипотеза ұсынамыз.

Имя калмаков, неупотребляемое самими западными монголами, вероятно дано им тюркам, так как они главным образом составились оставшихся (калган) в Монголии их соплеменников (керей, найман), имия же ойрат, которым западные монголы сами себя называли, произошло, надо пологать, от того, что значительную часть пограничных войск и население составляли ойраты, главное из лесных племен и состоявшее из четырех (дурбен) тысяч, откуда могло истекать название дурбен- ойрат [14, 217].

У астраханских калмыков кости керет, эркеген (аргын), теленгут, уранхус, абганер и пр. (Житецкий «Астраханские калмыки в двух очерках», 1892 г. стр 110-123) [14, 217].

Құрбанғали Халидте Әбілғазы баһадүрдың қалмаққа қатысты баянын бір сарында, мазмұнда жазады. Қалмақтар моңғолдың әлсіз тобы, кейбір кітаптарда қалмақты «кимак» деп жазған деп келтіріп. Ерекше *жоңғар атауы қара қалмақпен торғауыт* тайпаларының ру аты сақталды, ал басқа тайпалардың бірігіп жоңғар аталуынан жеке ру аттары сақталмай қалғанын көрсетті [3, 90-91].

Қорытынды.

Жоңғар, ойрат, қаламақ этимологиялары мен этногенетикалық рулық құрылымын әлі де болса ауқымды зерттеуді қажет ететін тақырып болып қала бермек. Ноғай-қазақ Қобыландының шауып жүрген Қызылбасы өзбек-қазақ (ақ қалмақ) болғаны. Осылайша өз-өзімізді жау екен деп лағынетке ұшыратып жүрмейік. Өкінішке орай ДАТ мойындамаудың ақыры өткен тарихымызбен сабақтастықтың үзілуіне әкелді. Моңғол-қалмақ тобынан болған Орта жүз рулары, осы тап өкілдеріне жатқанымызды мүлде жадымыздан шығарып алдық. Қара қалмақтар түркі жұртына жатса да, бұл халықтар ақ қалмақтар тәрізді моңғол тобына жататынына сенімділік таныта алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Моңғол шапқыншылығы-уикипедия.
2. Мұхамед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы: Санат, 1999. 656 б.
3. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса (бес тарих). –Алматы: Қазақстан, 1992. 228-б.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 544 бет.
5. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
6. Құдайберді ұлы Ш.К. Түрік, қарғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 2-ші бас. толық. – Астана: «Алтын кітап», 2007.-270 б. – (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 28-ші том).
7. Әбілғазы баһадүр хан. Түрік шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 208 б.

8. Ахатов А., Ілиясұлы Алсай Т. Алсай-нама. Шежіре. – Қарағанды: Гласир, 2007 ж. – 130 б.
9. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - «Фолиант», 2009. Т 32: Тарихи жырлар -400 б.
10. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. – Т. 9 – 472.
11. А. Сейдімбек «Қазақ әлемі». Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.- Алматы, «Санат» 1997. – 464 б.
12. Ақселеу Сейдімбеков. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу.- Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
13. Құдайберді ұлы Ш.К. Түрік, қарғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 2-ші бас. толық. – Астана: «Ол-Жас Баспасы», 2004, 80 б.
14. Аристов Н.А. Қазақ этногенезі мен этникалық тарихы. 2-ші бас. Толық. – Астана: «Астана кітап», 2007, - (Қазақ этнографиясының кітапханасы), 2-ші том – 372 б.

ОҒЫЗ, ҚИМАҚ-ҚЫПШАҚ ТАЙПАЛЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ЭТНОСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Назым БУКИРБАЕВА
Экономика, бизнес және құқық колледжі, Қазтұтынуодағы Қарағанды эономикалық университеті
Қарағанды қаласы, Қазақстан
nazym-2111@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада қазақ халқының қалыптасуы ғұн-түркі дәуірімен сабақтастырылады. Фольклор деректердегі ғұн-түркі дәуірінің моңғол-татар кезеңімен және Қазақ хандығы тақырыптарының арасындағы сабақтастық көрсетіледі. Аталмыш тақырыпты ғұн-түркі дәуірімен сабақтастырып, «ақ сүйек» – билеуші топ «мыңғол», ал өзге көпшілік таптар, яғни татарлар – «қара сүйек» деп қарастыруымыз ақиқатқа жақын деп топшылаймыз. Моңғол да, татар да бір жұрт болып сипатталады.

Түйінді сөздер: ғұн, түрік, оғыз, алаша, «он оқ», нурин, дулу, ашин, теле, алшын, Шыңғысхан, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, «алаш жұрты», моңғол, татар, қалмақ, ноғай, өзбек, үйсін, дулат, жалайыр, арғын, найман, қоңырат, төлеңгіт.

Аннотация

В данной статье описывается формирование казахского народа в гунтюркскую эпоху. Фольклор показывает преемственность гунно-тюркского периода с монголо-татарским периодом и темы Казахского ханства. Фольклорные данные свидетельствуют о преемственности темы Казахского ханства между монголо-татарским периодом гунно-тюркской эпохи. Эта тема связана с гуннско-тюркской эпохой, и мы называем ее «белая кость» - управляющая группа - «монгол», а другой класс, татары - «черная кость», ближе к истине. И монголы, и татары описаны как сообщество.

Ключевые слова: Монгол, татарин, калмык, ногай, узбек, киргиз, узбеки, огузы, алаша, «он ок», нур, дулу, ашин, теле, алчин, Чингисхан, Старшый джуз, Средний джуз, Младшый джуз, Дулат, Джалайр, Аргын, Найман, Коныpат, Туленгит.

Annotation

This article describes the formation of the Kazakh people in the Gunturk era. Folklore shows the continuity of the Hunnic-Turkic period with the Mongol-Tatar period and the themes of the Kazakh Khanate. Folklore evidence indicates the continuity of the theme of the Kazakh Khanate between the Mongol-Tatar period of the Hunno-Turkic era. This topic is related to the Hunnic-Turkic era, and we call it the “white bone” - the governing group - the “Mongol”, and the other class, the Tatars - the “black bone”, closer to the truth.Both Mongols and Tatars are described as a community.

Key words: Mongol, Tatar, Kalmyk, Nogai, Uzbek, Kyrgyz, Uzbeks, Oguzes, Alasha, “he is ok”, Nur, Dulu, Ashin, Tele, Alchin, Genghis Khan, Senior Juz, Middle Juz, Junior Juz, Dulat, Jalair, Argyn, Nyman, Konyrat, Tulengit.

Шығыс Түрік және Батыс Түрік қағанаттары ыдырағаннан кейін, осы қағандықтың территориялырында түркі халықтары моңғол-татар топтарына жіктеліп, татарлар қауымы көпшілікті құрап, моңғолдар алғашында түркеш, оғыз, кейіннен Қарахан атауларымен тарих сахынасына шықты. Бұл қағандықтар тарихта он тайпалық одақ негізінде құрылып, кейіннен Шыңғысханның әкесі Есукейдің он тайпаны біріктіру жолындағы күресімен ұласты, Шыңғысхан моңғолдың он тайпасын біріктірумен шектелмей, күллі түркі жұртын бір тудың астына топтастырырған алаш жұртының Алаша ханы болғаны туралы баяндау, әлі де болса толық зерттеу нысанына айнала алмай отырған ортағасырлық құпиясы мол ел тарихына баға беру, әрі жаңаша көзқарасты ұсыну қажеттілігі тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Батыс Түрік қағанаты әлсіреген тұста, «Он жебе» құрамына кірген тайпа түркештер болды. VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралығындағы үлкен аймақты алып жатқан. Түркештердің де «он жебе» елі екі қанатқа бөлініп, бірі «ақ сүйек», екінші топ «қара сүйек» тобы болып жіктелген. Сонау Түрік қағанатындағы «Он тайпалық» дулу және нушибилердің Түркеш қағанаты негізінде құрылған Оғыз мемлекетінің этникалық тобына айналды. Әбілғазының шежіресі бойынша моңғолдардың ұлы билеушілерінің бірі Оғыз хан болған. Осы Оғыз ханның құрметіне түркеш тайпасы оғыз атауымен алмасуы мүмкін. Себебі оғыз тайпаларының этногенетикасы негізінде Қарахан мемлекетінің іргетасы қаланады. Қарахан конфедерациясы тек моңғол тайпаларын біріктіріп қоймай өзге де түркі қауымдастықтарын топтастырды. Қарахан мемлекеті де аталмыш Қарахан әулеті құрметіне аталды. Осы сарында фольклорлық материалдар моңғолдардың қалыптасу тарихын сипаттайды. Бұл тұрғысында төменде шежіре деректерін ұсынамыз.

Жетісуда түркештердің мұрасы қарлұқтардың иелігінде қалып, оғыздар ежелгі Отаны Ыстыққөл мен Талас аумағын тастап Сырдарияға көшуге мәжбүр болды [1, 307].

Баяғы біздің жыл санауымыздың бұрынғы Ғұн заманынан белгілі Қаңлы тайпасы (қаңлы, үйсін территориялары) қара шаңырақ болып, оған қарлұқ, шілік, яғма, түргеш тайпалары уықтарын шаншып, 840 жылы Қарахан қағанаты дүниеге келді. Хандықтың іргесін көтеріп, мәртебесін асырғандар Білге Күл Қадырхан, Әбдүлкәрім, Салтұқ Қарахан, Сүлеймен Жүсіп, Мұхаммед Насыр, Ыбрахым Арыстан, қылыш Арыстан сияқты ақылына қайраты сай біртуар ерлер болған. Олар Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңірлерін құтты қоныс етіп, Ордакент (Қашқар), Тараз, Үзген, Баласағұн, Мерке, Құлан сияқты қалаларда салтанат құрды. Күні бүгінге дейін қазақ даласында күңгірлеп тұрған Қарахан, Айша бибі, Бәбәджа қатын, Аяққамыр, Алаша хан, Сырлытам сияқты күмбездер сол Қарахан заманының көзі [2, 30].

Қағанаттың түбіне сол баяғы алауыздық, тақ тартысы жетті. Алдымен Батыс және Шығыс қағанат болып екіге бөлінді. Батыс Қарахан қағанаты алдымен Салжұқ сұлтандарының айтқанына көніп, айдауында жүрді. Кешікпей-ақ, қидандардың шабуылына ұшырады. Бара-бара қағанаттың шығысы түркі, батысы тәжік тілінде сөйлеуге көшіп, бірін-бірі түсінбейтін күйге жетті. Ақыры 1212 жылы екі қағанат та дербестіктерінен айрылды [3, 30-31].

Шыңғысханның ата-тек шежіресінде арғы ата-бабаларын Қараханиттер әулетімен байланыстыру орын алған. Яғни, Қарахан атасынан кейін деп М.Ж.Көпеев шежіресінде баяндалады. Шыңғысхан шапқыншылығына дейін Қазақстанның оңтүстік және Жетісу аймақтарында Қарахан мемлекетінің болғаны аян. Біздер төменде Жетісу өңірінің топономикасы Шыңғысханның туған аймағы екендігін айғақтайтының көрсеттік.

Кейінгі арнайы тарихи зерттеулерде қарахандықтардың қарлұқтар мемлекетіне кірген (түркеш) тайпалардан шыққаны тұжырымды айтылады. Әсіресе қарлұқтар конфедерациясына кірген *шігіл, яғма, тухси* тайпалары Қархандар мемлекетін құруда ерекше көзге түсті [3, 144].

IX ғасырдың жартысы мен X ғасырда қарлұқ «жабғуы» атауының орнына «қара» атағы қолданылды. Бұл білге Күл Қадыр ханның өзін қаған деп жариялау уақытымен сәйкес келеді. Қарлұқтардың астанасы болып табылатын Баласағұнда билеушілердің тұратын жері *«Қара*

Орда» немесе «Күз Орда» деп аталды. Орда орналасқан тауға қарап, қарлұқтар: «Мұнда барлығынан жоғарғы тұрады, біздің бұл сөзімізден Құдай сақтасын»,- деп жалбарынатын болған [3, 147].

Қарлұқ мемлекеті мен Қарахан әулеті тұсындағы елде *«Қара», «Арслан», «Бура-богра»* деген кеңінен етек алған атақтар бұрыннан да қарлұқтардың ата-бабаларында болған. Сондықтан бұл мәселе бойынша өткенге көз жіберу көп нәрсенің бетін ашуға немесе Қарлұқ мемлекетінің Қарахандар әулеті тұсында одан әрі өмір сүргеніне қосымша дәлел болмақ [3, 147].

Әбілғазы: *«Жеті атасына дейін ат қояр, одан соң қоймас. Жеті атасына дейін білу түрік, тәжік, жалпы адам баласына тән»* [4, 51]. Бәлкім Шыңғысханның шежіресінде көрсетілгендей ата-бабасын таратуда Әбілғазы жалпылама Түрік, Түтік, Елше хан, Деббақой хан, Күйік, Алынша, Моғол хан, Қара хан, Оғыз хан, Ай хан, Жұлдыз хан, Меңлі хан, Теңіз хан, Ел хан, Қианды жіктеп атап өтеді [5]. Қарахан мемлекетінің, әулетінің және Оғыз тайпалық бірлестігінің болғаны белгілі. Онда Шыңғысханның ата-тегі оғыздармен қарахандар әулетінен шыққан болады. Ал, Алаша ханның атасы Қарахан, Уыз хандар. Сонда Алаша хан мен Шыңғысханның ата-тегі бір, яғни екі есім де бір тұлға болып шығады.

Х ғ. қарлұқтадың едәуір тобы Іле аңғарында, Ыстықкөл мен Балқаш көлдерінің арасында көшіп жүрген. Әл-Идрисидің «Сурат-әл-ард» деген картасында қарлұқтар елі салынған, оның солтүсітік жағында Тахама көлі (Балқаш болуы керек), ал оңтүстік жағында Самджан көлі (оны «Бухайрат ат-түрік» - *«түріктер көлі»* деп та атайды) бейнеленген. «Түріктер көлінің оңтүстік жағында жоғарғы Барысхан аймағы салынған, мұның өзі «Түріктер көлін» Ыстыккөл деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді [6, 354]. Шыңғысханның «қара шаңырағы» бүгінгі Ұлы жүз, яғни кезіндегі Моғолстан аймағы деген тұжырымды «Алаша хан» тарауында қарастырдық.

Шыңғысхан Талас бойына келгенде, қаңлыларды қырып-жойып жоқ қылды. Қазіргі *қаңлылар* одан кейін жиылып, ел болған еді [5, 31]. Қазақстанның ежелгі заман тарихына үңілсек, сақтардан кейін аталмыш территориямызда үйсін, қаңлы және ғұн тайпалық бірлестіктері өмір сүрген болатын. Сонда сақтардың ұрпақтары үйсіндер мен қаңлылар, ал ғұндар «Ұлы көштің» негізінде Қиыр шығыстан келген деген тұжырым қалыптасқан. Отан тарихында, сонымен қатар түркілердің қандай тайпалық бірлестіктің негізінде құрылғандығы туралы мәлімет нақты берілмейді. Қазақ ұлтының этникалық құрамы ежелгі тайпалық бірлестіктен құрылғандығы әлі де терең зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі болып отыр. Шыңғысханның қаңлыларды қырып-жойды деген тұсынан, біздер түркілердің арғы ата-тегі негізінен ғұндардан шыққандығын көреміз. Ғұндар да сақтардың бір сарқыншақтары болады. Әйтсе де қазақ шежіресінде: Арғын руының шығу тегіне қатысты мәліметтінде Ш. Құдайбердіұлы (Ұлығ Ергин, Баягу, Байергун) *қаңлы яғни арбалы атанған табынан шыққан Байергун деген табынанбыз,- деп көрсетті* [7, 83].

Оғыз, ғұз атаулары - ғұн ұрпақтары оғыздар екендігін аңғартады. Олай болса қазақтардың этникалық құрамының бір бөлігі ғұн тайпалық бірлестігі негізінде құрылған.

Қараханның баласы Оғызхан. Аланшы кезінде жұрт діннен шығып еді, деп шежіре деректерінде баяндалады [8, 94]. Бәлкім, оғыздар негізінде Қарахан мемлекеті құрылды. Ауызша деректердегі жіберілуі мүмкін кемшілік кеңістік пен уақытқа қатысты болады.

Оғыздың хан болғаны мұсылманша шежіре кітаптарда біздің пайғамбарымыздан 3400 жыл бұрын дейді. Бұл Оғыз хан бек мықты хан болып, жер жүзінің талай жерін алған хан еді. Оғыз хан деген атақты хан болғанын барша шежіренің бәрі айтады. Қайсы біреулері жоғарғы Мете яки *Мөте* деген хан осы десе де оның уақыты дұрыс келмеді [8, 94]. Оғыздар ғұндардан болып, аталмыш Мете - Мөде жағбу болғандығы. Оғыздарда да, ғұндарда да билеушіні жағбу, ал моңғол тіліндегі қолбасшыны сюбашы деп атады.

Оғыз хан нәресте шағында оғыз тілі шығысымен үнемі «Алла», «Алла» деп жүрер еді, оны жұрт тілі келмегенсін, аузына келгенін айтып жүр деп ойлады. Өйткені Алла арап сөзі, ал араб тілін моңғолдың еш атасы білген емес,- деп Әбілғазы шежіресінде баяндалғандай *моңғол тілі ол оғыз тілі* екендігін басып көрсетеді [5, 16].

Оғыз хан моңғол мен татардың сүйегі бір бола тұрса да, жетпіс екі жыл бойы татармен соғысты. Болмаса Оғыз хан бүкіл моңғол мен татардың әскерін жинап Талас пен Сайрамға келді деген тұстардан біздер *моңғол этимологиясының Шыңғысханға дейін қалыптасқаның және моңғолдың оғыздардан тарағаның аңғарамыз* [5, 19-20]. Оғыз тілі, яғни Қорқыт атамыздың тілі. Онда оғыз тілі қазақ тілінің көне нұсқасы болды.

Оғыздарды бөлуде *«үш оқ», «бұзықтар»,* деп Әбілғазы шежіресі де көрсетеді [5, 23]. Батыс Түрік қағанаты он оқ будун (будун-халық, ел, тайпа) негізгі этникалық-саяси ұйтқысы болған тайпалардың ортақ атауы. Болмаса оғыздар да он тайпадан құрылғаны белгілі және «Джами ат- Тауарих» дерек көздерінен оғыздар екі үлкен тайпалық топтан – бұзұқтар мен ұшықтардан тұрғандығын мәлімдеді. Түркештерде он тайпалық топқа бөлінді деп алдағы тарауда көрсеттік.

Оғыздардың тарихи аңыздарына қарағанда, бұзықтар оң қанатқа, «аға» тайпалар қатарына жатады да, ал ұшықтар сол қанаттың «кіші» тайпаларына жатады. Жоғарғы ханды сайлағанда бұзықтардың (ұшықтарға қарағанда) көп артықшылықтары болған [6]. Шыңғысханның жасағы да оң қанат пен сол қанатқа бөлінгені бар. Әбілғазының деректерінде келтіретіндей моңғолдарды ақ сүйек пен қара сүйекке бөлу орын алғандығы айтылады. Сонау түркі дәуірінен мәлім қара халықты «қара бұдын» деп атаған. Ал, саяси биліктегі топты «ақ сүйек» деп атап, осы сипаттағы әлеуметтік жіктелу қазақ болмысына да тән.

Моңғол тарихында Шыңғысханның әкесі Есукей батыр моңғолдың он тайпасының жетеуін ғана біріктірді деп беріледі. Сонда, жоғарыда көрсетілгендей әуелде оғыздар он тайпадан құралған еді. Келесі бір деректерде Махмуд Қашқари оғыздар алғашында 24 тайпадан құралған деді. Марвази оғыздардың 12 тайпасы жөнінде ғана айтады. Оғыздардың оң қанаты мен сол қанатында 24 тайпадан болды, бұлардың өзі де тепе-тең екіге бөлінді [6]. Қазақтардың моңғолоиттық сипатқа ие болуын біздер ғұндардың ұлы көшімен және моңғол шапқыншылығымен сипаттап түсіндірудеміз. Алайда, қазақтар әуелден осы түр сипаттың иесі болғандығын көреміз, себебі біздер сол ғұндар мен оғыздардың (моңғол) тікелей ұрпағы болып келеміз.

Оғыздардың арасында, көбіне далалық аймақты мекендегендердің ішінде, моңғол тектес нәсілдік бет-пішін басым болды, бірақ сонымен қатар европалық-моңғолдық тектер аралас типтер және басқа типер де болды. «Олар- деп жазды Арал төңірегіндегі оғыздар жөнінде Х ғасырда әл-Масуди - ең аласалары (түріктердің ішінде) және көздері барынша қысық келеді». Басқа ортағасырлық авторлар оғыздардың шашы, сақал-мұрттарының сирек, таңқы танау келетіндігін айтады. Жазба деректемелердің оғыздардың бет-пішіні туралы мәліметтері палеоантропологиялық материалдармен де біршама дәлелденеді. Мәселен, Батыс Қазақстанның оғыз-печенег обаларындағы адамдардың бас сүйектері монғол тектес (оңтүстік-сібір пішіндес), сондай-ақ еуропалық тектес пішінге жатады [6, 368-369].

Оғыз тайпалары қазақ, қырғыз, татар, башқұр, түркімен, өзбек қарақалпақ халықтарының қалыптасуында компонентердің бірі болып табылады [6, 369].

Оғыздардың тарихи аңыздарына қарағанда, бұзықтар оң қанатқа, «аға» тайпалар қатарына жатады да, ал ұшықтар – сол қанаттың «кіші» тайпаларына жатады. Жоғарғы ханды сайлағанда бұзықтардың көп артықшылығы болған [6, 368].

Оғыздар бұған қоса ұрұғтар мен аймақтарға бөлінген. «Ұрұғ» деген терминмен рулық бөлімшелер және патронимия құратын атақты тұқымдар аталған [6, 368]. Қазақ қоғамына қабыса қайнасқан рулық құрылымның бар екендігі баршаға аян.

Ел хан моңғол елінің патшасы болды... Ол жерде моңғол елдерінен гөрі татар елдері көбірек еді. Бірақ бір ру мен бір ру үнемі жауласып жатушы еді, сондықтан моңғолдар жеңіп шығушы еді. Сол себепті барша елдер моңғолды күндеп «әй сені ме?» деп күндеп жүруші еді [5, 26-27]. Моңғолдарды қазақтар деп сипаттасақ, онда татарлар да сол топтан болады. Төменде біздер татар атауы қыпшақтарға тағылғандығын көреміз. Моңғол-татарлар деп жүрген жұрт негізінде құрылған қауымнан екендігімізді аңғарамыз.

Татарлардың бастауымен өзге елдер біздің тұқымымызды қырып, жұртымызды алған екен [5, 28]. Оғыздар мен Қыпшақтардың арасындағы қақтығыстан Оғыз мемлекетінің жойылғанын мәлімдедік.

Ибн Хордадбех енді қыпшақтарды кимектерден бөлек айтады. «Худуд әл-алам» бойынша, қыпшақтар – кимектерден бөлініп шыққан және тұрмыс салты неғұрлым қарапайым халық. Кимектерден солтүстікке таман жатқан аумақты иеленген қыпшақтардың оларға саяси тәуелділігі сақталып қалды [1, 328].

IX – X ғасырлардағы жазба деректемелердің мәліметтері бойынша, кумандар Батыс Қазақстан аумағында мекендеген және кимек, қыпшақ, куман тайпаларының үш құрамды бірлестігінің батыс тармағы болған. X ғасырдың аяғына дейін кимек қағанатына саяси тәуелділікте болып, Ертістен Еділге дейінгі кең-байтақ аумақтағы мемлекетке кірді. Ол мемлекет қыпшақ хандарының қолына көшкен кезде кимектер мен кумандар басқа тайпалармен бірге қыпшақтардың саяси ықпал аясына кірді [1, 330].

VIII ғасырдың ортасына дейін кимектер, қыпшақтар мен кумандар далалық Алтай, Таулы Алтай мен Ертіс өңірлерін мекендеді. Оңтүстікте кимектерге Оңтүстік Алтай мен Тарбағатай аралығындағы Ертіс бойында тұрған қарлұқтар, шығысында орталығы Минуса ойпатындағы қырғыздар көрші болды. VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап кимектер оңтүстік батысқа жылжып, қарлұқтар жеріне қоныстана бастады. IX ғасырдың басында кимектердің жекеленген топтары Солтүстік-Батыс Жетісу аумағына көшіп барып, тоғыз-ғұздармен көрші болды, ал олардың арасындағы шекара Жоңғар жотасының бойымен өтті. Жоңғар жотасының оңтүстігіне қарай тоғыз-ғұздар мемлекеті орналасты [1, 330].

IX– X ғ. Кумандар кимек-қыпшақ бірлестігінің батыстағы тармағы болған X ғ. басында кимектер мен қыпшақтар оғыздармен бірге Жайық алабында, Арал және Каспий өңірлерінің далаларында көшіп жүрген. Бұл тайпалардың қоныстануы араб географтарының орта ғасырдағы карталарында да көрініс тапқан [1, 331].

XI ғ. басында бұрынғы кимек, қыпшақ және куман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшкен [1, 419].

XI ғ. екінші ширегінде қыпшақтардың әскери-тайпалық шонжарлары Сырдарияның төменгі және орта аңғарынан, Арал өңірі мен Каспий өңірі далаларынан оғыз жағбуларын ығыстыруына экономикалық та, саяси себептері де болған еді. Саяси фактор ең алдымен XI ғасырдың бас кезінде Орталық Азия тайпаларының батыс бағытында қозғалуына ұласқан сыртқы оқиғаларға байланысты болатын. Сонымен бірге қыпшақтардың өзін-өзі билеуге және өз мемлекетін құруға ұмтылған әлеуметтік топтардың орталықтан аулақтау сарынының маңызы аз болған жоқ. Қыпшақтардың билігінің Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақтарға таралуына байланысты этникалық-саяси жағдайдың өзгеруіне қарай X ғасырдың екінші ширегінің басында «Оғыздар даласы» (Мәфазат әл-гузз) деген атаудың орнына «Қыпшақ даласы» деген атау пайда болды [1, 419]. Қыпшақтарды татарлар деп алсақ, татар тарихына қатысты википедияға қарар болсақ, онда заманында сан жағынан басым болған татарлар бүгінде қайда кеткен деп сұрақ қоюға болады. Қалайша бүгінгі Монғолия деп жүрген шағын елдің құрамында Шыңғысханның моңғол және татар жұрты топтасты деп ой түйуге болады. Хазар халқының құрамында татардың татар, алчин ру бар екендігін атап өтеді. Моңғол тайпаларын айтпағанның өзінде, бүгінде Шыңғысханның ұрпақтарының өзі Моңғолия (халка) халқының санымен шамалас. Википедиядағы татарларға қатысты қорытындыға тоқталсақ: «Племия татар участвовало в этногенезе ряда монгольских и тюркских народов: халха-монголов, бурят, баргутов, хазарце, калмыков, узбеков, казахов, ногайцев, татар и крымских татар, которые унаследовали этноним…»- деп қалың татарлар өзге ұлттарға сіңісіп кетті деген тұжырымдама жасалынады. Ал, моңғолдардың руларын жіктеп айтқанда қазақ рулары тізбектеліп шыға келеді.

Қыпшақтарда мемлекеттің болуы бекерге шығарылады. *Қыпшақтардың* саяси құрылысы *Ұлы Далаға мемлекетсіз үйренісу үлгісі ретінде анықталады*. Орда деп аталған хан ордасында ханның мал-мүлкі мен хан армиясын басқарған ханның басқару аппараты орналасқан [1, 420].

XI ғ. бастап кимектерді имектер деп атай бастаған, М. Қашқари дәуірінде имектерді қыпшақ деп атаған, *ал қыпшақтар өздерін басқаша атаған* [1, 426].

Осыдан кейін Әбілғазы шежіресінде Сүйінші хан татармен қырғыздарды жиыстырып моңғолдарға қарсы шабуыл жасап үлкен қырғынға ұшыратқандығын айтып, моңғолдардан

ешкім қалмады деп баяндайды [5, 26-27]. Осы шапқыншылық салдары моңғолдардың, яғни оғыз, ғұн (үйсін, қаңлы) ұрпақтарының азайуына бірден-бір себеп болған болар. Қазақстан тарихында оғыздардың қыпшақтардың шапқыншылығынан жойылғандығы жазылады.

Қыпшақ пен оғыз руларының өзара қарым-қатынасы туыстық генеалогиялық сипат алуы көшпелілер дәстүрлеріне сай. Олардың түбі бір ел болғанымен саяси одақ, бағыныштылық жүйесін құруға оның еш қатысы жоқ. Одан кейінгі заманда қыпшақтардың күшейіп Арқа мен Сырдан оғыздарды ығыстырып шығарды [9].

Әбілғазы шежіресі моңғол тарихының Оғыз ханнан кейін қайта жандануын төменгідей сипаттап, қазақ тарихының жазбаша нұсқасымен сабақтастырып береді. Біздер өзіміздің осынау ұлық тарихымызды неге осы сарында қабылдамасқа және қазақтың (моңғолдың) ұлт болып қалыптасу шағын Мөде ханмен, яғни ғұндармен, тіптен әріде арий-турлармен сабақтастырмасқа. Онда, Татарлардың моңғолдарды қырғынға ұшыратқаннан кейін, қалған моңғолдардың азынаулақ тобы тау ішінде паналағанын баяндайды. Әбілғазы бахадүр: - «Аталарымыздың айтуына қарағанда, Еркінеқонның сыртында кең жерлер, жақсы елдер бар көрінеді. Ертедегі біздің қонысымыз сол жерлер екен. Татарлардың бастауымен өзге елдер біздің тұқымымызды қырып, жұртымызды алған екен. Құдайға шүкір, қазір біздің жағдаймыз жаудан қорқып, тау ішінде тығылатындай емес. Тау ішінен жол іздеп тауып, көшіп шығалық. Кім бізге доспын десе, онымен көріселік, кім дұшпандық ойласа, онымен соғысалық». Осы сөзді мақұл көріп, таудан шығатын жол іздеді, таппады. Іштерінде бір темірші бар еді, ол айтты: «Пәлен жерде бір темір кені бар, соны ерітсе жол болар еді». Ол жерді барып көріп, теміршінің айтқанын мақұлдады. Елге отын және көмір жинатты. Таудың кең жеріне ағаш пен көмірді үйіп, жетпіс теріден көрік жасап, жетпіс жерге құрды. Көрікті бәрі бірігіп басты. Құдайдың құдіретімен от күшті жанғаннан соң, тау темір болып аға берді. Жүкті түйе шыққандай жол болды. Бірнеше күнде таудан шықты. Сол шыққан күнді тар қапастан шығып, ата жұртына келген күніміз деп құрмет тұтар еді.

Ол уақытта моңғолдың патшасы *Бөрте шина* деген қиат нәсілінен, құрлас руынан шыққан адам еді. Татарлардан төрт жүз елу жылдан кейін өштерін қайтарды. Ол жерде отырған түркі руларының ішінде татардан көбі жоқ еді. Еркіне қоннан шығып, татарларды қырып, ата жұртына отырған соң, олар сол жердегі халыққа бас болды. Кейбір елдер моғолдарды паналап, моңғол болмаса да, моңғолмыз деп оларға қосылып кетті [5, 27-29]. Аталмыш Әбілғазының дерек көздерінен біздер Қазақстан тарихындағы ғұн және Түрік қағанаты қарсаңындағы тарихи оқиғалармен байланысты аңғарамыз. Көшпелі ғұндардың империясының тарих сахынасынан кетуі. Ғұндардың ұрпақтары түркілердін, яғни ашина (шина, бөрінің тұқымы), «он оқ елі», «таттар» тайпасының негізінде Түркі қағанатының іргесі қаланғанын жазба деректер арқылы да байқаймыз. Ашиналықтар әуелде Алтай таулары жотасында өмір сүріп көрші елдерге темірден қылыш жасап, салық орнына төлеп отырғанын тағы да ескерсек, осы ауызша тарихтың жазбаша дерек көздерімен ұштасып отырғанын түсінеміз. Татарлардың, яғни қыпшақтардың түркі тайпаларының ішіндегі саны жағынан ең басымы екендігі тағы да аян. Татарды қыпшақ деп беруіміз «Татар баянында» біршама ауқымды ашылады.

Жалпы алғанда оғыз мемлекеті этникалық құрамы жөнінен ала-құла болып ерекшеленген [6]. Татарлардың бастауымен өзге елдер біздің тұқымымызды қырып, жұртымызды алған екен [5, 28]. XI ғасырда шығыстан келген *қыпшақтар оғыздарды талқандады* деп баяндалатындай, біздер Шыңғысхан қауымына, яғни моңғолдарға татарлардың шапқыншылық жасағаны тарихи оқиғаларда мәлімделетінің білеміз.

Оғыз мемлекеті құлдырағаннан кейін бұл аймақта Қарахан мемлекеті бой көтерген болатын. Қарахан мемлекетінің тарихына арнайы қалам тартқан қырғыз ғалымы О.Қараев өзінің монографиялық еңбегінде Қарахан мемлекетінің негізін салуда қарлұқ конфедерациясынан шыққан шігілдердің басым рөлін көрсетіп, Қарахандар мемлекеті қоғамының ішкі шиеленістері мен қайшылықтарының күшейіп, оның ыдырауындағы көшпелі қарлұқтар мен оғыздардың орыны мен рөліне жете мән берілмегені көрінеді [13, 10].

Қазақ аңыздарындағы Алаша ханның атасы Қарахан, әкесі Қызыл Арыстан деп баяндалатын тұсы бар. Алаша хан баянында Шыңғысхан қазақтың ұлы ханы Алаша хан

сипатында беріледі. Егерде Шыңғысханның ата қонысы Жетісу өңірі болса, онда аңыздағы Қарахан атасы деп берілетін тұстан біздер Қарахан әулеті, мемлекетін жалпылама атап көрсетуі деп топшылаймыз. Оған бірден-бір себеп жазба деректерге зейін қойсақ Қарахан мемлекетінің орналасқан аймағы негізінен Жетісу, Сырдария өңірлері болады.

XI ғасырдың ортасына қарай Қарахандар әулеті екі бөлікке – Батыс және Шығыс болып бөлінгені белгілі. Шығыс Қарахандар мемлекетінің құрамына Жетісу, Қашғар, Ферғана, Шаш, Тараз және Испиджап, ал Батыс бөлігіне Мауереннахр мен Бұхара және Ходжент кірді. Батыс Қарахан билеушілері қарлұқтар арасынан шықты. Шығыс Қарахандардың билеушісі Тогрул Қарахан Юсуф Батыс Қарахандардан Ферғана мен Шашты қайтарып алу үшін 1069-1070 жылдары Мауереннахрға жорық ұйымдастырып, Самарқанды қоршады [3, 158]. Қарахан мемлекетіне ауқымды зерттеу жүргізе отырып қана толық қарқынды баға бере аламыз. Алайда, Қарахан мемекетінің Шығыс бөлігі оғыз тайпалық бірлестігінін негізінде қалыптасып, қазақтардың Ұлы жүз және Орта жүз руларының негізі құрылды деп топшылаймыз. Шыңғысхан ұрпақтарын сарт деп келемеждеу бәлікім оның шыққан тегін қарахандықтармен қарлұқтардың бір конфедерациясының құрамында болуына орай сабақтастыруында болар. Бұл тұрғысында біздер төменде баяндаймыз.

Моғолстан құрамындағы қарлұқтар да қазақ халқының құрамында маңызды рөл атқарғаны белгілі. *Қырғыздардың құрамында «мочак-можак», «килет-гилет», «бистан-бостан», «жабағы» аттарының жиі кездесуі де* қарлұқтардың қырғыз халқының қалыптасуына ықпал еткенін көруге болады [3, 174]. Қарлұқ құрамында арғындар болды. Ал қарлұқтар мен оғыздар Қарахан мемлекетінің құрамында болды. Егерде дерекетерді топтастырар болсақ, онда Қарахан мемлекеті құрамындағы жұрт Шыңғысханның халқы моңғолдар болып шағады. Қара қырғыздарды моңғолдар деп Н. Аристов өз еңбегінде көрсетіп кетті [10].

М. Қашқари (XI ғ.) имектерді қыпшақтар деп атаған, ал қыпшақтар болса өздерін басқаша атаған [1, 426].

Рашид ад-Диннің: «керейіттер моңғол руынан»- деп көрсетті [1, 413].

Рашид ад-Диннің жалайырлардың шыққан тегін ортағасырлық түркі тілдес ұйғырлардың тарихымен байланыстырып жазған [1, 413].

Түркі тайпалары бірнеше мәрте біріккені туралы дерек көздері бар, солардың бірі «ұйғыр» бірлестігі болды. Бүгінде өзімізден алшақтатып, жат санап жүрген ұйғырлардың этногенетикалық құрамы қазақ руларының да негізін қалады. Осылайша Л. Гумилевтың түркілер Еуразия континентін толық игерген деген тұжырымы ақиқат десе де болады. Себебі бүгінгі Қытай, Үнді, Ресей тәрізді алып державалардың құрамында түркі қауымы көпшілікті құрайды, ол өткен тарихтың куәсі, сол аймақтардың иесі болғандығының негізгі дәлелі. Әлемнің төрттен бірін иеленген Шыңғысхан қауымы Еуразия континентінің көп бөлігінде орнығып және сол аймақта орналасқан тілдік диалектикасы бір қауымның қара шаңырағы, шағын да болса бір жұрнағы «қазақ» деген атпен XV ғасырда қайта бой көтерді. Ал оның өзге таптары, яғни татарлары қалың жұрты ноғайлар, Сібір татарлары, башқұртар, өзбек, қырғыз, түркімен т.б. атаулармен тарих сахынасына жаңа ел болып іргесін көтерді.

Тарихи деректер ДАТ деректермен үндесіп елдіктің бастамасын сонау көне замандарға жетелеп үш жүзге бөлінген қазақтың тарихын баяндауда қисынды үлесімділікке ие болып шынайы тарихты айқындай түседі. Біздің талқылаған дерек көздеріміз әлі де болса толық зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардан болып қала береді. Әйтсе де моңғол (үйсін), қалмақ (қаңлы) және татар (өзге түркі тайпалары) деп ертеректе жіктелген қазақ жүздері қалыптасқан болады.

Шежіре деректеріміз жазба деректермен қабыса бермейтін тұстары да кездеседі. Себебі, Қазақстан тарихы оқулықтарында үйсін, қаңлы, ғұн бірлестіктері қатар өмір сүрген, бір-біріне қатыссыз үш түрлі этникалық бірлестік ретінде қарастырылады. Алайда, фольклор деректерімізде үйсіндер мен қаңлылар ғұндардың арғы атасы болып топтасады. Сонда ғұндардың этникалық тегі туралы мәселе әлі анықталмаған. Зерттеушілердің көпшілігі оларды түріктердің арғы аталары деп болжайды. Шаруашылықтың біртіндеп дамуы, тұрмыстың біршама ортақтығы, этникалық жақындық, саяси тәртіп факторлары Орта Азияда, ертедегі

таптық ірі бірлестіктердің құрылуына әкеп соқты. Б.з.б. III ғасырлардың аяғында қытай деректемелерінде пайда болған сюнну атауы тегі әртүрлі тайпаларды біріктірген және Тынық мұхит пен Солтүстік Қытайдан Алтай мен Жетісуға дейінгі аумақта, ал кейіннен одан әрі батысқа да ары-тұра таралып отырған саяси құрылымға қатысты болды. Ғұндардың құдіреті тасып тұрған кезде, олардың бірлестігіне басқа бірнеше тайпалар қосылған, сондықтан «Ғұн» атауы этникалық болудан гөрі саяси одақ атауына қарай айналыңқыраған. Ғұн тайпаларының бір одаққа бірігуіне негізгі себеп қытайлықтардың бұларға қарсы төрт ғасырға созылған кескілескен соғысы болуы керек.

Моңғол нәсілдес, түркі тілдес ғұндар қалың қауымды құраса, онда ғұндар болашақ Түрік қағанатының іргесін қалағаны, ал қалың түркілердің моңғол-татар болғаны.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1 том. Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1980.
2. А. Сейдімбек «Қазақ әлемі». Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.- Алматы, «Санат» 1997. – 464 б.
3. Сыздықов С.М. Қарлұқ – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралар. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
4. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 544 бет.
6. Әбілғазы баһадүр хан. Түрік шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 208 б.
7. Құдайберді ұлы Ш.К. Түрік, қарғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 2-ші бас. толық. – Астана: «Алтын кітап», 2007.-270 б. – (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 28-ші том).
8. Құдайберді ұлы Ш.К. Түрік, қарғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 2-ші бас. толық. – Астана: «Ол-Жас Баспасы», 2004, 80 б.
9. Артықбаев Ж.О. Қазақ этнографиясы: этнос және қоғам. XYIII ғ. Қарағанды, 1995 ж. 267 б.
10. Аристов Н.А. Қазақ этногенезі мен этникалық тарихы. 2-ші бас. Толық. – Астана: «Астана кітап», 2007, - (Қазақ этнографиясының кітапханасы), 2-ші том – 372 б.

CLIL (CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING) ӘДІСІН ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

НАМАЗ Жұпаргүл Сабитқызы

Ғылыми жетекші: Ельтинова Лаура Аманжоловна

№7 жалпы орта білім беру беімдік беімдеуге мамандандырылған мектебі

Павлодар қаласы, Қазақстан

namazjupar@gmail.ru

Қазіргі таңда тәуелсіз елдің тілегі - білімді ұрпақ. Мемлекетіміздің Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқандай, «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында». Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру [1]. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

К.Құдайбергенова «құзырлылық» ұғымына «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деген түсініктеме береді [2].

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технолгияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді. Сондықтанда білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін білім беру үрдісінде әр түрлі әдістерді қолдануымыз қажет. Соның бірі, қазіргі кезде тамырын жая бастаған CLIL әдісі. CLIL терминін алғаш рет 1994 жылы Дэвид Маршам ойлап тапқан еді. «CLIL» ағылшын тілінде Content and Language Integrated Learning немесе пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесі, пәндерді екінші не үшінші /қазақ, орыс, не ағылшын/ тілде оқыту деп қарастыруға болады. Кейінгі зерттеулерде мынандай анықтама береді: «CLIL-оқушылардың шетел тілінде лингвистикалық және коммуникативтік дағдылардын қалыптастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық әдіс» [3].

Негізі CLIL 2 мақсатты көздейді, яғни шет тілі арқылы пәнді оқу және оқытылатын пән арқылы шет тілін меңгеру. Қазақстанның үш тілдік саясаты мектеп оқушыларына тіл үйренумен бірге тіл үйрену мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. CLIL бағдарламасы екі жаһандық мақсаттарға ие: пәннің шет тілі арқылы мектепте оқу деңгейі, сондай-ақ оқытылатын пәндер арқылы шет тілін тереңдетіп оқыту. Мұндай көзқарас оқушыларға химия, математика, география, биология, жаратылыстану ғылымы, классикалық әдебиет, информатика, физика, өнертану, философия, біртұтас үрдісінде туған және білетін тілдерінде келесі тақырыптарды түсіндіруді біріктіреді [4, 141-142 бб.].

CLIL - екі мақсатты көздейтін оқыту әдістемесі:

- екінші немесе үшінші тіл арқылы пәнді оқыту;
- пән арқылы тілді оқыту.

CLIL әдісін қолданатын мұғалім тек пән мұғалімі немесе тек тіл мұғалімі болмауы тиіс, керісінше, пән мен тілді қатар оқытуы керек. Бұл әдіспен оқытудың ерекшелігі, мұнда түрлі оқыту жағдайларда сабақ және оқу мақсаттарының берілген кезеңіне тиісті тілді пайдаланып, сабақты өткізу екі тілде жүзеге асырылады.

Осылайша, сабақты CLIL әдісі бойынша жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі.

CLIL әдісін қолдану мұғалімнен: пәндік білімін жетілдіруді, ресурстарды кеңінен қолдануды, сабағын тиянақты жоспарлауды, кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруды талап етеді.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мұғалімдер үшін маңызды мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тірегі етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр оқу орнының жауапкершілікпен атқаратын міндетінде.

CLIL әдісін қолдану барысында: әр сабақтың пәндік және тілдік мақсаттары болуы керек, мұғалім оқушылардың сол мақсаттарға жетуін қадағалауы қажет, сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалуы қажет, айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылуы қажет, белсенді оқу әдістерін қолдану қажет.

CLIL әдісін қолдану барысында тапсырмалар: мақсатқа бағытталған, оқушылардың тіл деңгейлеріне сай, орындауға қызықты, ынталандыратын, бір-бірімен логикалық түрде байланысқан болуы қажет[5].

Үш тілді бірдей меңгеру әрбір қазақстандық жастың міндеті. Қазіргі білім беру саласында да үштілділікті енгізу жаппай қолға алынуда. Біздің мақсатымыз - жан жақты, бәсекеге қабілетті, көптілді білетін, қазіргі заманға сай маманды даярлау. Осы мақсатта мен де, болашақ іс жүргізуші мамандардың үш тілді қатар меңгеруі бастамасын жүзеге асыруды мақсат еттім. Өз сабақтарымды CLIL технологиясын басшылыққа ала отырып өткіземін. Мысалы: CLIL технологиясы арқылы өткізілген сабақта оқушылардың ағылшын тілінде оқу, сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін үй тапсырмасы үш тілде тест тапсырмасы арқылы тексерілді. Сабақта кездесетін жаңа сөздермен танысып, терминдер бойынша сәйкестендіру тест (mathing) тапсырмалары орындалды. Сонымен қатар STT (student talking time), TTT (teacher talking time) яғни оқушының сөлеу уақыты, мұғалімнің сөйлеу уақыты. Толығырақ айтатын болсам кері байланыс, оқушылардың бірін бірі бағалауы. Бұл кезде оқушылардың пәндік білімдерін ғана емес тілдік білімдерін дамытуға ықпалын тигізеді. Өзім өткізген сабақтардан үзінді:

Right answer

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. .Акитай Б.Е. Физиканы оқыту теориясы және әдістемелік негіздері. Оқу құралы .- Алматы: Қазақ университеті, 2006.-280бет.
2. Тұрғанбекова Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы: Рауан, 2005. – 250 б.
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім

№	Атауы	Формуласы	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
1	Жұмыс	A=F*s	Работа	Work
2	Қуат	N=A/t	Мощность	Power
3	Ауырлық күші	F_a=m*g	Сила тяжести	Gravit
4	Серпімділік күші	$F_{серп}$= k*x	Эластичность	Elasticity
5	Кинетикалық энергия	E_k=$mv^2/2$	Кинетическая энергия	Kinetic energy
6	Потенциалдық энергия	E_p=m*g*h	Потенциальная энергия	Potential energy

сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б
4. Marsh, D (Ed) (2002) Content and Language Integrated Learning (CLIL). A Development Trajectory.
5. Машрапова А. С. Использование методики CLIL на уроках со вторым языком обучения // Молодой ученый. – 2017. – №18.1. – С. 48-51.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНАЙЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

НУРБЕКОВА Жанат Кунапиановна, БАЙГУШЕВА Баян Мубараковна, ЕЛЬТИНОВА Раушан Аманжоловна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

zhanat_n@mail.ru, bbm_s@mail.ru, eltinova_r@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада оқу үрдісіндегі толықтырылған шынайылықты қолдану мүмкіндіктері қарастырылған. Оқытуда толықтырылған шынайылықты қолданудың артықшылықтары анықталды. Мобильді қосымшаны пайдалану арқылы толықтырылған шынайылықты құру процесі ұсынылған.

Аннотация

В статье рассмотрены возможности применения дополненной реальности в учебном процессе. Определены преимущества применения дополненной реальности в обучении. Представлен процесс создания дополненной реальности с использованием мобильного приложения.

Abstract

The article considers the possibilities of using augmented reality in the educational process. The advantages of using augmented reality in training are determined. The process of creating augmented reality using mobile application is presented.

Инновациялық цифрлық технологияларды қолдану заманауи қоғамды цифрландыру дәуірінде білім берудің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Білім беруді цифрлық трансформациялауда инновациялық цифрлық технологиялар басты рөл атқарады. Gartner компаниясының зерттеулеріне сәйкес, негізгі технологиялық трендтердің қатарына жасанды интеллект, бұлтты технологиялар, үлкен деректер, толықтырылған шынайылық, виртуалды шынайылық, блокчейн, SMART технологиялар, кванттық есептеулер сияқты цифрлық технологиялар кіреді.

«Толықтырылған шынайылық» (augmented reality (AR)) терминін 1990 жылы зерттеуші Том Кодел (ағыл. Tom Caudell) ұсынды. Толықтырылған шынайылық – бұл виртуалдық пен нақтылықты біріктіретін жүйе; нақты уақытта өзара әрекет етеді; 3D орналасқан [1].

Қазіргі уақытта толықтырылған шынайылық әр түрлі салаларда кеңінен қолданылады, мысалы ойын индустриясы, жарнама, медицина, білім беру саласы және т.б.

Толықтырылған шынайылықты пайдалану білім беру процесін жақсарту үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Толықтырылған шынайылық ақпаратты қабылдау және меңгеру үдерістеріне ықпал етеді. Ғалымдардың жүргізілген зерттеулерінің талдауында білім беру ортасында толықтырылған шынайылықты қолдану келесі артықшылықтарын ерекшеледі:

- мотивацияны арттыру;
- назар аударудың артуы;
- оқу процесіне тарту;
- көрнекілік;
- интерактивтілік;
- кеңістіктік ойлауды дамыту [2-4].

Толықтырылған шынайылық нақты әлемді виртуалды объектілермен толықтырады. Оқу үрдісінде толықтырылған шынайылықты қолдану физикалық нысандарды, құбылыстар мен процестерді визуализациялауға ықпал етеді. Сонымен қатар оқу материалын визуализациялау шын мәнінде көрсету қиын немесе мүмкін емес объектілер мен процестерді зерттеуге көмектеседі. Виртуалды объектілер 3D модельдерді, мәтінді, суреттерді, бейнелерді қамтуы мүмкін.

Толықтырылған шынайылықты құру үшін арнайы платформалар қолданылады. Олардың ішінде HP Reveal платформасы келесі артықшылықтар арқылы ерекшеленеді:

- толықтырылған шынайылықты оңай жасауға мүмкіндік береді;
- толықтырылған шынайылықты жасаудың бастапқы тәжірибесі үшін тиімді;
- тегін бағдарлама;
- HP Reveal мобильді қосымшасы iOS және Android-та қол жетімді.

HP Reveal-де жұмыс істеу үшін суретті жасау керек, ол триггер болады. HP Reveal триггерге қосымша ақпаратты қосу нәтижесі «Аура» деп аталады.

Мобильді HP Reveal қосымшасында толықтырылған шынайылықты әзірлеу процессі келесі қадамдарды қамтиды:

1. Смартфонға HP Reveal қосымшасын орнату.
2. HP Reveal қосымшасында тіркелу. Аккаунт құру.
3. Триггерді түсіру.
4. Триггерге келесі варианттар арқылы Аура қосу:
1) кітапханасынан үш өлшемді модель таңдау – ***Library***
2) құрылғысынан фото немесе бейнені қосу – ***Device***
а) смартфон камерасының көмегімен фото немесе бейне жасау – ***Camera***
б) фото немесе бейнені галереядан таңдау – ***Gallery***

HP Reveal қосымшасын орнатқаннан кейін Аккаунт жасап, тіркелу қажет (сурет 1).



Сурет 1. HP Reveal қосымшасын орнату

Қосымшаны іске қосу үшін, смартфон экранындағы HP Reveal белгішесін таңдау керек (сурет 2).

Сурет 2. HP Reveal бағдарламасының белгішесі

Триггерді жасау үшін смартфон экранындағы “+” белгісін басу керек (жоғарғы оң жақ бұрышында). Триггерді басып алу процесі басталады. Жоғарғы жолақ триггер сапасын бағалайды: қызыл - сапасы төмен, жасыл - сапасы жақсы (сурет 3).



Сурет 3. Триггерді жасау процесі

Қосымша ақпаратты қосу үшін екі бөлім бар: «кітапхана» (***Library)*** және «құрылғы» (***Device)***. ***Library*** HP Reveal кітапханасында орналасқан 3D модельдерді көрсетеді. ***Device*** құрылғының галереясындағы немесе камера арқылы басып алуға болатын ақпаратты таңдауға мүмкіндік береді. Суретті немесе бейнені таңдауға болады. Жасалған аураны барлығына қол жетімді етіп, басқа пайдаланушылармен бөлісуге болады (сурет 4).

Сурет 4. Триггерге 3d модельді байланыстыру

HP Reveal мобильді қосымшаны пайдалану арқылы толықтырылған шынайылықты құру көп қиындық туғызбайды және бастапқы кезде толықтырылған шынайылықты жасау үшін қолайлы қосымша болып табылады.

Сонымен, оқу үрдісінде толықтырылған шынайылықты пайдалану көп мүмкіндіктер береді. Оқу процесінде толықтырылған шынайылықты қолдану оқу контентін визуализациялауға, интерактивтілікке ықпал етеді, ынтымақтастық пен шығармашылық жұмысқа жәрдемдеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Azuma R., Baillot Y., Behringer R., Feiner S., Julier S. & MacIntyre B.. Recent advances in augmented reality. Computer Graphics and Applications IEEE, 2001, 21(6), p. 34-47.
2. Diegmann, P.; Schmidt-Kraepelin, M.; Van den Eynden, S.; Basten, D. (2015): Benefits of Augmented Reality in Educational Environments - A Systematic Literature Review, in: Thomas. O.; Teuteberg, F. (Hrsg.): Proceedings der 12. Internationalen Tagung Wirtschaftsinformatik (WI 2015), Osnabrück, S. 1542-1556.
3. Matt Bower, Cathie Howe, Nerida McCredie, Austin Robinson & David Grover (2014) Augmented Reality in education – cases, places and potentials, Educational Media International, Educational Media International, 2014, Vol. 51, No. 1, 1–15.
4. Jeřábek, T. et al. "Parameters of Augmented Reality and Its Us in Education", Journal on Efficiency and Responsibility in Education and Science, 2013, Vol. 6, No. 4, pp. 232-244.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ПРОЗА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ і

ОМИРБЕКОВА Динара Шабденқызы, ЖАРЫЛҒАПОВ Жансая Жанғазиевич

Назарбаев Зияткерлік мектебі

Қарағанды қаласы, Қазақстан

Omirbekova_D@krg.nis.edu.kz

Әдеби процесс – белгілі бір дәуірде, әрбір тарихи кезеңде әлеуметтік, идеологоялық және эстетикалық тұрғыдан жазылған әр алуан саладағы шығармалар жиынтығы. Адамзаттың тарихи, эстетикалық, рухани құндылықтарының толығу үрдісі.

Әдебиеттегі дәстүр мен жалғастық, жаңалық атаулының барлығы, кезеңдік өзгерістер мен қайта сарапталған дүниелер осы әдеби процесте талданып, сараланады.

Әдебиетте ертеректе дамыған жанр – лирика – адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, жан дүниесін тікелей бейнелейді. Автордың немесе лирикалық қаһарманның айнала жаратылысқа, өмірге көзқарасы, ой әсерлі, көркем түрде беріледі. Лирикалық шығармаға жеке субъектінің санасы, қабылдауы арқылы өтетін құбылыстар іргетас болып табылады.

Қазақ әдебиетіндегі проза ұғымы жайлы сөз қозғалғанды, оның әдеби жанрдың бір түрі екені белгілі. Проза XVII ғасырдың ортасына дейін сөз өнерінде поэзиямен аралас өмір сүрді. Проза - әдеби жанрының бір түрі, қара сөзбен жазылған көркем шығарма. Прозаға әңгіме, повесть, роман жатады. Проза әдебиеттің эпикалық тегімен байланысты, лирикалық проза немесе прозалық өлеңдер кездеседі. Тарихи шежірелер, жылнама, трактаттар, естелік, сапарнама, діни уағыздар, т.б. өлең жанрына тән шығармалар болып есептеледі. Шын мәніндегі проза Қайта өрлеу дәуірінде қалыптасып, поэзиядан бөлініп шықты. Осы кезден бастап әдебиеттің дамуында проза жетекші орынға шықты.

XX ғасырда әлем әдебиеті адамның ішкі субъективтік әлеміне терең үңіле отырып, өмірді жаңа қырынан танытты. Әлем әдебиетінде туындап жатқан жаңаша көзқарастардың әсері қазақ прозасына да өз ықпалын тигізіп, қазақ көркем сөз өнері өсіп, дами түсті. Әдебиет - өмір айнасы ғана емес, өз тарапынан жаңа әлемнің жасаушысы да. Әдебиеттегі осындай ерекшеліктердің бірі лирикалық прозаның дамуына қатысты болды. Кез келген нәрсенің жоқтан пайда болмайтындығы сияқты бұл құбылыс та әдебиетіміздің өзіне дейінгі дәстүрін жалғастыру негізінде пайда болды. Демек, прозаның бір түрі ретінде лирикалық проза ұғымы қалыптасты.

Лирикалық проза деген не? Лирикалық проза - автордың нәзік көңіл - күйімен, сезім әсерімен жазылған прозалық шығарма. Лирикалық проза өз алдына жанр болып саналмайды, тек прозаның стильдік бір түрі ретінде қарастырылады. Мұндай шығарманың композициялық құрылымы лирикалық кейіпкердің тебіреніс-толғаныстарына сәйкес қалыптасады. Лирикалық прозада бастан-аяқ үзілмей дамып отыратын сюжет кездеспейді. Алайда кейіпкерлердің бүкіл

бастан кешкен көңіл-күй әсерлерінен белгілі бір желі пайда болып отырады. Оны шартты түрде лирикалық желі деп те атауға болады.

Лирика туралы негіздемелер орыс әдебиетінде де қалыптасқан болатын. Айта кетсем, орыс әдебиетіндегі лиризмнің кең өрістеу кезеңі 50-жылдардың екінші жартысынан басталды. Көркемдік-эстетикалық қуаты жағынан ғажайып шығармалар жазған орыс әдебиетінің көрнекті өкілдері И.С.Тургеневтің «Алғашқы махаббат», «Көктемгі тасқын», Ф.М.Достоевскийдің «Вейшаралар», Н.Г.Короленконың «Соқыр музыкант» сияқты шығармалары сезімді сан толқытатын лиризм өрнектеріне толы дүниелер екені даусыз.

Ал, лирикалық проза қазақ әдебиетіне қашан енді деген сауалға келгенде әртүрлі даулы пікірлер қалыптасқан болатын. Жалпы қазақ әдебиетіндегі лиризм үлгілері қай кезеңнен басталады деген сұраққа жауап іздеуді ерте заманнан бастаған жөн деп ойлаймыз. Кейбір әдебиеттанушы ғалымдар лирикалық прозаның бастау арналары сонау ауыз әдебиетінде жатқандығын да сөз етеді. Себебі лиризм элементтері кездеспейтін шығарма болмайды десек те болады. Біз де лирикалық прозаның ХХ ғасыр басынан, Бейімбеттің шығармаларынан басталды деген қалыптасқан пікірмен келісі отырып, лиризм үлгілерінің әлдеқайда ертерек кезеңнен бастау алған деген ойды айтқымыз келеді. Өйткені кез келген шығармада белгілі бір дәрежеде баяндаушының, әңгімелеушінің өзіндік мені, яғни көзқарасы, тебіренісі, толғанысы қандай дәрежеде болса да көрініс беріп отырады. Сондықтан біздің әдебиетіміздегі лиризмнің алғашқы көріністері сонау ауыз әдебиетінен бастау алады десек, қателеспейміз. Ауыз әдебиеті, әсіресе ертегілерде, соның ішінде қиял-ғажайып ертегілерінде лиризм өрнектерінің молынан кездесіп отыратынын жоққа шығара алмаймыз. Сол сияқты, М. Әуезов өзінің Әдебиет тарихы еңбегінде Асан қайғы туралы аңыздарда лиризмнің үлгілері кездесетінін айтқан болатын. Ал С. Мақпыров лирикалық прозадан басқа лиро-эпикалық жырларды (немесе лиро-эпос), лиро-эпикалық поэмаларды, поэмаларды, дастандарды, балладаны, өлеңмен жазылған романды, роман-диалогты, публицистикалық романды, роман-очеркті, роман-эссені, сондай-ақ тарихи-көркем жанр үлгісіндегі өмірбаяндық (мемуар) шығармаларды, эпистолярлық (хат) үлгідегі туындыларды аралас жанрларға жатқызуға болатындығын айта отырып, оларды лирикалық прозаға жатқызу себебін түсіндіреді. Оның айтуы бойынша: Жанр атауының (лиро-эпос) өзі ақ аңғартып тұрғандай мундай туындыларды кейіпкердің сезімі, толғаныстары мен қатар олардың іс-әрекеттері де, халық тұрмысының көріністері де кеңінен суреттеледі. Бұл, әрине эпикалық суреттеулер - деп атап көрсетеді. Демек, бұл пікірлерге сүйенсек, кейіпкердің ғашықтық, сүйіспеншілік сезімдерін, толғаныстары мен еруде көрініс тапқан лиризм үлгілері сонау ерте замандағы әдебиетімізден бастау алатындығына көз жеткізгендей боламыз. Оның бергі жағындағы Шоқанның еңбектерінде, Ыбырайдың прозалық шығармаларында, буларды айтпағанда Абайдың қара сөздерінде лиризм элементтері жоқ, мүлдем кездеспейді деп айта алмаймыз. Сондықтан қазақ әдебиетіндегі шығармаларға тән сыршылдықтың біздің ауыз әдебиетімізден бастап негізі қаланған деген ойға тоқтасақ қателеспейміз деген ой келеді. Ол кезен туындыларының мұндай ерекшелігі туралы сөз болмауы көркем шығармадағы лиризмнің кейін ғана, яғни ХХ ғасырдың орта шенінде ғана зерттеле басталғанынан болса керек. Расында, қазақ әдебиетінде лирикалық проза туралы зерттеулер алғаш рет ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. Буған қарап лирикалық сарында жазылған шығармалар ұлттық әдебиетімізде осы кезеңге дейін болмады десек, қателескен болар едік.

Бүгінгі таңда бүкіләлемдік көркем ой дамуындағы гуманистік және ұлттық өлшемдердің, тарихи-рухани өмірдегі көркем шығармашылықтың адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын қайта бағамдау мәселесі өз-өзінен күн тәртібіне шығып отыр. Сондықтан біз ұлттық әдебиетімізді, оның идеялық-көркемдік бағыттарын, жалпы поэтикалық мәселелерін әлемдік әдебиет контексінде қарауға мәжбүрміз. Осы тұрғыда бүкіләлемдік көркем ой қол жеткізген межелерді саралай отырып, қоғам мен рухани өмірдегі жаңашылдықтардың әдебиетімізде бой көрсетуін анықтау арқылы ұлттық көркемдік дамудың нақты көрсеткіштерін айғақтай аламыз. Әдебиетті зерттеу барысында шығармашылық үдерістің қос мәнін: әдебиет дамуындағы жаһандық құбылыстар мен ұлттық әдебиеттер арасындағы ортақ тенденцияларды және нақты бір дәуір мен нақты бір ел әдебиетіндегі қайталанбайтын ерекшеліктерді үнемі қаперде ұстау аса қажет.

Көркем әдебиеттегі лирикалық прозаның зерттелу мәселесі әдебиет теориясына, тарихына арналған зерттеулерде аракідік айтылып келе жатыр. Қазақ поэзиясының теориялық белгілері мен сипаттарын қарастырған әдебиеттанушылар еңбектері әлі де болса қарама-қайшылықтан арылған жоқ. Әдебиеттануымызда әлі дұрыс бағасын ала алмай жүрген, көбінесе талғамсыз пайдаланылып келген тарихи және көркемдік шындық, адам образын лирикалық тұрғыдан бейнелеу құралдары арқылы жасау ұлттық прозамызға жат болған жоқ. Адам тұлғасына тарихи тұрғыдан үңілу, құжаттық детальдарға аса үлкен мән беру, ол детальдардың аллегориялық астарын пайдалану, тілдің түсініктілігі мен шынайылығын қатаң қадағалау, сол арқылы шығарманың лирикалық мазмұнын арттыру әсіресе, Тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі қазақ прозасындағы образ сомдау тәсілдерінде ұтымды пайдаланылғанын аңдауға болады. Демек, қазақ прозасының жетілу жолында лиризмнің орнын мүлде жоққа шығаруға болмайды, қайта реалистік поэзияға барар жолдағы сан қилы ізденістердің бірі деп таныған абзал.

Қазіргі қазақ прозасындағы лиризмнің пайда болуының негізінде де тарихи бейнелеу ұстанымдары жатыр. Сондықтан да мұны кезеңдік сипаттағы құбылыс деп қарауды шектейтін уақыт жеткен сыңайлы.

ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласындағы ұлттық код мәселесін қазақ әдебиетінің жанрларына сәйкес зерттеу – басты мақсат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі кезеңдегі қазақтарихи прозасынындамуындағы М.Әуезов дәстүрі. - А.: 1981. 47 б.

2. Лизунова В. Современный казахский роман. - А.: Изд-во АН Каз ССР, 1964. -360 с.

3. Қабдолов 3. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992 -350 бет.

4. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш ; 2003 - 327 бет.

БІЛІМ БЕРУДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

ОСПАНОВ Алмаз Ерболатович

Ғылыми жетекшілер: Г.Ш. Нургазинова, К.М. Мухамедиева

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Павлодар қаласы, Қазақстан

87779401792@mail.ru , nurgasinova@mail.ru, kymbatsha@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақала білім беруде мультимедианы қолдану мәселелеріне арналған. Мультимедиялық құралдарды пайдалану көрнекілікті арттыру арқылы оқу үдерісін қарқындатуға, оқыту тиімділігін арттыруға, оқытуды неғұрлым тиімді етіп, оқыту үдерісін жандандыруға мүмкіндік береді.

Даму әлеуеті бар дидактикалық құралдардың бірі мультимедиа болып табылады.

Abstract

The article is devoted to the use of multimedia in educational training. The use of multimedia tools allows you to activate the learning process by enhancing visibility, improve the effectiveness of teaching, enrich the learning process, make learning more effective.

One of the didactic tools with developing potential is multimedia.

Қазіргі қоғам заманауи білім беруді талап етеді. Заманауи сабақтар оқытып үйретететін, тәрбиелейтін, дамытатын және қызықтыратын болуы тиіс. Сондықтан да сабақта заманауи білім беру технологияларын қолдану - бүгінгі күннің қажеттілігі.

Бүгінгі таңда мұғалім сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін оқытудың интерактивті құралдарын меңгеруі тиіс. Соңғы уақытта білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер осы мультимедиялық технологияларды меңгеруге итермелейді. Мультимедиялық технология - бұл оқу үдерісін ақпараттандырудың перспективалық бағыттарының бірі болып табылады.

Білім беруде мультимедиалық технологияларды пайдаланудың табыстылығы оқу материалын дайындау мен таңдаумен анықталады. Мультимедиялық презентациялардың тиімділігі пайдаланылатын материалдардың сапасына және осы үдеріске қатысқан мұғалімдердің шеберлігіне байланысты. «Мультимедиялық оқыту технологияларын қолдану оқу үдерісін көрнекі әрі қызықты етеді. Қазіргі гуманитарлық академияда өткізілген зерттеушілердің мәліметтері бойынша, студенттердің топта отырып дәрістерді тыңдауға қарағанда компьютерлік оқыту 10 есе көп білімді меңгеруге мүмкіндік береді. Материал жақсырақ меңгеріліп, тек қана белгілі бір тақырыпқа қызығушылық танынып қоймай, сонымен қатар өздігінен жаңа білімді ізденуге талпынады»

Әрбір заманауи мұғалім жалпыға бірдей білім мен дағдылардың жаңа жүйесін, сонымен қатар оқушылардың дербес іс-әрекеті мен жеке жауапкершілігі тәжірибесін, яғни заманауи негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыруы тиіс. Осы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістердің бірі - жаңа білім беру технологиялары қолдану.

Осындай технологиялардың бірі оқытудың интерактивті құралдары болып табылады. Осы технологиялар білім беру кезінде оқушыларды оқыту үшін кеңінен қолданылады, өйткені олар мұғалімге өзінің кәсіби қызметінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға, сонымен қатар кез келген ақпаратты түсіну үшін барынша қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Мультимедиалық әдістерді оқытудың топтық әдісі ретінде ойын технологияларын қолдана отырып, фронтальды және дискуссиялық жаттығулармен қолдануға болады. Бастауыш мектепте жұмыстың ең қолайлы формалары - бұл топтық іс-әрекет және ойын технологиясы.

Мысалы, бастауыш мектепте оқушылардың танымдық мотивациясы мен қызығушылықтарын, оқушыны мұғаліммен немесе сыныптастарымен ынтымақтастық пен бірлескен іс-әрекетке дайындығы мен қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін түрлі ойындар жасауға болады.

Мұндай жұмыс түрлерін жүзеге асыру мысалдарының бірі нысандардың еркін орын ауыстыруы мен оны тексеру технологиясы іске асырылатын Flash - анимацияны пайдалану болып табылады. Біз латын графикасына негізделген қазақ әліппесін оқытуға арналған электронды құралдың қарапайым әзірлемелердің бірнеше мысалдарын қарастырамыз. Оларды жасау үшін Adobe Flash бағдарламалық жасақтамасын пайдалануға болады.

Бастауыш оқушыларының латын графикасына негізделген жаңа әліппеге көзқарастарын, әліппені меңгеруге дайындық деңгейлерін байқау, жалпы қосымша білім беру аясында таңымдық көкжиектерін кеңейту мақсатында 2018 жылы ақпан айында ұсынылған соңғы әліппені негізге ала отырып жасалған электронды оқыту құралы ұсынылды.

«Қызықты әліппе» оқулығы латын графикасына негізделген, әліппенің барлық 32 әріпі қамтылған. Әріптерді жаттауға, бекітуге арналған түрлі 10нан аса электронды тапсырмалар ұсынылады. Бастыуыш сыныптағы оқушылардың негізгі таным формасы ойын болғандықтан, ойын түрінде ойластырылған тапсырмалар да бар. Ойын түрінде берілген тапсырмалар оқушылардың зейінін қалыпты жоғары деңгейде ұстап, әріптерді жылдам және онай жаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сабақты қандай деңгейде меңгергенің анықтау үшін, бақылау тапсырмалары қарастырылған. Оқушылардың жетістіктері қалыптастырушы бағалаумен бағаланады, бұл оқушыларға позитивті кері байланыс береді, уәждерін жоғарлатады.

Оқулықты жасау барысында, аудио мәтінді жазу үшін жұмысқа оқушылар шақырылған. Балалар тапсырмаларды орындау барысында, өздерімен жасты баланың дауысын естігенде, сенімді түрде орындайды. №1 суретте көрсетілген әріп пен аудио дыбыстың сәйкестігінің мысалы қарастырылған.

Сурет-1 Көрсетілген әріп пен аудио дыбыстың сәйкестігі

Оқулықта әрбір әріп жеке таныстырылып, бірнеше мысалмен қамтылған. Кейін, сол әріпті жаттығуға тапсырма беріледі. Тапсырмалардың деңгейлері және безендірілуі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрастырылған.

Сурет-2
Әріпті еңгізу тапсырмасы

Сурет-3
Әріпті бекіту тапсырасы

Электронды оқулықта оқушылар электронды клавиатураны қолдана отырып, жаңа әліппеде жазуларын жаттыға алады. Электронды оқулықтың артықшылығы бұл өзіндік білім алуға мүмкіндігі, өйткені оқулықтың барлық мәзірі, функциялары түсінікті, интуитивті болып жасалған. Оқушылар үйде мұғалімнің көмегінсіз ақ , өздері дайындала алады.

Сурет-4
Электронды пернетақтада жаңа әліппені жазуға арналған тапсырма

Сурет-5 Бекіту тест тапсырмалары

«Қызықты әліппе» оқу құралы бастауыш сынып оқушыларына көмекші құрал ретінде ұсынуға болады. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жасалған, заманауи оқыту әдіс-тәсілдері қолданылған. Бұл әліппені оқушылар қолдана отырып, әріптерді тез және қызықты түрде таниды, оқуға уәждері жоғары болады.

Оқушылардың латын графикасына негізделген жаңа қазақ тілі әліппесін меңгеруге дайындықтарын анықтау, сонымен қатар, жаңа әліппеге өту жағдайына сапалы әдістемелік құрал дайындау мақсатында Павлодар облысы Аққулы ауданының мектептерінде қосымша білім беру аясында «Қызықты әліппе» электронды оқулығының аппробациясы жасалды. Ауданның үш мектебі іріктелді, олар «Лебяжі ЖОББМ», «Жамбыл ЖОББМ» және «Бесқарағай ЖОББМ». Эксперимент 2-4 қазақ сыныптарында өткізілді. Жалпы 95 оқушы қатысты. Электронды оқулықпен жұмыс жасаудың алдында оқушылар арасында сауалнама жасалды. Сауалнаманың нәтижесі бойынша оқушылардың 100 пайзы ағылшын тіліндегі 26 әріпті біледі, 2018 жылы ақпан айында ұсынылған жаңа әліппенің нұсқасынмен 85 пайызы алдында тәрбие сағатында таңысқан. Жаңа әліппеге көшу қиындық туғызбайды деп 80 пайыз оқушылар жауап берді, 12 сенімді емес, 8 пайыз қиындық туғызады деп есептейді. Жедел хат алмасуда оқушылардың 35 пайызы кирилл әріптерімен қатар арасында латын әріптерін қолданатыны анықталды.



Диаграмма-1. 2-4 қазақ сыныптарында өткізілген латын әліппесін білу пайызы

Осы электронды оқулықты бастауыш сынып оқушыларымен қолданнан кейін жоғарыда көрсетілген диаграммадағы латын әліппесін 85% білген оқушылар 100% ға білімдерін жетілдірді.

Ұйымдастыру кезенінен кейін, оқушылар электронды оқулықпен жұмыс жасауға кірісті. Электронды оқулық балалардың көңілінен шықты, өйткені әріптер түсінікті, қол жетімді жолмен түсіндірілді. Тапсырмалар алуандылығымен оқушылардың зейінін жоғары деңгейде ұстады. Эксперимент орташа есеппен, 4-5 сабақты қамтыды. Осы уақытта оқушылар жаңа әріптермен таңысып, оларды жаттығып бекітті. Оқушылар жетістіктерін өздері бағалап,

білімдерін электронды оқулық ұсынған тәжірибеде латын графикасында жазылған ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ, өлендерді оқып, қолданды.

Электронды оқулықты алғашқы нұсқасы 2018 жылы аппробациядан өткен, кейін 2019 жылы бастауыш сынып мұғалімдерінің пікірлері ескеріліп толықтырылды.

Мультимедиялық қосымшалардың бұл түрін бастауыш сыныптарда қолдану келесі мүмкіндіктерді береді:

– оқытылатын пәндер саласында және жалпы білім беру жоспарында мотивация мен қызығушылықты ынталандыру;
– оқушылардың белсенділігі мен дербестігінің деңгейін арттыру;
– талдау, ойлау, өзара іс-қимыл, коммуникация дағдыларын дамыту.

Мультимедиялық технологияларды оқу үдерісіне енгізу бойынша өткізілген эксперимент көрсеткендей мультимедиалық технологияларды қолдану оқылатын тақырыпқа деген қызығушылықты арттырады, білім беру процесінің сапасын жақсартады, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Олар оқыту процесін қызықты әрі шығармашылық жасауға көмектеседі. Мультимедиалық технологияларды қолдану білім беру үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл мотивация мен шығармашылық белсенділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді. Дәрісте жаңа материалды түсіндіру кезінде қарапайым тақтамен жұмыс істеудің тексерілген әдістері де, интерактивті және мультимедиялық мүмкіндіктер жиынтығы да қолданылады.

Сонымен, білім беру ақпаратын интерактивтілікпен, мультимедиялық дидактикалық құралдармен қамтамасыз ету оқытудың жаңа сапалы деңгейін қамтамасыз етеді. Сондықтан да қазіргі мұғалім оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіруі керек, оларды білім беру сапасын жақсарту және жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларды жаңа педагогикалық технологиялармен белсенді түрде үйлестіруі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гейн А .Г., Кокшарова Е.А. Использование педагогической экспертной системы для оценки качества обучающих тестов / А.Г. Гейн, Е.А. Кокшарова [Информатика и образование]. 2010. -№ 3. - С. 121-123.
2. Кабачков, В. В. Формирование мотивации учебной деятельности обущающихся через психолого-педагогическое образование учителей / В. В. Кабачков // Материалы междунар. Фестиваля педагогических идей [Электронный ресурс]. – М.: Первое сентября, 2015. – Режим доступа: http://festival.1september.ru/articles/584725/
3. Педагогика / Под. ред. С.А. Смирнова. – М., 2007, – 313 с.
4. Программа ЮНЕСКО [Информация для всех]. (Электронный ресурс: ifa p.ru/lib rary/)
5. Мосина М. [Мультимедийный проект — средство интерактивного общения] // Высшее образование в России. — 2008. —№ 6. — С. 68-72.
6. 6. Покорная О. Ю., Легкодымов С. О. Использование flash-анимаций в учебном процессе // [Молодой ученый]. — 2013. — №4. — С. 125-127. — URL https://moluch.ru/archive/51/6677/ (дата обращения: 24.12.2019).

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚҰЖАТ АҒЫНДАРЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ

ОСТАЕВА Айымхан Батырханқызы, ШАДИЕВА Нұрила Жеңісқызы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда қаласы, Қазақстан
aimak73@mail.ru Shadieva.n@mail.ru

Аннотация

Остаева А.Б., Жұмабай Г.Ж. Электронды құжат айналымы жүйесінде құжат ағындарын оңтайландыру әдістері мен критерийлері // Вестник КазАТК. – Алматы, 2011.

Мекемеде электронды құжат айналымы жүйесін қолдану құжаттарды басқаруды, бизнес-процестерді автоматтандыруды, ақпараттарды сенімді түрде сақтау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешеді.

Мақалада электронды құжат айналымы жүйесінде құжат ағындарын оңтайландырудың 4 әдісі ұсынылған, олар: қолданушының талап ететін құжатты алуға жұмсайтын уақытын минималдау, деректер қоры жүйесі мен қолданушы арасында, сонымен қатар қолданушы мен басқа ақпараттық жүйе арасында құжаттарды тасымалдау құнын минималдау, жүйеде сақталатын құжаттар көлемін минималдау және құжаттарды жаңалауға кететін шығындарды минималдау әдістері. Осы әдістерді қолдана отырып, құжат ағындары оңтайлығының критерийлерін анықтауға болады. Мұндай критерийлерді басшылыққа ала отырып, электронды құжатты сақтауға, тасымалдауға, іздеуге, қауіпсіздігін қаматамасыз етуге кететін шығындарды минималдайтын экономикалық әдісті табуға болады.

Бұл жүйені ендіру әсіресе коммерциялық мекемелер үшін өте тиімді болып табылады.

Аннотация

Остаева А.Б., Жумабай Г.Ж. Методы и критерии оптимизации документопотоков в системе электронного документооборота // Вестник КазАТК. – Алматы, 2011.

Применение систем электронного документооборота в организациях, предприятиях решает такие проблемы как управление документами, автоматизация бизнес-процессов, безопасное хранение и защита информации.

В данной статье предложены 4 варианта оптимизации документопотоков в системах электронного документооборота: минимизация времени получения требуемого документа пользователем; минимизация стоимости передачи документов между пользователями и базами данных системы, а также между пользователями и другими информационными системами; минимизация обьемов документов, хранящихся в системе; минимизация затрат на обновление документов. Используя данные методы оптимизации документопотоков, можно определить критерии оптимизации. С помощью этих критериев можно найти экономический метод, заключающийся в минимизации суммы затрат на хранение, передачу и поиск электронного документооборота, а также их безопасность.

Внедрение этой системы является очень выгодным для коммерческих учреждений.

Abstract

Ostaeva A.B, Zhumabai G.ZH.Methods and criteria for optimizing the information flow of electronic document management system //Bulletin KazATK. - Almaty, 2011.

Application of systems of electronic document circulation in the organizations solves such problems as management of documents, automation of business processes, safe storage and information protection.

This article suggests four ways to optimize information flow in systems of electronic document management, minimization of time to obtain the required document by the user, minimizing the cost of transfer of documents between users and database systems, as well as between users and other information systems; minimize the volume of documents stored in the system, minimizing the cost of updating the documents. Using these methods optimize information flow, we can determine the optimization criteria. Using these criteria, you can find an economic method, which consists in minimizing the sum of the costs of storage, transfer and search of electronic documents, as well as their safety.

Introduction this system will be very favourable to commercial establishments.

Кілт сөздер: электронды құжат, құжат айналымы жүйесі, электронды құжат айналымы жүйесі, құжаттарды басқару, бизнес-процестерді автоматтандыру, ақпаратты сенімді сақтау, құжат ағындарын оңтайландыру.

Ключевые слова: электронный документ, система документооборота, система электронного документооборота, управление документами, автоматизация бизнес-процессов, безопасное хранение и защита информации, оптимизации документопотоков.

Key words: electronic document, document circulation, electronic document circulation, system of electronic document circulation, document management, automation of business processes, lube safety and protection information, optimization of documentation.

Компьютерлік техниканың даму процесінде компьютердің есептеуіш құрылғы ретіндегі қызметі төмендеп, ол ақпаратты сақтау құрылғысы ретінде, яғни үлкен көлемді ақпаратты сақтау және өңдеу ісінде адамның ең негізгі көмекшісіне айналды. Осыған орай өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап программистердің негізгі жұмысы есептеу мәселелері емес, мәліметтер қоры мен мәліметтер банкін құру және оны басқару жағына ауысты.

Қандай да жұмысты тиімді басқару үшін оның орындалуын бақылаудың ұтымды әдістері жасалады. Олар жаңа білім алуға немесе объективтілік туралы ілімді ары қарай нақтылауға, сонымен қатар басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістер жұмыстың маңыздылығын, оның өзге жұмыс түрлеріне ықпалын, қорытынды нәтижесін және аралық нәтижелерді саралау, жұмыс ұзақтығын белгілеу үшін қажет.

Қазіргі күні құжаттар басқарудың әмбебап құралы ретінде бөлімшелер мен жеке қызметкерлер арасында өзара байланысты қамтамасыз етеді. Бірақ қызмет көлемі өсе бастағанда мынадай қарама-қайшылық туындауы мүмкін: құжаттармен жұмыс істеу көптеген ресурстарды қажет етіп, бүкіл мекеме жұмысын бәсеңдетуі мүмкін. Осы мәселені оңтайлы, әрі тиімді шешудің бірден-бір жолы электронды құжат айналымы жүйесін қолдану болып табылады.

Электронды құжат айналымы жүйесі – аймақтық алыстатылған ақпараттық массивтер арасында телекоммуникация каналдары арқылы ақпараттарды беру үшін арналған программалық кешен. Мекемеде электронды құжат айналымы жүйесін қолдану құжаттарды басқаруды, бизнес-процестерді автоматтандыруды, ақпараттарды сенімді түрде сақтау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешеді. Сондай-ақ ақпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде мекеме ішінде және сыртында қатаң бақыланатын құжаттардың қозғалысын қамтамасыз етеді.

Қазіргі күні құжаттар басқарудың әмбебап құралы ретінде бөлімшелер мен жеке қызметкерлер арасында өзара байланысты қамтамасыз етеді. Бірақ қызмет көлемі өсе бастағанда мынадай қарама-қайшылық туындауы мүмкін: құжаттармен жұмыс істеу көптеген ресурстарды қажет етеді және бүкіл мекеме жұмысын бәсеңдетеді.

Қағаз түріндегі құжат айналымының кемшіліктері:

- Құжаттарды іздеуге көп уақыттың кететіндігі;
- Құжатты өмірлік циклының барлық кезеңдерінде оның қозғалысын бақылап отыру қиындығы;
- Құжаттарды дайындау және оларды байланыстыру уақытының ұзақтығы;
- Егер бір құжатпен бірнеше қолданушы жұмыс жасап отырған болса, онда құжат айналымын ұйымдастырудың қиындығы;
- Есеп берулер мен журналдар алудың мүмкін болмауы немесе қиындығы.

Осылайша, дәстүрлі құжат айналымының нәтижелілігі төмен болып табылады. Бұл кемшіліктердің барлығы электронды құжат айналымы жүйесін ендіру барысында жойылады [1].

Біздің қазіргі қоғамымыз ақпараттық қоғамға айналғандықтан, электронды құжат айналымы жүйесін қолдану және оған келіп түсетін ақпарат ағындарын оңтайландыру маңызды мәселе болып отыр.

Іс жүргізуді автоматтандыру жүйелерінің қолданушылары басқару бөлімі, секретариат, канцелярия (қызметкерлердің 10-15 %) бөлімдерінің қызметкерлері, іс жүргізу процестерін автоматтандыратын жүйе қолданушылары (мекеме қызметкерлерінің 40-50 %), электронды құжат айналымдарын қолданушылар (қызметкерлердің 80 %) болып табылады.

Электронды құжат айналымы жүйесі тиімді жұмыс жасау үшін ол тек электронды құжаттар қозғалысын басқарып қана қоймай, сонымен қатар оларды оңтайландыру мәселелерінің де шешімі болуы керек.

Электронды құжат айналымы жүйесіндегі құжат ағындарын оңтайландырудың математикалық моделін құру үшін зерттеуге алынып отырған мекеменің нақты құрылымы зерттеліп, осы құрылым шеңберінде құжат ағындары оңтайландырылады [2].

Оңтайландырудың негізгі обьектілеріне мыналар жатады:

- құжаттардың барлық көшірмелерін қосқанда жүйенің деректер қорындағы құжаттарға бөлінетін орынның көлемі;
- қолданушы сұранысы бойынша деректер қорынан құжатты алуға кететін уақыт;
- қандай да бір ақпараттық жүйеден құжатты алуға кететін уақыт;
- қолданушының осы алынған құжатты жаңалауға жұмсайтын уақыты;

Оңтайландыру критерийлерін таңдау кезінде жоғарыдағы обьектілерге сәйкес келетін шешімдердің бірнеше әдістері қолданылады.

1-сурет. Электронды құжат айналымы жүйесінде электронды құжаттар ағындарын оңтайландырудың әдістер кешені

Бірінші әдіс қолданушының талап ететін құжатты алуға жұмсайтын уақытын минималдау. Бұл сұранысты беру уақыты, іздеу уақыты, сонымен қатар оны жіберу уақытынан тұрады. Бұл әдіс кезінде жүйе орнатылған серверлер (мысалы, процессордың тактілік жиілігі, жедел жады көлемі, есте сақтаушы құрылғыларға ену жылдамдығы мен көлемі және т.б.), коммуникациялық желілердің параметрлерін (мысалы, ақпаратты беру каналдарының шекті өткізгіштігі, желі архитектурасы және т,б,) бағалау қажет. Бұл кезде мақсатты функция F_1 келесі әдіспен анықталады:

$$F_1 = t' + t'' \to \min \quad (1)$$

Мұндағы: t' - қолданушының құжатты алуының орташа уақыты, t'' - ақпараттық жүйеден құжатты алудың орташа уақыты. Бұл параметрлердің әрқайсысы таратылған деректер қоры архитектурасына және деректер қорының деректерін қолданатын ақпараттық жүйе архитектурасына тәуелді болады.

Екінші әдіс деректер қоры жүйесі мен қолданушы арасында, сонымен қатар қолданушы мен басқа ақпараттық жүйе арасында құжаттарды тасымалдау құнын минималдау болып табылады.

Бұл жағдайда мақсатты функция F_2 болады:

$$F_2 = \sum_{i=1}^{N}\sum_{j=1}^{n_i} W_{ij}' + \sum_{i=1}^{M}\sum_{j=1}^{m_i} W_{ij}'' \to \min \quad (2)$$

Мұндағы: n_i - i-ші деректер қорындағы құжаттардың саны, m_i - i-ші ақпараттық жүйедегі құжаттардың саны, N - деректер қорының саны, M - электронды құжат айналымы жүйесінде ақпарат алмасатын ақпараттық жүйе саны, W_{ij}' - ақпараттық жүйе мен қолданушы арасында құжат тасымалдау құны, W_{ij}'' - қолданушы мен деректер қоры арасында құжат тасымалдау құны. Бұл жағдайда құндар функция параметрлері ретінде таратылған жүйенің архитектурасымен анықталады.

Үшінші әдіс жүйеде сақталатын құжаттар көлемін минималдау болып табылады. Бұл жағдайда құжаттарды іздеу жылдамдығы жоғары болады. Мұндағы мақсатты функция F_3 төмендегіше анықталады:

$$F_3 = \sum_{i=1}^{N}\sum_{j=1}^{n_i} v_{ij} \to \min \quad (3)$$

Мұндағы: v_{ij} - ақпараттық жүйенің электронды құжаттарының көлемі, n_i - деректер қорының i-ші құжаттарының саны, N - деректер қорының саны.

Төртінші әдіс құжаттарды жаңалауға кететін шығындарды минималдау әдісі болып табылады. Егер құжаттар көп өзгертілетін болса, онда бұл әдіс көшірмелер санының азаюына әкеледі. Егер деректер қоры аймақтарға бөлінген болса, онда тасымалдау уақыты мен құны сақталатын ақпарат көлемінің төмендеуі мүмкін. Бұл әдістің кемшілігі жүйенің сенімділік көрсеткіштерінің төмендігі болып табылады. Бұл әдісте мақсатты функция F_4 төмендегіше анықталады:

$$F_4 = \sum_{i=1}^{N}\sum_{j=1}^{n_i} U_{ij} \to \min \quad (4)$$

Мұндағы: U_{ij} - деректер қорындағы құжатты жаңалау құны, n_i - i-ші деректер қорындағы құжаттар саны, N - деректер қорының саны.

Бесінші әдіс электронды құжатты сақтауға кететін шығындарды азайтатын экономикалық әдісті шығаруға болады. Ол төмендегіше анықталады:

$$S_{xp} = \sum_{i=1}^{N}\sum_{j=1}^{n_i} S_i^{xp} x_{ij} \left(\sum_{k=1}^{n_{ij}'} met_{ijk} v_{ijk}' + \sum_{k=1}^{n_{ij}''} con_{ijk} v_{ijk}'' \right) \quad (5)$$

Мұндағы: $S_i^{xp} = \dfrac{W_i^{xp}}{V_i^{xp}}$ - деректер қорында белгілі бір уақыт аралығында бір ақпаратты сақтау құны, W_i^{xp} - деректер қоры құны, V_i^{xp} - деректер қоры көлемі, S_i^{xp} - ақпараттық жүйеден бір ақпаратты алу құны.

Қорытынды: Құжат ағындарын оңтайландырудың әдістері электронды құжат айналымы жүйесінде оңтайлы, әрі нәтижелі жұмыс жасауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, жоғарыда келтірілген әдістерді қолдана отырып, қолданушының талап ететін құжатты алуға жұмсайтын уақытын минималдау, деректер қоры жүйесі мен қолданушы арасында, сонымен қатар қолданушы мен басқа ақпараттық жүйе арасында құжаттарды тасымалдау құнын

минималдау, сақталатын құжаттар көлемін минималдау, құжаттарды жаңалауға кететін шығындарды минималдау мәселелерін оңтайлы шешуге болады.

Жалпы түрде электронды құжат айналымы жүйесін мемлекеттік құрылымдарда және жеке мекемелерде ендіру нәтижелілігін 1-кестеден көруге болады.

1-кесте. Мемлекеттік құрылымдарда және жеке мекемелерде электронды құжат айналымы жүйесін ендірудің нәтижелілігі

Көрсеткіштер	Мемлекеттік құрылымдар	Коммерциялық мекемелер
Жалпы басқару шығындарын азайту	15-20%	30-35%
Кадрлық басқару шығындарын азайту	25-30%	40-45%
Нәтижелілікті жоғарылату	30%	90%
Пайда көлемін жоғарылату	-	50%

Жоғарыдағы кестеден көрініп тұрғандай, кез келген мекемеде электронды құжат айналымы жүйесін мемлекеттік құрылымдар мен коммерциялық мекемелерге ендіру арқылы жалпы және кадрлық басқару шығындарын едәуір азайтуға болады. Бұл жүйені ендіру әсіресе коммерциялық мекемелер үшін өте тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гудов А.М. Об одной модели оптимизации документопотоков, реализуемой при создании системы электронного документооборота//Вычислительные технологии, 2006. 271 с.
2. Завозкин С.Ю. Анализ системы документопотоков с точки зрения эффективности передачи электронных документов // Новые информационные технологии в университетском образовании, 2006. 281 с.
3. Землянский А. А. Информационные технологии в экономике:Учебное пособие.1-е изд. Москва: КолоС, 2005. 335с.

ISPRING QUIZMAKER 7 БАҒДАРЛАМАСЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ҚҰРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

ЖАНАРГҮЛ Тоғайбайқызы Қабылхамит, РАХМЕТОВ Максот Елеусизович, МУРАТКАЛИЕВА Алия Нуркеновна

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау қаласы, Қазақстан

maksot.raxmetov.96@mail.ru

Тиімді электрондық курс өз құрамында тек оқу материалдарын ғана емес, қолданушы білімін тексеруші тестілерді де қамтиды. iSpring өз құрамындағы тұрғызылған iSpring QuizMaker құралдары арқылы тек интерактивті тестілерді ғана емес сұрауларды да құруға мүмкіндік береді.

Сұрақтардың 23 типі

Тестілерді 11 типті бағаланатын сұрақтар және 12 типті анкеталық сұрақтарды қолдана отырып құру. Бұл оқушы білімін сапалы тексеруге мүмкіндік береді.

Бағаланатын тест

Қолданушы немесе оқушы білімін тексерудің неғұрлым оңай және тиімді тәсілі – бұл *бағаланатын тест*. Тестінің бұл түрі оқушы жауабының дұрыстығын бағалауға және тестіден өткені үшін балл жинауға мүмкіндік береді. Сұрақтардың келесі түрі қол жетімді:

- **Дұрыс/дұрыс емес.** Тұжырымның дұрыстығын бағалау.
- **Жеке таңдау.** Жауаптың неғұрлым дұрыс нұсқасын таңдау.
- **Көптік таңдау.** Бірнеше дұрыс жауап таңдау.



1- Сурет.Бірнеше дұрыс жауап таңдау

- **Жол енгізу.** Арнайы өріске сұрақтың жауабын енгізу.
- **Сәйкестік.** Үйлесімді элементтерді қою.



2-сурет.Сәйкестік

- *Рет. Ұсынылған нұсқаларды дұрыс ретпен қою.*



2 –сурет. Рет

- **Сан енгізу.** Дұрыс жауапты сан түрінде енгізу.
- **Ашық жерлер.** Ашық жерлерді сәйкес жауаптармен толтыру.
- **Енгізілген жауаптар.** Тізімнен дұрыс жауапты таңдау



3-сурет. Енгізілген жауаптар

- **Сөздер банкі.** Ашық жерлерді «сөздер банкіндегі» нұсқалармен толтыру.
- **Белсенді облыс.** Кескіндегі дұрыс облыстарды көрсету.



4-сурет.Белсенді облыс

Сұрау

Тестінің бұл түрі арқылы қолданушы жауаптың дұрыстығын тексермей-ақ ақпарат жинау мақсатындағы сұраулар мен анкеталар құра алады.

Әрбір бағаланатын сұрақ типіне сұрақ-анкета сәйкес келеді («Белсенді облыс» түрінен басқаларына).



5-сурет. iSpring QuizMaker-де бағаланатын тест құруда қолданылатын сұрақтар мысалдары.

Сонымен қатар, анкета құру режимінде сұрақтардың арнайы типі бар:

- **Ликерт шкаласы.** Тұжырыммен келісу және келіспеу дәрежесін бағалау



6-сурет.Ликерт шкаласы.

- **Эссе.** Жауапты еркін түрде енгізу.

iSpring QuizMaker сұрақтардың барлық түрін қолдану арқылы аралас тест құруға да мүмкіндік береді.



7-сурет. iSpring QuizMaker программасында сұрау құру кезінде қолданылатын сұрақтар мысалдары.

Мультимедиа объектілері

Тестінің әр сұрағы кескінмен, аудио-, бейне- немесе Flash-роликпен, сонымен қатар формуламен толықтырылады. Сондай-ақ, қолданушы текст стилін қалыпқа келтіріп, гиперсілтемелер қоя алады. Жауап нұсқалары да кескіндермен немесе формулалармен жабдықталады.

8-сурет. iSpring QuizMaker қолдайтын мультимедиа-ресурстар түрлері.

Тармақталу сценарийлері

iSpring QuizMaker әр тест үшін тармақталу сценарийлерін құруға мүмкіндік береді. Қолданушы дұрыс, қате және жартылай дұрыс жауап үшін қандай да бір әрекет түрін көрсете алады.

Айталық, жауап дұрыс болғанда оқушы келесі сұраққа, ал қате болғанда – берілген сұраққа байланысты ақпараты бар слайдқа көшуі.

9-сурет.Тармақталу сценарийлері

Сонымен қатар, жауаптың дұрыстығы жөніндегі хабарламаларды қалыпқа келтіруге болады. Мұндай хабарламалар арқылы одан әрі қандай әрекет жасалатынына нұсқау айтуға болады.



10-сурет. iSpring QuizMaker программасында тестінің тармақталу сценариін қалыпқа келтіру.

Сұрақ бойынша тармақталу

Алдыңғы сұрақ жауабына байланысты келесі сұраққа көшу.

Топ бойынша тармақталу

Егер оқушы дұрыс жауап берсе, оны неғұрлым күрделі сұрақтарға бағыттау.

Слайд бойынша тармақталу

Егер оқушы қателер жіберсе, оны ақпараттық слайдқа бағыттау.

Жауап бойынша тармақталу

Сұрақтардың кейбір түрінде тармақталу мен хабарламалар жауаптың әр нұсқасы үшін реттелген болуы мүмкін.

Тестіні қалыпқа келтіру

iSpring QuizMaker көмегімен жылжытуды қалыпқа келтіру, сұрақтарды араластыру, плеер таңдау және барлық хабарламалар мен жазбаларды түзетуге болады.

iSpring QuizMaker *тестілер мен анкеталардың нақты нәтижелерін email* немесе *серверге* жіберуге мүмкіндік береді. Ол үшін почта немесе сервер адресін көрсету қажет. Қолданушы өз тестісін Қашықтан оқыту жүйесіне жүктеу мақсатында жариялауына болады (Blackboard немесе SCORM/AICC стандарттарды қолдайтын кез келген басқа жүйе) немесе оны жеке слайд ретінде курсқа енгізу.

Тестінің сыртқы түрін қалыпқа келтіру

Тестінің сыртқы түрін қалыпқа келтіру iSpring QuizMaker 7 ыңғайлы слайдтар редакторы арқылы жүзеге асады.

Макеттер.

Сұрақ элементтерінің орналасуының неғұрлым ыңғайлы макетін таңдау.



11-сурет.Макеттер

Алдын ала қарау. Сұрақ, сұрақтар тобы немесе тест соңында қандай түрде болатынын алдын ала қарау.



12-сурет.Алдын ала қарау

Тақырыптар

Ұсынылған тақырыптардан түстер таңдау немесе жеке тақырып таңдау.



13-сурет.Түстер таңдау

Бейнефайлдар

Бейнефайлдар немесе Flash-роликтер арқылы сұрақтарды неғұрлым тартымды етуге болады.



14-сурет. Бейнефайлдар орналастыру

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Андреев А.А. Введение в дистанционное обучение. Учебно-методическое пособие. — М.: ВУ, 1997 г.
2. Зайченко Т.П. Основы дистанционного обучения: Теоретико-практический базис: Учебное пособие. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2004. - 167 с.
3. Зайченко Т.П. Инвариантная организационно-дидактическая система дистанционного обучения: Монография. - СПб.: Изд-во "Астерион", 2004-188 с.
4. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании. М.: «Академия», 2003. 192с.
5. Малитиков Е.М., Карпенко М.П., Колмогоров В.П. Актуальные проблемы развития дистанционного образования в Российской Федерации и странах СНГ //Право и образование. – 2000. – №1 (2). – С. 42–54.
6. Полат Е.С., Моисеева М.В., Петров А.Е. Педагогические технологии дистанционного обучения / Под ред. Е.С. Полат. — М., "Академия", 2006.
7. Теория и практика дистанционного обучения / Под ред. Е.С.Полат. — М., "Академия", 2004.

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН АҚПАРАТТАНДЫРУ ТУРАЛЫ САУАЛҒА

САРБАСОВА Алуа Кураковна

Алматинский филиал Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов

город Алматы, Казахстан

aluasar@mail.ru

Аңдатпа

Соңғы жылдары ақпараттық жүйелер мен технологияларды қолдану бүкіл әлемде кең таралды. Оларды әртүрлі ғылыми зерттеулерде кеңінен қолдану және кез-келген адамның күнделікті өмірінде қолдану өте маңызды факт болып табылады.

А само развитие информационных систем и технологий приводит к появлению новых понятий и различных объектов при ведении учебного процесса, ведет к повышению качества образования.

Аннотация

В последние годы использование информационных систем и технологий становится распространенным во всем мире явлением. Повсеместное их использование в различных

научных исследованиях и применение в повседневной жизни практически любого человека становится весьма важным фактом.

А само развитие информационных систем и технологий приводит к появлению новых понятий и различных объектов при ведении учебного процесса, ведет к повышению качества образования.

Abstract

In recent years, the use of information systems and technologies has become common worldwide. Their widespread use in various scientific studies and the application in everyday life of almost any person becomes a very important fact.

And the very development of information systems and technologies leads to the emergence of new concepts and various objects in the conduct of the educational process, leading to an increase in the quality of education.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда да ақпараттық қоғамды қалыптастыру белсенді жүріп жатыр.

Ақпарат - бұл кейбір объект туралы мәліметтер. Сонымен қатар ақпарат дегеніміз заттардың, құбылыстардың, процестердің қандай да бір байланысын немесе тәуелділігін белгілеу деп айтуға болады [1-2].

Ақпарат беру әдісінде, қабылдау әдісінде, өңдеу түрінде, сипатта және т.б. ерекшеленеді.

Оның сипаттамаларының ішінде осындай маңызды белгілерді ажыратуға болады:

1) өзектілік;
2) сенімділік;
3) қол жетімділік;
4) уақтылық;
5) құндылық;
6) түсінікті;
7) қысқарту;
8) тұрақтылық және т.б.

Кез-келген ақпараттың ерекшелігі, ресурстардың басқа түрлерінен айырмашылығы, уақыт өте келе ол азайып қана қоймайды, керісінше көбейеді.

Ақпараттың кез-келген адам үшін және жалпы қоғам үшін маңызы күн сайын артып келеді.

Адамның ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырудың және оны жүзеге асыру үшін жағдай жасаудың үздіксіз процесі жүреді. Қазіргі адам алатын барлық ақпарат тез өседі.

Ақпараттандырудың бұл түрі қоғамның барлық салаларына әсер етеді, адам өмірінің барлық салаларына, оның ішінде білім беру саласына да енеді.

Ақпараттық технологиялар туралы не деуге болады? Тек бұл өзара байланысты ғылыми, технологиялық, инженерлік пәндер жиынтығы.

Ақпараттық технологияны енгізу бағдарламалық жасақтаманы құрудан және оқыту жүйелерінде ақпарат ағынын қалыптастырудан басталады.

Ақпараттық технологиялар келесі құралдар жиынтығынан тұрады [3-5]:

1. техникалық;
2. бағдарламалық қамтамасыз ету;
3. ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету.

Ақпараттық технологиялар адам өмірінің барлық салаларына ене бастайды, осылайша ақпараттық қоғамның өзіндік типі қалыптасады. Мұндай қоғам білім беру процестерін өзгертуге мүмкіндік береді [4, 6].

Компьютерлік технологияның дамуы «арнайы» білімнің қажеттілігіне әкелді - ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған процестері туралы білім, яғни. барлық жерде ақпараттық технологияны құруға және енгізуге әкелді.

Ақпараттық технологиялар дегеніміз - бұл объектінің, процестің немесе құбылыстың жай-күйі туралы жаңа сапалы ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу және беру тәсілдері

мен әдістерінің жиынтығын қолданатын процесс. Ақпараттық технологияның мақсаты - кез-келген әрекетті жүзеге асыру үшін адамның талдауы және оның негізінде шешім қабылдау үшін ақпарат шығару [1].

Оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беру жүйесінде және оқу орындарында ақпараттық технологияларды кезең-кезеңімен енгізу жүзеге асырылады.

Университеттегі білім беру іс-әрекетін ұйымдастырудың қазіргі заманғы жүйесі өзін-өзі қамтамасыз етудің айтарлықтай жоғары дәрежесін көрсетеді, бұл өзінің консерватизмінен айтарлықтай қолайсыздықты сезінбеуге және оқу процесін ақпараттық процестерде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануды қоса алғанда, маңызды сәттерге сәйкес өзгерту қажеттілігін сезінбеуге мүмкіндік береді [7].

Білім беру саласындағы проблема білім беру мекемелеріндегі кейбір мұғалімдердің қажетті дағдыларды игермеуі, яғни. оларды ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы функционалды сау адамдар санатына жатқызуға болмайды.

Оқушылардың компьютерлік сауаттылығы көбінесе білім беру саласындағы мұғалімдерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Бұл қалыптасып жатқан ақпараттық қоғамның әлеуметтік-педагогикалық жағдайы.

Алайда, бұл жағдай факультеттің жас ұрпақты ұстап, алдағы ғылыми-техникалық прогреске ілесу ниетімен «түзетілуде». Сіз профессордың планшетте дәріс оқып жатқанын немесе ұялы телефоннан Интернетке кіретін оқытушыны көре аласыз.

Білім беру саласына ақпараттық технологияларды енгізу көптеген жағымды жақтарға ие, оның ішінде қазіргі әлемнің жаңа шындығына бейімделген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында дайындалған мамандарды даярлауға серпін бар [7-8].

Ақпараттық технологиялар - бұл біздің күнделікті өміріміздің бөлігі. Олар біздің қоршаған әлем туралы білімге, білімге қарқынды әсер етеді.

Ақпараттық технологияның адам қызметінің көптеген салаларына енуі қарапайым сауаттылықтың жаңа талаптары - компьютерлік техникамен және әртүрлі бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеу мүмкіндігімен қатар жүреді.

Қазіргі заманғы маман функционалды сауаттылыққа жатпайды, яғни. толық дайын болу және кәсіби қызметке бейімделу, егер:

• оның компьютерлік білімі жоқ;

• ол компьютерде жұмыс істей алмайды;

• Windows және Microsoft Office (Word, Excel, Access, Power Point) сияқты негізгі бағдарламаларды білмейді;

• қолданбалы бағдарламалармен интерактивті режимде еркін қарым-қатынас жасауды білмейді;

• жаһандық компьютерлік желілерде жұмыс істеуді білмейді.

Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен және жаппай енгізу басты ұлттық міндеттердің бірі болып табылады, өйткені ақпараттық технологияларсыз және қазіргі заманғы білім беру процесі, демек, ондағы адам қалыпты дами алмайды.

Ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселесі кең әлеуметтік мәнге ие.

Қазіргі уақытта прогрессивті әлеуметтік дамудың (ғылыми, техникалық, әлеуметтік, экологиялық, демографиялық және саяси проблемалар) маңызды факторына айналған кезде ақпараттың еркін таратылуы және қол жетімділігі әлеуметтік әл-ауқаттың қажетті шарты болып табылады.

Ақпараттық технологиялар, байланыс құралдары мен жүйелері саласындағы осы немесе басқа мемлекеттің артта қалуы оны ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласында алдыңғы қатарлы мемлекеттерге тәуелді етеді. Мұндай жағдайда жаһандық ауқымдағы экономикалық бәсекелестік мүмкін емес болады.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде. Бұл процесс білімнің жаңа аймақтарына енудің қажеттілігі мен оны жеке тұлғаның толық көлемде меңгеруінің толық көлемде меңгеруінің қиыншылықтары арасындағы қарама-қайшылықтары ретінде белең алып отыр. Білім берудің дәстүрлі технологиясын қолдану, алдымен студенттердің, мысалы, экономика және онымен іргелес ғылымдар саласы бойынша білімдерді экстенсивті жинақтауымен ғана байланысты болады. Бірақ өте кең көлемдегі оқу және ғылыми мәліметтерді меңгеру қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда болашақ мамандардың кәсіби және өмірлік қалыптасуы үшін жеткілікті шарт болып есептелмейді. Сондықтан ақпаратты сұрыптаудың жаңа тәсілдері мен жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру дағдылары нарық жағдайында бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруғы міндетті талапқа айналып отыр.

Қазіргі таңда кәсіптік техникалық білім берудің өзекті мәселелері дүниежүзлік сан түрлі одақтар мен ұйымдарға кіру, әлемге танылу, төрткүл дүниенің алпауыт елдерімен тең дәрежедегі жан-жақты қарым-қатынаста болу ұлт тарихындағы қазақ мемлекеттілігінің тарихи жеңісі. Бәсекеге қабілетті елдің қатарына кіру, яғни өркениет көшіне ілесу үшін бізге жан – жақты терең білім керек. Кәсіптік техникалық оқу орындарында ғалымдар мен жас талапкерлерді ортақ іске жұмылдыру, кәсіби мамандарды даярлаумен қатар ұлтына, жалпы адамзатқа шыншыл қызмет ете алатын зиялы ұлт тұлғаларын, яғни ұлттық кадрлар шоғырын дайындау басты мақсат, негізгі міндет болуы шарт. Кәсіптік білім беретін оқу оындары қандай сыйпатта болу керек екендігін және қазіргі жетістіктері мен кемшіліктері туралы ой қозғап көрейік. Жалпы кәсіптік техникалық білім беретін оқу орындарының материалдық-базалық жабдықталуы қазіргі заманғы өлшемдер мен қажеттіліктер тұрғысынан алып қарағанда қандай болу керек: кәсіптік білімі беретін оқу орындарында заманауи құрылыс талаптары негізінде салынған күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болуы қажет; қажетті құрал - жабдықтармен толықтай жабдықталған вертуалды зертханалары толықтай іске қосылған және ғылыми зерттеу орталықтары болу керек; кітап қорлары бар барлық студенттердің қол жетімділігін қамтамасыз ете алатын оқулықтар жинақталған кітап қоры бар үздіксіз жұмыс істей алатын кітапхана жүйесі болуы керек; жоғары жиіліктегі әлемдік ғаламторға қосылған, заманауи үлгідегі компютерлік құралдармен жабдықталған ақпарат орталығы болуы шарт; денешынықтыру, сауықтыру кешені және студенттердің сұранысын толық қамтамассыз ете алатындай барлық жағдайлар жасалған жатақхана, асхана, емхана және басқа да қызмет көрсету орындары болуы керек.

Кәсіптік техникалық білім беретін оқу орындарының сапалық деңгейін айқындайтын білім беру және сапа менеждмент жүйесі қандай деңгейде болса, онда білім алған болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі сол деңгейде болмақ. Білім беру ісі қандай сипатта болуы керек: еліміздің көптеген кәсіптік білім беретін оқу орындары белгілі бір салаға бағытталған ғылыми зерттеуге, шығармашылық еркін ойлауға және жаңа технологиялармен жұмыс жасауға негізделген, студенттердің білім деңгейін әділ бағалау мен білікті студенттерді іріктей

отырып, әлемдік білім бәсекесіне түсуге қабілетті кәсіби маман дайындауға бағытталған жүйеге толық көшуі және бұл жүйе жоспарланған көрсеткіштерге сай жұмыс істеуі керек; білім беру қызметінің нәтижелі, сапалы болуын қадағалайтын білім беру жүйесіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді талдай отырып, тың жұмыстар жасауға, оқу үрдісінде жаңа жобаларды жасап, оның нәтижесін тікелей тәжірбие жүзінде тексеріп, талдау арқылы педагогикалық зерттеулердің тұғырлы тұжырымдамасын айқындауға және қолданбалы ғылымның жаңа бағыттарын жетілдіруге, жалпы білім сапасының жақсаруына, берілетін білімнің ғылыми тетіктерін іске қосуға бағытталуын бақылайтын сапа менеджмент жүйесінің жұмысы екпінді болуы керек; белгілі бір мамандық түрін дайындайтын барлық кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқыту жоспарын, әдістемесін дамыған елдердің жетістігі нақтылы дәлелденген білім беру әдістемелерімен үйлестіре отырып пайдалы ұсыныстарды іріктеп алып, оны кәсіби мамандар мен сол саладағы ғылыми қызметкерлердің кеңесіне сала отырып, талдау жүргізу арқылы республика аумағында маман дайындаудың барлығына ортақ озық үлгісін жобалап керек, яғни білім саласындағы жаңашылдықты, оқытудың озық үлгідегі технологияларын интеграциялау керек; Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» студент пен оқытушылардың тұтынушылық және қызмет көрсету аясындағы заңды құқықтарын толық қанағаттандыруы керек; антропоцентризм, яғни адамның қызығушылығын, ынтасын арттыруға, оның рухани интелектуалды дамуына, өзін-өзі басқаруға, жетілдіруге бағытталған және де ғылыми ізденіс жұмыстарының негізінің қалануына мүмкіндік туғызатын, әлеуметтік – экономикалық және кәсіпқойлық саладағы жаңалық енгізу метадологиясын меңгеруді қамтамассыз ететін инновациялық білім беруді жүзеге асыру керек.

Жалпы кәсіптік техникалық білім беретін оқу орындарының негізінен төмендегі мәселелерге баса назар аудару керек: жалпы білім беру ғылыми кеңістікпен қатар ұлттық таным, мүдде және құндылықтар негізіндегі ұлттық идеологиямен, түбірлі ұстанымдармен және де тың, жаңашыл идеялармен ұштасып жатыр; мемлекеттік тіл – қазақ тілінің оқу үрдісінде еркін қолданылуына және ана тіліміздің тікелей сауатты білім беру, оқыту тіліне, техника тіліне айналуына, сонымен бірге ғылыми ойлау, жобалау дәрежесіне көтерілген ғылым тіліне айналуына жағдай жасалуы керек; «мемлекеттік тілде» ойлап, сөйлейтін топ өкілдерінің конституцияда жазылған заңды құқықтары сақталуы керек, яғни қазақ тобындағы студенттерінің толық қанды сапалы білім алуы үшін оларды ана тіліндігі қажетті оқулықпен және қазақ тілді оқытушылармен қамтамассыз ету керек; ақпараттық және комуникациялық технологиялар жүйесін, оқу материалдарын, ғылыми кітаптарды ғылыми негізде аудару, жалпы аударма мәселесін шешуге мүмкіндік беретін, жекелеген салалардың кәсіби мамандары мен ғалымдар тобынан, тәжірбиелі аудармашылардан құралған аударма ісімен айналысатын үлкен институт құрылуы керек; инновациялық қызмет көрсету кеңістігіне, интернет желісіне шығу мүмкіншілігін арттыру, қазақ тілінде тиімді ақпарат қорын жасақтау және оның таралу аумағын кеңейте отырып, тұтынушылардың ол ақпараттарды тұтыну мүмкіншілігінің қол жетімділігін толық қамтамассыз ету керек; дамыған елдердің беделді оқу орындарымен өзара қарым-қатынасты жүйелі түрде дамыта отырып, озық білімнің ғылыми түбірлері мен негіздерін, ғылым иелерін елімізге тарту арқылы ғылымның күрделі салаларының дамуын жеделдетіп қолға алу керек; жаңа әдістемелік жаңалықтарға негізделген прогресивті педогогикалық әдістеме, ой-пікір жетістіктерін ғылыми тәжірбиелермен ұштастыра отырып, ғылыми зерттеу жұмыстарына қолдау көрсетіп, оның өндіріске енуіне жағдай жасау арқылы ғылыми қызметкерлердің статусын, әрекет ету потенциялын көтеру керек; оқушылар мен оқытушылардың әлеуметтік тұрғыдан алғанда (қол жетімді баспана, қанағаттанарлық шәкіртақы, еңбекақы) толық қорғалуын қамтамассыз ету арқылы білім беру мен білім алу белсенділігін, адам потенциялын күшейте отырып, олардың тұлғалық және әлеуметтік мәртебесін көтеру керек; ұстаздардың кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру, білімді ғылыммен ұштастыру, кәсіптік білім беретін оқу орындарының жанында ғылыми зерттеу институттарын ашу, өндіріспен тікелей байланыс жасай отырып, студент білімін шыңдау және олардың ғылым немесе өндіріс саласында кедергісіз жұмысқа орналасып, жетекші күшке айналуы қатаң бақылауда болуы шарт.

Кәсіптік білім беретін оқу орындары экономиканы алға сүйреуші салалық өндіріс мамандарын дайындайтындықтан оның оқу – әдістемелік жүйесі, материалдық – техникалық базасы үнемі ғылыми өндірістің даму қарқындылығымен бірге жаңарып толығып отыруы керек. Арнайы кәсіптік пәндердің оқу жоспарын жасаған кезде өндірістің қолданыстағы жаңа жұмыс технологиясын меңгеруге бағытталған тақырыптардың көбірек болуын қарастыру керек және тәжірбие жүзінде жұмыс істеп дағдыланып толық үйрену үшін өндірістік тәжірбиелердің өз деңгейінде өтуіне жағдай жасап, қадағалау керек. Оқытушыларды білім деңгейлерінің көтерілуіне мүмкіндіктер ашатын біліктілігін жоғарылату курстарынан өткізе отырып бәсекеге қабілетті жан – жақты білімді, ұстаздық тұлғасы толық қалыптасқан, шынайы білімі мен сол білімін ең оңтайлы әдіспен жеткізіп, оқушы психологиясын талдап өз бақылауында ұстай алатын, ұстаздық ету және басқару қабілеті толық қалыптасып жинақталған педогог деңгейіне көтеруге бағытталған жұмыстар үздіксіз жүргізілуі керек.

Кез – келген оқулық оқу орнының әдістемелік кеңесінде тіл мамандары мен кәсіптік мамандардың толықтай сараптауынан өте отырып, өзара келісіліп, қатаң сынақтан өту арқылы ғана басылып шығуы керек. Қазақша сапалы оқу құралдары жазылып шығуы үшін міндеттеумен қатар ынталандыру жұмыстары қатар жүргізілуі керек. Қазақ тіліндегі оқу - әдістемелік жүйенің қауқарсыздығынан көптеген қаракөз бауырларымыз орыс мектептеріне түсуге мүдделі болып, орыс топтарында оқып жатыр. Ұлттық мүдде тұрғысынан алып қарағанда бұл үрдіс бізге кері ықпалын тигізіп отыр. Өйткені, орыс мектептері мен топтарында оқыған оқушылардың тәлім тәрбиесі, ұлттық сипаттағы ұстанымдары мен болмыстары мүлде бөлек қалыптасқан. Олар мейлінше ашық – шашық киінуге, еркін жүріп тұруға бейім. Ар – ұят, әдептілік сынды қастерлі ұғымдардың орнына демократиялық еркіндік, батылдық деген жалған ат жамылған халқымызға жат тұрпайы мінез – құлықтар күннен – күнге етек алып, жалпылық сипат алып бара жатыр. Жалпы оқу орындарындағы тәрбие мәселесі терең зерттеу мен күрделі өзгерістерді күтіп тұрған ауқымды тақырып. Тәрбиенің сан қырлы жақтары бар. Оның ішіндегі ең негізгісі рухани тәрбие екендігі белгілі. Рухани тәрбие дегеніміз оқушыны имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, ұлтжандылыққа, әдептілікке және тәртіптілікке баулу деген сөз. Ал осы қасиеттерді өз бойына жинақтай алған кез – келген оқушы шынайы тұлға, нағыз маман иесі болып шығары сөзсіз.

Біздің ендігі мақсатымыз – мемлекетіміз белгілеп жобалап жоспарлаған талаптар мен өлшемдер биігінен және жоғарыда аталған өзекті мәселелер мен маңызды шаралар шартынан шыға алатын ұлттық сипат пен ғылыми негіздегі іргелі оқу орындарын қалыптастыру және оларды шынайы бәсекеге қабілетті, ықпал ету потенциялы тегеурінді, таным түсінігі мен тәлім тәрбиесі толыққан шынайы тұлғаны шыңдайтын қауқарлы, мәдени әрі ғылыми орта мен ел экономикасын алға сүйреуші нақтылы пайдаға жарайтын кәсіптік білім беретін оқу орнына айналу және білімді, жан-жақты ұрпақ тәрбиелеп шығару.

Пайдаланылған **әдебиеттер:**

1. «Егемен Қазақстан», 29 қаңтар 2011жыл

2. Қазақстан республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Астана, 2009 ж.

3. Қазақстан Республикасы ұлттық саясаты тұжырымдамасының жобасы. Алматы, 2010 ж.

4. М.С.Керімбаева. «Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі». Астана, 2007 ж.

5. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.

ЭВОЛЮЦИЯ СОЗНАНИЯ

ШЕРЕР Юлия Владимировна, УТЕУЛИНА Канаша Альмухамедовна
Центр « Плюссознание», Казахский Национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева
город Алматы, Казахстан
kanasha47@mail.ru, sherero@mail.ru

Аннотация

Авторская методика посвящена лечению человека через сознание, посредством воздействия Информационного поля Земли.

Аңдатпа

Автордың әдісі адамды сана арқылы, Жердің ақпараттық өрісінің (СЭК) әсерінен емдеуге арналған.

Вопрос о влиянии космической энергии на человека давно волновал умы ученых, психологов и философов: как «божественный» свет входит в человека, распределяется внутри него, влияет на его внутреннее состояние, здоровье, настроение и благополучие.

Около 20 лет назад Шерер Ю.В. организовала Центр повышения уровня сознания, помогая людям слышать и чувствовать себя, менять их стержень личности, чтобы жизнь проживать в счастье, в любимом деле с огромной пользой для себя, своего поколения, общества. Работает с детьми, подростками, молодыми людьми, задача состоит в том, чтобы раскрывать их потенциал и помогать двигаться вперёд. Человек способен управлять энергиями и создавать вокруг себя тот мир, который будет близок его душе. Ведь то, как реагирует человек на внешний мир, есть не что иное, как притяжение к себе подобного. Человек сам управляет той космической силой, которая находится внутри него. Через его мысли, желания и поступки вершатся земные дела, за которые только он несет ответственность.

Энергия Положительного Пространства заложила изначально в каждого пришедшего на землю человека программу самосохранения и защиты собственной жизни, а также каждый человек уже пришёл сюда с определённой миссией. Жить по предназначение сейчас могут не все, к сожалению. Многие даже не понимают значение этих слов. Очень важно избегать негативных ситуаций и поступать всегда правильно, праведно и мудро, так как каждый человек способен "зарядить" и очистить от негатива приближенных и приближающихся в его радиус положительной энергии других людей. Начните менять мир с себя, других менять не надо. Другие изменятся, глядя на вас, чувствуя и видя в вас те хорошие качества совести и правдивости. В наше время гениальные люди - это те, которые сделали, то, что помогает миллионам, которые в свое дело, задачу, внесли всю свою любовь и делали это от чистого сердца. Гениальность поступка несёт в себе огромный заряд той положительной энергии, которую не сможет забыть никто и никогда. Человечество чувствует силу того человека, который смог донести свою идею через тернии к звездам. А ведь по сути миллионы и миллиарды людей гениальны, душевны, изобретательны и хотят быть счастливы. Но все это возможно только находясь в высоком уровне Сознания. Свыше обитателю Земли даётся точка начала жизни, её окончание определяет сам человек. И, то, как жить и выполнять ли свое предназначение, тоже решает сам человек. Но многие сейчас просто слепы и глухи, заняты своими финансами, обогащением и т. п.

Даже если человек выполнил 5 %своего предназначения - это уже хороший показатель. Желаем, чтобы люди были всегда только на высоте своего сознания, чтобы они понимали, что каждый человек - гений. И не обязательно быть известным. Человек может быть гением в своём окружении, обществе, городе. И его полезное действие, как крупинки складываются в пирамиду всеобщего большого дела - сохранения мира, добра, любви и жизни на нашей планете!

Задача современного общества быть полезным, верить и творить то, что каждому дано от пространства, чтобы жить в любви и счастье.

Необходимо, чтобы энергия души и параметры сознания совпадали по своим вибрациям с энергией положительного пространства.

Пора выходить с низких этажей пространства на высокие. Только там возможно чувствовать истинный свой путь. Для этого необходимо повышать свой уровень сознания, следует трудиться над собой, необходимо слышать свое внутреннее "я".Необходимо внимательно выбирать свое окружение. Общаясь с людьми низкого уровня сознания, можно «скатиться» до их уровня. Энергия сомнения мешает Вам. Что Вы говорите, то и будет. Вы определяете себя своими словами. Необходимо убрать туман старой энергии, старые установки. Рекомендуемые ряд сводов для улучшения качества жизни:

— в течении всей жизни умей играть и перевоплощаться
— выражайте эмоции
— посещайте выставки, гуляйте на природе, удаляйтесь от одновалентной жизни,
— сделайте жизни разнообразной
— старайтесь не вспоминать плохое, вспоминайте только хорошее, позитивное восприятие.

Достаточный уровень сознания позволит будущему молодому специалисту правильно определиться с выбором профессии, стать достойным гражданином своей страны и высококвалифицированным специалистом

Литература:

1.Гонеев А.Д. Основы коррекционной педагогики / Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Академия, 2007.

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, МӘДЕНИЕТ ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

БАЛҒОЖИЕВ Фархат Мусаұлы
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қаласы, Қазақстан
balgozhiev60@bk.ru

Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егемен елге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да салауатты азаматтар қажет.
Н.Ә. Назарбаев

Қазіргі таңда өз алдына егемендігін алған тәуелсіз еліміздің болашақ жастарын оқыту мен оларға терең білім, саналы өнеге мен тәрбие берумен қатар ғылым жолына іздендіру бағытында мемлекетімізде игі жұмыстар қолға алынып келеді. Елбасымыздың өзі **«Мен үшін елімді дамыған мемлекеттердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ»** деп айтқандай жас мемлекетімізді бүгінгі озық ойлы жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосу жолындағы атқарылып жатқан ізгі қадамдарының жемісі мен жеңісі. Ал, техника мен технологияның күн санап қарыштап дамуы жаңа ғасырдың бастауы кезеңінде жаңаша ойлау мен жаңаша білім беруді, ғылымға жаңаша жол ашуды тереңірек жетілдіруді аса қажет етуде.

Адам өз халқынан өмір бойы үйренеді, сонымен қатар елге елеулі әрбір азамат іргелі ісімен, үлгі-өнегесімен елді де тәрбиелейді. Ел мен ердің бірлігі, ел мен ердің жарасымы-жарқын болашақтың кепілі дейтініміз сондықтан.Мемлекеттің рухани-мәдени дамуы оның болашағына жарқын жол ашады. Мемлекет те өнердің қолдаушысы. Өйткені, өнердің өрісі кең, өнерлі халықтың өркені ұзақ. Халықтың бай мәдениеті мен әдебиетін, өнері мен ғылымын дамыту, салт-дәстүрін құрметтеу, оны жаңа заман талабына сай өркендетіп отыру-мемлекеттік

саясаттың ең маңыздысы. Ендеше өнер халықтың сарқылмайтын рухани қазынасы.1. [21-136 б.б.]

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының шығуы Қазақстанның саяси және мәдени өміріндегі үлкен оқиға болды. Мақаланың жалпы мәні Қазақстанның қоғамдық санасын жаңғырту үшін оны әртүрлі нысандардан, ең алдымен, ұлттық мәдениеттен көрінетін ұлттық біртұтастықпен тығыз байланыста қарау керек.

«Рухани жаңғыру» ұлттық сананы жаңғырту бағдарламасы бойынша жүргізілген әлеуметтанушылық сауалнамада көрсетілген сарапшылық бағалаулар мен бұқаралық сана түрінде қоғамдық дискурсқа талдау жасау осы бөлімнің мақсаты болып табылады.

Бұл мақсат «Рухани жаңғыру» бағдарламасының алты жалпыұлттық жобасын талдау арқылы іске асырылуда:

-«Қазақ тілінің латын графикасына көшуі»;

-«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»;

-«Туған жер»;

-«Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе киелі жерлерінің географиясы»;

-«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет»;

-«Қазақстандағы 100 жаңа есім».

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауында білім беруді экономикалық өсімнің жаңа үлгісінің орталық буынына айналдыруды» басым міндеттердің бірі ретінде атап өтті. Шынында да, «заманауи инновациялық экономика-бұл ақпарат пен білім экономикасы ретінде түсінілетін адами капиталдың экономикасы» және оны аса тиімді білім беру жүйесінсіз құру мүмкін емес. Сондықтан да Қазақстан Республикасы Президентінің білім беру саласындағы дәйекті саясатының құндылығы аса жоғары.ҚР Президентінің 2018 жылы жасаған Қазақстан халқына Жолдауында білім беруді дамытуға арналған бағдарламалық іс-шараларға маңызды орын белгілегендігі туралы атап кеткен жөн. Осылайша Мемлекет басшысы алда келе жатқан төртінші индустриялық революция аясында табысты даму мықты жоғары білім мен ғылымсыз мүмкін емес екенін көрсетеді.

Жоғары білім берудің тиімді жүйесін ғылымның дамуынан бөлек алып қарау мүмкін емес екенін түсіну аса маңызды.Университеттер тек білімді қайта бөлумен айналысып қана қоймай, сондай-ақ берілетін білімді дайындап, шығарумен айналысулары керек.

Мемлекет басшысы жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін заңды түрде бекіту қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар Елбасымыз жоғары оқу орындарында оқу сапасына қойылатын талаптарды күшейту қажеттілігі туралы айтады. Осылайша, жауапты автономия қағидатының жүзеге асырылуын көруге болады. 2.[32-139-144 б.б.]

Инновация ерекше құбылыс. Өйткені, ол эстетикалық және прагматикалық тартымдылыққа ие күш: инновация біздің шығармашылық шабытымызды оятып, ақылымызды ойымызға келмеген мүмкіндіктерге жетелейді, бір мезгілде экономикалық өсімді жеңілдетіп, медицина, ауыл шаруашылығы және білім беру сияқты қоғамдық маңызды салаларда прогресті қамтамасыз етеді.Инновация жаңа идеяның туындауымен басталады Жаңа әрі пайдалы идеяларды ойлап табуға қабілеттік креатив деп аталады. Креатив жаңа және пайдалы идеяларды табу қабілеті ретінде анықталады. Адамның креатив қабілеті оның интеллектуалдық қабілетіне, біліміне, ойлау стиліне, жеке басына, мотивация деңгейіне және қоршаған ортаға байланысты көрініс береді. Креатив ойлауға ықпал ететін ең маңызды интеллектуалды қабілет-қарым-мәселені дәстүрлі емес жолмен қарастыру.Қандай идея әрі қарай дамытуға лайық немесе лайықсыз екеніне талдау жасаған жөн, әрі басқаларға осындай идеяны тұжырымдай білуі тиіс. Сондай-ақ оның маңызды екеніне өзгелерді сендірте алу қабілеті де қажет. Білімнің креативке әсері екіжақты. Адамның салалық білімі жеткіліксіз болса, оған елеулі түрде үлес қосуы әрі оны жете түсінуі екіталай.Екінші жағынан , адам саланы өте жақсы білетін болса, онда ол қалыптасқан логика мен парадигмалардың тұтқынына

айналуы мүмкін. Мұндай жағдай оған баламалы көзқарасты қажетсінетін шешімді жасауға мүмкіндік бермейді.

Инновация креатив идеяны пайдалы жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей, идеяның ресурс және тәжірибемен бірігуін талап етеді.Біріншіден, біз жеке тұлғалардың инноватор ретіндегі рөлін, соның ішінде жаңа өнім мен прогрестерді ойлап табуға маманданған өнертапқыштардың инновациясын қамтимыз. Одан әрі университеттер мен мемлекеттік мекемелер негізінде ұйымдастырылған инновациялық қызметті қарастырамыз. Өнертапқыштардың тұлғалық қаситтерін талдау жұмысы көрсеткендей, бұл адамдар теориялық, абстактілі ойлауға қызығушылық танытып, проблемаларды шешуге ынталы келеді.Адам өнертапқыш болып тумайды, ондай қабілет-қарым жүре келе кейде пайда болады деген көзқарасты ұстанады. Инновация көп жағдайда өз қажеттіліктері үшін шешім іздейтін адамдар арқылы жасалады. Инновацияның маңызды көзінің бірі-университеттер, мемлекеттік лабораториялар тағы басқа ғылыми-зерттеу институттары.3. [16-40-45]

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағдысына ғана емес педагогтің жеке тұлғалық потенциялы, кәсіби құндылықтары да жатады. Білім мазмұнын жаңғырту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. « Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көреріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттілігі күшейіп келеді.

Барлық дамыған елдер өздерінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие.Қазіргі мемлкеттік бағдарламаларда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім берудегі озық іс-тәжірибелерінің ең үздік үлгілерін еліміздің барлық білім беру мекемелерінде кіріктіру көзделген. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген модельдердің жасалуы; білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; жаңа білім технологияларының енгізілуі; оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі;терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; ұрпаққа азаматтық-патриоттық рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру ролінің күшейтілуі Әлемдік білім беру жүйесіне негізделген осындай басым бағыттар ұрпақты озық, саналы дара тұлға деңгейіне қалыптастырады. 4.[3-5 б.б.]

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Сапалы» орта білім беруге тең қолжеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру», -деп атап көрсеткендей, бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен « мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етеді. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру-оның философиялық, психологиялық, педдагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі-пән мазмұнының спиральды берілуі. Спиралділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді.

Екінші ерекшелігі- Блум таксономиясының оқу мақсаттарының ирархиясы. Оқу үдерісінде білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында оқушылар іс –әрекет етеді.

Үшінші ерекшелігі-ортақ тақырыптардың меңгерілуі. Ортақ тақырып барлық пәндерде де беріліп отырады. Тақырыптар бір-бірімен тығыз байланыста, сабақтастықта өтеді.

Төртінші ерекшелігі-оқу мазмұнының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларының құрылып, құрылған жоспарлардың жүйелі іске асуы.

Бесінші ерекшелігі-оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушы бойында адамгершілік-рухани қасиеттерді қалыптастыру керек.

Алтыншы ерекшелігі- білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою болып табылады.

Жетінші ерекшелігі- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сай келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударуы. Кез-келген оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту негізгі мәселенің бірі. Сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамыған баланың бойында пәнді терең түсіну дағдысы қалыптасады.

Сегізінші ерекшелігі-оқытудағы жүйелі –әрекеттік ұсыным (оқушының білім алу үрдісіне белсенді қатысуы) Белсенді оқу-оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндірді.

Қорыта айтқанда аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауат-тылығын қалыптастыру.Ата –бабамыз «Оқу-инемен құдық қазғандай» демекші, жан-жақты, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болып, нәтижеге жетеді.

«Білімді болу деген сөздің мағынасы-белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» әл Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен өлшенбек.5.[26-28 б.б.]

Адамдар көбіне мәдениет деп рухани аяны ұғады; көпшілігі мәдениет деген ғылым, білім, өнер әлемі ғана деп біледі. Бұл дұрыс емес, өйткені нақ осы білімді адамдар арасында өндіріс мәдениеті, басқару, оқыту, қарым-қатынас, еңбек ету және демалыс мәдениеті жайында көп айтылады. Егер біз кітапхана каталогін алып қарасақ, онда: «Егіншілік мәдениеті», «Мал шаруашылығы мәдениеті», «Мақта мәдениеті», «Басқару мәдениеті», «Сөйлеу мәдениеті», «Дене шынықтыру мәдениеті», т.б. бөлімдерді көреміз. Неміс философы және дін қайраткері И.Г. Герлер (1744-1803) адам мәдениетті игергенде ғана адам болады деп есептейді. Ол мұны «адамның мәдени генезисі» деп атады. («генесиз» сөзі грек тілінен аударғанда-«шығу тегі» Гердер мәдениет пен ағартушылық арасына теңдік белгісін қойды.

Сонымен адам қолымен жасағаннның бәрі мәдениет деп атала бастады да, оның қызметінің нәтижелері қолдан жасағандардың табиғи нәрселерге қарсы қойылғаны сияқты, табиғи үдерістерге қарсы қойыла бастады. Әр қоғам өз мәдениетін жасайды, адамзат тарихында мәдениет сансыз көп. Мәдениет түрлерінің көптігіне қарамастан, оларда ортақ элементтер бар. Американдық ғалым Джордж Мэрдок 1959 жылы мәдениеттің барлық түрлеріне ортақ 70 қырын атап көрсетті: тіл, дін, отбасы, мереке, спорт, ойындар, еңбек құралдарын жасау, сыйлық жасау, күнтізбе, тамақ әзірлеу, би, гигиена, ырым, сауда, т.б. Мәдениет ұғымы көбінесе білімділік, білім тарату ұғымымен салыстырылады. Мәдениетке кейде Мәдениет министрлігінің құзырына кіретін: театрды, кинофильмдер шығару және таратуды, әртістерді, тиісті газет-журналдар басып шығаруды, бір сөзбен айтқанда өнер саласын ғана жатқызады.

Мәдениеттің екі: материалдық және рухани жағы бар. Мәдениеттің бұл екі көрінісі өзара байланысты. Материалдық мәдениет-бұл өндіріс саласы, жолдар, тұрғын үйлер, киім, кітап т.б. заттар. Рухани мәдениет-білім, наным, өнер, норма т.б. Материалдық мәдениетке

жасанды, адам қолымен жасалған нәрсенің бәрі жатады. Мәдениеттің дамуы байланыс түрлері: пошта, телефон, телеграф, радио, газеттер, теледидар, интернет-адамға ақпарат жеткізудің дамуын білдіреді.6. [9-11 б.б.]

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларын меңгеру-қазіргі заман талабы.XX1 ғасыр-білім, ғылым ғасыры.Ал, қоғамда тың идеялардың қарқынды дамуы, жан-жақты жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етілген. Білім мен ғылымның даму кезеңінде осы заманға сай білімді , әрі білікті тұлға даярлау мұғалімнің басты міндеті болып отыр. Олардың бәрінде бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылуда. Өйткені жеке тұлға өз іс-әрекеті арқылы ғана дами алады делінген. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі-тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше ізденуіне қажеттілік тудыру. 7. [3 б.]

Оқытудың жаңа ақпараттық –коммуникативтік технологияларын меңгеру- қазіргі заман талабы. Яғни, XX1 ғасыр білім , ғылым ғасыры.Сондықтан болашақ білім алатын жастардың бойына мәдениетті, адамгершілікті қалыптастыра отырып жаңаша ойлау, жаңаша ізденіспен қатар терең білім, ғылымға жетелеу жолында бар білімімізді сарқа жұмсап күш салуымыз қажет. Сонда ғана біз еліміздің өсіп, өркендеуіне өз үлесімізді қосып қана қоймай, алдыңғы қатарлы озық ойлы елдердің қатарынан көріне аламыз. Өйткені. білім, ғылым, мәдениет ұлылықтың басты қайнар көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлы Дала ұлағаттары: ойлар, толғаныстар/ Н.Ә. Назарбаев. Астана: Фолиант, 2016-248 бет

2.. «Қазақстанды Үшінші жаңғыртудың әлеуметтік-мәдени аспектілері» : монография Ж.К. Әлімбетов, Р.Қ. Қадыржанов, А.Е. Ысқақов және басқалар; Жалпы редакциясын басқарған Е.Ж. Бабақұмаров,-Астана: Еуразиялық интеграция институты, 2018-216б.

3.Шиллинг Мелисса А. Технологиялық инновациялардағы стратегиялық менеджмент.-Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.-380 бет.

4. Фазлыева Гүльжаухар Какишевна.Білім көкжиегі Горизонт образования 4. 2019.

5.Гүлбахит Жұмабекова. Қазақстан МЕКТЕБІ. №7, 2019 шілде.

6.Ж.Н. Сәрсенова. Мәдениеттану Алматы. «Бастау» 2010-272 б.

7. З. Жайсанова. XX ғасыр мектебі.

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

ГУПРАНОВ Канат Сагындыкович

ШЖҚ «Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі» МКК

Орал қаласы, Қазақстан

kgs-76@mail.ru

Аннотация

Мақалада педагог мамандардың үздіксіз білім беруде білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, сұранысқа ие маман болып шығуына ықпал ету мәселелері қарастырылады.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы воздействия непрерывное образование педагогов для формирования профессиональных компетенций обучающихся и быт востребованним специалистом.

Annotation

The article deals with the impact of continuous education of teachers for the formation of professional competencies of students and life in demand by a specialist.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауында – «Білім экономикасы, еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторына айналды» деп атап көрсетті. Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Әрбір салада цифрлық қызмет көрсету жұмыстары қарқынды дамуда, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру ісінде цифрландырылу жұмыстары ерекше назарда.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі ретінде – әрбір адамның денсаулығын мониторингтеу мүмкіндігімен бірыңғай ақпараттық ортаны алу, тұтастай алғанда, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, медициналық қателіктердің санын азайту, ортасында емделуші мен оның денсаулығы туралы ақпараттардан тұратын жүйені құру деп көрсетілген. Осы орайда медициналық білім беруді дамытуда бұл бағдарламаның алатын орыны ерекше.

Қазақстанның инновациялық жобаларын дамыту білім саласында еңбек етіп жүрген оқытушылар алдында жеке адамдардың, қоғамның және еңбек рыногының талаптарын қанағаттандыра алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Білім алушылардың тұлға ретінде дамуы және қалыптасуы үшін оларды зерттеу – ізденушілік жұмыстарға үйрету маңызды орын алады. Білім алу тұлғалық, дарындық, саналық қабілеттің барынша дамуына бағытталуы керек. Білім, оқушыны қоғамдағы белсенді өмірге дайындауы керек.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен заман ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Зерттеу – ізденіс іс-әрекеттері кезінде оқушы өзіне көптеген жаңалықтар ашып, білімді дайын күйінде емес, өзі іздене отырып білімін толықтырады.

Пәнді үйірме жұмыстарымен үйлестіре отырып жүргізу білімалушылардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. Үйірменің негізгі мақсаты оқушыларды тұлға ретінде дамыту үшін, ақпараттық технологияларды қолдана отырып, зерттеу – ізденушілік жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға жетелеу қажет. Алған білімдерін практикалық іс-әрекеттерге қолдану, шығармашылық, жауапкершілік, белсенділіктерін дамыту. Өзіндік ой тұжырымдауға, саралауға яғни оқушының өзі арқылы өзін тәрбиелей отырып білім алуға үйрету.

Зерттеу жұмыстарын жүргізуде колледж ішінде Информатика пәні бойынша “INFOMAN” үйірмесі құрылып жүйелі жұмыстар атқарылуда. Үйірменің алдына қойған міндеттері де айқындалып алынды: озық тәжірибелермен танысу, іс-тәжірибеде қолдану, оқушылардың зерттеу-ізденушілік жұмыстарға қабілеттерін, бейімділігін зерттеу арқылы іс-шаралар жоспарлап жүзеге асыру, ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының тұлға ретінде қалыптасуына тигізетін әсерін анықтау.

“INFOMAN” үйірмесінің оқушылары ақпараттық технологиялардың кәсіби салада тиімді пайдалану жолдарын үнемі қолдана отырып кәсібіи саладағы мемлекеттік бағдарламаларды басшылыққа алып жұмыстанады.

Кәсіби салада ақпараттық технологиялардың тиімді пайдалануының артықшылықтарын зерттеуде оқушылардың қызығушылықтары жоғары. Білім алушылар кәсіби саладағы тақырыптармен жұмыс жасау негізінде мамандыққа деген қызығушылықтары арта түседі және тәжірибедегі денсаулық сақтау саласында тығыз байланыс орнайды. «Дәрігердің автоматтандырылған жұмыс орны», «БҚО Телемедицинаның дамуы»,

тақырыбындағы зерттеу жұмыстарының негізінде білім алушылардың кәсіби білім деңгейлері арта түсті.

Сонымен бірге пәндік ғылыпи-тәжірибелік конференциялар да білімалушылардың тәжірибелік білімдерін арттыруға көп үлес қосады. Мысалы «Цифрлық Қазақстан-жаңа жаһандық болмысқа бастар жол» тақырыбындағы ғылыми-ізденіс конференциясын ұйымдастыру негізінде оқушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге зор үлесін қосты.

Білім алушылар қосымша бағдарламалық жасақтамалардың мүмкіндіктерімен де танысып, оны қолданудағы артықшылықтарды да саралап, қолданыс деңгейін зерделеуде көп жұмыстар атқарады. Мысалы «Дәрілік заттардың электрондық анықтамалығын жасақтау», «Сандық технологияларды білім беру процесінде қолдану», «Мобилді емхана» тақырыптарында зерттеу жұмыстарын жүргізу пәндік білім мен кәсіби біліктілікті бір-бірімен ұштастыруға, смарт технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Білім алушыларды зерттеу–ізденеушілікке үйрету оларды шығармашылыққа шыңдау, тұлға ретінде дамуына жол ашу білім беру саласындағы әрбір оқытушының негізгі міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», 2 қыркүйек 2019;

2. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы (№ 827 12.12.2017 ҚР Үкімет Қаулысы)

3. Білімдегі жаңалықтар №2 2009ж.

4. В.В.Давыдов, В.Д.Эльконин «Дамыта оқыту технологиясы» М-1996

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

№	ФИО	стр
1.	*АБДРАСИЛОВА Венера Оңалбаевна, БАЙДУЛЛАЕВА Гүлжахан Елтаевна, АЛМАБАЕВА Нұрғайша Махаметшариевна*	3
2.	*АЛДАБЕРГЕНОВА Айгуль Оналбековна, ЕСЕНГАБЫЛОВ Ильяс Жансеркенович, САПАРГАЛИЕВ Азат*	5
3.	*АЛИМЖАН Баянгуль Нурланызы*	8
4.	*АМИНДЖАНОВА Рухшона Хакимовна*	13
5.	*ӘУБӘКІРОВ Ерлан Жанайдарұлы, САДУАҚАСОВА Райса Мәлікқызы, УШАКОВА Клавдия Вениаминовна*	16
6.	*КАЛИЕВ Аскар Кабдушевич, АХМАДИЕВ Алишер Серикович*	20
7.	*БАЗАРГАЛИЕВА Баян Темиржановна*	23
8.	*БАЙСАЛБАЕВА Майра Камбековна*	26
9.	*BAUYRZHANOV Bakytzhan Bauyrzhanuly*	29
10.	*БЕККУЛИЕВА Әйгерім Сейітбекқызы*	34
11.	*БИГОЖИНА Баглан Олжабаевна*	38
12.	*БОЛАТБЕКОВА Карлығаш Садыковна*	43
13.	*АСАНБЕКОВА Гулмира Сагатовна*	47
14.	*ГУМАРОВА Светлана Амантаевна*	49
15.	*ДЖАНТЕКЕЕВА Кабира Кадырбековна*	54
16.	*КАЙРАНОВ Ербол Бахарамович, САРГУЛОВА Раушан Нұрымқызы, ТОХСАНБАЕВ Мурат Адилбекович*	58
17.	*ЕРМЕКБАЕВА Шарипа Бейсембекқызы, ЕРШІМАНОВА Динара Орынбасарқызы*	64
18.	*ЕСКЕЛДІ Рабиға Жанұзаққызы*	67
19.	*ЖАМАНОВА Гулжаз Елубаевна*	72
20.	*ЖАНТӨРЕ Несібелі Маралұлы*	75
21.	*И.В. ВОЙТЕНКО*	79
22.	*ИБАТОВА Айнагүл Сисенбайқызы*	83
23.	*АЛМЕТОВ Негматжан Шадиметович, ИЗЕТХАН Қарлығаш Маратқызы*	87
24.	*ИМАНБАЕВА Нургул Задашовна*	90
25.	*ISSAGALIYEVA Zulfiya Askhatkyzy*	93
26.	*M. SARKULOVA, E. ITEGULOVA*	95
27.	*КАЛИЕВ Аскар Кабдушевич, КРУЧ Елена Сергеевна*	96
28.	*МАРАТОВА Алия*	99
29.	*КУРМАНАЕВА* Алтыншаш Жанербековна	102
30.	*КУСАИНОВА Айман Толеутаевна, АЛЬЖАНОВА Айгерим Жаксыбаевна, БУЛАНБАЕВА Зарина Керимбекқызы*	105
31.	*КУШЕКОВА Айжан Жамбуловна, ТАНАТБАЕВА Диана Мухаметбеккызы, АХМЕТОВА Ақмарал Рымханқызы*	109
32.	*ЖУМАКУЛОВА Асылзада Жолдасқалиқызы, ҚАБЫЛХАМИТ Жанаргүл Тоғайбайқызы*	115
33.	*МАМАДАЛИЕВ Бақытжан Илесұлы*	121
34.	*МИХНОВЕЦ Людмила Александровна*	124
35.	*АЮПОВА Назым*	128
36.	*Назым БУКИРБАЕВА*	131
37.	*Назым БУКИРБАЕВА*	140
38.	*НАМАЗ Жұпаргүл Сабитқызы*	147
39.	*НУРБЕКОВА Жанат Кунапиановна, БАЙГУШЕВА Баян Мубараковна, ЕЛЬТИНОВА Раушан Аманжоловна*	149
40.	*ОМИРБЕКОВА Динара Шабденқызы, ЖАРЫЛҒАПОВ Жансая Жанғазиевич*	153
41.	*ОСПАНОВ Алмаз Ерболатович*	155
42.	*ОСТАЕВА Айымхан Батырханқызы, ШАДИЕВА Нұрила Жеңісқызы*	159
43.	*ЖАНАРГҮЛ Тоғайбайқызы Қабылхамит, РАХМЕТОВ Максот Елеусизович, МУРАТКАЛИЕВА Алия Нуркеновна*	164
44.	*САРБАСОВА Алуа Кураковна*	169
45.	*СЕЙСЕМБАЕВА Сайра Иркимбековна*	173

46.	***СЕЙТБЕКОВА Наурызгүл Азизбековна, Чалтикенова Л.А.***	**176**
47.	***СОЛИЕВА Дилрабо Равшанджоновна, УМАРОВА Зухрохон Мирзотуробовна***	**179**
48.	***ТОЛҚЫН Дана, СПАТАЙ Меруерт Болатбековна***	**181**
49.	***УСЕНОВА Набат Сейдуллаевна***	**184**
50.	***ШЕРЕР Юлия Владимировна, УТЕУЛИНА Канаша Альмухамедовна***	**188**
51.	***БАЛҒОЖИЕВ Фархат Мусаұлы***	**189**
52.	***ГУПРАНОВ Канат Сағындыкович***	**193**

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Авторлардың көзқарасы, ұстанымы сақталады. Жинақтағы деректердің нақтылығына авторлар жауапты. Олардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Ғылыми басылымда жарияланған материалдар көшіріп басылған жағдайда сілтеме жасалуы тиіс.

Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы
International Academy of Education and Science
Международная Академия Образования и Науки